

Ғабит МҮСІРЕП

Рухыңды түсірме, ұлым!



**ВОЗВРАТИТЕ КНИГУ НЕ ПОЗЖЕ
обозначенного здесь срока**

12.02.11	-	572/15		
2.04.11	-	580/21		
18/ХИ 20		205	12	

Август 1990 г., облтип. 6. Зак. № 4303-5.0000

Ғабит МҮСІРЕП

*Әкем Іскендер Жәдігерұлы
мен анам Орал Дүбірбайқызының
рухына бағыштадым.*

*Рухыңды түсірме,
фльм!*

Алматы
2010

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

УДК 821. 512. 122

ББК 84 Қаз 7

М87

М87 Мүсіреп Ғ.

Рухыңды түсірме, ұлым! Ғабит Мүсіреп — Алматы:
2010. — 240 бет.

ISBN 978-601-80125-0-1


«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ғабит Мүсірептің «Рухыңды түсірме, ұлым!» атты жинағына әр жылдары баспасөз бетінде жарық көрген мақалалары топтастырылып отыр. Журналист өз шығармасына елдік, ұлттық, мемлекеттілік мәселелерін арқау еткен. Өзекті тақырыпты қозғау барысында іргелі елдердің озық дәстүрін тілге ете отырып, қазақ қоғамының өркениет көшіне ілесуіне орай әңгіме қозғайды. Автордың қоғамдағы қай мәселеге де өзіндік көзқарасы бар екендігі айқын аңғарылады. Әсіресе, ұлттық мәселелерге келгенде табандылығы, принципшілдігі оқырманды бей-жай қалдырмасы анық.

43681

УДК 821. 512. 122

ББК 84 Қаз 7

ISBN 978-601-80125-0-1



012

© Ғабит Мүсіреп, 2010

© «ИИЦ «Азия Арна», 2010

A decorative rectangular border with intricate, repeating geometric and floral patterns, framing the central text.

*Тіл намысы —
ел намысы*



Тағы да тіл туралы. "Тар шеңберден шығу керек"

Күні бүгінге дейін тіл жөнінде мәселе қозғала қалғанда "қазақ тілі" деген сөз жиі пайдаланылады. Яғни, алкалы жиындарда немесе тіл төңірегіндегі пікірталас болғанда, гәптің биссімілләсі "қазақ тілі" деген әңгімеден басталады. Осы арқылы мемлекеттік тілдің шеңбері, қолданыс аясы тежеп ұсталып, тарылып отырған тәрізді көрінеді. Оның үстіне, "қазақ тілі" десе кейбіреулердің шовинистік пиғылы оянып, мемлекеттік мәртебесіне деген қарсы іс-әрекетті өрбіте түседі. Құдды "қазақ тілі" десе ана тілінен мақұрым қалатын сияқты. Бұл – қарсы пікірдегілердің қолданатын тәсілі. Ал қазақ тілінің өркендеуін қалайтын тіл жанашырлары да мемлекеттік тіл емес, тікелей қазақ тілін өркендетуге арналғандай ыңғай танытады. Шын мәнінде де солай. Мемлекеттік тіл сөзін күнделікті өмірде жиі қолданысқа енгізу – қазақ тілінің айдынға кеңінен құлаш сермеу көкжиегін кеңейтеді. Шын мәнінде Ата Занда "Мемлекеттік тіл – қазақ тілі" деп жазылған. Ендеше, тілге қатысты негізгі түпқазық – осы.

Тіл туралы тұжырымдама қабылданды. Кемшілігі, жұмсақтығы болғанымен тәубе ететін тірлік пен ілгерілеушілік бар. Әйтеуір мемлекеттік тілді өркендетуге деген іс-шараларға тірек боларлық. Алдағы уақытта тіл мәселесі жөнінде айғай-шу мен көңіл ауанына ерік бермей, тек мемлекеттік тіл өрісін кеңейтуге байланысты іс-әрекетке демеу болатындай жұмыстарды жүзеге асыру керек. Шындығын айтсақ, қазірдің өзінде қоғамдық пікір мемлекеттік тіл – қазақ тілі екенін түбегейлі мойындай бастағанын көрсетеді. Енді мұны әрі қарай мемлекеттік тіл жөніндегі салиқалы саясат ғана жалғастыра алады. Мемлекеттік тіл республиканың негізгі





құжаттарынан көрініс тапқан деп орынсыз байбалам салудың қажеті жоқ. Тек оның қажеттілік сұранысын күшейте түссе, мемлекеттік тіл жөніндегі қиғаш пікірлер де бір арнаға түсер еді. Сұраныс өскен күнде оны үйренушілер қатары да ұлғая түседі. Мемлекеттік тіл шынайы өзінің мәртебесіне лайық болу үшін республикада тұратын барлық ұлт өкілдері тарапындағы насихат жұмысы оның болашағы туралы күмәнді сейілтеді. Сондай-ақ, "Қазақ тілі" қоғамының мүшелігіне басқа ұлт өкілдерін тартып, олардың қатарын көбейтіп, насихат жұмыстарын жетілдіре түскен жөн. Қазірдің өзінде мемлекеттік тілде сөйлейтін басқа ұлттың өкілдері аз емес. Ендеше, мемлекеттік тілдің аясын кеңейту барысында олар үлкен септігін тигізеді.

Басқа ұлт өкілдерін мемлекеттік тілде тек қана әңкүй, шығармашылық сайысы емес, ғылыми-практикалық жиындарда баяндама жасауға тарту қажет. Мәселен, мемлекеттілікке, республика өміріне қатысты, тәуелсіздікке байланысты ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылып, оған арнайы жүлделер тағайындалса, мемлекеттік тілдің өрісі кеңейе түседі.

Қазір көңілге ерсі, көзге қонымсыз көрінетін мемлекеттік тілді аймақтарда "сөйлету" жөніндегі кезінде қабылданған Үкімет бағдарламасының қалай десек те орны бөлек. Ақиқаты сол, бүгінде өмірден алшақ көрінетін сол бағдарлама республикадағы тілдік саясатта төңкеріс жасады деп айтуға болады. Асудың, биіктік мөлшерін шектен тыс жоғары қойғанымызбен, көбірек қимылдап, жанталасқанның нәтижесінде мемлекеттік тілге қатысты бірталай шаруа атқарылды. Белгіленген жылға қатысты аймақтар мемлекеттік тілде "сөйлемегенімен", іс-қағаздарын жүргізу барысында әжептәуір оң нышанның бар екендігі белгілі. Көш жүре түзеледі. Тек кідіріп қалмаса болғаны...

Тілге қатысты заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің құзырына берілді. Енді мемлекеттік тіл тағдыры парламентшілердің қолында. Қоғамдық пікір мемлекеттік тіл жөнінде бір мәмілеге тоқайласқанымен,





әлі де мүмкіндігінше кедергі жасауға тырысатындар жеткілікті. Сондай-ақ, "Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы" заң жобасында мемлекеттік тілді меңгеруде жоғары лауазымды қызметкерлердің тізбесін жасау жөнінде жазылған. Негізгі пікірталастың осы мәселе төңірегінде өрбуі ықтимал. Бірақ, бұрынғы Үкімет тарапынан қабылданған бағдарлама секілді осы мәселенің мемлекеттік тілді іс жүзінде жүзеге асырудың басты тегершігіне айналатыны мәлім. Сондықтан мемлекеттік тілді игеруге қойылатын талап қабылдануы қажет.

1999 жыл





Мемлекеттік тіл қазақтарға ғана керек пе?

Шынында да осылай ма? Себебі, қаншалықты мемлекеттік тіл мәртебесін Ата Заңға енгізгенімізбен, әлі де іс жүзінде аяқтан шалатын кедергілер аз емес. Оған әсіресе, "орыстілділер" деген жасанды термин көбірек ықпал етіп отыр (**Бұл туралы бұрын да жазған болатынбыз – Ғ.М.**). Мемлекеттік тіл мәселесін саяси дау-дамайға айналдырмаса, күнделікті уақыт ырғағымен күрделі түйіні біртіндеп таркатылады. Бірақ оның ертеңгі "үстемдігінен" қауіптенуші кейбіреулер тілге қатысты арандату әрекетін жасауға дейін барып жүр. Бұл тұрғыда задында карапайым халық емес, ең бастысы, өздерін "ұлттың қамқоршысы" санайтын бәзбіреулердің іс-әрекеті мұрындық болуда. Мұның қатарына "орыстілділердің" сойылын соғатын саяси серкелер кіреді. Олар орыс тілінің ғана емес, "орыстілділердің" тағдырына "қатты алаңдайды". Осындай көсемсымақтардың сөзіне ден қоятын болсақ, тілге қатысты мәселеге келгенде, қазақ ұлты өзеннің бір жағасында да, ал Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдері екінші жағалауға бөлінген тәрізді. Күлкілі де қасіретті тенеу. Күлкілісі сол – барлық этнос өкілдерін бір тізгінге салуы. Қасіреті – республикадағы түрлі этнос өкілдері өздерін "орыстілділер" санатына қосатындығы. Егер олай болатын болса, украин, неміс, кәріс, ұйғыр, өзбек тілдеріндегі ақпарат құралдары немесе балабақша, мектеп не үшін қажет? "Орыстілділер" санатына қосылатын ұлт өкілдері орыс тілінде-ақ білім алып, ақпарат алмаса бермей ме? Онда – сандаған мәдени орталықтардың, ұлт тіліндегі мәдени ошақтардың қажеті қаншалық? Әрине, ұлттық дәстүрлерін қайта жаңғырту мақсатында шара-





лар атқарылып жатқан тұста мұндай сауал қоюдың өзі өрескелділік те шығар. Бірақ оған жетелеп отырған жайт, күні бүгінге дейін еліміздегі жүздеген ұлт өкілдерінің бірде-бірі басылым бетінде, не радио, теледидардан "біз орыстілділер санатында емеспіз" деп жазғанын, айтқанын естіген де емеспіз. Сонда Үкімет тарапынан Ұлт саясаты жөніндегі комитетке қаржы не үшін бөлініп отыр? "Сыйға – сый, сыраға – бал" демеуші ме еді казак. Әлде "Тамағын ішіп, табағын тебу керек" деген әрекет пе бұл. Мемлекеттік тіл төңірегіндегі дау-дамайды шиеленістіріп отырған да осы үнсіздік. "Үнсіздік – келіскеннің белгісі" деп пайымдайды осыны өздеріне тиімді санаған "орыстілділердің" камқоршылары.

Орыс тілінен гөрі мемлекеттік тілді меңгеру өзбек, түрік, ұйғыр, татар, тәжік, күрд сынды этнос өкілдеріне әлдеқайда жеңіл емес пе? Олар үшін жанды қинап жатудың да қажеті шамалы. Әлде, олар Қазақстандағы мемлекеттік тілдің өркендеуіне ықылассыздық таныта ма? Олай болмаса, мемлекеттік тіл мәселесіне келгенде ашық пікірден кашқақтап, тосырқап қалуына не кедергі болып отыр. Түсініксіз жайт! Түйіндеп айтқанда, жоғарыда біз тілге тиек еткен жағдайлардың бәрі мемлекеттік тілдің ойдағыдай өрістеуіне қарсы ықпал жасайды. Ең бастысы – осы.

Бүгінде республика бойынша жалпы білім беретін 8246 мектепте 3 миллион 242 мыңға жуық оқушы оқиды. Олар 3383 мектепте – казак тілінде, 2513 мектепте – орыс тілінде дәріс алады. Бірнеше тілде білім беретін аралас мектептер саны – 2251. Ал өзбек тілінде республика бойынша – 7, ұйғыр тілінде – 15, түрік тілінде – 3, тәжік тілінде – 1, неміс-украин тілінде бір-бірден мектеп бар. Яғни республикадағы аз ұлт өкілдерінің балаларына дәріс беретін мектептерде 57780 оқушы білім алады. Міне, осы тұрғыдан алғанда, еліміздегі аз ұлт өкілдерінің тілін дамытуда мемлекет тарапынан үлкен камқорлықтар жасалып отырғандығын айтуға болады. Сонда осындай камқорлыққа ие болып отырған ұлт өкілдерінің жергілікті ұлтқа деген көзқарасы неге сал-





қын? Олар мемлекеттік тілді игеру, осы төңірегінде пікірталас бола қалғанда, олар өздерінің қуаттау сөздерін неге айтпайды? Әлде үкіметіміз республикадағы басқа ұлт өкілдерінің тілін, мәдениетін дамытуға байланысты қаржыны желге шашып отыр ма?

Екіншіден, мемлекеттік тілді білмейтін билік басындағылар оның болашағына сенімсіздікпен қарайды. Өздері білмейтінін мойындап, мемлекеттік тілдің ертеңіне деген сенімін нығайтайын десе, онысы тағы жүзеге аспайды. Өйткені, отбасындағы баласы да туған тілінен бейхабар. Оны айтпағанда тіпті, немересі әлі күнге дейін орыс балабақшасына барады. Немесе ағылшын тілінде басымдық танытып, дәріс беретін балабақшада тәрбиеленеді. Сондықтан амал жоқ, олар елдіктің ертеңіне емес, жеке бастың, тікелей өз ұрпағының мүддесі тұрғысынан шешім қабылдауға мәжбүр болады. Түптің түбінде мемлекеттік тілдің тар жол, тайғақ кешуді бастан кешіріп, өз биігіне көтерілетініне көзі жеткенімен, өзінің көзі тірісінде болмаса екен деп өзін-өзі алдаусыратады. Сондықтан мемлекеттік тілдің қолданыс аясының "бүкіл саланы жаулап алмасы" үшін кедергі жасап бағады. Кедергісі сол, мемлекеттік тіл мәселесіне тірелген сауалға қатысты үнсіздік танытады. Осы үнсіздік мемлекеттік тілге қатысты мәселеге орай қалыс қалудың өзі оның өркендеуіне елеулі нұқсан келтіреді. Уақыт жағынан орындалуын тежейді. Ал мұндай ойдың адамдары қазір билік басында аз емес. Ендеше, олардың өзіндік менталитетін бұзып-жарып, мемлекеттік тілге деген көзқарасына өзгерту жасап, икемділікке бейімдемесе, мемлекеттік тілдің де құлашын кеңінен жаюы да қиынырақ. Тіл төңірегіндегі тұжырымды пікір осындай келелі істен бастау алғаны жөн-ақ.

1999 жыл





Министр Тоқаев мемлекеттік тілден мүлт кетті

Министрлердің мықтысы – Тоқаев. Оның кәсіби дипломат екендігіне ешкім әсте шүбәланбайды. Оның сыртқы саясат саласындағы енбегі де қомақты. Халықаралық деңгейде де беделі үлкен. Оған қоса министр мұғалім жалдап, мемлекеттік тілді тереңдете үйреніп жүр деген ақпарат та бар. Бірақ... Бар мәселе осы "бірақта" болып отыр. Жакында Парламентте Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара келісімі жөнінде кеңейтілген отырыс болған еді. Бәрі осыдан басталды. Талай саясаттың сынағынан мүдірмей өтіп келе жатқан кәнігі саясаткер мемлекеттік тілге байланысты мәселеде мүлт кетті. Осыған қатысты әңгімені оқырманға қаз-қалпында ұсынып отырмыз.

Депутаттың сауалы

Жұмағали НАУРЫЗБАЙ:

– Бұл мәселе мені ерекше толғандырады (**тіл мәселесі – Ғ. М.**). Оқиын: "Осы келісім Алматыда 1997 жылы 24 қыркүйекте қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данадан жасалды. Пікір алшақтықтары болған жағдайда уағдаласушы тараптар орыс және қытай тілдеріндегі мәтіндерді негізге алады". Неліктен? Қазақ тілінің қауқары жетпейтін не бар мұнда? Керісінше, орыс мәтінінде жергілікті атаулар бұрмаланып берілген, не туралы әңгіме болып отырғанын ө дегеннен түсінбей, ұзақ ойланасың. Бұл – біріншіден. Екіншіден, аталмыш келісім ұзақ мерзімге, тіпті мәңгілікке бағытталған. Оны жүз жылдан соң да біздің болашақ ұрпағымыз қарап, зерттейтін болады. Олай болса, біз осы келісімге қарап болашақта да, тіпті мәңгібақи мемлекеттік тіл – қазақ тілі дәл қазіргідей жағдайда болады деп ойлауға мәжбүрміз. Мені бұл кемсітеді, қорлайды. Қандай тәуелсіз ел жер дауы туралы келісімді өз





жағынан мемлекеттік емес тілде жүргізеді? Қандай өзін сыйлайтын ел талас туған жағдайда өзінің мемлекеттік тіліне емес, басқа тілге, біз қарап отырған нақтылы жағдайда орыс және қытай тілдеріне жүгінуді жүктейді?

Министрдің жауабы

Қасымжомарт ТОҚАЕВ:

– Келісімнің мәтініне келетін болсақ, орыс тілі салыстырмалы тіл болып табылады. Жағдай осындай. Қытайда қазақ тілін жетік білетін адамдар санаты жоқ болуы мүмкін. Тарихта болған мысалдарға байланысты, оның алдын алу үшін сақтандыру әдісі қолданылды. Атап айтқанда, осыған байланысты біз жетпісінші жылдарғы (XIX ғасыр – F.M.) орыс және манчжур тілдері мәтіні арасында өте салмақты алшақтық пайда болған Хабрасу хаттамасына сілтеме жасаймыз. Айтпақшы, көптеген құжаттарда (тек қана осы келісім ғана емес) салыстырмалы тіл санында орыс тілі пайдаланылады. Егер де Сізді жәбірлейтін болса, керісінше мені қанағаттандырады. Өйткені, сақтандыру мәтіні бар. Ұзақ уақыт бойы менің көзқарасым осында қатысып отырған кейбіреулердің көзқарасымен алшақ болатындығын мен білемін. Бәрібір орыс тілінсіз бізге жеңіл болмайды. Оны ашық айтамын. Сондықтан орыс тілін қазақ тілімен қатар уағыздау керек. Шын мәнінде, орыс тілі ресми тіл болады. Оған менің ешқандай күмән-күдігім жоқ. Орыс тіліне үлкен құрметпен қараймын. Дегенмен, мемлекеттік тілдің қазіргі бейшара халін түсінемін және оны дамыту керек екендігімен толық келісемін. Сонымен бірге Үкіметтің бүгінгі отырысында қазақша екі сөздің басын құрай алмайтын кейбір Үкімет мүшелері мен ұлттық компаниялар жетекшілері жөнінде әңгіме болды. Тілді білмеу ыңғайсыз жайт, бұл – ұят, бұл – әдепсіздік.

Сондықтан аз-аздап, тәй-тәй басып, демек қытайлар айтатындай, құмырсқа тасты жонады. Бұл істі игеру керек, бірақ басқа тілге салмақ түсірмеген де жөн. Орыс тілі бұл үлкен жеті тілдің бірі, былайша айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми тілі.





Журналистің түйіні:

Депутат Жұмағали Наурызбай айтпақшы, Хабрасу хаттамасына қол қойылған кезінде Қазақстан тәуелсіз ел болған жоқ-ты. Қазақ тілі де ол кезде мемлекеттік тіл болған емес. Ендеше, оны алға тартып, дерек ретінде ұсынудың сәттілігі шамалы. Оған қоса Қытайда қазақ тілін жетік білетін адам жоқ деген себеп те қисынға келмейді. Онда ана тілімен қатар қытай тілін меңгерген миллионнан астам қазақ тұрады.

Халықаралық тәжірибеде "салыстыру тілі" деген болады. Бірақ ондай тіл ретінде уағдаласушы елдердің тілінен басқа халықаралық болып есептелінетін тіл алынады. Орыс тілін осы ұстаным бойынша "салыстыру тілі" ретінде алуға болатын еді. Бірақ ондай жағдайда жүгінетін мәтіндердің ішінде қытай тіліндегі мәтін аталмауы керек сияқты. Бұл арада орыс тілі салыстыру тілі емес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінің рөлін атқарып тұр. Депутаттың айтқан уәжіне амал жоқ, тоқтайсың.

Мемлекеттік тілдің жанашырлары министрдің "көзқарасы" ұзақ уақыт бойы алуға болады екен деп, сыртқы саясатта мемлекеттік тілге нүкте қою қажет пе? Министр айтпақшы, көптеген құжаттарға қол қойылған кезде салыстырмалы тіл ретінде орыс тілі қолданылады екен. Олай болса, шетелдіктер де біздің мемлекеттік тілімізден мақұрым күйінде өтетін шығар. Саясаттың ұңғыл-шұңғылын терең білетін сарабдал саясаткердің айтқаны осы болса, басқасына не жорық?!

Қазақстанның ресми делегациясы шетелге шыққан сапарында, келіссөз барысында аудармашылар орыс тілінен ағылшын тіліне тәржіма жасайды. Сонда бізде мемлекеттік тілден ағылшын тіліне аударма жасайтындар жоқ болғаны ма? Әлде немкұрайдылық па? Немесе ол біздегі мемлекеттік тілді еркін меңгермеген, бірақ келісім жүргізу құқығы бар мықтылардың осалдығынан ба? Қалай болғанда да, Сыртқы істер министрінің мүлт кеткен бір қадамы қордаланған проблеманың түйініне үнілуге түрткі болса керек.

1999 жыл





Орысша оқымасаң орынтақсыз қаласың ба?

Қазаққа баласының болашағы қымбат бәрінен. Сол себепті де өзі кимегенді сол кісін, өзі тауыспаған оқуды сол тауыссын деген ниет басым. Бірақ сол арқылы жеке мүддеден туындаған өзімшілдік қасиет арқылы елдігіне залал келтіріп отырғандығын қазекен қаперге ала бермейді. Елдігі емес-ау, басқа тілдің ой-орамында өскен баланың өз шаңырағына күні ертең жат болып кететіні де өзі уақтылы байқамайды ғой. Қалай болғанда да, әу бастағы ниеті түзік еді, ақыры не болды? Елдік те жоқ, жеке ерлік те жоқ, қойыртпақ дүние болып шықты.

...Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шарифатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы —
Білсем деген таласы.

Ұлы Абай мұны осыдан бір ғасыр бұрын айтқан. Әйтсе де, қазақтың пейілі сол пейіл, ниеті де сол — өзгермеген. Қайта қазекеннің билікке деген ұмтылысы бұрынғыдан да күшейе түскен. "Өзім отырмаған биікке балам шықсын, бабасы ұстамаған билік тізгініне қол жеткізсін" дейді. Баланы оқытудағы қазекеннің басты мақсаты — сол. Бүгінде билік ұғымына бизнес түсінігінің астарласып жатқаны да сондықтан. Адам болсын деп емес, ел билейтін маман болсын деп оқытады, әсіресе, биліктен дәмелілер баласын. Бұл жөнінде де ұлы ақыннан асыра айтқан әлі күнге ешқайсысы жоқ.

Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, —
дейді тағы да Абай.





Журналистің түйіні:

Депутат Жұмағали Наурызбай айтпақшы, Хабрасу хаттамасына қол қойылған кезінде Қазақстан тәуелсіз ел болған жоқ-ты. Қазақ тілі де ол кезде мемлекеттік тіл болған емес. Ендеше, оны алға тартып, дерек ретінде ұсынудың сәттілігі шамалы. Оған қоса Қытайда қазақ тілін жетік білетін адам жоқ деген себеп те қисынға келмейді. Онда ана тілімен қатар қытай тілін меңгерген миллионнан астам қазақ тұрады.

Халықаралық тәжірибеде "салыстыру тілі" деген болады. Бірақ ондай тіл ретінде уағдаласушы елдердің тілінен басқа халықаралық болып есептелінетін тіл алынады. Орыс тілін осы ұстаным бойынша "салыстыру тілі" ретінде алуға болатын еді. Бірақ ондай жағдайда жүгінетін мәтіндердің ішінде қытай тіліндегі мәтін аталмауы керек сияқты. Бұл арада орыс тілі салыстыру тілі емес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінің рөлін атқарып тұр. Депутаттың айтқан уәжіне амал жоқ, тоқтайсың.

Мемлекеттік тілдің жанашырлары министрдің "көзқарасы" ұзақ уақыт бойы алуға болады екен деп, сыртқы саясатта мемлекеттік тілге нүкте қою қажет пе? Министр айтпақшы, көптеген құжаттарға қол қойылған кезде салыстырмалы тіл ретінде орыс тілі қолданылады екен. Олай болса, шетелдіктер де біздің мемлекеттік тілімізден мақұрым күйінде өтетін шығар. Саясаттың ұңғыл-шұңғылын терең білетін сарабдал саясаткердің айтқаны осы болса, басқасына не жорық?!

Қазақстанның ресми делегациясы шетелге шыққан сапарында, келіссөз барысында аудармашылар орыс тілінен ағылшын тіліне тәржіма жасайды. Сонда бізде мемлекеттік тілден ағылшын тіліне аударма жасайтындар жоқ болғаны ма? Әлде немқұрайдылық па? Немесе ол біздегі мемлекеттік тілді еркін меңгермеген, бірақ келісім жүргізу құқығы бар мықтылардың осалдығынан ба? Қалай болғанда да, Сыртқы істер министрінің мүлт кеткен бір қадамы қордаланған проблеманың түйініне үнілуге түрткі болса керек.

1999 жыл





Орысша оқымасаң орынтақсыз қаласың ба?

Қазаққа баласының болашағы қымбат бәрінен. Сол себепті де өзі кимегенді сол кісін, өзі тауыспаған оқуды сол тауыссын деген ниет басым. Бірақ сол арқылы жеке мүддеден туындаған өзімшілдік қасиет арқылы елдігіне залал келтіріп отырғандығын қазекен қаперге ала бермейді. Елдігі емес-ау, басқа тілдің ой-орамында өскен баланың өз шаңырағына күні ертең жат болып кететінін де өзі уақтылы байқамайды ғой. Қалай болғанда да, әу бастағы ниеті түзік еді, ақыры не болды? Елдік те жоқ, жеке ерлік те жоқ, қойыртпақ дүние болып шықты.

...Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шарифатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы —
Білсем деген таласы.

Ұлы Абай мұны осыдан бір ғасыр бұрын айтқан. Әйтсе де, қазақтың пейілі сол пейіл, ниеті де сол — өзгермеген. Қайта қазекеннің билікке деген ұмтылысы бұрынғыдан да күшейе түскен. "Өзім отырмаған биікке балам шықсын, бабасы ұстамаған билік тізгініне қол жеткізсін" дейді. Баланы оқытудағы қазекеннің басты мақсаты — сол. Бүгінде билік ұғымына бизнес түсінігінің астарласып жатқаны да сондықтан. Адам болсын деп емес, ел билейтін маман болсын деп оқытады, әсіресе, биліктен дәмелілер баласын. Бұл жөнінде де ұлы ақыннан асыра айтқан әлі күнге ешқайсысы жоқ.

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, —
дейді тағы да Абай.





Бірақ дананың сөзін құлағына іліп жатқан қайсымыз бар. Бүгінде әркім өз тіршілігінің "данагөйі"... Алайда, соның бәрі жиылып келіп, қазақ деген халықтың әлеуметтік білім-білігін көрсететінін байқай бермейді ғой. Тек "өзімнің шыққан биігім жоғары болсынның" сыңайы...

Әу бастағы қазақтың баласын оқытудағы қадамының қалай болғанда да ниет түзулігінен болатындығын жоғарыда айттық. Алайда, ол басқа тілдің бесігінде тербетілген бала сол идеологияның ықпалында кететінін сезбейді. "Мектепте орысша, үйде қазақша сөйлейді, одан ұтылмаймыз, қайта қос тілді еркін меңгеріп шығады". Ал орыс тілі тек тілдік үстемдігін жүргізіп қана қоймай, ойлау қабілетіне билік жүргізуі баланың болашағын айқындап беретінін түсінгенде кеш болады. Ұлттық үрдіс, қазақы болмыс дегеніңіз "адам қылатын тілдің" арқасында шаң басып қалады. Бұл ғылымда да, тәжірибеде де әлдеқашан дәлелденген тұжырым. Тек сол тұжырымға кейбір қазақтардың мойынсұнбайтыны болмаса. "... Сонымен бірге басқа ұлттармен араласудың, алыс-берісудің де қауіпті шегі бар екенін баса айту керек. Оны бұзу бір ұлттың екінші ұлтқа сіңуіне, ұлттық мәдениет пен дәстүрдің әлсіреуіне, бірте-бірте бір ұлттың үстемдігіне ұласады. Оның бір көрінісі — **білімнің ұлтсыздануы**" (Амангелді Айталы). Осыдан-ақ, білімнің ұлтсыздануының ақыры қай қиырға апарып соқтыратынын айқын аңғаруға болады.

Енді "қаран қалған" қазақ мектебін бітіргендерге келейік. Мұндай пиғыл әлі де бар. Ұлықтар мен шенеуніктер балалары мен немерелерін "адам болатын мектепке" жетелейтіні де сол. Орысша оқымаса өспейді деп, ұрпағының ұлық болғанын қалайтын жұрт әлі күнге орыс мектебіне табынады. Сол идеологияға мойынсұнады. Орыс тілі басқа елдің, басқа ұлттың темірқазығына айналғаны қашан. Қазақтардан басқа кеңестік кеңістіктегі бұрынғы ұлттық республикалар "аға тілмен" ат құйрығын үзіскелі де қай заман. Басқаларға өз алдына тәуелсіз мемлекет болып табылатын елде орыс тілінің





өз биігінде болғаны, қазақтың өз арасында мерейлі болғаны өте тиімді. Сонда орыстілді қазақтардың арқасында орыс тілі өз биігінен бір мысқал төмендемейді, кеністігі кемшін түспейді. "Ақылы көп" кейбір қазақтар орыс тілінің арқасында ғана адам болдык деп санайды. Ал сол орыс тілінің Украинадан әрі аттағаннан кейін жарамсыз болып қалатынын қайдан білсін?! Ондайлар қазақ мектебін бітіргендердің асығы қашанда алшысынан түсетінін әлі күнге дейін сезінбей келеді. Дәлел керек пе, мысал керек пе – жетеді. Баласын биік мінберден көргісі келетін кейбір қазақтардың асқак арманына айналған Қазақстанның мансап биігіндегі тұлғалар тізіміне көз жіберіп көрелік. Парламент Сенатының Төрағасы Оралбай Әбдікәрімов қойлы ауылда өскен, нағыз қазақы ауылдың тәлім-тәрбиесін көрген азамат. Мәжіліс Төрағасы Жармахан Тұяқбай да орысы аз оңтүстікте өсіп-ак, талай құзырлы мекемелердің есігін именбей ашып, төрінде отырған. Олардың орынбасарлары Өмірбек Байгелді мен Мұхамбет Көпейлердің де (екеуі де "ев"-пен ерте қоштасқандар) қазақ мектебін бітіргендерімен, біліктілігі билік етуге жетіп артылатынын өмірдің өзі дәлелдеді.

Бүгінде Үкіметтің тізгінін ұстап отырған Премьер-министр Иманғали Тасмағамбетов те киырдағы ауылдың түлегі. Орыс тілінде білім алғандардан туған халқының тарихын, дәстүрін құрметтеуде қайта көш ілгері тұрған жоқ па. Бизнестің бишігін қолында ойнатқан, бүгінде Мәдениет, акпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед те қазақы ауылдың мектебін бітірген. Акын Жүмекен Нәжімеденовті жастанып окитын Қорғаныс министрі, армия генералы Мұхтар Алтынбаев та мектепте әліпбиді Абайдың тілінде сындырған. Бүгінде қарт Еуропаның озық үрдісті университеттерінде ағылшын, неміс тілінде дәріс оқып жүрген математика ғылымының докторы, профессор Асқар Жұмаділдаев та қазақ ауылындағы алған білімін атақты МГУ-де жалғастырды емес пе! Қайсыбірін айтарсын. Тізбелей берсек, жеткілікті. Орыс тілін білмесе, өспейді дейтіндерге бұл алғашқы құлаққағыс.





Сыртқы саясат саласында да қазақтың тәлім-тағлымын бойына сіңіргендердің қызмет етуі Қазақстанның ғана емес, қазақтың кім екендігін әлемге әйгілей түседі. Ең керегі де сол. Соңғы кездері өткен олқылықтың орнын толтырып, Мемлекеттік хатшы-Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаевтың ана тіліне ерекше ден қоюы құптарлық жәйт. Алқалы жиында Нәзір Төрекұлов туралы жасаған мағыналы баяндамасы оның мемлекеттік тілге деген құрметін тағы бір мәрте дәлелдегендей. Осы ретте Қазақстанның сыртқы саясатында өзіндік орны бар елдерде елші қызметін атқарып жүрген дипломаттардың есімін орайластырудың сәті келіп тұр. Қазақстанның Ресей Федерациясындағы Төтенше және өкілетті елшісі Алтынбек Сәрсенбайұлы да қазақ мектебінің түлегі, билік белесінде өзіндік өрнегі бар тұлға. Біз қалада өскендіктен, ана тілінен бейхабармыз дейтіндерге тағы бір уәж. Алматыдағы қазақ мектебін бітіріп, туған халқы атынан Түркияда Төтенше және өкілетті елші қызметін атқарып жүрген Қайрат Сарыбаевтың өмір жолы "өсем" дейтіндерге өнеге-ак боларлық. Қазақ мектебін бітіргендер өз сыбағасынан сырт қалатын болса, жоғарыда аты аталғандар қалар еді ғой. Керісінше, ана тілімен ауызданғандардың басқа тілді де, басқа мәдениетті де өзінің төл мәдениеті арқылы бойына сіңіруі талай биіктерге жетелейтінін аңғартады бұл. Қазіргі кезде қандай билік атынан айтылатын сөз болсын, төрелігі болсын басқаның емес, ең әуелі қазақ деген халықтың атынан айтылатынын бәзбіреулер мойынсұнғысы келмегенімен, бұл — басы ашық мәселе. Байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құрып отырған елге тән қағида осылай болуы да тиіс. Жергілікті халықтың саны алпыс пайыздың айналасына қарай шоғырлана бастаған тұста оның айбарын жасытудың да жөні жоқ. Ендеше, осы тұста қазақ халқының тілін ғана емес, оның болмысын, әдет-ғұрпын, тарихын ұлты қазаққа біл деп айтудың өзі ұят. Керек десеніз — қасірет. Оны айтсақ, насихаттасақ қазақстандықтарға, еліміздегі басқа ұлт өкілдеріне жеткізуге ұмтылғанымыз оң болар еді.





Осы тұста тағы бір мәрте ұлы Абайдың төрелігіне жүгінелік. "...Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның "Қасқа жолын", Есім ханның "Ескі жолын", Әз-Тәуке ханның "Күлтөбенің басында күнде кенес" болғанда "Жеті жарғысын" білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жана заманға келіспейтін болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу соларға жарарлық кісі болса керек еді..." ("Үшінші қара сөз"). Бұл дегеніңіз – бір ғасыр өтсе де құнын жоғалтпаған тағылымды сөз. Билік жүргізу үшін, керек десеніз мемлекеттік тілді білу аз, қазақ халқының билікке қатысты төрелік айтқан қағидаларын білу міндетті. Қажет десеніз, бұл – қазақтың менталитетін игеру деген сөз. Олай болса, орыс тілінде тәрбие алмағандар опық жейді дегенге: "әсілі олай емес!" деп нүкте қоюға да болады.

Ақынның баласы ана тілінде оқысын, ұлықтың баласы "озық тілде" білім алсын деген заң жоқ. Оны қалыптастырып отырған – баласының "маршал болуын армандайтын" маркасқалар. Әйтпесе қазіргі күннің өзінде қазақ мектебінде оқитындардың халықаралық пән олимпиадаларынан жүлдемен оралып жатқандары жеткілікті. Басым жүлдеге ие болатындар да солар. Бұл таразы басын орыс тіліне қарай бұрғысы келетін қазекендерге айтатын кезекті құлаққағыс. Қазақ мектебінде білім беру сапасы төмен дейді. Бекер сөз. Кейбіреулерінің кемшілігі бар шығар. Алайда, соған бола жаппай қазақ мектебіне жала жабу, ондағы ұстаздардың еңбегін жоққа шығару – орыс тіліндегі мектептерді алдағы уақытта сақтап қалуға деген жанталас. Бұл – әдейі жасалып отырған әрекет. Егер баласының болашағын ойлағандар өмірдің өзінен, тәжірибеден тағылым алса керек-ті. Жоғарыда біз келтірген дәйектер осыған нақты жауап бермек. "Анасын қадірлемеу қандай хайуандық болса, ана тілі тағдырына енжарлық та адамгершілікке жараспайтын өрескелдік. Бұл отаншылдықпен тікелей байланысты. Елінің тәуелсіздігін ойлай-

43681





тын адам тілінің кемелденуіне де қолғабысын аямауға тиісті" (Әбіш Кекілбайұлы). Ауыр айтылған сөз. Сүйектен өтер сөз. Бірақ, осы сөз сол сүйектен өтуі тиіс адамдардың назарына ілікпей жатса, қайтерсің. Амал жоқ, сан мәрте қайталауға мәжбүр боламыз. Талай рет тәуелсіздіктің тірегі мемлекеттік тіл екенін дәлелдеуге де тура келер. Солай болуы заңды да. Өйткені, тіл арқылы елдіктің мақсат-мұраты жүзеге асады. Ал бір мемлекетте қос мақсат-мүдде болуы мүмкін бе?!

– ??

– Олай болса, мемлекеттік тіл де, елдің мақсат-мүддесі де – жалғыз. Сондықтан да тіл тәуелсіздіктің түпкілікті темірқазығына айналуы тиіс. Ал ертеңін, "өсуді ойлағандар" әлдеқашан қазақ мектебіне балаларын апаруда. Астанадағы №4 қазақ мектебінде оқып жатқан басқа ұлттың өкілдері осының айғағы. Айтпақшы, Астанада 15 878 қазақтың баласы орыс тілінде оқиды. Осыншама қазақтың баласы тәуелсіздік алғанымызға он бір жыл өтсе де басқа тілде тәлім-тәрбиені бойына сіңіріп жатыр. Бұл негізінен "ертеңнен үлкен үміт күтіп отырғандардың" балалары...

Р.С. Жасыратын несі бар, "озық тілде" оқып жүргендердің көпшілгі "тәуелсіздік үшін" еңбек етіп жүрген ұлықтардың ұрпағы. Ал, олар ылғи тәуелсіздіктің баянды болуы жөнінде бұқараға билік айтады. Қандай парадокс?! Осындайда маған мынадай бір ой келеді: Билік белесіндегілерге – министрлерге, депутаттарға, шенеуніктерге, жалғыз сұрақ қойсам. Көп емес, жалғыз-ақ сұрақ. Балаңыз немесе немереңіз қай мектепте оқиды?

Бәлкім, осы мақаладан кейін олар өз бастамасымен-ақ осы сауалға жауап беретін де шығар, ә. Әй, қайдам?! Әйтсе де, бұл сауалдың оқырманның да көкейінде көптен жүргені анық.

2003 жыл





Тіл намысы – ел намысы

– Осы кей қазақтар қазақша сөйлеуге неге намыстанады?

– Намыссыздықтан.

(Екеуара әңгімеден)

Намысқа тырысып, қарсылық білдіргін-ақ келеді. Бірақ, өмірдің ащы шындығының алдында дәрменсіздік танытуға мәжбүр боласын. Деректер күлбілтелегенді қаламайды. Әйтпесе, сыныққа сылтау іздеуге бейімбіз ғой. Қандай проблема болсын, оған кінәлі өзіміз жиі айтатын бұрынғы кенестік кезеңдегі жетпіс жылдық таксірет болып шығады. Жарайды, бұл сылтаумен де келіселік, оның белгілі бір деңгейде ұлттық үрдісімізден айыруға тізесін батырғаны анық. Ал ендігі жерде сол жетпістің жетіден бір бөлігі тәуелсіздік алғаннан кейін де өте шықты ғой. Енді кім кінәлі? Тағы қандай сылтау керек?

"Тәуелсіз елміз" дегенді жиі айтқанды жақсы көреміз. Соған сәйкес төл заңдарымыз бар. Бірақ сол заңдарды орындауға құлықсызбыз. Қазақ қоғамын бейғам тірлік билеп алғандай. Сыныққа сылтау іздесе табылады екен. Ең басты, ең салмақты уәж – "бізге қоғамдық келісім мен тыныштық керек". Әрине, керек. Ауадай қажет. Қазақ ұлты мен жүзден астам ұлыстың тату-тәтті өмір сүруі, бір-бірінің мүдделеріне құрметпен қарауы – еліміздегі саяси орнықтылықтың негізгі қағидасы. Елдегі саяси орнықтылық – экономика өрлеуінің, яғни адамдарымыздың алаңсыз еңбек етуінің басты шарты. Дәл осыған күмән келтіретін, дәл осы оймен таласатын ағайын табыла қоймас.





Ал енді мемлекеттің мығымдығының негізгі сипаты белгілерінің бірі болып табылатын осы қасиетке ұлттық мүдделерге, ең алдымен казак халқының ұлттық ұстанымдарына нұқсан келтірмей қол жеткізуге бола ма? Әбден болады. Бұл айтқанымызбен де дауласу қиын. Өйткені, біз дәйек ретінде жиі алға тартатын "көпұлтты мемлекет" әлемдегі жалғыз Қазақстан емес. Тіпті тұтасып өздері ғана отырғандай көрінетін Қытайда да ханзулар 93 пайызды құрайды, қалған жұрт (сонда да 100 миллиондай адам!) чжуандар, ұйғырлар, моңғолдар, тибеттіктер, хуэйлер, мяолар ... деген сияқты әр түрлі тілдік топтарға жататын 50-ден астам халық тұрады. Алайда, "құрысыншы, ши шықпасыншы" деп мемлекет негізін құратын халықтың ұлттық мүдделері екінші қатарға ысырылмайды.

Ал бізде қалай? Сол тыныштық үшін зандардың орындалуын талап етпеуге де болады. Басқалардың қасқабағына қарап, өз мүдденің орындалуын кейінге ығыстыра тұруға да болады. Өйткені, "бізге асығыстық жасауға болмайды. Біздің Қазақстан – басқаларға мүлдем ұқсамайтын болмысы бөлек мемлекет". Мұны айтатын басқа емес, мемлекеттік саясатты жүргізіп отырған керенау кеңселердегі мықтылар мен саяси ұйымдардың бастауында жүргендер. Құдды солардан басқалар Қазақстанда тыныштық болуын қаламайтын тәрізді. Ата Зандағы 7-баптың орындалуын талап етсе, оларға республикадағы өзге ұлт пен ұлыс өкілдері наразылық білдіріп, көшеге шығып кететіндей көрінеді.

Бұл жағдайдың неліктен осылай қалыптасқанын теориялық тұрғыдан тиянақтаған еңбектер де аз жазылып үлгірген жоқ. Оларда мұның объективті себептері жанжағынан әбден-ақ дәлелденеді. Екі ғасырдай бойы орыс империясының, жетпіс жылдай бойы кеңес елінің құрамында болғанымыз, сол жылдар ішінде орыстандыру саясаты жүгенсіз жүргізілгендігі, "орыс тілін неғұрлым тезірек игерсек, коммунизмге соғұрлым ертерек жетеміз" деген қағиданың әбден белең алғаны, соның кесірінен тілге қатысты мәселелердің қағажу қалғаны





... т.б. с.с... Мұның бәрі рас. Дегенмен, мына жайға да дес берелікші. Адалын айтар болсақ, осы бір ғана қазақтың басына түскен құқай ма? Жок, олай емес. "Жетпіс жыл кеңестік саясаттың илеуінде болып сорладық" дегенді айта береміз, оның шоқпарының астында бізден басқа он төрт ел болды ғой. Бірақ, олардың біз секілді зардап шеккені аз. Балтық бойындағы елдеріңіз анау — дүкеніне барып орыс тілінде кеңестік кездің өзінде нан сұрап ала алмайтынсың. Басқаны айтпағанда, көрші Өзбекстанда да кеңестік кезең тұсында төл тілі үстемдік құратын. Алақандай Армения мен орыс тілін ортасынан омырып сөйлейтін Грузия халқы да тіпті әліпбиін кириллицаға айырбастаған емес. Ал біз кемшіліктің астарының бәрін өткен кезеңнен іздейміз. Сөйтіп, өзімізді-өзіміз ақтағымыз келеді. Бүгінгі күні, тәуелсіздік алғаннан кейін де солай. Намыссыздықтың кесірі бұл. Одан басқа анықтаманы іздеп табу қиын. Намыссыздар ғана жауапкершілікті басқаларға жеңіл аудара салады.

Орыс тілін де, қазақ тілін де әу баста Алла тағала бірдей етіп жаратқан. Әрине, бүгінде екеуінің тілдік қолданыс аясы салыстыруға келмейді. Бірақ, соңғы кезде бізге жиі кеңес беретін батыс білгірлерінің сөзіне сүйенсек, халықаралық нормаға сәйкес тілдік қолданыс аясы тар деп қазақ тілінің құқын кемсітуге болмайды. Бұл — біріншіден. Екіншіден, орыс тілінің халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде мәртебесі өсіп бара жатса, әңгіме басқа. Осыдан 30-40 жыл бұрынғы шенберде БҰҰ-ның ресми тілінің біріне айналып, бүкіл социалистік лагерьдің, Варшава Шартына, СЭВ-ке мүше елдердің қарым-қатынас тілі болғаны анық. Қазіргі жағдай мүлдем басқаша ғой. Әлемнің алтыдан бір бөлігін иемденген Кеңес Одағы ыдырап, бүгінде орыс тілі басқа елдің (иә, достас елдің, көрші елдің, бірақ басқа елдің!) мемлекеттік тіліне айналды. Ендеше, басқа елдің тілінде сөйлеуден танбау деген Қазақстан атты тәуелсіз мемлекеттің азаматтарының намысына тимей ме? Әлемнен мысал іздемей-ақ, бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдерге назар аударсақ, олардың бәрінде жергілікті





ұлттың тілі мемлекеттік болып табылады. Ал Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік тіл деген аты ғана. Әлі орыс тілі өз тұғырынан түсер емес. "Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады" делінген Ата Заңымыздың 7-бабында. Басқалай айтқанда, мемлекеттік органдарда. Ал қазір нарықтың талабына сәйкес жеке меншік ұйымдар жетіп артылады. Солардың ішінде қанша пайызы іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізеді екен? Ата Заң бойынша олар да осылай жүргізуге міндетті. Алайда, олар шаруасының шешілуі шұғыл болсын деп бүкіл құжаттарын "баршаға түсінікті тілде" толтырады. Бүгінгі кейбір шенеуніктердің тілі анасының тілінде шықса да, басқа тілге деген жүйріктігін көрсетіп қалғысы келіп тұрады. Ойып тұрып, шекесіне орысша жазатын да солар. Төл тіліне, туған халқына, тәуелсіз мемлекетіне деген немқұрайдылықтың белгісі бұл.

Мемлекеттік тілге деген талап әлсіреген сайын, бүгінде орыс тіліндегі балабақшалар мен мектептерге баратындар саны қайта ұлғайып келеді. Солардың ішінде көптеген қаракөз жүр. Бұл тағы да сол намыссыздыққа келіп тіреледі. Бағзы бабаларының ғасырлар бойы бүгінге, тәуелсіздік алған тұсқа өлмей жеткен тілін ендігі жерде "ақырзаманның ұрпағы" өзі "жерлеп" жатқанын сезінгісі келмейді. Қазақ қоғамының талай мүшесі бүгінде жалпы қоғам жайын емес, жеке өзінің пендешілік пиғылдарының шенберінде ғана ойлайды. Ал оның ақыры қоғамдық ғана емес, жеке қасіретке апарып соғатынын біле бермейді. Ең бастысы "нан тауып жейтін", қызметте өсуге ықпал ететін орыс тілін игерсе болғаны. Қазақ тілінің қажеті шамалы...

Егемендіктің елең-аланында, тәуелсіздік табалдырығында тұрған тұста қазақ тілін білмейтін қазақтардың біршама қысылып-қымтырылып қалғаны рас еді. Олардың талайы-ақ "қой, енді ұят болатын түрі бар, заман бұлай кете берсе қызметтен қағылып, айлықтан айрылармыз" деп өзінің ана тілін үйренуге кіріскен, балала-





рын қазақ мектептерінде оқытуды ойластыра бастаған. Сонан кейін не болды? Не болсын? Көп ұзамай олар мемлекеттік тілді білмеу кемшілік ретінде қарастырылмайтынын түсініп үлгерді. Қазақтың ана тілін меңгермеуі оның "өзіндік ерекшелігі", "объективті себептердің жалғасы" болып қарастырылатынын ұқты. Сөйтіп жүргенде, мекемелерде аудармашы штаттарын ұстаудың қаржылық тетіктері шешілді де, енді тіпті жандары кіріп қалды. Қазір қазақ тілін өзінің қызмет уәзипасы бойынша білуге міндетті адамдар бар! Олар сол үшін айлық алады. Аударып берсін солар. Енді кім жанын қинап, қазақша үйренуге ынталы болар дейсіз?!

Біздіңше, бұл мәселені, яғни аудармашылар міндетін түбірінен қайта қарау қажет. Аудармашылар негізінен өзге тілді қызметкерлерге көмектесетін адамдар ретінде жұмыс істеуге тиіс. Өзі қазақ бола тұра өзіне тиесілі қағазды аудартып алу оның кәсіби кемшілігі ретінде қарастырылуы керек. Бұл тіпті де оның адамдық құқына қол сұғу емес.

Өткен жолы "Қазақ рухы қалғып кеткен секілді..." (13 тамыз, 2003 жыл) деп оқырманды ұлттық мәселе тұрғысынан қайрауға ұмтылғанымыз бар. Мақалада көтерілген мәселелерге байланысты редакцияға жолдаған хатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Иманғали Тасмағамбетов өз пікірін білдіре кетіпті. "Ұлттық рухтың өзі – ұлы ұғым. Оның жаратылысындағы басты мақсаттың өзі ұлттың ұлттық болмысын сақтау. Ал ұлттық болмыстың материалдық негізі – ел мен жер, рухани негізі – тіл мен діл. Таным таяздығы мен сана таяздығы соңғы екеуін – тіл мен ділді білместіктен туады". Жеріне жеткізе айтылған сөз. Басылым бетінде қозғалған ұлттық мүддеге қатысты жарияланымға сергек қараған ұлт жанашырына алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Қазақы қоғам өзінің мұң-мұқтажын, арман-мүддесін өзі талап етуі керек. Қазақшалап айтқанда, "жыламаған балаға емшек бермейді". "Үнсіздік – келіскендіктің белгісі" дейді басқалар. Сол себепті





қазақы қоғамның бүгінгі қажет тірлігі — заңмен таңбаланған мәселелердің орындалуын талап ету. Осы орайда қоғамдық пікір туғызу. "Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық". Ата Заңның 3-бабында осылай жазылған. Олай болса, халықтың да заңдық тұрғыда биліктен өз сұраныстарын талап етуге құқысы бар. "Халқы қаласа, хан түйесін сояды". Бағзы бабалардың сөзі. Халық болмаса тілінің де, мемлекеттілігінің де әдіра қалатыны сөзсіз. Сол халықтың салыққа төлейтін қаржысынан құралған қазынадан мемлекеттік тілге немқұрайлы қарайтындар жалақысын алып, бала-шағасын асырап отыр. Ал салық төлеушілердің өз құқын пайдаланып, заңның орындалуын талап етуге толыққанды мүмкіндігі бар. Оның ішінде мемлекеттік қызметшілерден де.

2003 жыл





Шамның жарығы түбіне түспейді

Қазак тілінің көсегесі ананың әлдиінен, отбасындағы тәлім-тәрбиеден бастау алатыны белгілі. Оның сыртында туған тілімен терең сусындау балабақшадағы тәрбиемен астарласатынын да айқын аңғаруға болады. Отбасында баласын әркім өз білігі мен деңгейінде тәрбиелейтіндігі анық. Оған сөз таластырудың қажеті жоқ болар. Әйтсе де, балабақшада ортақ тәрбиелік қағида бар, қағида болғанда да кәдімгі тәжірибеде өзінің лайықты бағасын алған биіктік өлшем болып табылады.

Елдіктің де, ерліктің де барша сәбиге ортақ өнегесі осында сөз болады. Ұлттық рухтың әліпбиі баланың санасына осы жерде сінеді. Алғашқы сәби қиялында ұзақ уақыт бойы жатталып қалатын кереметтердің кескіні де осында қалыптасады. Бұл жердегі басты мәселе — сәбидің қайсы ортада тәрбиеленуімен тығыз байланысты. Бүлдіршіннің ертеңгі саналық болмысының іргетасы сол ортаның ықпал-әсеріне катысты қаланады. Басқалай айтқанда, баланың ғана емес мемлекеттің болашағы осылай қалыптасады. Мағжан Жұмабайұлы айтпақшы, "Жас бала — жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасан, есейгенде сол иілген күйінде катып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең сындырып аласың". Әңгіменің арқауын осы тұстан бастап отырғанымыз да сондықтан.

Баска жақтан "бүлік" іздеп қайтеміз, мындаған мысал іргемізде де толып жатыр. Жергілікті жердегілер көбінесе Астанаға қарай аландайтыны ақиқат. Өйткені, заңның да, жарлықтың да, қаулының да көкесі елордада қабылданады. Яғни, оның өмірге келуі, күнделікті қолданысқа енуі де, баяғыша бүлдар болсақ — елдің "жүрегінен" бастау алады. Елордада осындай болса, қал-





ғандарына не жорық деген әңгіменің айтылып қалатыны да осындай тұста. Астана алдымен басқаларға жан-жақты өнеге көрсетіп жатса, кәні. Әзірге ол мұндай биіктер белесінен көріне алмай келеді. Басқа жағына басымдық бермей-ақ ең алдымен елдің "жүрегінің" дүрсілі төл тілінде қалай соғады, енді бір сәт соны тындап көрелік.

Сәбидің жүрегі таза болатыны заңдылық. Оған әсте шүбә келтірудің өзі күнә. Өйткені, періштенің пәк көңіліне қаяу түсіру де ең үлкен обал болмақ. Қазақ "ауруын жасырған өледі" деп бекер айтпайды ғой. Ендеше, "ауруды" жасыруға әсте болмайды. Біз дәрігерлермен қатар өткен "Денсаулық жылында" елордадағы балабақшаларға баратын сәбилерді "ана тілі кардиограммасына" түсірген едік. Бұл қолдағы мәлімет. Әйтпесе, құдайға шүкір, елордада дүниеге келіп жатқан сәбилер жетеді. Үйінде әжесінің етегіне оралып, атасының тізесіне отырып тәтті күнін өткізетіндерді тізімдей алған жоқпыз. Оның сыртында қазіргі кезде байшыкештердің үйлеріндегі бала күтушілер алақанға салып аялап отыратын ерке-тотайлар да санатқа кірген жоқ. Оларды күні ертең мектеп босағасына аттаған сәтте сарт еткіземіз. Әзірге олардың ең алдымен тілі қайтіп шыққанын айту қиын. Әлқисса...

500 мың тұрғыны бар елордада 35 мектепке дейінгі мекеме бар (аз ба, көп пе, оны өзіңіз саралай беріңіз. Бірақ, біздің бүгінгі басты мақсатымыз бұл емес). Оның 3-еуі таза қазақ балабақшасы. Ал аралас балабақшалар саны – 22. Орыстілді балабақша – 10. Бұлардың бөрііндегі балалардың жалпы саны – 9 947. Яки, біз осынша мөлшердегі баланың "тілдік кардиограммасын" сарапқа салдық десек те болады.

Үш қазақ балабақшасындағы 898 баланың "жүрегі" мөп-мөлдір, тап-таза. Тегі туған тіл арқылы жүректен жүрекке жететін тәрбие мен тағлымның құдіреті болар. Отбасындағы кейбір әлсін-әлсін соғатын жүректің әсері бар бүлдіршіндер де кездеседі. Бұл ата-анасының ықпалы болса керек. Олар кезінде "жүректері" басқа тілде





сөйлеп, ендігі жерде соған опынып, өзегін өртеген сон ұрпағының жүрегіне дақ салмауға ұмтылған болар. Бала "жүрегіндегі" болмашы ақаудың ізі сол. Ең бастысы, әке-шешесінің ниеті мен пейілі түзу. Олай болса, жүректегі болмашы ақаудан сәби күні ертең құлан таза айығып кететіні сөзсіз. Өйткені, оны өскен ортасы-ақ өзі емдеп алады.

Аралас балабақшалардағы орыс топтарында 2338 қазақ баласы тәрбиеленуде. Міне, дiмкестiң көкесi соларда. Тiптi, олардың "тiлдiк кардиограммаларынан" бiрдененi түсiну қиын. Айқыш-ұйқыш, беймәлiм сызыктар өрiп жүр. Жүректiң пошымына қарасаң, қазақтiкiне ұқсайды. Ал дүрсiлiне қарасаң, тiптi маңайламайды. Тындасаң да ешқандай белгi сезiлмейдi. Күнәһар болып қайтемiз, бәзбiреулерiнде анда-санда тiршiлiктiң нышаны сезiледi. Ал қалғандарының "жүрегi" мүлде мiз бакпайды. Құдды қатыгез бе дерсiң. Қаршадайынан осындай болса, ертеңiмiз қандай болмақ? Шұғыл емдету керек. Әрине, оларды емдету үшiн әуелi әке-шешесiнiң келiсiмi керек қой. Мүндай "жүрек ауруы" атадан балаға ұласып келе жатқан созылмалы ауру болса, оны емдеу қиындау. Оның үстiне сәбидiң әлi өздiгiнен шешiм қабылдауға құқы жоқ. Сондықтан да шешiмдi ата-анасы қабылдайды. Оларға да балаларының "жүрегi" ауыратынын айтуға өзiмiздiң де жүрегiмiз дауаламай отыр. Оған осы "жүректiң" соғысы да жетедi десе, өзiмiзге өлiм емес пе. Сол себептi де әуелi басылым арқылы жеңiлдетiп барып жеткiзуге ұмтылып отырғанымыз. Сәбидiң жүрегi төл тiлiнде соқпаса, болашағы бұлдыр емес пе? Оған дер кезiнде көмек көрсетпеген ата-анасын келешекте кiнәламас дейсiң бе?

Астанада барлығы 49 мектеп бар. Олар: 10 орыс, 1 украин тiлiнде және 29 аралас және 9 қазақ мектебi. Соңғысында оқитын балар саны — 8210. "Жүрек кардиограммасы" жөндем соғатындары да осылар. Алайда, олардың да кеуделерiн мектептен тысқары жерлерде қойыртпақ кесел жаулап алатындай. Оның үстiне бұлардыкiн басқа аралас мектептерде қазақ тiлiнде





оқитын 10 942 бауырының қасында "жүрек ауруының" жеңіл түрі деп айтуға әбден болады. Әйтсе де, соңғы санаттағыларды емдеу де жеңілге соғады. Себебі, олар өз жүрегіне өздері қолдан салмақ түсіріп жүргендер. Егер аралас мектептегі жүрегі басқаша сөйлейтіндерге қарап, мен де сондай болсам деген еліктеулерін тыятын болса, құлан таза айығып шыға келеді.

Мектеп жасындағылардың ішінде 15 878 қазақ баласының "тілдік кардиограммасы" қанағаттанарлықсыз деген мөлшерді көрсетті. Халі мүшкіл. Бұлар әлгі жүрегі басқаша соғып, басқа тілде сөйлей бастағандар. Яғни, "қазақы кардиограмманың" шеңберінен шығып кеткендер деп айтуға да болады. Басқалай айтқанда, 16 мыңға жуық қазақ баласы таза орыс тілінде оқып, тәлім-тәрбиені сол тілде алады. Сол себепті де оларды туған тілінің рухымен қауыштыру, ұлтының ұлағатымен ұштастыру Отанымыздың орталығы саналатын Астанадағы білім басқармасының басты парызы болмақ.

Балалар арасында осындай "жүрек ауруының" көбеюі неліктен? №1 математикалық-экономикалық лицей тек орыс тілінде дәріс береді. Қазақ тілінде дәріс оқуға ортасынан Асқар Жұмаділдаев сынды ірі ғалым-математик шыққан қазақтың өресі жетпей ме? Әлде бұл қазақ балалары математикаға бейім емес деген пиғылдан туындап отыр ма? Өмірбек Жолдасбеков қазақ математигінің қолтанбасын әлемге танытты емес пе. Осы тұрғыдан алғанда қалалық білім басқармасы көпекөрінеу қазақ тілінде оқитын балалардың болашағына қиянат жасап отырған жоқ па екен дегін келеді. Ал №5 лингвистикалық гимназияда орыс тілінде 5 бірінші сынып, жалғыз-ақ қазақ сыныбы бар. Алдыңғысында 140 бала, соңғысында 33 оқушы білім алады. Сонда тіл үйренуге қазақ балаларына кедергі бар ма? Басқасы басқа, бөтен тілді үйренуге келгенде қазақтан икемді ұлт жоқ шығар. Беріле үйренетіні соншалық, туған тілін құрбандыққа шалуға дейін баратыны тағы бар. Ендеше, бұл тұста да мемлекеттік тілдегі сыныптардың көптеп ашылуына мұрындық болған жөн секілді.





Көпсалалы №22 мектептегі орыс сыныптары мен казак сыныптарының ара салмағын алып карайык. 1-сыныпта 6 орыс сыныбы, 2 казак сыныбы, 5-сыныпта 7 орыс сыныбы, 3 казак сыныбы, тіпті 6-9-сыныптардағы 7 орыс сыныбына 2 казак сыныбынан келеді. 11-сыныпта 6 орыс сыныбы бар да, казак тілінде кезінде сынып ұйымдастырылмаған. Жалпы санын алғанда, аталған мектепте 2143 бала орыс тілінде білім алса, бар болғаны 664 бала мемлекеттік тілде дәріс алады. Аралас мектептің қайсы тілдің ынғайына қарай басымдық танытатыны осындай салыстырмалы деректердің өзінен-ақ көзге ұрып тұрады емес пе. Оның зардабын ертен кімнің тартатыны тағы мәлім.

Енді елордадағы мемлекеттік емес мектептердің жай-жағдайына келейік. Бұл тұрғыда мемлекеттік тілге мемлекеттік емес мектептер әлі қырын карайтындай. 9 мемлекеттік емес мектептің бірде-біреуінде казак тілінде сынып жоқ. Осыдан-ақ Астанада мемлекеттік тілге қатысты заңдық нормаларының аяқ астында болып жатқандығы байқалады. Аттарына қарағанда "Киберк", "Голубой парус" гимназиясы, "Столичный" лицейі болып кете береді. Әйтеуір аты казак, заты орыс тоғыздың ішінде "Мирас" мектебі де жүр. Мемлекеттік емес мектептерде 623 бала орыс тілінде тәлім-тәрбие алады. Осының өзінен-ақ тіл кеңістігіндегі орнын ресми тіл әлдеқашан "брондауға" жанталасып жатыр ма деп еріксіз ойлайсын.

Осы тұста меншік құқығына қол сұғуға болмайды дер біреулер. Алайда мемлекеттілік, мемлекеттік тіл, жалпы заңдардың орындалуы туралы мәселе қозғайтын болсақ, ол – жалпыға бірдей. Меншік түрінің кез келген түріне қатысты міндетті уазипа бұл. Олай болса, мемлекеттік емес мектепке лицензия беретін құзырлы орган қайда карап отыр деген заңды сауал туындайды. Мемлекеттік тілдің дамуы мемлекеттік емес мектептерге қатысты емес пе екен? Әрине, аталған мектептерде казак тілі сабағы жүргізіледі деп сылтау айтуға болады. Егер сол пәннің жүргізілуі аркасында мемлекеттік





тілдің қолданыс аясы кенейетін болса, бүгін барлық салада мемлекеттік тіл өз биігіне көтерілетін еді ғой. Оның көп жағдай немқұрайды түрде өткізілуі мемлекеттік тілдің қолданысын тежеуілетіп отырғаны тағы да белгілі. Сондықтан ендігі жерде мейлінше қазақ сыныптарын, мектептерін көбейту арқылы мемлекеттік тілдің өз мәртебесі деңгейіне қол жеткізуге күш жұмсау керек. Осы жерде "алыптар тобының" соңғы тұяғы Ғабиден Мұстафиннің айтқаны еске түседі: "Халық өз тіліне өзі иелік етпесе, кейде заңның да құдіреті оған жете бермейді. Туа білген халық тәрбиелей де білу керек. Ұрпағынды өмірге әкелген екенсін, оны баули да біл". Ендеше, "заңның құдіреті жете бермейтін" тұста тілге "халықтың өзі иелік етуі" тиіс екен.

Астанадағы елдің ертеңін мемлекет тілінде тәрбиелеу мен оқытудың қазіргі жай-жағдайы осындай. Елорда осылай болса, бізге не жорық деп басқалардың тағы да айтуы мүмкін. "Шамның жарығы түбіне түспейді", деген қанатты сөз бар емес пе. Әзір елордада қабылданатын заңдардың орындалуы да осындай күйде қалып отыр. Бұл мәселені құзырлы орындардың тағы бір мәрте есіне салғымыз келеді. Оған қоса келесі оқу жылы алдында алдын ала аманаттап қоялық деген ниет қой біздікі. Ал аманатқа қиянат жасауға болмайтынын бабаларымыз баяғыда-ақ айтып кеткен.

2003 жыл





Орыс тілі тек екі елде өмір сүреді...

Бұрын шынында да толыққанды тәуелсіздік алдық деп ойлаушы едім. Олай емес екен. Біз емес, керісінше Ресей бізден "тәуелсіздік алыпты". Борис патша жеке билік жүргіземін, "ортақ өгізден оңаша бұзау артық" деп, Одақтың тізгінін ұстаған Михаилді тақтан тайдырды. Сөйтіп, орыстар өз тәуелсіздігін жариялады. Ресей кеткеннен кейін Қазақстан ескі жұртта қалғандай күй кешті. Өйткені, Одақтың соңғы тіреуі болып тұрған екеуі ғана еді. Кеңестік кезеңге қимастықпен қарағанмен, одаққа бірігетін ел қалмаған. Республикалардың барлығы да өз камын күйттеп, тәуелсіз тірлігімен айналысып кеткен-ді. Амал жоқ, елдің ең сонынан тәуелсіздігін жариялауға тура келді. 1991 жылғы желтоқсанда осылайша "жеңіске" қол жеткіздік.

Кейде елмен бірге бөлініп жатқан сыбағадан үлестіетінін алдын ала білгендіктен, адам оған аса қуана қоймайды. Құдай алдында күнәһар болмаса, жұртқа берген несібесін қалғанына да бөліп береді емес пе. Сол себепті қалың қазақтың ресми түрде тәуелсіздік жарияланған тұста бөркін аспанға атып, қуанбағаны да сол. Қайдан қуансын, елдің бәрінің қолына тиіп жатқан тәуелсіздік қазақтың мандайына бұйырмайтындай, ол Жаратқанның өгей ұлы ма? Кешігіп жеткен қуаныштың қызуы болушы ма еді? Сондықтан да қазақ жұрты бұйырған заңды несібесіне ие болды да, шүкіршілік жасады. Аттандайтындай, аты бәйгеден басқалардан бұрын келмеген еді. Бұған, әрине, объективті, субъективті себептерді санамалап бағатындар да бар. Бірақ, қалай болғанда да бұлтартпайтын шындығыңыз осы төніректен аса алшақ емес.





Қазақ жұрты әлі күнге дейін "көке, сізсіз күн көре алмаймыз" деп тағы орыстың шалғайына жабысып өлек. Бұлай істеп отырған қарапайым қазақ жұрты емес, билік бишігін ұстап, халық атынан төрелік айтып отырған төрелер. Бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдердің барлығы өздерінің төл ақпараттық кеңістігін қалыптастырғалы қай заман? Балтық бойының елдері әлдеқашан-ақ ақпаратын ана тілінің саясатына қарай ойыстырған. Орыспен түбі бір, аталас ағайын украиндар мен белорустар да жеке мүддеге келгенде, ағайындық жүрмейтінін іс жүзінде әйгілеп үлгерді. Рада мен Верховный Советтен де мемлекеттік тілдің исі аңкиды. Кавказ етегіндегі елдердің алды кириллицаға бұрын да жақын болмаса, Әзірбайжан да тәуелсіздікке ие болған соң онымен түбегейлі ат құйрығын үзісіп, латын әліпбиіне біржола көшті. Қазақ жерінің оңтүстігіндегі өзбектер мен Үстірт алқабында шекара түйістіретін түркімендер де байырғы бабаларының әліпбиіне — латынға қайта оралды. Тәжіктердің де орыстарды бауырға тартып жатқандығы шамалы, бойларын түзей алмай, әлек болып жатқаны болмаса. Әйтпесе, өз-өзіне келіп алған соң олардың да Мәскеуге қарай мойын созатындай түрі байқала қоймайды. Біздің қырғыз ағайындардікі де өлместің қамы. Орыс тіліне ресми мәртебе берудің арқасында Ресейдің қатқыл көңілін жібітемін, қолұшын созсын, оң көзімен қарасын деген есекдәме саясат қой баяғы. Орекендер оған онша құлықты да емес. Қазақстан тәрізді мемлекет уысында тұрғанда іргесіндегі қырғыздың қайда барады?

Қазекен орыссыз ас батып, күн көре алмайтындай. Күн көре алмағаны сол, алқалы жиындар түгілі басы қосылған үш адамның әңгімесі әлі күнге орыс тілінде жүргізіледі. Ортада бір орыс болса болғаны, әңгіме ауаны бірден "түсінікті тілге" ойыса жөнеледі. Әйтеуір, алқалы жиындарда қазақтар "қазақтардың көңілін аулап қою" мақсатында баяндаманың "біссімілләсін" мемлекеттік тілде бастайды. Одан соңғы жағы Ресейдің мемлекеттік тілінде жалғасады. Бұрынғы одақтас 15 республиканың ішінде тек 2 елде ғана осындай жағдай





калыптасып отыр. Біріншісі болса да, болмаса да Ресей, онысы түсінікті – өздерінің тілі. Екіншісі – Қазақстан. Басқалай айтқанда, Қазақ мемлекеті жана ғасыр басталған тұста да орыстардың отары күйінде қалып отыр. Осыдан кейін тәуелсіздік туралы тереңнен тебірене әңгіме қозғап, ұлттың азаттығы жөнінде біраз көсіліп көрінізші.

Бар әңгіме осы тұста қазақтың атқамінерлеріне келіп тіреледі. Оларда намыс жоқ, жалтақ, ұлттық рухтан ада. Өз мүддесі тұрғысынан жеке басының қамын ойлайтын шығар, бірақ елдің мүддесін ойлаған емес. Ойласа, тілдің жағдайы осыншама уақыт ішінде отар елдің тілі қалпында қала берер ме еді. Қызық болғанда, мемлекеттік қызметтегілер мемлекеттік тілді мазаққа айналдырды. Анасының тілін білуді парыз деп емес, мансапқа жету үшін ғана пайдаланатындай. Ұлықтардың ана тілін игергеніне қазекең сыртта отырып, тақымын қысып, соған кәдімгідей қуанып отырады. Неге қуану керек? Қамал бұзар жасқа келіп, анасының тілінде "тілі шыққанына" ма?

Биліктің керенау кеңселеріне түбегейлі орныққан орыстілді тұлғалардың "көмегінің" арқасында он үшке келген мемлекеттің тілі әлі шыққан жоқ. "Сақау" күйінде қалатын шығар, сірә?! Өйткені, басқа емес (басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілде сөйлеуі әзірге арман?!), қазақтардың балалары әлі күнге дейін орыс тілінде оқиды. Бүгін мектепке барғандар енді жиырма жылдан билік басына келеді делік. Олай болса, осыншама уақыттан соң да мемлекет "меніреу" қалпында қала бермек. Орыс тілінде оқитындар негізінен шенеуніктердің, "орыстың шапағатын" көргендердің ұрпағы. Осы тұста көптен бері көкейді мазалап жүрген бір сауалдың ұшы қылтияды (Осы сауалға жөнді жауап таба алмай арманда өтетін шығармыз, сірә!). **Балаңыз, немереңіз қай тілдегі мектепте оқиды?** Мемлекеттік тіл төңірегіндегі мәселенің мән-жайы, болмысы мен болашағы осы сауалдан басталады.

Мемлекет басшысынан бастап, Премьер-Министрге






тоқтап, Парламент палаталары төрағаларына жолай соғып, акыр аяғы министрлер мен әкімдерден осы сауалға нақты жауап алынатын болса, мүкіс мемлекеттік тілдің нақты диагнозы қойылар еді. Сол диагнозға қарап, оны қалай емдеуге болатынынан, "ем" қона ма, жоқ па, содан толыққанды хабардар болатын едік. "Ем қонбайтын" болса, әлектеніп қайтеміз, оны жұқпалы аурудың санатына енгізе беруге болады. "Жұқпалы ауру" сөз жоқ, ертең бүкіл қоғамды "жаулап" алады. Дертке шалдыққан қоғамды сауықтыруға сандаған жылдар керек. Ал біздікі әзірше "сақау тілді" сауықтыруға деген әрекет қой...

Әрине, "әркімнің өз құқы ғой, үрім-бұтағын қайда оқытам" десе де (Батыстан үйренген осы ұғымды қазекен өз жеке мүддесіне келгенде, әдемі пайдалана біледі). Әйтсе де, қазақтың табиғаты әлі күнге дейін басшылардың қас-қабағына қарап, солардың іс-қимылына еліктеуден тұрады емес пе. Кеңестік кезеннен қалған құлдық психология. "Ақсақалды сыйламасаң да басшыны сыйла". Қазекеннің өзінің де бастық болғысы келеді, өзі болмаса, құрығанда ұрпағы болсын дейді. Сондықтан атқамінерлерге ұқсап бағады. Бізді де сорлатып келе жатқан осы — "ұқсап бағу". Атқамінерлер балаларын орысша оқытып жатқанда, пысық қазақтар олардан қалыса ма? Қазақ ауылдарындағы орыс мектептері мен сыныптарын ұстап тұрған да солар. 2 миллионға жуық орыстілділер отанына оралса да, қазақ жерінде орыс мектептері жабылған емес. Неге? Өйткені, қазақтар оларды орыстың көзіндей көріп, ұстап отыр. Орыс тілінің өктемдігі жүріп тұрғаны да сол. Өзге тілдің сойылын соққан қазақтардың арқасында. Біз осы қызық халықпыз, ә?

2004 жыл



A decorative rectangular border with intricate geometric and floral patterns, framing the central text.

*“Жоғалмайды
көп халық,
көптігімен...”*



"Алтын алқалы" аналар азайды. Неге?

"ЖОҒАЛМАЙДЫ КӨП ХАЛЫҚ КӨПТІГІМЕН..."

Ақын Қадыр Мырза-Әлі осылай дейді. Бұған қарсы дау айтудың да жөні жоқ. Өйткені, ол заңды. Қаракұрым орыс, қаптаған қытай, басқаларын айтпағанда өрімдей өзбектің өзі осының дәлелі емес пе? Қай-қайсысының да көп тұста көптігіне сенетіні де сондықтан ғой. "Көптің қорқытатынын, тереңнің батыратынын" бабаларымыз баяғыда-ақ айтып кеткен. Олай болса, орта түскен тұсымыздың орнын толықтырар кез енді келді.

Азбыз деп алдымыздағы мақсаттардан бас тартуымыз керек пе? Көп қорқытады екен деп несібемізден айрылғанымыз жөн бе? Бағзы бабалар тарихы бұған өз жауабын берері хақ. Ол кезде де аз болды. Бүгінгі Қадағаң да соны жанғыртады. Көптің жоғалмайтыны рас болса, **"Мықты болмай болмайды ал біздерге"**. Әсілі осынысы жөн. Әзірге бізге бұрынғыдан да әлдеқайда мықты болу керек, әлдеқайда отаншыл, ұлтшыл, ынтымақшыл болуға тиістіміз.

"Мың өліп, мың тірілген" қазақтың тарихында талай-талай сұрапыл кезең өтсе де, сонғы сәтте татар дәмі мен алар ырзығы, қатты қиналған сәтте өршіл рухы өрге сүйреп шыққандығы әмбеге аян. Бабалардың дәстүрлі жолы ұрпағын сол тура жолдан адастырмайтын темір-қазығы болатынына шүбә жоқ. Алайда, заманына қарай амалы демекші, қазақ деген халықтың бүгінгі өркениеттердің тайталасы тұсында өз биігінде қам-қарекет жасайтын да сәті туып отыр қазір.

...Кейде басқа ұлт пен ұлыстарға қарап тәубаға келуге болады. Отыз миллионды дөңгелектейтін күрд





жұртының бастан кешкені анау. Он бес миллионнан асып жығылатын ұйғыр халқының тағдыры тағы да мәлім. Сондайда бабалар аманаттаған ұлан-ғайыр далада қазақ халқы өз мемлекеттілігін қайта қалпына келтірді. Тәуба етерлік, шүкіршілік жасайтын ірі оқиға бұл. Алайда, астамситын жайт емес. Онысы түсінікті. Ендігі жерде көтерер жүктің салмағы еселене түседі. Басты гәп осында. Қызығатындар, сұқтанатындар бұрынғыдан да көбейе түсті. Мықты болмай болмайды ал біздерге. Мықты болуға алмағайып заманның өзі мәжбүрлеп отыр.

Осыдан түп-тура сексен жыл бұрын, яғни 1923 жылы Смағұл Сәдуақасұлы былай деп жазған еді: **"Қазір "мен әлсізбін" деп ешнәрседен таюға жарамайды. Әлдінің әлсіз болуы, әлсіздің әлді болуы осы заманда қиын емес. Жігер керек, қайрат керек. Күрестің аты — күрес, жыламаған балаға емшек бермейді".** Қазақ елінің алдындағы бүгінгі басты мақсат та осы болуы тиіс. Жігерімізді жанып, мемлекеттіліктің болашағын айқындайтын алашапыран кезең туды бүгінде...

Мықты болу бәзбір жерлерде аздық етеді. Көптің ыңғайына орай шешілетін түйінді мәселелер де болады. Күлтегіннің айтатыны да сол ғой, "Жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым" деп. Сол себепті мықты болумен бірге көп те болуға тиістіміз. Сонда ғана қазақ мемлекеттігіне қатер төнбейді, сырттан сұқтанған алакөздік азаяды. Өз мүдделерімізді емін-еркін өткізетін заман сонда ғана болады. Осы тұста орайы келіп демографияның ауылына арнайы ат басын бұрып отырғанымыз да сол. Сонымен...

ХАЛЫҚ ӨСІМІНІҢ ҚАЗІРГІ ХАЛІ

2000 жылы еліміздегі халықтың саны 14 896,1 адам болды. 1990 жылмен салыстырғанда бір жарым миллионға жуық адамға азайды. Әрине, оның алуан түрлі себептері бар. Отанына ат басын бұрғандар да, жұмақ іздеп кеткендер де кездеседі. Оның сыртында





әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты туудың күрт төмендегені тағы бар. Қысқасы, теріс сальдо әлі де басым. Ұлан-ғайыр жерді мекендей отырып, демографиялық ахуалымызды оң өзгерістерге бастамай тағы болмайды. 2000 жылы табиғи өсім 68 545 адамды ғана құраған, яғни, 217 379 сәби дүниеге келген болса, 148 834 адам өмірден өткен. Басқалай айтқанда, табиғи өсім деңгейіне көңіл толмайды.

Атамекенге ат басын бұрып жатқан бауырларымызды халықтың өсіміне келіп қосылған үлкен үлес деп айтуға болады. Он жыл ішінде шет жердегі талай қазақ атажұртына табан тіреді. Алайда, келгендері қиырда жүрген қандастарымыздың әлі ширегіне де жетпейді. Қазақ ұлтының үштен бірі жат жұртта жүр деп айта беретініміз де сол. Сол себепті көші-қонға бөлінетін квота санын жылдан жылға көбейте түскен жөн. Бұл демографиямыздағы қордаланған түйінді шешудің бір амалы ғана. Ал негізгісі — халықтың табиғи өсім саясатына мемлекеттік деңгейде мән берілмесе, басқа проблемалардың да жүгі ауып, жолда қалары сөзсіз. Батырып айтар болсақ, сепаратизм атаулының елесі қалың шоғырланған ұлттардың өз мүддесін шешуіне ұмтылудан туындап отырғандығын көрсетеді. Грузиядағы Абхазия, Әзірбайжандағы Таулы Қарабақ, Молдовадағы Приднестровье осының дәлелі. Олай болса, өз іргемізді өзіміз бүтіндегенде ғана еліміздің қауіпсіздігіне қатер төнбейді. Оның түпкі түйіні демографиялық оң көрсеткіштер болып табылады.

Демографиялық дүмпу ауылдық жерлерде болатыны белгілі. Бұл тұрғыдан алғанда да ауыл халқының саны азайып барады. Күрт төмендеу Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында белең алып отыр. Статистикалық деректер бір кездері жоғары болған бала туу санының Қазақстанда күрт төмендегенін айғақтайды. Мәселен, 2000 жылы туу көрсеткіші 1991 жылмен салыстырғанда 1,4 есеге қысқарған. Әрине, бұл жердегі басты фактор әлеуметтік-экономикалық жағдайға бай-





ланысты екені белгілі. Әйтсе де, ендігі жерде экономика тұрақты арнасына түскен сәтте демографиялық жағдайға да басымдық беретін кез келді.

Тағы бір тілге тиек етер жайт, қаншалықты экономикалық дағдарыс болған күннің өзінде де қазағы басым облыстарда туу саны жоғары деңгейде қалып отыр. Бұл әсте қазақтың төл менталитетінен туындап отырған дүние болар. Мәселен, экологиялық ахуалы ауыр, әлеуметтік жағдайы да мәз емес Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Атырау облыстарында дәстүрлі туудың жоғары деңгейі жалғасын табуда. Қуанарлық жайт, қазақтың саны көбею үстінде. Қынжылатыны, осы аймақтардағы болашақ сәбилердің денсаулығы қандай болатындығы. Сол себепті, бүгінгі Үкімет осы мәселеге де ерекше назар аударғаны дұрыс болар еді.

ОТАУ ҚҰРМАЙ, ҚАРТАЙҒАНДАР

*Үйленбедің, ей жігіт, отызыңда —
Қазағыңа жасаған қастандығың!
... Тұрмыс құрмай қартаю,
Қарындасым,
Ол да еліңе жасаған дұшпандығың!*

Қадыр Мырза-Әлі

Демографияның көкесі шаңырақ көтеруден басталатыны баршаға белгілі. Жасыратыны жоқ, соңғы кезде сүр бойдақтар мен "отырған қыз орнын табатындардың" саны өсіп бара жатқаны тағы мәлім. Оның сыртында кеңестік кезеңнен кәдеге қалған жалғызбасты аналардың өмір жалғастығы да сол қалпында жарасымын тауып келеді. Енді осы жерде 1999 жылғы халық санағы бойынша некеге тұру жағдайына тоқтала кетелік. Онда ер азаматтардың 62,2 пайызы, әйелдердің 55,7 пайызы некеге тұрғандығы туралы дерек бар. Ал АХАЖ-дың босағасын аттамаған жігіттер 29,4 пайызды құраса, қыздар жағы 21,8 пайызды дөңгелектейді. Мұның сыр-





тында ажырасқан әйелдер 7,7 пайыз болса, еркектер мөлшері 4,5 пайыздың шамасында. Ал жесірлер саны 14,8 пайыз шамасында да, әйелі қайтыс болған еркектер 3,9 пайызды құрайды.

Некеге тұратын қыздардың орта жасы 1999 жылы 23,2 жаста болса, жігіттердің орта жасы 26 жас болған. Сол себепті, бойдақтардың отыздан кейінгі өміріне үніліп көрелік. Отыз бен отыз төрт арасындағы "тақиялы періштелер" мөлшері 14,1 пайызды құраған. Ал сүйіктісін тосып отырған қыздар саны 10,3 пайызды дөңгелектейді. Бір көңіл аударатын жайт, қай жас мөлшерін алып қарасаңыз да басы бос еркектердің бойжеткендерден гөрі басымдығы байқалады. Сол себепті, аталған деректердің әлеуметтік астарына да назар аударған дұрыс болар. Әрине, бұл жерде басты мәселе өуелі қоғамдық құндылықтардың өзгеруімен тікелей байланысты. Бағзы бабалардан ұрпағына жететін аманаттың құны арзандап кеткелі қашан. Ұлттық темірқазықты ұлықтай алмаған алдыңғы ұрпақтың зардабы соңғыларына тиюде. Кеңестік кезеңнен басталған еркіндік бүгінгі сәтте шырқау шегіне көтеріліп келеді. Парыз бен қарыздан гөрі қазіргі сәттегі заманауи тірлікке ерекше бейімділік байқалады. Батыстан келген құндылықтар да шектен тыс басымдық алып барады. "Өз еркім өзімде, не істесем өзім білемін" деген жалаң көңілді жұбату басым. "Түнгі көбелектердің" көбейіп, "мырза жігіттердің" мардымси бастауы — осының айғағы. Әрине, жастардың бойындағы келеңсіз қасиеттердің белең алуын әлеуметтік жағдаймен байланыстыратындар да бар. Оның да ықпалы болуы мүмкін. Әйтсе де, басты себеп ол емес. Негізгі мәселе — ұлттық құндылықтардың әлсіздігі, басқа бір идеологияның алдында дәрменсіздік танытуы. Соңғы кезде алтын тінінен ажырап қалған қазақ тәрбие басқалардың басқыншы әрекетінің астында қалды. Сол себепті "адасқан ұлдың оралуы" деген сияқты жана өркениетті әлемге үйлестіре отырып, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту қажет сын-ды.





Ұлттың рухын көтеретін дүниелерді жасауға ұмтылыс танытқанымыз жөн. Ең басты мәселе осы.

Екінші мәселе — жастардың әлеуметтік жағдайына ерекше назар аудару. Жас шаңырақ иелеріне баспана алу үшін жеңілдетілген несие беру жағын қарастыру қажет. Жас аналарға төленетін жәрдемақы да назардан түспеуге тиісті. Оның сыртында жас мамандар мәртебесіне де мән берген жөн болар еді. Осы тұста жас мамандарды мемлекеттің сұранысына сәйкес жолдамамен қызметке орналастыру тетігін енгізуге де болады. Оның алғашқы нышаны қазір де байқалады. Әйтсе де, осыған Үкімет ерекше назар аударып, бұл тұрғыдағы саясатты бірізділікпен жүзеге асырғаны дұрыс болар еді. Сонда ғана халқымыздың демографиялық тұрғыда өсуіне даңғыл жол ашылады.

БІР БАЛАСЫ БАРДЫҢ...

Балалы үй — базар. Бағзыдан жеткен баба сөзі бұл. Шаңырақ көтергеннен кейінгі оның басты көркі сәбидің інгәлаған даусы болатыны мәлім. Өмір жалғастығы, ұрпақтың өрбуі дегеніміз де осы. Әйтсе де, бүгінде көп балалы отбасылар күрт азайып кетті. Демографиялық көрсеткіштердің деңгейі қатты аландатады. 1990 және 1998 жылдар арасында орташа өмір сүру ұзақтығы 68,3 жастан 64,4 жасқа төмендеген. Туу деңгейі де төмендеп барады. 1990 жылы 1000 адамға шаққанда 22 сәби болса, 1999 жылы 14 сәби болды. Сәбилердің өлім деңгейі де 1999 жылы 1991 жылмен салыстырғанда 26 пайызға жоғары. Бұл да өз кезегінде халық санының өсуіне керісінше әсер ететін факторлардың бірі.

1989 жылы 3825 мың отбасы болса, ол 1999 жылы 3527 мыңға түскен. Оның ішінде екі адамнан тұратын отбасылар саны — 799 мың, үш адамдық отбасы — 802 мың, отбасында төрт жан бары — 830 мың, бес және одан да көп жан бар отбасы — 1096 мың, оның ішінде он және одан да көп отбасы 45 мыңды таңбалайды. Барлығының орташа санын алатын болсақ, еліміздегі әрбір отбасы





1999 жылғы санақ бойынша төрт адамнан тұрады екен. Бұл дегеніңіз "Отбасы=ата-ана+екі бала" формуласына сәйкестігін көрсетеді. Кезінде Қажымұрат Нағманов Солтүстік Қазақстан облысының тізгінін ұстап тұрған кезінде үшінші баланы дүниеге әкелген аналарға әлеуметтік қолдау көрсетіп, елдің демографиялық жағдайының жақсаруына өзіндік ықпал еткен болатын. Алайда, Қажымұрат Ыбырайұлы Астанаға ауысқан соң Қызылжар өңіріндегі аналар "үшінші баланы тумайтын" болыпты. Өйткені, бүгінгі облыс әкімі бұрынғы әріптесінің үрдісін қайталауға ынталы емес көрінеді.

Аты қазаққа мәлім атақты Досай бидің балаға қатысты айтқан төмендегідей тағлымды сөзі бар.

Бір баласы бардың шығар-шықпас жаны бар.

Екі баласы бардың болар-болмас халі бар,

Үш баласы бардың үш рулы елде малы бар,

Төрт баласы бардың төрт құбыласы тең болар,

...Сегіз баласы бардың сергелденге салар көрі бар,

...Он баласы бардың орда бұзар қолы бар, – дейді атақты би.

Осы жөнінде ой өрбітер болсақ, елімізде "шығар-шықпас жаны", "болар-болмас халі бар" отбасылардың басымдығы байқалады. "Төрт құбыласы тең" немесе "орда бұзар қолы бар" отбасылардың саны алдыңғыларынан анағұрлым кем, әйтсе де өзінің мәртебесі жағынан әлдеқайда еңселі. Енді осылардың қатарын көбейтуге Үкімет мүдделілік танытқаны жөн дер едік. Ол үшін әрине, заңдарға өзгеріс енгізу керек-ақ. Ең бастысы, көпбалалы аналарды бағамдау мөлшерін қайта қараған жөн. Бізде әлі сол бәз-баяғы кеңестік кездегідей. Оныншы баланы дүниеге әкеліп, сол сәби сегіз жасқа толғанда ғана "Алтын алқа" тағуға болады. "Күміс алқаға" ие болу үшін сегіз баланың анасы атану керек. Үкімет осы саясатты түбегейлі өзгерту қажет. Мәселен, Ресейде көпбалалы отбасылар деп үш және одан жоғары баласы барларды айтады. Осыған сәйкес бізде 7 бала туған анаға "Алтын алқа", 5 бала туғанға "Күміс алқа" берілуіне тоқтаған жөн. Бұл жөнінде "Егемен Қазақстан-





да" бұрын жазылды да (25 қаңтар, 2002 жыл). Дегенмен, аталған ұсыныс Парламент пен Үкімет назарынан тыс қалды. Мәселені қайта қозғап отырғанымыз да сондықтан. Оған қоса көпбалалы отбасыларға жеңілдік беру жағын да қарастыру керек. Басқалай айтқанда, темір сынғырлақпен көңіл аулайтын кезең өткен. Сол себепті, коммуналдық төлем, жол ақысы жағынан жеңілдік қарастырылғаны жөн. Көп балалы отбасыларға жәрдем-ақы берудің де өзіндік жүйесін енгізгені жөн болар еді. Мұның бәрі республикалық бюджеттен көрініс тапса құба-құп. Әйтпесе, жергілікті жерлерге берілген дүниелердің бәрі "ішкі мүмкіндіктерге" сәйкес су аяғы құрдымға кете барады. Осындай ізгі дүниелерді жүзеге асырған жағдайда ғана еліміздің демографиялық жағынан дүмпудің алғышарттары жасалады. Сөйтіп, Қадыр ақын айтпақшы, **"Ұлы мақсат қоймасақ алдымызға, Бола алмаймыз ешқашан ұлы халық"**. Ал ұлы халық болуға қазақ ұлтының толыққанды құқы бар. Бағзы бабалардың бүгінгі ұрпағы ұсақтағанын қаламайтынымыз да сол.

P.S. Жақында Мәжілістің жалпы отырысында депутат Владимир Асанов Премьер-министр Иманғали Тасмағамбетовтің атына сауал жолдап, демографияға қатысты өткір мәселе қозғаған еді. Депутаттың айтуынша, қазір республика бойынша баланың тууы мен жалпы тұрғындардың саны азая түскен. Сондай-ақ, халықтың табиғи өсімі де кеміп келеді. Егер 90-жылдардың басында Қазақстанда 16,3-16,5 млн. тұрғын болған болса, қазір 14,7-14,9 миллионды құрайды. Жаңа туылған сәбилер саны ол кезде 350 мыңнан, табиғи өсім 225 мыңнан асатын болса, бүгінгі таңда тиісінше 217 мың және 70 мыңдай адамды құрайды.

Мұның себебі неліктен? Бұл жағдайды қалай өзгертуге болады? Қайтыс болатындардың





санынан дүниеге келетіндердің санын қалай арттыруға болады? Осы сұрақтар кез келген демократиялық елде саяси және мемлекеттік маңызы бар екені анық, дейді Мәжіліс депутаты.

Депутат "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Заңға өзгерістер енгізу туралы" заң жобасының қаралуына байланысты демографиялық жағдайды жақсартуға және аналарды әлеуметтік қорғау мақсатында 2004 жылға арналған республикалық бюджеттің жоспарында бірқатар төлемақылар қарастыру қажет деп есептейді. Атап айтсақ, әйелдерге босанғанға дейін жетпіс күн және босанғаннан кейін 365 күндік әлеуметтік жәрдемақы төлеуді ұсынады. Сол сияқты перзентханадан нәресте асырап алған жағдайда да осындай жәрдемақы төленуді қарастырған жөн деп есептеген депутат айына 5 мың теңге көлемінде жәрдемақы төленуі қажет деп тұжырым жасайды. Аталған депутаттық сауалға Амангелді Айталы, Уәлихан Қалижанұлы, Шаймерден Оразалинов, Олимпиада Черкашина, Қуаныш Төлеметов, Валерьян Землянов және басқа да депутаттар қол қойған. Сөйтіп, демография мәселесі Парламент тарапынан да көтеріле бастады. Ендігі кезек — Үкіметте. Қайтер екен?!

2003 жыл





“Басы артық” балалар

Қазақстан өзінің болашағын басқаға сыйлай бастады. Сыйлағаны сол – елдің ертенін, яғни бүлдіршіндерді шетелге аттандырып жатыр. Елімізде бүгінде 92 мың бала жетім немесе жартылай жетім ретінде балалар үйінде тәрбиеленеді екен. Олардың әрқайсысына жыл сайын қазынадан бөлінетін қаржыны ауырсындық па, әйтеуір “басы артық” балалардың шет елге аттандырылуы әлі де жалғастырылуда. Бір ғана Америка Құрама Штаттарына 900-ден астам қазақстандық бүлдіршін жіберілген екен. Торыққан тоғыз жүз тағдыр. Үлде мен бүлдеге оранғанмен, бала өсе келе төл жұртын тереңірек танып-білуге ұмтылады. Шетке кеткен қазақтың бүлдіршіні едендегі төсеніш үстінде аунап-қунағанды ұнататынын естігенде, адам түпкі тегіне тартпай тұрмайтындығын пайымдадық. Ал біз оларды туған тамырынан үзіп, басқалардың бау-бақшасына апарып отырғызғымыз келеді...

Бір қызығы, АҚШ-та өгей баланы өз қамқорлығына алған отбасы салық төлеуден босатылатынға ұқсайды. Қазақтың бүлдіршіндері сөйтіп, біреудің өмірін жеңілдетуге, тұрмысын жақсартуға септігін тигізеді. Балалар үйінен сәби асырап алған отбасыларға жеңілдік беру жағын біздің Үкіметіміз де қарастырса ғой. Бұл Мемлекет басшысы көтерген еліміздің демографиялық жағынан өсуіне үлкен ықпал ететін тетік болар еді. Ал бүгінде мемлекетімізге қазына қаржысын шығындағаннан гөрі бүлдіршіндерді шетке жіберу әлдеқайда тиімді болып отырғандай. Осындайда құлдыққа сатылған Бейбарыс бабамыз еске түседі. Мәңгілік Мысырдың әміршісі өзге жұртта сұлтан болғанша, өз жұртында ұлтан болуды өмірінің ақырына дейін аңсап өткен тұлға. Бағзыдан жеткен аңыз осылай сыр шертеді. Ал аңыз-





дың түпкі тамыры – ақиқат. Ендеше, ертеңгі күннің Бейбарыстарын туған жерінен безіндіріп жібергендегі үлкен күнәні кім өз мойнына жүктемек?

Балаларды қорғау және шетелдік баланы асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы Конвенцияға Қазақстан 1993 жылы 29 мамырда қосылған. Алайда, конвенцияға қол қойған кез келген мемлекет, ең алдымен, баланың толықтай дамуы үшін оның отбасында, махаббат пен мейірімге толы ортада өсуі керектігін мойындайды. Бұл, біріншіден. Екіншіден, әрбір мемлекет бала тікелей өзінің отбасында тәрбиеленуі үшін соған тиесілі шараларды қамтамасыз етуді басым міндеттердің бірі деп санауы тиіс. Үшіншіден, конвенцияға сәйкес, балалардың жағдайын жасауға мүмкіндігі жоқ болғанда ғана мемлекет оларды шетелдіктердің асырауына беруіне болады.

Рас, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде мемлекеттің әлеуметтік салаға назар аударуға мүмкіндігі болған жоқ. Еліміз етек-жеңін жинаған ендігі кезеңде өзі мойындаған конвенцияны, балаларға жағдай жасау жөніндегі басым міндетті орындауы тиіс емес пе? Тойынған заманда төл ұрпағын қанғыртып жіберген қазақ сынды халық дүниеде сирек кездесетініне сенімім кәміл. Осы олқылықтың орнын толтыратын уақыт әлдеқашан жетті. Олай болса, тәуелсіздіктің елен-аланы тұсында Қазақстан қосылған конвенцияларды қайта қарайтын уақыт келді. Оның ішінде балаларды шетелдіктерге асырап алуға рұқсат беретін конвенция да бар. Бұл келісімді қайта қарауға халық мүддесін қорғаймыз дегенді жиі айтатын Парламент депутаттарының тәуекелі жете қояр ма екен?..

2003 жыл





Қазағы жоқ ауыл

Андреевка ауылы Астанадан аса алыс емес, жетпіс шақырымдай жерде. Журналистер жолсапарға шығып, осы ауылға арнайы ат басын тірегеніміз бар. Міндет — ауыл жылына қатысты ауылдың хал-ахуалы төңірегінде мақалалар әзірлеу. Ауылдың Мәдениет үйіндегі алкалы басқосуға жиналған қалың жұрт. Жер кодексі төңірегіндегі әңгіме қыза түскен. Ауылдың үлкенкішісі, ақсақалынан мектеп оқушысына дейін ауыл тағдырына аландап, ойларын ортаға салуда. Айтқандарының қажетке жарайды-ау деген тұстарын қағазға түртіп алып отырмыз. Сөйлеушілер ресми тілде еркін көсіледі. Орыс тілінде сөйлейтіндерге етіміздің өліп кеткендігі соншалық, басқасына қарауға мұрша жоқ, жазып жатырмыз. Азар болса, аударуға біршама уақыт кететін шығар, бізге ең керегі ақпарат қой.

Қызықтың көкесі сәл кейінірек болды. Аяқ асты тележурналистер "бүлінді" дейсін. Мемлекеттік тілде сөйлейтін адам керек. Сонда ғана байқадық, екі ауылдың басын біріктіретін үлкен шаруашылықта жергілікті ұлттың өкілін іздеп табу кәдуілгі шөмеленің арасынан ине іздегендей екен.

Ауыл тұрғындарының денін кезінде Украинадан күштеп көшірілген немістер мен поляктардың ұрпағы құрайды.

— Ең болмаса, шұбарлап сөйлесе де бір қазақ тауып беріндерші, — деп "Хабардың" жігіттері жанұшыра жүгіріп жүр.

— Жоқ.

— Қос ауылдағы 306 отбасының, 1074 адамның ішінде бір қазақтың болмағаны ма?





— Бар, бар. Селода жалғыз казак бар. Егер бүгін баска жаққа кетіп қалмаса, табылады...

Мектеп директорының сөзі жақсылықтың жаршысындай, сүйінші сұрағандай естілді. Тележурналистердің көзінде үміт ұшқыны оянды. "Жүздеген ұлт пен ұлыс мекендеген казактың даласынан бір казак табылмауы мүмкін емес қой. Казактың өз жерінен өзін іздеп табу да мұңға айналғаны ма? Табылуы тиіс!"

Табылды-ау, ақыры. Казактың орта бойлы келіншегі. Жүздеген адамның ортасынан жылыұшырай көрінді. Көркімен баурап алмаса да, тегінің казак екендігімен-ақ мерейімізді өсіріп тастағандай болды. Казак тілін жақсы біледі екен. Білетіндігі сол, өзі техникум бітіріп, баска мамандық алғанымен, бүгінде мұғалім. Мектепте казак тілінен сабақ береді. "Әкесін танытып", баска ұлттың өкілдеріне казак тілін үйретіп жатыр. "Үйренсін", дейді, "жер, ел біздікі. Сабақ үстінде тек казакша сөйлеймін". Кәдімгідей қанаттанып қалдық. Өзіміз қалың казактың ортасында көрсете алмайтын қайрат-жігердің құдыреті баска жұрттың ортасында жүрген казак қызында бар секілді. "Жалғыз болса да, ұлтжандылығы мықты екен!"

— Өңшене неміс пен поляктың арасында қайдан жүрсін? — деп, көкейге кептелген сауалды ірке алмадық.

— Тағдырдың жазуы шығар, поляк жігітіне тұрмысқа шықтым. Осындағы халықтың ішіндегі ең мықтысын, маңдай алдысын тандадым ғой, — деп, күліп қояды.

Тележурналистердің ұпайы түгенделді. Іздеген жоқ табылды. Сюжет түсірілді. Казак тілінің мұғалімі күн тәртібіндегі мәселені көрермендерге әдемі әңгімелеп берді...

Қазағы жоқ ауыл... Бәлкім, осындай ауылдар еліміздің солтүстігінде жеткілікті де шығар. Біреулер үшін бұл үйреншікті жайт болар. Бірақ тереңірек ойлаған сайын бойынды қорқыныш билейді. Қазағы жоқ ауылда казакы ойдың да, ұлттық рухтың да болмайтыны белгілі. Ол дегеніңіз — жер, ел, тәуелсіздік,





мемлекеттілік туралы тағылымды ұғым-түсініктің жоқтығы деген сөз. Оның ар жағын ұлтсыздық, рухсыздық елесі кезіп жүргендей...

Қазағы жоқ ауылды ойласам, ертеде көшіп-қонып жүрген бабаларым көз алдыма елестейді. Бабалардың рухы қолдаса, бүгінгі ұрпағына да тағы бір мәрте қоныс аудару керек шығар. Қазағы жоқ ауылдар болмасын деп, кезекті рет көш-керуен сап түзегені жөн болар. Керуеннің басы солтүстік пен шығысқа бет түзесе, қазағы жоқ ауылдар да азаяр еді-ау. Көсіліп жатқан ең даламызда сонда ғана еркін жүріп, кең жайлаушы едік қой...

2003 жыл





... Дүмпу керек қазаққа!

Байлар да жылайды. Орманы да, орысы да мол Ресейдің демограф-ғалымдары ботадай боздап отыр. Дерегі мен дәйегіне құлақ түрсеңіз, орыстардың "боздайтын" жөні де бар екен. Қазіргі 143,7 миллион Ресей халқынан ғалымдардың болжауынша, 2025 жылы 125 миллионға дейін құлдырайтынға ұқсайды. Ал 2050 жылы алып аумақта 100 миллион халық өмір сүрмек. "Русский крест" дейді бұл көріністі ресейлік ғалымдар. Апаттың алдында тұрмыз деп жағалай дабыл қағып жатқаны да сол.

Қазақ демографтары әлі де тәубашыл күйде. Қазекендікі орыстың қасында бұрынғы әдетінше, қызуы басылмаған тәуелсіздік эйфориясына малданулы. "Осы күнімізге де шүкіршілік". Жергілікті ұлт ел халқының 50 пайызынан асты деп бір маркая түсті. Үстіміздегі жылы 15 миллионды дөңгелектедік деп тағы әжептәуір болдық. Халық өсімінің ұңғыл-шұңғылын зерттеп жүрген демографтарды айтып отырмыз. 15 миллион демекші, ана бір жылы Парламент делегациясының сапында Үндістан елінде сапарда болғанымыз бар еді. Нью-Делиде болдық, Бомбейге ат шалдырдық. Соңғы қалада болған басқосуда Парламент Мәжілісінің Төрағасы Жармахан Тұяқбай шаһар басшыларына Қазақстан туралы жан-жақты мағлұмат бере бастады. Әңгіменің орайында ел халқының 15 миллионды дөңгелектейтіні жөнінде де айтылды. Бомбей қаласының мэрі өз сөзінде: "біздің қаланың халқы да 15 миллион" деп, әңгімені өзілге қарай бұрды. Шынында да іргелі елдердің бір қаласында тұрып жатқан 15 миллион халық дегенініз, жері ұлан-ғайыр қазақ үшін аз болмай қайтеді. Содан да қазыналы бос жатқан жерге сұқтанушылар көп.

Орыс ғалымдары "жылағанда" көздерінің жасын көл етеді. 2004 жылдың 8 айы ішінде ресейліктер 504 мың





адамға төмендеген. Яғни, бір жыл ішінде Ресей халқы 700-800 мыңға азаятын көрінеді. Осыншама халық Псков немесе Новгород облыстарында тұрады екен, болмаса Карелияның немесе Мордовияның, Орёлдың халқы осыншама мөлшерді құрайды. Сонда жыл сайын Ресей бір губернияға азаяды деген сөз. Сөйтсе, Амур облысымен шекаралас өзеннің арғы бетіндегі солтүстік-шығыс Қытайда 300 миллион халық бар екен. Баскалай айтқанда, бір ресейлікке 3,5 қытайдан келеді. Ресей демографтары осы "таскыннан" қауіптенеді.

Қазақтардың да бұл жағынан асығы алшысынан түсіп жатқаны шамалы. Үстіміздегі жылы республика халқы жеті ай ішінде 0,4 пайызға, яғни 60 мың адамға өскен. Бұл теңізге тамған тамшымен бірдей. Оның үстіне бізде де Қытаймен шекаралас аудандар халқының селдіреп қалғаны белгілі. Бұл өңірдегі қазақтардың бәрі "бақыт іздеп" қалаларға кеткен. Олардың енді ауылға оралуы да екіталай, егер мемлекет тарапынан арнайы шаралар қабылданбаса. Ал қытайлықтар ептеп ел ішіне түмсығын сұғып келеді. Демографиялық дүмпумен-ақ казак жерін "жаулап" алатын түрі бар. Келесі жылы Атасу-Алашаңқай құбырын салуға нөпір қытай келеді деп күтілуде. Олай болса, қытайдың бойдақ жігіттері "отырып қалған" қыздарымыздың көзқуанышына айналатыны сөзсіз. Оның аржағында бес жыл күтсе, Қазақстан азаматы болып шыға келеді. Сөйтіп, Қазақстан халқы Қытай қазақтарының есебінен емес, таза қытайлықтардың есебінен көбейіп шыға келмесе қайтсін.

Ресей ғалымдары Кавказ жұртының, мұсылмандардың көбеюінен сескенеді. Елдегі ингуш, өзірбайжан, армян ұлтының өкілдері соңғы кезде екі есе өсіпті. Ал чешендер, аварлар, лезгин мен құмықтар бір жарым есе көбейіпті. Ресейде 20 миллионның шамасында Мұхаммед пайғамбардың үмбеті бар екен. Ғалымдар Ресейде 2050 жылы мұсылмандар мен христиандардың саны теңбе-тең болады дегенді айтады. Бұл жағдай да оларды қатты аландатады.

Қазақстанда да қазақтардан басқа ұлттардың өсу қарқыны байқалады. Қазақтар негізінен сырттан атажұр-





тына оралып жатқандардың есесінен молайып жатса, өзбектер, әзірбайжандар, ұйғырлар табиғи өсім арқылы көбею үстінде. Үстіміздегі жылғы алты ай ішінде қазақтар — 1 пайызға, өзбектер — 1,2 пайызға, әзірбайжандар — 1 пайызға, ұйғырлар 0,8 пайызға өскен. Шоғырланып отырған халықтың өз мәдени автономиясын талап етуге дейін баратынын ескеретін болсақ, бұл да ойланарлық мәселе. Ар жағынан сепаратизм төбе көрсете ме, кім білсін?!

Еңірегінде етегі жасқа толып отырған орыс ғалымдарының болжамына қарап, қазақтың болашағына көз жіберетін болсан, шынында да ойлануға тура келеді. Мемлекет ұлт өсіміне түбегейлі назар аударатын уақыт келгендей. Бағдарлама, жөн-жоба жүзінде емес, нақты іс жүзінде. Үкімет елдің қауіпсіздік саласында демографиялық саясаттың үлкен басымдыққа ие болатынын ескермейді білем. Әйтпесе, Үкімет өзекті мәселеге дер кезінде назар аударатын еді. Шераған, Шерхан Мұртазаның халықтың өсіміне байланысты екі жанайқайы да аяқсыз қалды. Бәлкім, бүгінгі Үкіметке қазақтың көбейгенінен индустриялық-инновациялық саясат әлдеқайда манызды болар. Олай болса, қазақ жұрты "технар" Үкіметті емес, ұлтжанды Үкіметті күтумен ғұмыры өтетін шығар?..

Қазір ұлттың тамырын кеңге жаятын, мемлекеттіліктің іргетасын нығайтатын мүмкіндік кезені. Үкімет осы оң жамбасымызға ыңғайлы сәтті оңтайлы пайдаланып, сырттағы қалың қазақты атажұртымен қауышуға жағдай жасамаса, халықтың демографиялық өсіміне назар аудармаса, тәңір сыйлаған тәуелсіздік атты тартуға алдағы уақытта қауіп жиі төнетіні анық. Уақыт пен кеңістіктің оң қабағы бізге қарасып-ақ тұр. Қазаққа берілген мүмкіндікті орнымен пайдалану Қазақ Үкіметі мен Парламентінің мойнында. Болашағынан қаржы аяған жұрттың ертең көптің ыңғайында жүруіне тура келеді. Көптің қорқытатыны... бұрыннан белгілі. Өзімізбен біте қайнасып кеткен қалың орыстың "ойбайын" алға тартып отырғанымыз да сондықтан. Өсу аз, демографиялық дүмпу керек қазаққа!

2004 жыл





Парадокс

Ормандай қалың деген орыс ғалымдарының өзі демографиялық апат алдында тұрмыз деп жанталаса дабыл қағып жатыр. Ресей халқы Қазақстандағыдан он есе көп, алайда олар соншалықты неге мазасызданады? Сөйтсе, жыл өткен сайын орыс жұрты саны жағынан құлдылап, ал жетімдерін жат жұрттың өкілдері таласатармаса әкетіп жатқан көрінеді. Осыған орай билік ұлттық мүдде тұрғысынан қатаң шаралар қабылдай бастаған. Соның әсері болу керек, жақында америкалықтар бар мәселесін жиып қойып, 7 000 отбасының атынан президент Путиннің атына үшбу хат жолдады. Яғни, осынша мөлшердегі ресейлік сәби мұхиттың арғы бетінде өсіп жатыр екен. Хаттың мәтіні коммерциялық сипатта "Известия" газетінде жарияланды да. Сондағы америкалықтардың айтатын уәжі мынау: "2004 жылы желтоқсанда Отбасы кодексіне өзгерістер енгізілгеннен кейін шетелдіктердің ресейлік балаларды асырап алуы 9 айға дейін шегеріліпті, бұл олардың бала асырап алуына жасалып отырған шенеуніктік кедергілер көрінеді, сол себепті бала асырап алумен айналысатын шетелдік ұйымдарды тіркеу рәсімін қалпына келтіруді" сұрайды. Кремльдің қарымта жауабы қалай болар екен?

АҚШ-қа жетім балаларды жетектетіп жіберуден Ресей Қытайдан кейін екінші орында. Қытайдың жағдайы айтпаса да түсінікті. Ал, Ресейге де соңғы кездері "ақыл кіріп", ойлана бастады. Бір ғана 2002 жылы ресейлік 4269 бала америкалықтарды қуанышқа бөлепті. Осы жылы қытайлық 5 мыңнан аса бүлдіршін мұхиттың арғы бетіндегі ата-анасымен "қауышыпты". Айтпақшы, қос бүйірдегі екі көршісінен 15 миллион шамасында халқы бар Қазақстан да қалыспай келеді. Америкаға балаларды аттандыруда ол бесінші орынға табан тіреген. Осы





күнге дейін АҚШ-қа 2526 казахстандық сәби жөнелтіліпті. Америкалық Балаларды асырап алу бойынша Ұлттық кеңестің Ресей мен Қазақстанның "гуманистік әрекетін" құптап, арқасынан қағып отырғаны да сол. Қазақ атын иемденген мемлекеттің ұлттық мүдде тәңірегіндегі ұстанымында бірізділік жоқ екендігіне осыдан кейін, амал жоқ, көз жеткізесің. Әйтпесе, Қытаймен, Ресеймен бәйгеге түсіп, бала үлестіретіндей біздікі қай даңғазалық?

Қос бүйірден қысқан аждаһа мен аюдың ортасында "әке-көкелеп" отырған болар-болмас халымыз бар екендігі баршаға аян. Ат шаптырым неше күндік аумақта жатқан алақандай ғана жұртпыз. Имам Шәміл айтпақшы, "Кішкентай халыққа үлкен қанжар керек" демесек те, өз ордамыздың нығаюы үшін қалың жұрттың қауқары керек екені бүгінде басы ашық мәселе. Әйткені, "Көптің қорқытатыны, тереннің батыратыны" алып даланың әлімсақтан келе жатқан тарихынан мәлім. Алайда, аталған қағиданы есіне кеш түсірген мемлекет демография мәселесіне соңғы кездері ғана бел шеше кірісіп жатыр. Әйтсе де, әу бастағы ниеті түзу болғанымен, бей-берекесі кеткен тірлік болып тұр бұл өзі. "Әкесін сабағанды талай көріп едік, бірақ арбаға байлап қойып сабағанды бірінші мәрте көргеніміз" деп атам қазақ айтқандай, қазақ елінің басқа бағыттағы саясатының бағындырып жатқан асуларын қайдам, задында мемлекеттің демография саласындағы ұстанымы "әкесін арбаға байлап қойып сабаған" ұлдың тірлігін көз алдына әкеледі. Бір жағынан жанталасып, қыруар қаржы жұмсап шетелдегі қазақтарды көшіріп алу үстінде Үкімет. Алдағы үш жыл ішінде 45 мың отбасы атамекенге ат басын тірмекші. Бұйыртса, алдағы үш жыл ішінде орта есеппен алғанда, ел халқы 200 мыңға жуық адамға көбейеді деген сөз. Құдай көпсінбесін, тәуба етер тұсымыз бұл.

Ал, екінші жағынан қазақтың қарасын көбейтеміз деп жүріп, Үкімет таразыдан "жеп үйренген" сатушыларша сәбилерді шетел асырып жатыр. Сөйтсе, соңғы





жылдары 4551 бала шет елге "жолдама" алыпты. Әдеттегідей, алдыңғы орында Америка. Олар қазақстандық балаларды айрықша жақсы көреді екен. Балаларды жақсы көре ме, жоқ әлде басқа ойлары бар ма, оны америкалықтар ғана біледі. Біздің білетініміз – шетелден бала асырап алған америкалықтарға салық жағынан әжептәуір жеңілдік жасалады екен. АҚШ-та салық дегеніңіз жетіп артылады. Сонымен, қазақстандық сәбилер төл мемлекетінің "гуманистік саясатының" нәтижесінде тумай жатып басқалардың өмірін жеңілдетуге ат салысып жатыр...

Қазақстанда бала асырап алу бойынша 28 шетелдік агенттік жұмыс істейтін көрінеді. Әрине, олардың қызметі ақылы. Шамамен 20-50 мың долларды құрайды дейді кейбіреулер. Біздегілердің көзқұртына айналатын да осы ақша. Заң бойынша бала асырап алу үшін ақша төлемеуі тиіс. Еліндегі қыруар қаржыны үнемдеуге септігін тигізетін сәбилер үшін шетелдіктер болмашы қаржыны садақа ретінде бере салатын болып тұр ғой. Тіпті, шетелдік азаматтардың асырауына бала беру тәртібінде құзырлы орындарды айналып өтетін жағдай да кездесіп жатады. Мәселен, 2003 жылы прокурорлық тексеріс барысында әкімдердің 164 шешімінің нәтижесінде 177 баланың шекара асырылғаны анықталған. Бұдан құзыретті органдар – Білім және ғылым министрлігі мен Сыртқы істер министрлігі бейхабар. Сонда баладан пайда табу мәселесіне әкімдіктердің де араласа бастаған сынайы байқалады. Бірақ, осы күнге дейін шетелдіктерге балаларды заңсыз бергендердің жазаланғаны туралы мәліметтен былайғы жұртшылық хабарсыз. Алайда, Балаларды қорғау туралы конвенцияның 32-бабында **"Ешкім де шетелден бала асырап алуға қатысты қызметтен ақталмаған қаржылай және басқалай пайда алмауы керек"** деп жазылған. Осындағы "ақталмаған"-ды алға тарта отырып, бәзбір қазақстандықтардың пайдаға ұмтылатыны мәлім. Бұл әлгі Сұлтанмахмұттың "Қолыма кесені алып қарай бердім, Ішінде нақак көзден жас бар ма деп" деп айтатыны секілді ғой.





"Нақак көзден" аққан жасқа малынғандар өз ісіне өкінбейтін болғаны да...

Сұлтан Бейбарыс туралы фильм есіңізде ме? Ежелгі Мысыр елін билеген қаһарлы басшының көз алдына ауық-ауық жусанды дала елестей береді. Туған жері еміс-еміс еске түскенде, дүниені дүрліктірген қатыгез қолбасшының өзі де тебіреніп сала беретіндей, жүзінде болар-болмас жылылық пайда болады. Сағыныш меңдеген кезінде көңіл шіркіннің өрекіп, дала кезіп кететін сәттері де бар. Бәлкім, бұл бабалардың қанға сіңген қасиеті болар. Осыдан кейін "Ер туған жеріне..." деген мақалдың Бейбарыс заманына дейін айтылып, аманат болып қалғанына әсте күмән келтірудің өзі күпірлік-ау. Жусанды далада кіндігі кесілген перзенттің қанында бірдене ойнайтын болса, далаға деген аңсау, сағыныш сезімі атой салатыны айқын. Бала кезінде құлдыққа сатылған Бейбарыстың санасында "көкелеген" сәттің көлденең келе беретіні содан да шығар? Ал, бүгінгі бейбарыстар басқаша кезеңде, қазақ деген ел тәуелсіздік алған тұста сатылып жатыр, кетіп жатыр шартарапқа... Олар ертен Бейбарыс бабасының күйін кешіп жүрмесе жарады да...

Шетелдіктерге асырауға бала берудің "бісімілләсі" еліміздің Балалар құқығын қорғау туралы халықаралық конвенцияға қосылуынан басталды. Яғни, балалардың басқа елден ата-ана іздеуіне "батасын берген" Парламент депутаттары. "Неке және отбасы туралы" Зандағы шетелдік азаматтарға бала асырап алуды қарастыратын бап 1998 жылдың 17 қаңтарында қабылданған. Содан бері қазақстандық сәбилер Қазақстанның халықаралық конвенцияға қосылуына сәйкес әлемнің түкпір-түкпіріне "таратылуда". Жоғарыда айтқанымыздай, алдыңғы шепте – АҚШ мемлекеті. Одан кейінгі кезекте Израиль мен Испания тұр. Тіпті, ғаламға СПИД ауруымен аты шыққан Оңтүстік Африка Республикасына да қазақстандық сәбилер жол тартыпты. Бұған дейін қанша жерден әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдай шашылса да, қазақтардың табаны Гавай аралдарына





тимегені анық. Ендігі жерде қазақ жерінде кіндік қаны тамған азаматтар осы аралдарда бар деп толыққанды айтуға болады. Өйткені, соңғы үш жыл ішінде 32 қазақстандық бүлдіршін өзіне отбасыны аталған аралдардан "таңдапты". Сонымен, қазақтың жетімдері бүгінде дүниенің бұрыш-бұрышында жүр деген мәлімет шындыққа саятындай.

Қазақстан қосылған халықаралық конвенция жетім балаларды шетелдіктерге жетектетіп жіберуді міндеттемейді. Алайда, оларды жіберуге ынталы осыны бизнес көзіне айналдырып отырған екі арадағы делдал агенттіктер. Әйтпесе, әлгі Балаларды қорғау туралы конвенцияның темірқазық тұжырымында **"әрбір мемлекет тарапынан әрбір баланың өз отбасындағыдай тәрбиеленуі үшін басымдық міндеттер ретінде тиісті шаралар қабылдануы"** керек екендігін айтады. Егер жетім балалар тұратын елде тиесілі жағдайлар болмаған жағдайда ғана оларды шетелдіктерге асырауға беруге болады. Олай болатын болса, "нарықтық экономикалық ел" ретінде мойындалған, "Еуропа мемлекеттерімен бәсекеге түсуге бейім", "Орта Азия елдері Одағын құруға" ұйтқы болып отырған мемлекеттің өз жетімдерін сыртқа қанғыртып жіберуге қандай жағдай мәжбүрлеп отыр?

Беларусь президентінің басқа мәселесінде шаруамыз жоқ, алайда Александр Лукашенконың жетім балаларға қатысты айтқаны көңілден шығады. **"Елдің балаларын шетелдік азаматтардың асырап алуы – бұл аталған ел үшін масқара. Бұдан біз түбегейлі түрде құтылуымыз керек"** деп бір қояды. Одан соң тағы **"өз балаларымыздың денсаулығын өзіміз сауықтырумыз, оның ішінде өз елімізде емдеу қажет. Оған бізде мүмкіндіктер жетеді"** дейді. Әншейінде, статистикалық деректерге сенсек, Қазақстан бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдердің аумағында барлық сала жағынан да бастауында тұр ғой. Экономикалық жетістіктерімізден де "бас айналып", "көз тұнады". Сонда жетімдерін жат жұртқа жіберу біздің ел үшін, оның ішінде қазақ атын иемденген мемлекет үшін масқара емес пе? Халық санын көбейте алмай жантала-





сып жатқанда, 6000-ға жуық сәбиді шет ел асырғанымыз қай сасқандық?!

Мұны ешбір елдің өмірінде кездесе бермейтін парадокс дер едік. Парадокс болмай кайтеді, мемлекеттілігімізді нығайтамыз, "жұртымыздың саны аз" деп тарыдай шашыраған қазақты атамекенге шақырып әлекпіз. Оған қоса, 6 000-ға жуық жетімді асырай алмай, жат жұртқа жөнелтудеміз. Қалай десеніз де, бұл парадокс. Бәлкім, дүниедегі парадокс атаулының көкесі осы шығар?

2005 жыл



A decorative rectangular border with intricate geometric and floral patterns, featuring repeating motifs and ornate corner designs.

*Дарындар
далада
қалмайды*



Дарындар далада қалмайды

Атакты орыс жазушысы Алексей Толстой Ресейдегі Қазан төңкерісінен кейін шетелге кетіп бас сауғалады. Графтың ұрпағы пролетариаттың бай атаулыға әу бастан азуын білегенінен өте қауіптенген еді. Алайда, әу басында жарлы-жақыбайлар өкіметі тегіне карамай, зиялыларды өз ыңғайына ұтымды пайдалану үрдісін қолдана білді. Бәзбірінің ата-тегіне үнілместен, Кеңес өкіметіне қызмет етуге қайта шақырды. Граф Алексей Толстойды атамекеніне оралуға үндеген осындай шақыру-тұғын. Жазушының бірінші шақырылған Кеңес санында депутат болып сайлануы да осының құдіреті еді. Жазушының көңілі асқақтай сөйлейтіні де осы тұс: "Қалың әлеумет жиналған алқалы жиында граф Толстой мен қарапайым мұжықтың қатар отыруы, олардың зәулім сарайда бас қосуына ұйытқы болуы – Кеңес өкіметінің үлкен жеңісі".

Шетелде қалғанда Толстойдың қаламынан "Петр бірінші" сынды іргелі шығарма дүниеге келер ме еді, келмес пе еді, кім білсін. Келген күннің өзінде де жырақта жүрген жазушы тарихи оқиғаны дәл Ресейде жазған секілді жоғары деңгейде жазып шығады деу де қиын. Қалай болғанда да Толстойдың Ресейге қайта оралуынан өкімет те, граф та, қалың жұртшылық та ұтылмағаны айқын...

"Утечка мозгов" деген ұғым біздің қоғамдағы қалыпты сөз қолданысына енгелі қашан. Әу баста басқалар тарапынан айтылған соң оған бей-жай қарағанымыз да есімізде. "Қазақстан тәуелсіздік алған соң, шетелге кетушілер Отанына оралып жатыр" дегеніміз тағы бар. Жасыратыны жоқ, талай мықтылардың Отанын тапқаны да рас. Бұл, бәлкім, заңдылық шығар. Енді осы "заңдылық" біртіндеп қазақ зиялыларының өміріне де ене





бастады. Қазақстаннан басқа Отаны жоқ қазақ зиялыларының өкілдері де біртіндеп өз әлеуетін пайдаланатын, идеясын жүзеге асыратын, талантына бас иетін ортаны іздеді. Әу бастағы тәуелсіздікке деген зиялы қауымның ұлтжандылық эйфориясы салқындай түсті. Бағаланбаған еңбек, қолданыс таппаған жаңалық, құрмет көрсетілмеген дарын тұншығуға айналды. Бюрократтық басынды. Амал жоқ, бойындағы қарым-қабілетін, озғыр ойын іс жүзінде жүзеге асыратын нысанды қазақ зиялыларының шетелден іздей бастауы да ақиқат. Оны тауып жатқандар да бар. Нәтижесіз де емес! Талантты математик Асқар Жұмаділдаев бүгінде Германияның бір университетінде дәріс оқиды. Бәлкім, біз жалған намыспен мойындағымыз келмеген қазақ өркениетіне олқылық әкелетін "утечка мозгов" дегеніміздің басы осы болар. Ағылшын, неміс тілін терең білетін Жұмаділдаевты Батыс алақанында аялап ұстауға бар. Ал өзімізде... селсоқ қарайды. Селсоқ қарайды демекші, оны депутат болған кезінде әріптестері "жеп қоя" жаздаған да кезі болды. Оған өзіміз куә де болғанбыз. "Маған жеңіл көлік жүргізетін шопырдың керегі жоқ, өзім жүргіземін. Артық жеңілдіктің де қажеті жоқ, қаржы үнем болсын" деген Асқарға депутаттар ара сияқты жабылып: "мынаның есі дұрыс па, мұны депутат етіп кімдер сайлаған?" деген сыңай танытты. Одан кейін Жоғарғы Кеңес тараған соң, ғалым қазақстандық шенеуніктер элитасы оның еңбегін түсінбесін білді де Германиядағы қызметіне түбегейлі бет бұрды. Қазір басқасын айтпағанда, озық ойлы бес математик шетелдің ғылымына қызмет етеді екен. Бұл бір ғана біздің білетініміз. Оның ішінде математика саласындағысы ғана. Ал басқа салаларда қанша қазақ зиялысының шет елде қызмет етіп жүргенін бір Құдай біледі.

АҚШ-тың Оризона университеті экономика факультетінің түлегі, математика ғылымының докторы Қайрат Мынбаев та бүгінде Бразилияның Сеара штаты федералдық университетінің профессоры. Португал тілінде экономикадан дәріс оқиды. Қазақстанның ин-





вестиция саясаты жөнінде іргелі еңбек жазу үстінде. Қарама-қайшылық жағдай. Қазақстанның экономикасы дағдарысты бастан кешуде. Мемлекеттің ішкі болмысынан хабары жоқ шетел экономистерінің кеңесімен бір қателіктен келесі қателікке ұрынып, әлеуметтік жағдай барған сайын асқынып барады. Ал өзіміздің "милы" экономистеріміз Бразилияның, басқа шет елдердің экономикалық саясатына бойындағы дарынын сарқып береді. Сөйтіп, Мыңбаев сынды экономистің мықтылығын басқалар мойындап отыр.

Өнер саласында да жоғалтқанымыз жеткілікті. Апа-лы-сіңлілі Нақыпбековалар классикалық музыка өнерінің тылсым күдіретін Ұлыбританияда ағылшындардың өздеріне тереннен ұғындыра түседі. Тұманды Альбионда тағы да қазақ скрипкашысы Марат Бисенғалиевтің аты дүрілдеп тұр. Таза өнер күдіретінің қаймағын бағалай білетін еуропалықтар оларға шын ықыласпен қолдау көрсетеді, қол соғады.

Ресейде де қаншама таланттарымыз тыныстап жүр. Алла Пугачеваның құзырындағы "А-студионың" әсем әуенді жігіттері, әнші Кайметов (Қайрат Ахметов), ғажап дауысты әнші Ерік Құрманғалиев Ресей өнерінен ойып тұрып орын алған музыка жұлдыздарының санатында. Жоғарыдағыдай интеллектуалды әлеуеті бар, өнер, спорт санлақтарының тұсауын кескен мемлекет неге осал болуы тиіс. Экономиканың жілігін шаққан ғалымы бар елдің құлдырауы тағдырдың тәлкегіне саяды. Ғылым әлемінде ғалымдары біліктілігін мойындатқан елдің дағдарысқа кезігуі мүмкін бе? Өнер жұлдыздары қарт Еуропаны табындырып жатқан тұста республика өнерінің олқы түсуіне не кедергі болып отыр? Енді соған үніліп көрелік.

"Мемлекеттік көзқарас бойынша мықтыдан гөрі орташаны қолпаштап, көтермелеген жөн. Себебі мықты өзі көтерілер шегіне жеткен, одан әрі ілгері талпынады. Ал орташа, яғни серость әлі де ілгері талпынады. Вот в чем заключение государства нашего. Өйткені бізде кім көп? Орташа, яғни серость көп. Көпті азға құрбан қыл-





майды. Азды көпке әрқашан жығып беріп отырады". Авторы – Бауыржан Момышұлы. Кезінде айтылғанымен, бүгінгінің айна-қатесіз көрінісі. Бәлкім, бұл қай кездегі де мемлекет атаулының бойындағы арылмас дерт болар?! Кеше де солай болған, бүгін де солай...

Шетелден талай қазақ атамекеніне оралғанымен, зиялысы орныға алмай жүр. Олардың әлеуетін толығымен пайдалану билік басындағылардың бағына тағы да бұйырмапты. Масқара болғанда, Моңғолиядан келген қазақ ұшқышы қой бағып жүр. Ал шетелде жүргенде құрметке ие болған қазақ жазушысы қазір баспанасыз. Басқасын айтпағанда, азаматтыққа қол жеткізе алмай жүрген, шетелден келген зиялы қауым өкілі жеткілікті. Әрине, баспасөзде көтерілген мәселенің кеңсе "көсемдеріне" түрткі болатын сәті бар. Бірақ басталды, әрі қарай ізгілік жалғасын таппайды. Әйтпесе әлем мойындаған атақты баскетболшы Әлжан Жармұхамедовті Қазақстанға шақырып алып, ат спорты жөніндегі нұсқаушылық қызмет (?) ұсына ма? Патриотизммен атамекенге бет бұрған Жармұхамедов осыдан кейін, амал жоқ, Ресейге қайта кетті.

Керісінше, интеллектуалдық үлкен орта әлі "аксақалдыктан" арыла алмай әлек. Кеңестік дәуірдің идеологиясын мадақтап еңбек жазғандар қазір тәуелсіздік жөнінде тарихи тұжырымдама жасайды. Парадокс. Жеті қырдан асса да әлеуеті әлі таусылмаған. Қос қоғамның идеологиясын қатар менгерген "мықтыларға" танданбасқа шара жоқ. Өз кезегінде солардың көленкесінде тәуелсіздік қарсаңында соны серпінмен зиялы ортаға қуат бітіруге ұмтылғандар "қартайып барады". Зиялылардың ордасы саналатын Ғылым академиясы да басты ғылыми әлеуетті ұйымдастыра алмай келеді. Әу баста осы академияны тарататын тұста нәпақасынан айырылатынын білген академиктер аттан сап: "Не будем молчать!" деп шыға келген-ді. Билік тарапынан сый-сияпат алғаннан кейін бұрынғы арнасына қайта түсті. Содан кейін-ақ олардың "үнсіздігінің құнын" айтпай-ақ үнсіз түсінесін...





Ал билік басындағыларға Баукен айтқандай, айтқанына көніп, айдауына жүретіндер қашан да тиімді. Пікірін дәлелдеп, жан берісіп, жан алысатын "қынырлардың" қажеті шамалы. Әйтпесе Салық Зиманов, Шерхан Мұртаза, Сұлтан Сартаев, Герольд Белгер, Мұрат Қалматаев, Дулат Исабеков, Мұхтар Мағауиндердің өмірлік тәжірибесін, интеллектуалдық әлеуетін үкімет толыққанды пайдаланып болды ма? Қазіргі Парламент қабырғасында жүрген үндемейтін ақсақалдардан гөрі жоғарыдағылардың парасатты пайымы әлде билік басындағылардың осал тұсына дөп тие ме? Оған қоса ұлттық мүддеге келгенде кез келген қарсыласына ұтымды пікірін мойындата білетін Айтан Нүсіпхан, Жасарал Қуанышәлі, Дос Көшім, Мейірхан Ақдәулетұлының білігі мен білімін пайдалану қоғамға қайшы болғаны ма?

Әсіресе, бүгінгі казак зиялыларының озық өкілі, аудармашы Ғалымжан Мұқановтың еңбегін бағалауға келгенде өкімет сарандық танытып-ақ жүр. Әуелі аударманың алғы сөзін жазғаны үшін ғана сыйлық француз азаматына берілді. Көз майын тауысып, қара жұмысын атқарған Ғалымжан атаусыз қалды. Абайдың мерейтойын Францияға барып тойлайтын тұста, шенеуніктер Мұқановты Алматы әуежайында "ұмыт қалдырды". Оған қоса Жазушылар одағының сыйлығы тағы да бұйырмады. Бірақ еңбегін ел мойындайды, Франция біледі. Ал біздің ресми орындарымыздың өкілдері мойынсұнғысы келмейді. Бұл не жұмбақ?

Халықаралық Андерсен атындағы сыйлықтың лауреаты Марат Қабанбайды да үлкен үйдегілер "отставкаға" ертерек жіберген сынайлы. Соңғы кездері қадау-қадау дүниелерімен жұртшылық жүрегінен орын алған жазушы неге аяқасты "оппозиционер" болып шыға келді деген заңды сауал туындайды. Соңғы кездері жазылған іргелі публицистикалық шығармаларына "журналистика саласында Мемлекеттік сыйлық берілмейді" деген желеумен назардан тыс қалды. Бұл немене, әдейі жасалған әрекет пе? Елдің интеллектуалдық әлеуетін толыққанды пайдалана





алмай, ұйымдастыра алмай отырған биліктің "білгірлері" сонда қандай шаруамен айналысатын болғаны?

Ата Заңымызда "Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары" деп нақты жазылған. Әйтсе де, осы қағидат өмірде іс жүзінде әлі күнге дейін басымдық таныта алмай келеді. Мемлекет өзінің білікті мамандарын, интеллектуалдык әлеуетін орнымен пайдалана білген жағдайда ғана қандай да болсын дағдарысты жеңіп шығатыны сөзсіз. Олай болса, билік басындағыларна осы орайда тағы бір рет құлаққағыс жасаудың реті келіп отыр.

1999 ЖЫЛ





"Менің болашағым – сендердің бала-шағаларыңның болашағы"

Бүгінгі бизнесмендердің деміне нан пісетіндей. Оның үстіне меценат десе, демеуші болса, соның ыңғайына қарап сөйлеп, соның дегеніне қарап құлайтын заман болды ғой қазір. Бұған заман ба, әлде адам ба кінәлі? Әйтеуір, әкімдеріңізге дейін сондайлардың алдында бас шұлғып отырғаны. Ұлттың ұяты саналатын зиялы қауым өкілдері де сол қаржылы топтардың, қоржынында көк қағазы барлардың шашбауын көтеріп жүргені. Өйткені, оларға қарсы келуге болмайды. Демеушісіз қаласын...

Демеуші болсын-ақ, әйтсе де бергенін бұлдамаса екен дейсін. Ал қазақ байының ар жағында жылтындап өз мүддесі тұрады. Обалы не керек: "Маған ештеңе керек емес, бәрі халқымның қамы ғой"? – деуін дейді. Әйтсе де, түпкі ойы көлденеңдеп көрініп-ақ қалады. Оның үстіне "ләббәй тақсыр, сіздікі дұрыс" деген қолпаштау көңіл өсіретіні тағы бар. Сонысы болса керек, кейде бизнесмендер қалай сөйлегенін өздері де байқамай қалатыны...

Жақында теледидардан соңғы кезде Атымтай жомарттықпен аты шығып, шоу-айтысқа демеушілік танытып жүрген бір азаматтың сөзі төбедең жай түсіргендей болды. Әуелі жерлестерінің алдында жасаған жақсылығы мен шапағатын біраз термеледі. Обалы нешік, біраз дүние тындырыпты (енбегіне Алла разы болсын). Алайда, қызды-қыздымен халқына арнаған сөзін "Менің болашағым – сендердің бала-шағаларыңның болашағы", деген ұранды сөзбен түйіндеді. Сонда дейміз-ау, бүкіл аудан халқының болашағы бір бизнесменнің тағдырына байланысты болғаны ма? Әлде, бұл қайта-қайта Мәжіліс депутаттығының сынағынан сүрініп жүрген қалталы азаматтың келесі сайлаудан да үмітті екенін сай-





лаушыларға аңғартканы ма? Балаларының болашағын ойлағандар келесі сайлауда әлгі Атымтай жомартқа дауыс беретіні де сөзсіз. Қалай болғанда да, "ірі сөйлейтін" бизнесмен Парламентке келсе: "Менің болашағым — Қазақстан халқының болашағы", демесіне кім кепіл?

Ұлы Абайдың Отыз бесінші қара сөзінде төмендегіше жазылған: "Махшарға барғанда Құдай Тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіттерді қатар қойып, сұрар дейді. Дүниеде ғиззат-хұрмет алмақ үшін, қажы болмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола бір ғана Құдай Тағаланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді.

Дүние үшін болғандарға айтар дейді: "Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниең харап болған, сонымен бірге қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріндер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарынды, өмірлерінді, бетіңе ахиретті ұстап, денниетін дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?"

Ұлы Абайдың айтқаны ғасыр өтсе де әлі құнын жойған жоқ. Қазақтың бүгінгі байлары да бергенін бұлдаудан, өз мүддесіне пайдаланудан аса алмай жүр. Махшарға барғанда өздерінен сұрау болмайды деп ойлай ма екен?

2003 жыл





“Менің болашағым – сендердің бала-шағаларыңның болашағы”

Бүгінгі бизнесмендердің деміне нан пісетіндей. Оның үстіне меценат десе, демеуші болса, соның ыңғайына қарап сөйлеп, соның дегеніне қарап құлайтын заман болды ғой қазір. Бұған заман ба, әлде адам ба кінәлі? Әйтеуір, әкімдеріңізге дейін сондайлардың алдында бас шұлғып отырғаны. Ұлттың ұяты саналатын зиялы қауым өкілдері де сол қаржылы топтардың, қоржынында көк қағазы барлардың шашбауын көтеріп жүргені. Өйткені, оларға қарсы келуге болмайды. Демеушісіз қаласың...

Демеуші болсын-ақ, әйтсе де бергенін бұлдамаса екен дейсің. Ал қазақ байының ар жағында жылтындап өз мүддесі тұрады. Обалы не керек: “Маған ештеңе керек емес, бәрі халқымның қамы ғой”? – деуін дейді. Әйтсе де, түпкі ойы көлденеңдеп көрініп-ақ қалады. Оның үстіне “ләббәй тақсыр, сіздікі дұрыс” деген қолпаштау көңіл өсіретіні тағы бар. Сонысы болса керек, кейде бизнесмендер қалай сөйлегенін өздері де байқамай қалатыны...

Жақында теледидардан соңғы кезде Атымтай жомарттықпен аты шығып, шоу-айтысқа демеушілік танытып жүрген бір азаматтың сөзі төбеден жай түсіргендей болды. Әуелі жерлестерінің алдында жасаған жақсылығы мен шапағатын біраз термеледі. Обалы нешік, біраз дүние тындырыпты (енбегіне Алла разы болсын). Алайда, қызды-қыздымен халқына арнаған сөзін “Менің болашағым – сендердің бала-шағаларыңның болашағы”, деген ұранды сөзбен түйіндеді. Сонда дейміз-ау, бүкіл аудан халқының болашағы бір бизнесменнің тағдырына байланысты болғаны ма? Әлде, бұл қайта-қайта Мәжіліс депутаттығының сынағынан сүрініп жүрген қалталы азаматтың келесі сайлаудан да үмітті екенін сай-





лаушыларға аңғартканы ма? Балаларының болашағын ойлағандар келесі сайлауда әлгі Атымтай жомартқа дауыс беретіні де сөзсіз. Қалай болғанда да, "ірі сөйлейтін" бизнесмен Парламентке келсе: "Менің болашағым — Қазақстан халқының болашағы", демесіне кім кепіл?

Ұлы Абайдың Отыз бесінші кара сөзінде төмендегіше жазылған: "Махшарға барғанда Құдай Тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіттерді қатар қойып, сұрар дейді. Дүниеде ғиззат-хұрмет алмақ үшін, қажы болмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола бір ғана Құдай Тағаланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді.

Дүние үшін болғандарға айтар дейді: "Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниен мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниен харап болған, сонымен бірге қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріңдер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді, бетіңе ахиретті ұстап, ден ниетің дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?"

Ұлы Абайдың айтқаны ғасыр өтсе де әлі құнын жойған жоқ. Қазақтың бүгінгі байлары да бергенін бұлдаудан, өз мүддесіне пайдаланудан аса алмай жүр. Махшарға барғанда өздерінен сұрау болмайды деп ойлай ма екен?

2003 жыл





Зиялы қауым неге ашықхатшыл?

Қазақ баспасөзі қазіргі кезде ашық хаттын "полигонына" айналғандай, жиі жарияланады. Ашық хат дегенде, ең алдымен Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған хаты еске түседі. Одан кейін Иосиф Виссарионовичке жолдаған "Бесеудің хаты" ойға оралады. Солармен қанаттаса бір-бірін соққылаған отыз жетінші жылдардағы "қара тактаға жазған" хаттар тізбегі де көз алдымызда көлбеңдейді. Алдыңғы шоғырдағылар елдің, жердің мұн-мұқтажына бола басын бәйгеге тігіп, елдің мұн-шерін, жанайқайын "саңырау" Кремльдің таскамалына жеткізуге ұмтылса, соңғылары ұлттың асылдарына жала жабуымен аты аспандады. Кейінгілерінің әрекеттері әлі күнге жалғасып келе жатқандай. Зиялылар осы күнге дейін бір-бірін каралаудан арыла алмай жүр. Қазір қазақ баспасөзіндегі зиялылардың текетіресінен де аяқ алып жүре алмайсыз...

Бүгінгі зиялы қауым неге ашықхатшыл? Хатқа қол қойғандардың арасында Халық қаһармандары да, халық жазушылары да жүреді. Академиктер де, ғылым докторлары да төбе көрсетеді. Бір қызығы, кез келген ашық хаттың соңғы жағындағы тізімдер қатарынан "дежурный зиялылардың" есімін тұрақты түрде кездестіруге болады. Жүрсін-ақ, бірақ жазғандары кейде ұлттық мүддеден "аут" кетіп, жеке тұлғалардың сойылын соғып жатады. Турасына келсе, неге қол қойып отырғандарын өздері де білмейтін болса керек. "Байқамай қалыппыз", "біз олай деп ойламаппыз" деп ақталады соңынан. Ақыл тоқтатқан азамат емес, баланың тірлігі іспетті. Түнілмегенде қайтесің осыдан кейін.

Желтоқсан оқиғасы кезінде де солай болған. Қазақ ұлтшылдығына жала жапқандар, соңынан "біздің сыр-





тымыздан қол қойып жіберіпті" деп, түк көрмегендей болып шыға келді. ЦК-дағылар да қол қоюға "бейімі бар" адамдарды біледі ғой, білген соң "сөйлеседі". Орыстардың "Слова из песни не выкинешь" дегені тәрізді тасқа басылып кеткен дүниені балтамен де шауып тастай алмайсың. Расымен қол қоймаған адам болса, дер кезінде аттан салар еді ғой. Республиканың тізгінін Колбин ұстаған тұста кейбір қазақ зиялылары кәдімгідей "сыр беріп" қалғаны белгілі. Алқалы жиында "сыбайлас жемқорлықтың бәрі қазағы көп онтүстік өңірде" деп "аттандаған" академик әлі күнге өз қателігін мойындаған емес. Сол жиында академик ағамыз ұлтшылдық туралы ашық айтпаса да, "қазағы көп жерде былық көп" дегенді меңзегені түйсігі бар кез келген адамға түсінікті тұғын.

1993 жылы Жоғарғы Кенестің таратылуына да Алматы қаласы Алатау аудандық мәслихаты депутаттарының ашық хаты себепші болды. Алатаудан басталған ұсыныс алаш алабын аралап кетті. Ашық хаттың құдыреті қандай күшті десеңші! Оның күштілігін сан мәрте мойындайсың-ау, ол елдік мүдделерге қызмет етіп жатса.

Ашық хат дегенде, ең алдымен елдік мәселелер еске түседі. Халықтың көкейіндегіні дөп басқан мәселелері ашық хаттың арқауына айналса жақсы ғой. Көп жағдайда қазақ баспасөзіндегі ашық хаттың астарында бақай есеп пен саяси текетірес жатады. Осындайда мен татар зиялыларының табандылығына таң қаламын. Олардың ұлт мүддесіне келгенде, бұғып қалатын сәті жоқ. Орыстар өздерінің рухын асқақтату үшін "әскери данк күндерінің" санатында Куликово шайқасындағы жеңісті де сырнайлатып тойлатпақшы болды. Татар халқының ұлтжанды ұлдары осыны естіп, өре тұрды. Алып екен деп ыққан жоқ, көп екен деп күлбілтелеген жоқ, турасынан бір-ақ қайырды. Ресей Президенті Владимир Путиннің атына ашық хат жолдады.

"Сражение на Куликовом поле в 1380 году (если оно имело место быть, т.к. исторических документов или





фактологических материалов нет, место сражения не найдено), никак нельзя считать войной двух народов – татар и русских. Также это сражение нельзя квалифицировать и как войну двух стран, двух государств, поскольку тогда еще русская государства не было, а были отдельные княжества-вилайеты в составе Золотой Орды. Это могло быть сражение, говоря современным языком, двух субъектов: Московского княжества, зависимого от Сарая, с темником Мамаем, управлявшим крымским вилайетом Золотой Орды".

Тарихтың қатпарында жатқан шежірені қайта қопарып, татар зиялылары Кремльге "кімнің қайдан шыққанын" аңғартқандай жалын күжірейтіп, айбынын асқақтатты. Айбынын асқақтатқаны сол, орнықты айтылған уәжге Ресейдің құзырлы органдарының құлақ қоймасқа шарасы қалмағанды. Ашық хатқа қол қойғандар ең соңында өз талаптарын да білдірген: "татар ұлты өкілдерінің көңіл-күйіне шіркеу түсіретін мерекені шаралар тізімінен алып тастауды талап етеміз".

Ашық хатқа Расим Акчурин бастаған генералдар, Абулхан Ахтамзян бастаған академик-ғылым докторлары қол қойған. Елдік мүдде үшін жазылған ашық хат осындай болар, сірә. Ал, біздің зиялылар жазған ашық хат ұсақ-түйек мәселеден аса алмай әрі табандылық таныта алмай, "жазылды" – "қалды" деген сипатта.

Табандылық дегеннен шығады, қазақ зиялыларының ішінде ғана биліктегілердің алдында "билей жөнелетіні" бар ма десем, ондайлар орыстарда да бар екен. Бұл жөнінде орыс драматургі В.Розов төмендегіше жазады: "То, что произошло с ними (участниками встречи – В.Р.) в этот день, нельзя иначе как дьявольским наваждением... Так перед главой государства не пресмыкались ни при Хрущеве, ни при Брежневеве... Я был ошеломлен тем, что слышалось со всех сторон: "Накажите ваших противников", "Снимите их с должностей", "Закройте ненужные вам издания". Бұл кеңестік кеністікте әмірін жүргізген компартиядан қалған, айықпайтын аурудың бір түрі болды ғой. Біздің Елбасы да қазақ зиялысын жиі





кабылдайды. Олардың бәрі Президенттің алдында "жаппай құлдық ұрды" десек күнә болар, алайда жағымпаздықтың ең "высший" түрін көрсеткен ғалымның есімі қазір ел аузында жүр. Тіпті, ол орыс зиялыларынан да асып түскендей. Мемлекет басшысы соның жалған мақтауына зәру ме? Әлде, Президент әкімшілігінде қызмет істейтін жігіттер зиялылардың ішінен дәл осындайларды әдейі іріктеп ала ма? Басқа басқа, тарихтан белгілі емес пе, қазақ тарихында талай-талай сарай ақыны өткен шығар, бірақ олардың бірде-бірінің есімі жылнамаға жазылмапты. Керісінше, билік тұтқасындағыларды сын садағымен түйреген Бұқар жырау мен Махамбет қазақ әдебиетінің алып шоктығына айналды.

Бір қызығы, ашық хатқа, үндеуге қол қоюшы қазақ зиялылары қазір "ұлтқа қарсы тұлға" атанбас үшін кейде әділеттілікті белден басуға дайын, солай жасап та жүр. Бұл әдісті кейбір басылымдар әдемі айла-шарғы ретінде пайдалана біледі. "Біз көтерген халықтық мәселеге қолдау білдірмейді екенсің", яғни "ұлтқа қарсысың, сондықтан құйрығыңа қоңырау байлап қоя береміз" деп қокан-лоқы көрсетеді. Бұрын "ұлтшылдықтан" зардап шексе, енді "ұлтсыздықтан" зәрезап болған қазақ зиялысы, соңғысының санатына еніп кетпес үшін қандай ақиқатты да құрбандық етуге даяр. Осылайша, "ұлт мәселесін" айла-шарғының "көзіріне" айналдырғандар зиялыларды шідерлеп ұстап отыр. Ал халық өз атынан сөз алып, орынсыз өктем сөйлейтіндерді, өзін "көзір" ретінде пайдаланатындарды емес, әділеттіліктің аражігін ажырататын зиялылардың сөзін, ақиқаттың өзін аңсағалы қашан. Дегенмен, әзірге халықтың атын жамылып, сөз алғандардың дәурені жүріп-ақ тұр. Зиялылар қазір ақиқаттан гөрі "халық атынан сөйлейтіндердің" "наза-наласына" ұшырағысы келмейтін сынай танытып, "аш бәледен қаш бәле" деп тіршілік етіп жатқан жайы бар.

"Не будем молчать!" деген тақырыппен "Аргументы и факты" газетінің қазақстандық қосымшасында Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының басынан бақ





тайған жылы зиялылардың ашық хаты жарияланған-ды. Әділеттілік үшін күрес барысында зиялылардың басым бөлігінің басын қосқан, қоғамдық пікір туғызған осы ашық хат болды-ау деймін. Зиялылардың беделі бар еді сол кезде. Академия тараған соң-ақ зиялылардың қадірі кете бастады. Бүгінде билік зиялылармен санаспайды. Себебі, билік зиялыларға емес, зиялылар билікке мүдделі. Кезінде Колбиннің мысын басқан Жұбан Молдағалиев сөйлеген Жазушылар одағының мінберінен айтылған сөз бүгінде керенау кеңселерге жетпейді. Кезінде Сәтбаевтың арқасында Одаққа танылған Ғылым академиясының айбыны да қазір асқақ емес, "өз күнін өзі көруге көшкен". Соңғы кездері жазылатын ашық хаттардың ұсақталып кеткені де зиялылардың "балапан басымен, тұрымтай тұсымен" кеткен тірлігіне де байланысты шығар?! Ынтымағы жараспай, бастары қосылмай жүр демесең, жекелей алғанда интеллектуалдық әлеуеті жағынан қазақ зиялылары әлемдік деңгейдегі кез келген ой иесімен пікір таластыра алатыны сөзсіз. Тек қай уақытта да Бауыржан Момышұлы айтпақшы, шикілерді қолпаштап, мықтыларға мойынсұнбау билікке тиімді. Ал нағыз зиялылар уақыт пен билікке құлдық ұрмай, қашанда өз биігінде — халықтық мүддеге қызмет ететіні анық. Сонда бізде ондайлардың аз болғаны ма?

2004 жыл





Ақиқат неге адасып жүр?

Сөз қадірін бір мысқал төмен түсірмеген, қайран бабалар-ай! Сіздерді ойлаған сайын бір ауыз сөзге бола соттасып, бір-бірімен бет жыртысып жатқандарға карап, өмірден түңілгендей боламыз. Түңілмей ше, бүгінде ұлықтарды, биік лауазымдағыларды қоя тұралық, қарапайым біреулерге қатысты сын айтып көрші, "ар-намысыма тиді", "моральдық құқығыма зиян келтірді" деп соттың алдынан бір-ақ шығарады. Құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әлеумет "әділеттілікті" бәтуалы сөзден емес, ресми соттан іздейтін болды.

Соттан іздейді демекші, "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Зандағы кейбір норманын қисынға келмеуі де журналистерді жиі сотқа сүйретіп жүр. Жақында тағы бір телекомпания "істі" болды. Ақтөбе қаласындағы телекомпанияның бірі шеруге шыққандар туралы сюжетті эфирге шығарады. Сөйтсе, көріністегі кісілердің бірі: "шеруге қатыскам жоқ, мені рұқсатсыз түсірген" деп телекомпанияны сотқа береді. Не болды дейсіз ғой, жеңіп шықты. Әрине, жеке тұлға. Өйткені, БАҚ туралы занда "журналист ең алдымен түсіретін кісіден рұқсат алуы керек" деп жазылған. Әйтпесе, заңсыз болып табылады. Қысқасы, журналист байғұс шеруге қатысушылардың әрқайсысынан жеке-жеке рұқсат алуы қажет. Батысша байламға жүгінетін болсак, сонда ғана "басқа адамның құқығына қол сұғылмайды". Алайда, осы тұста логикалық қайшылық бар. Өйткені, түсірілген кадр әлгі кісінің шеруде болғанын айғақтайды. Яғни, ақиқат бұрмаланып отыр. "Бұрмалап отырған" басқа емес, заң. Заң осылай болса, басқасына не шара?

Парламент Мәжілісінің депутаты Ерасыл Әбілқасымовтың әрекеті де осындай олқы заңның сериалды жалғасындай. 2005 жылдың басында ол журналистерге ар-





найы мәлімдеме жасады: "Мені электронды ақпарат құралдарының ешқайсысында көрсетпеулеріңізді сұраймын. Онсыз да танымалмын. Сіздер коммерциялық телеарнасыздар, егерде менен сұхбат алғыларыңыз немесе көрсеткілеріңіз келсе, онда оны тек коммерциялық негізде жасаңыздар". Құқықтық қоғам құруға негіз болатын заңдарды қабылдайтын органның мүшесі осылай деп отырса, басқалар жөнінде не айтуға болады?

... Бұрын ше, бұрын? Апыр-ай, басынан сөз асырмаған бабаларымыз орынды уәжге де, нокталы сөзге де тоқтай білген-ау. Білген соң да, басы артық әрекетке бармаған. Әйтпесе Бекболат биге Үмбетей жыраудың төмендегідей сөзді айтатындай не жөні бар еді:

"Би болмаған би болса — Айтылмаған сөз қоймас; Хан болмаған хан болса — Қанамаған ел қоймас..."

Үмбетей бабамыз қанша жерден халық алақанына салып аялаған жырау болса да, биге, яғни бүгінгі күннің "әділетті сотына тіл тигізгені үшін" ең болмағанда, әкімшілік жауапқа тартылған болар еді. Егер қазір осы ыңғайда әңгіме қозғайтын болса, "айтылмаған сөз қалмас" деп "сотқа жала жауып отыр" деген баппен жырау бабамыздың жүрегін тілім-тілім етер-тұғын. Ерте тумай, кеш қалмай, айтар сөзінді айта алатын, соның бағасын білетін өз заманында туған қандай жақсы! Әйтпесе, есті сөздің қадірін түсінбеген ессіз қоғамда атақ-шатағына қарамай, қара басыңа қауіптің қара бұлты төнуі мүмкін-ау?..

Бұқар бабамыз да "халық ақ киізге көтерген Абылай екен" деп оның алдына түсіп, "сенікі дұрыс" деп қорғалақтап, сөз қозғамапты ғой. Айтарын аныратып, бір-ақ қайырып отырған. Сөйтпесе, Бұқар Бұқар бола ма?

"Ашуланба, Абылай, Ашулансан, Абылай; Көтерермін, көнермін, Көтеріп қазға салармын; Өкпеңменен қабынба, Өтінменен жарылма; Орыспенен соғысып, Басына мұнша көтерген, Жұртына жаулық сағынба" деп акын арғы ойын күлбілтелемей, бүкпесіз бір-ақ ақтарды. Бәлкім, басшысынан гөрі акынын ардақ тұтқан заманда осылайша "ойқастау" да, ой тастау да зандылық шығар. Ал бүгін ... күмілжиміз, неге екені белгісіз? Қазіргі кезде Бұқар жырауға "ұқсап бакқысы" келетін кеңесшілер көп. Дегенмен, олар әңгіменің ақиқатын





аршып, кеңес беруден гөрі өздерінің пендешіл пиғылының шеңберінен шыға алмай әлек болып жүргені.

Бұрынғыларда да пендешілік болған шығар. Алайда, мәселенің мәйегі ел мүддесіне келіп тірелгенде атқа конатыны да, көкейіндегіні буын бұрқыратқан күйінде бұлтартпай, бүкпесіз айтқаны да әлімсақтан мәлім. Бізге жеткен ақиқат осындай. Десе де, отты ауыз, орақ тілді Шернияз акын Баймағамбет сұлтанға:

"Ар жақта Арғынғазы дүмбірлеген, Байеке, елің бар ма бүлдірмеген? Төре кетіп төбеден, төбет қалып, Туып түр ел басына "бұл күн" деген; Кешегі Исатайдай есіл ерді, Орысқа ұстап бердің тіл білмеген; Қазақтың қара жұртын быт-шыт қылған, Төре емессің, төбетсің дым білмеген..." деп бүгін айтып көрсінші. "Дав-но-о-о" абақтыда, темір тордың ар жағында отырар еді. Өйткені, осылай айтуға да бола ма екен? Ел басқарған кісінің арнамысына тигені үшін қазіргі таңда сотқа беретіндер де, үкім шығаратындар да жетіп артылады. Мәселе бұл жерде қалай болғанда да Баймағамбет сұлтанның ащы да болса әділ сөзге құлақ қоюында болса керек. Басқалай айтатын болсақ, Шернияз "асырып айтқан" күннің өзінде де Баймағамбеттің ел қадірлеген ақынның айтқанын нар жүгіндей көтермеске амалы жоқ. Оның үстіне ол кездегі билер де сөз сарасын салмақтай біліп, кесімін дұрыс айта білген ғой. Сол себепті де Баймағамбет сұлтан төрелі сөздің төркіні қай қиырдан шығып жатқанын білген соң, не десін? Қара қылды қак жарған билерден асып қайда барады?

Әділеттің, сөздің қадірін бір білсе, осы кісі біледі дейтін, Жоғарғы Сот ғимаратының алдына үш бидің ескерткішін орнатуға өзі мұрындық болған Максұт Нәрікбаев "Казахская правда" газетінің редакторы Алдан Айымбетовті сотқа беруінің өзі де қазіргі қоғамдағы көп жайды аңғартқандай. Задында қазақ тарихында төбе билер ақындарды тәубаға шақырса шақырған шығар, бірақ оларды жазалауға аса құмартпағаны мәлім. Бүгінгіні өткенмен салыстыруға қиын соғып отырғаны да, "бұл заң бұрынғыдан өзгерек" дейтініміз де сол.

Қазіргі таңда қазақ қоғамында ақиқатты алыстан іздейтін, Батыстан іздейтін "ауру" пайда болды.





Керісінше, бізге қазақ жұрты басқалармен мейлінше араласқан сайын байырғы болмысынан, төл ақиқатынан айрылып қалатындай көрінеді де тұрады. Себебі "діні қатты" дегенді қазекене қарата айту қиын, одан гөрі "іі жұмсақ" деген ыңғайлылау. Бұл жерде іргемізді бекітіп, ешкіммен араласпай, оқшаулану саясатын ұстану керек деген әсте ойымыз жоқ. Біздікі аралас-құралас өмір сүрейік, барыс-келісіміз молайсын, алайда, атадан келе жатқан ақиқатты ардақтау үрдісін сақтап қалғанымыз жөн деген ниет қана. Оған қоса, бүкіл игіліктің бәрі Батыста дегенмен де келіскіміз жоқ. Батысты білмей тұрған кезде де бабаларымыз күн көріпті, қуатты мемлекет құрыпты...

"Ақымды жеп жатыр, құқығымды таптады" деп шағым жасайтын о заманда ОБСЕ деген атымен жоқ, ел арасындағы ішкі ахуалды билердің өзі шешіп отыратын. "Адам құқығы бұзылды" деп ақырып тұрған АҚШ та жоқ. Ауылдың ауқымында шешілмеген түйінді мәселе қауымның ыңғайында тарқатылып жатады. Бүгінгі кезде қоғамның қорғансызы саналатын жетімдерге деген ол тұста да қазақтың көзқарасы әлдеқайда дұрыс болатын. Жетімі мен жесірін жатқа жібермеген жұрт осы қағида арқылы өсіп-өнді, көбейді. Ақиқаттың ауылын қазіргідей алыстан іздеген жоқ-ты, белінен басылған шындықты қайта жақындағылар жақсы біледі. Білген соң төрелігін де бүкпесіз айтады. Қазекен кезінде осылайша еркін жүріп кең жайлап, "өз қотырын өзі қасыған". Сыртқы әлемнен келіп бізді жарылқайды деген пиғылдан да ада болатын. Осындай ұстаныммен-ақ қазақ жұртының қандай болғанын ұлт қайраткері Мұстафа Шоқай көрсетіп кеткендей, қазақтың ХХ ғасырдың басында 6 миллионға жеткенінің өзі әйгілейді.

Әрине, жазушы Асқар Сүлейменов айтпақшы, ашық айтудың бәрі ақиқат емес. Алайда, сын садағына алдажалда іліне қалған кісінің "құқығыма қол сұқты" деп соттан төрелік іздеуін не деуге болады? Сонда бүгінгі ұрпақтың намысы басынан сөз асырмаған бабаларынан жоғары болғаны ма? Әлде, бәтуалы сөзді, орнықты уәжді қадірлейтін кезеңнің келмеске кеткені ме?





Мемлекетшілдік

Мемлекетшілдер туралы әңгіме қозғамас бұрын әуелі мемлекеттіліктің ауылына ат басын бұрғанымыз жөн шығар. Мемлекеттілігімізге талай ғасыр болды деген күннің өзінде де, жаңа заман талаптарына, заманауи нағыз мемлекеттің рәміздік сипаттарына сәйкес келетін ел болғанымызға енді ғана он үшінші жылдың өрмегінен ауып барады. Егемендік туралы декларация қабылданып, Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланды. Төл теңгеміз айналымға түсті. Шекарамыз да шиырланып, карта бетінде өзінің ізін тастап, шегеленіп келеді. Бүгінде халықаралық ұйымдар мойындаған мемлекеттің өзінің қауіпсіздік доктринасы да, сыртқы саясатқа байланысты төл ұстанымы да бар. Міне, осындай мемлекеттің қадау-қадау бағыт-бағдарынан кейін барып, мемлекетшілдер төнірегіндегі пікір-пайымға ойысудың орайы келетіндей.

Кенес Одағы тұсында мемлекеттік мәселені Мәскеу шешіп келгеннен кейін, Алматы оған аса терендік танытқан жоқ-ты. Тәуелсіздік алған тұста мемлекеттілікке қатысты кең ауқымды істердің кібіртіктеп басталғаны да сондықтан. Бұрын-сонды Балтық бойындағы елдер сияқты жеке-дара шаңырағы бар мемлекет болмаған соң, оның үстіне отарлық психологиядан арыла алмағандықтан, әу баста тәуелсіздігіміздің өзіне де шын ниетпен қуана алмадық. Бабаларымыз жолында қан төккен тәуелсіздікке айран-асыр болып, оның қадір-қасиетін дер кезінде пайымдай алмағанымыз да сол. Енді арада жылдар жөңкіліп, санаға салып, таразылаған сайын мемлекеттіліктің орнын бағамдай бастағандаймыз. Мемлекетшіл деген төрелі ұғымның да бүгінгі күнде алдан шығып отырғаны сол себепті.





Мемлекеттің болашағы, әрбір қимылы мемлекеттілік мәселесімен астарлас өрілетін қайсыбір елде де біз қозғап отырған дүниенің басты әнгіменің арқауына айналып отыратыны рас. Алайда, Ресейде мемлекетшілдер төңірегінде арнайы жүргізілген сауалнаманың нәтижесіне көз жіберетін болсақ, аталған ұғымның айналасындағы пікірдің өзі әр қиырға ой жүгіртеді. Респонденттер ішінде мемлекетшілдер қатарына мемлекеттік қызметте жүргендерді – президенттен бастап, шенеуніктер, әскерилер, полициялар мен мемлекеттік қызметшілерді қосақтап жіберетіндері де бар. Мемлекетшіл ұғымын респонденттердің көпшілігі тап басып айта алмаған, басқалай айтқанда, оның ұғымын басқаша ыңғайда топшылайтындар көбірек кездеседі екен. Сұрау салынғандардың белгілі бір бөлігі ғана бұл ұғымды саяси көзқарастармен байланыстыра қарастырып, онда ең бастысы, басымдық мемлекеттік мақсат-мүддеге берілетінін жеткізеді.

Сонымен, ресейліктердің көзімен мемлекетшілдер ұғымына көз жіберіп көрелік. Олардың түсінігінде, мемлекетшіл дегеніміз –

...мемлекеттің өркендеуі туралы мазасызданатын адамдар, мемлекеттік мүддеге басымдық беретін тұлғалар;

... ел экономикасы мен саясатына қатаң бақылау жасайтын күшті мемлекеттің жақтаушысы;

... мемлекеттік мүдделерді жеке мүддесінен жоғары қоятын адам;

... мемлекеттік билікті нығайту арқылы елде тәртіп орнықтыруды мақсат тұтатындар;

... күшті мемлекет құрушылардың қатарына жататындар және басқа мәселелерден гөрі мемлекеттік мүдделерге басымдық беретіндер, яғни айқын саяси көзқарасы бар адамдар.

Ресейде жүргізілген сауалнаманың нәтижесінен шын мәнінде мемлекетшіл ұғымы саясаттанушылар мен публицистердің кәсіби сөздігінде ғана кездесетін, ал жалпы халықтың күнделікті айналыстағы сөздік қоры-





на түпкілікті енбегені байқалады. Бұдан өз кезегінде Одақ кезінде мемлекеттік мәселе қатардағы жұрттың қатысуымен емес, ат төбеліндей адамдардың атсалысуымен жүргізілгенін анық байқауға болатындай. Ал бүгінде оның функциясы да түбегейлі өзгерген.

Төл мемлекетінің болашағына бейжай карамайтын карапайым жұрттың көпшілігі мемлекетшілдерге мақұлдау ниетімен қарайды. Тек кей тұста кімдердің нағыз мемлекетшіл, кімдердің осыны бетперде ететінін байқай алмайтыны болмаса...

Біздіңше, жалпы мемлекетшіл ұғымын тек мемлекеттік қызметшілерге ғана теліп, оны тар шеңберде қалдыруға әсте болмайтындай. Мемлекеттілікке қатысты бүкіл жауапкершіліктің барлығын мемлекеттік қызметшілерге арта салу бөрінен жеңіл болар еді. Бір жағынан алғанда, олардың жауапкершілігі, сөз жоқ, жоғары болғаны жөн. Өйткені, салық төлеушілер арқылы өз ризығын айырып отырғандар халықтың, мемлекеттің мүддесі үшін өз біліктілігін көрсете білуі тиіс. Бұл – басы ашық мәселе. Ал, екіншіден, елдің әрбір азаматының мемлекетке деген ынта-ықыласы айрықша болып, мемлекеттілік мәселесіне назар аударатын болса, қазақ елінің де асығы алшысынан тұратын күн біртабан жақындай түсер еді деген ой ғой біздікі. Сонын айғағындай тағы бір деректі оқырманның назарына салғымыз бар.

Ұлы Отан соғысының ардагері, отставкадағы полковник Асқанбек Алданазаров соғыста қолға түскен жапон тұтқындарының тағдырымен айналысқанына біраз жылдың жүзі болды. Ол тарихтың тамызығындай қысқа ғұмырда қазақ топырағында мәңгілік қоныс тепкен әскери тұтқындардың аты-жөнін анықтап, қайда жерленгендерін іздестіруге кірісті. Соның нәтижесінде, еліміздегі әскери тұтқындар жерленген бүкіл өңірін аралап шыққан Асқанбек Алданазаровтың 1994 жылы "Японские могилы на земле Казахстана" атты кітабы жарық көрді. Сол жылы 8 сәуірде Елбасының Жапонияға ресми сапары барысында Токио телеарналары





жапон жағына аталмыш кітапты бергенін шуласа хабарлап жатты. Ертеңіне Алматыдағы Асқанбек ақсақал Жапониядан, медицина статистикасының профессоры Инагакидан факс алды. Жапондық профессор әкесінің жерленген жерін іздестіруге ақсақалдан көмек сұрайды.

Алматы зиратындағы Инагакидің әкесі жерленген жерді күрекпен қазу нәтиже берген жоқ. Тағатсыздық танытқан жапондық профессор ықпалды ақпарат агенттігі арқылы мәйіттің табылмағандығы туралы жәйтті сол мезетте таратып жіберді. Ертеңіне бүкіл жапон газеттері аталған зиратта жапон тұтқындарының сүйегі табылмағандығын, Қазақстан жағының жалған ақпарат бергендігін айтып дабыл қағады. Бұған наразы болған Асқанбек ақсақал профессордың әкесі жатқан жерді экскаватормен қазуға кіріседі. Экскаватордың шөміші жерге сүңгіп кетіп, оған адамның сүйегі ілініп шығады.

Әкесінің сүйегін көрген жапондық профессор еңіреп қоя береді. Алайда, профессордың алдыңғы асығыс әрекетінен әбден көңілі қалған ақсақал әп-сәтте жіби қоймаған. Көптен түйген көкейдегі өз байламын алға тосады. "Әкеңнің сүйегін Отанына алып кетпес бұрын, жалған ақпарат таратқаның үшін ең алдымен менің жұртымнан кешірім сұрап, шынайы ақпаратты қайта таратасың. Менің елімнің, мемлекетімнің беделіне нұқсан келмеуі тиіс", — дейді Асқанбек ақсақал. Жапондық профессор ақсақалдың айтқанын сол күйінде бұлжытпай орындайды. Осылайша, қарапайым қазақ ақсақалының атқарған ісінен де мемлекетшілдіктің рухы байқалатындай.

Мемлекетшілдер жөнінде әңгіме қозғала қалса, неге екені белгісіз, есіме ең алдымен сап етіп Франция Президенті Шарль де Голль түседі. Әлем тарихында төл мемлекеті үшін маңдай тері тамшылаған талай-талай марғасқалар бар екендігі даусыз. Алайда, маған солардың бәрінен Шарль де Голль жоғары тұрғандай көрінеді. Француз халқының аса қадір тұтатын ардақты ұлы бірде





Би-Би-Си арнасы арқылы өз халқына үндеу жолдайды. Студиядағы техник қонақтың дауысын тексеру үшін бір ауыз сөз айтуды сұрайды. "Франция!" деп санк етеді Шарль де Голль. Осы арқылы да ол өз мемлекетінің мүддесі қашанда алдыңғы қатарда тұратынын ұқтырғандай.

"Әркім өзінен барлық уақытта Францияның жоғарғы мүддесі неге байланысты екенін сұрап отыруы тиіс. Сонда барлығы қарапайымдана түседі". Шарль де Голль төл мемлекетін биік белестерден көргісі келетін. Ол бүкіл ғұмырын француз мемлекетінің әлемдік аренадағы алатын қомақты орнын нығайтуға жұмсады. Тиісті жерінде өз пікірін ел мүддесіне қатысты орнықты шешімге жығып беріп отырды. Билікті жеке мүддесіне пайдаланған да емес. Сол себепті де ол шұғыл шешім қабылдайтын. Әрине, мемлекеттік мүдденің ыңғайына қарай. Сонысынан да шығар, 1969 жылы 29 сәуірде француз бұқаралық ақпарат құралдарына тілдей хабар келіп түсті: "Мен республика президенті міндетін орындауды тоқтатамын. Бұл шешім бүгін түсте өз күшіне енеді. Ш. де Голль". Сөйтіп, Голль президенттіктен өз еркімен қоштасты. Бұл да бір көрегенділіктің, мемлекет мүддесін бәрінен биік қоюдың үлкен тағлымы іспетті. Француз президентінің өзіндік ұстанымына ылғи үйі түсетінім де сондықтан.

Шарль де Голль айтпақшы, Қазақстанның жоғарғы мүддесі неге байланысты екенін өздерінен сұрап отыратын қазақстандықтардың мөлшері қай шамада? Мемлекетшілдер жоққа тән десек, онда қазақ мемлекеттілігінің өзін мансұқ еткен болар едік. Мемлекеттілік бар жерде мемлекетшілдердің болатыны да заңдылық. Бар екені — басы ашық мәселе. Алайда, олардың ықпалы қоғамдық пікір тарапынан қолдауға ие болып отырмаса, ол екінші мәселенің өзегі. Оның сыртында Қазақстанды төл мемлекеті санап, оның мемлекет ретінде нығаяуына жанашырлық танытатын қауымның мөлшер-шамасы қандай? Әлі күнге Қазақстанның өз алдына мемлекет болғанына ала-бөтен қарайтындар,





тәуелсіз ел болғанымен әлі де ықпалдылардың жетегінде жүре берсін дейтіндер басымырақ. Сол себепті, олар қасқырдың орманға қарап ұлығаны сияқты, әлі күнге дейін бүйрегі сыртқа қарай бұрып тұрады. Мемлекетшілдердің әлеуетті күшке айнала алмай отырғаны да осы себепті.

Мемлекеттің мүддесі, шиырлап келгенде, Қазақстанның абырой-беделіне келіп тіреледі. Мемлекеттіліктің іргесін бекітіп, оның даму заңдылықтарының қаңқасы қазір қаланбаса, қазақ ұлтының басына қай кездегідей үйірілген қауіп бұлтынан арылдық деп толыққанды айтуға әлі ертерек. Өткен ғасырдың басында айтқан Әлихан Бөкейханұлының сөздері әлі күн тәртібінен түскен жоқ. "Егер біз өзімізді өзіміз қорғай алмасақ, бүліншілік зорайып, қиыншылыққа айналғанда, қазақ халқы құрбан болады". Бүгінгі күннің басты мәселесі де өзімізді, мемлекеттілігімізді қорғап қалу екендігі мәлім. Ұлт қайраткері Әлиханның айтқандарын бүгінгі әлихандар жүзеге асыра ала ма, бар гәп осында.

Сонымен, орысша "государственник" деп аталатын тұлғаның біздің қоғамдағы орны қандай? Әрине, бүгінде қазақ қоғамына қажеті де осы төңіректегі тұлғалар екендігі сөзсіз. Бір қуанатыны, соңғы кездері өздерін мемлекетшілдер қатарына қосатын бір буын қазақ қоғамындағы басты темірқазыққа айналды. Елдің ертені де, мемлекеттің бүгіні мен болашағы да осындай тұлғалардың ел үшін атқаратын істегі қажыр-қайраты, ұлтқа жанашырлығы төңірегінде тоқайласады. Ең бастысы, сол мемлекетшілдерге қолдау көрсететін қараның да шоғыры көп болғанына не жетсін.

2004 жыл





"Парасат"-тың парқы кетіп, "Құрмет"-тің қадірі қашқан жоқ па?

Ана бір жылы "Алаш" сыйлығы бір емес, екі емес, он бес адамға бірдей берілгені бар. "Оптом". Осы қарқынмен тарта берсе, Алла қаласа, қазақтың бүкіл ақын-жазушысы "Алаш" сыйлығының жүлдегері болып шығады екен. Айтпақшы, сол сыйлықтың иегері болған белгілі бір ақын ағамыздың сол жолы кәдімгідей ренжігені: "жұртқа жаппай үлестірілген сыйлықты алғаннан алмаған дұрыс болатын еді". Қайтсін, қадірі кеткен сыйлыққа ренжігені шығар...

Басында "нормально", қазекеннің тірлігі кейін барып сиырқұйымшақтана түседі. Әу басында сыйлыққа қатысты ұйымдастыру шарасының бәрі де жақсы басталады. Мемлекеттік сыйлық та, басқа сыйлықтың түрлері де. 2001 жылы "Ерназардың сегізіне" Мемлекеттік сыйлық берілгенде, Ер Төстік іспетті тағы бір жазушы қалып кетпеді ме екен деп аласұрғанбыз.

Қазір сыйлық атаулының төңірегінде "сыйлықты бөліп беру" деген бір тетік іске қосылды. Құдды қазекеннің "өле жегенше, бөле же" деген қазақбайлық теоремасының түпкі нәтижесіндей. 31 томдық терминологиялық сөздікті құрастырған авторлық ұжымға да Мемлекеттік сыйлық берген сәтіміз де болған. Бүгінде мемлекеттің бас сыйлығын алған сол сөздіктің ішінен мемлекеттік тілдегі терминді лупамен іздеп табу қиынға соғып жүр. Алайда, Мәртебелі сыйлыққа ие болған дүние кем-құтықсыз болса, жарасар еді. Бір қызығы, сыйлық атаулының айналасында "біреу қыз алып қашады, біреу қызығына қашады" дегендей жайттар да





кездеседі. Таза еңбек біреудікі де, оған сыйлық алуға "ықпал ететіндер" жол жөнекей "мінгеседі". Мемлекет мәртебесінің құнын түсіргенде, осындай келенсіздіктер түсіреді емес пе?

"Сайлауда жеңдім-ау, дауысты санау барысында жеңіліп қалдым" деп дүбірі басылмаған Мәжіліс сайлауына қатысқан бір апамыз айтып еді. Сол сияқты гәп кейде еңбектің лайықты-лайықсыз екендігінде емес, бар мәселе мемлекеттік комиссия мүшелерінің қандай ыңғайда дауыс беру нәтижесіне барып тірелетін тәрізді. Әйтпесе, сыйлық алған дүниелердің барлығы дерлік оқырман жастанып оқитын құнды шығармалар десек, онымыз да күпірлік. Сыйлық анықтауыш ғана. М.Шолохов атындағы сыйлықтың лауреаты екен деп, ел Сәбит Досановтың еңбегіне жаппай бас қояды деп айту қиын. Ал Герольд Бельгерді мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болмаса да жазушы, ұлтжанды азамат ретінде қалың қазақ төбесіне көтереді, төріне шығарады.

Шығармашылық еңбек сұраныс бойынша жасалмайды ғой. Басқа кезенді айта алмаймыз, саяси сұранысқа орай кеңес дәуірінде шығармалар көп жазылды. Уақыттың, науканның ығымен. Бірақ, бүгінде солардың бірдебірі есте жоқ. Кезінде талай-талай мадақ нысанасына айналған "генсек" Леонид Брежневтің "Көтерілген тынын" кітап сөресі түгілі кітап қоймасынан, "шаң басқан архивтерден" іздеп табу қиын. Сол сияқты тәуелсіздікті рәміз ретінде алып, "сұранысқа" орай шығарма жазуға ұмтылғанымен, ол шығарманың атына заты сай болмасы анық. Саясаттан тыс, шынайы тұрғыда жазылған қомақты еңбек қана қайсыбір дәуірдің сұранысына жауап береді. Тек осындай талап пен талғамға жауап беретін шығармалар мемлекеттік мәртебелі сыйлыққа ие болса, керемет үйлесімді болар еді. Бірақ, пенде-оқырманның қайсы бір тілек-өтініші орындалып жатқан жайы бар?

"Анау алды ғой, немене мен одан кеммін бе?". Жазушының түбіне жететін осы пендешілік пікір. Сыйлық дегеніңіз жазушының "жылдар бойғы талмай еңбек етіп





келе жаткандығы" үшін берілетін дүние емес қой. Жасына карап емес, сыйлық еңбегіне қарай берілуі тиіс. Табанды журналист Жұматай Сабыржанұлы айтпақшы, дүйім жұрттың көкейіндегіні дөп басқан шағын шығарманың қоржынына мемлекеттік сыйлықты өңгеріп жіберуге де әбден болады. Обалы не керек, 2004 жылы Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комиссияның таңдауы мен талғамы аласармаған екен. Биылғы Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Төлен Әбдіков, Алтынбек Қоразбаев, Роза Рымбаева, Ақселеу Сейдімбек пен Ерболат Төлепбайдың қай-қайысы да өз саласында шығармашылығының шоқтығы биік жандар екендігі сөзсіз. Бұған ешкімнің дау айта алмайтыны анық. Бұған да шүкір.

Марапат демекші, Мемлекеттік сыйлықтан басқа Тәуелсіздік күні қарсаңында орден-медальдармен марапатталғандардың тізімінен көз сүрінеді. Барлығы 650 адамға награда үлестіріліпті. Әрине, олардың ішінде Отан алдында үлкен еңбек сіңіргендер де, еліне қалтқысыз қызмет еткендер де бар.

Ең бастысы — қазақтың қаһарман қызы (енді ресми тұрғыда мойындалған қаһарман) Хиуаз Доспановаға "Халық қаһарманы" атағы берілгені. Талассыз таңдау. Сондай-ақ, марапатталғандардың ішінен еліміздің әдебиетіне, мәдениетіне, ғылымына, өндірісіне ұланғайыр еңбек сіңірген тұлғалардың төбесін көргенімізге көдімгідей қуандық. Тіпті, халыққа еңбегі белгілі азаматтардың марапатқа енді ие болып жатқанын көргенде, танданғанымыз рас. Баяғыда-ақ марапаттау керек еді... Ештен кеш жақсы. Бірақ...

Бұл жолы да мемлекеттік наградалармен бірталай шенеунік шоғыры марапатталыпты. Президент Әкімшілігіндегі шенеуніктерден бастап, жергілікті жердегі әкімдерге дейін. Ұзын саны әжептәуір-сынды. Аты-жөнін қалың жұртқа жария жасамай, елордадағы іргелі кеңсенің төрінде "үнсіз" отырған ұлықтар қаншама? "Онда не тұр? Олар да адам баласы ғой", деуіңіз бек мүмкін. Таласпаймыз. Дегенмен, "қоғамдық пікір" деген құдыретті ұғым бар. Сол ұғым жалпақ жұрттың ор-





тасында қалыптасады. Осындай үрдіс жалғас таба беретін болса, шенеуніктер "Брежневтің ізбасарына" айналады. Мемлекеттік қызметшілер армиясы енді оншақты жылда түгелдей дерлік "орденосец" болып шықпай ма? Қанша жерден орден-медаль кеудені жауып тастағанмен, көп болған сайын орден екеш орденнің де құны төмендейді. Соның аяғы "мемлекеттік награда" атаулының құнсыздануына апарып соқтыратынында ғой.

Елдің Премьер-министрі ІІ дәрежелі "Барыс" орденіне, Ақмола мен Атырау облысының әкімдері ІІІ дәрежелі "Барыс" ордендеріне ие болды. "Парасат" орденімен 2 сенатор, 3 Мәжіліс депутаты марапатталыпты. 3 сенатор мен 5 Мәжіліс депутаты "Құрмет" орденіне ие болыпты. Оның сыртында Парламент Мәжілісі аппаратының жетекшісіне де "Құрмет" тиді. Соңғысын бұрынғы қызметімен емес, жұрттың оны қазіргі лауазымымен есте сақтайтыны анық. Олай болса, ол бір айдың ішінде "құрметке" ие болып жатса, алдағы бес жылда батырлыққа пара-пар іс тындыратын шығар?

"Парасат"-тың да құны арзандай бастапты. Академик Өмірзақ Сұлтанғазин бастаған ақыл-ой кемері кең парасаттылар шоғырының санатына кездейсоқ кейбіреулердің тұяқ іліктіргені байқалады. "Парасатқа" ие болу үшін оларға әлі бірталай тер төгіп, еліне әлі қызмет етуі керек-ақ еді. Әйтеуір, ертерек "парасатты" болғандар күні ертең "қаһармандыққа" таласып жүрмесе жарады да. Ел арасында толыққанды құрметке ие болмай жатып, мемлекеттік "Құрметке" ие болып жатса, орденнің де кәдірі түсе бастағаны. Көз қуантарлық жағдай, ел бұрыннан да ерекше құрметтейтін танымал ұстаз Қанипа Бітібаеваның "Құрмет" орденімен марапатталғаны. Оның Семей қаласының әкімі Нұрлан Омаровқа карағанда ел-жұрттың ортасында үлкен беделі бар ғой. Ал Семей қаласы әкімін қандай жетістіктеріне бола марапатталуын жарылған қазандықтың зардабын тартқан семейліктерден сұрау керек. Бір білсе, солар біледі....

Кеңестік қоғам тұсында, жарылқап тастамаса да, "бар





жақсылық — балаларға" деген ұран болатын. Мемлекет сол арқылы қалың жұрттың көңілін аулауға ұмтылатынды. Бүгін осыны сәл өзгертіп, "бар жақсылық — мемлекеттік қызметшілерге" деп ұрандатуға тура келеді. Өйткені, кешегі марапат осындай түйін жасауға мәжбүрлейді. Бірақ, бұл мемлекет мүддесіне керісінше ықпал етеді. Себебі, билік белесінде жүргендердің аты-жөні, қандай қызмет атқарғаны, "нендей еңбек сіңіргені" ел-жұрттың көз алдында. Оның үстіне марапаттың ең үлкеніне солар лайықты деп танылып жатса, бұл былайғы қарапайым жұрттың билікке деген "аллергиясын" одан сайын қоздыра түседі. Бәлкім, бұл кейбіреулерге тиімді шығар? Бірақ қоғам үшін тиімді ме?

Лауазым жоғарылаған сайын марапаттың құны да салмақтана түсетіндей ме, қалай? Әлде, жоғары лауазымдағылар мемлекеттің өркендеуі үшін "айрықша еңбек" сіңіре ме?

2004 жыл





Кешегі Әлихандар қандай еді?

Өткен жылы билік дәлізінің бүге-шігесін біледі деп жүргендер мемлекетшілдер қатарын толықтыруға талпынып жатқан соң, осы мәселенің астарын актаруға ұмтылып, "Мемлекетшілдік" атты мақалаға қалам тартқанымыз бар. Әрине, оның қаншалықты деңгейде жазылғанына толымды бағаны патша көңілді оқырман беретіні сөзсіз. Ал біз сол дүниеде мемлекетшілдік мәселесіне қатысты ойымызды ортаға сала отырып, аталған ұғым-түсінікке орай өзіміздің күмән-күдігімізді де айта кеткенбіз. "Өткен ғасырдың басында айтқан Әлихан Бөкейханұлының сөздері әлі күн тәртібінен түскен жоқ. "Егер біз өзімізді өзіміз қорғай алмасак, бүліншілік зорайып, қиыншылыққа айналғанда, қазақ халқы құрбан болады". Бүгінгі күннің басты мәселесі де өзімізді, мемлекеттілігімізді қорғап қалу екендігі мәлім. Ұлт қайраткері Әлиханның айтқандарын бүгінгі әлихандар жүзеге асыра ала ма, бар гәп осында" деп түйіндегенбіз ойымыздың сонын. Әрине, қазіргі әлихандардың тірлігі қай ынғайда жүріп жатқанынан көзі қаракты жұрт жақсы хабардар. Алайда, ұлт тірлігі үшін күрес барысында қандай мұраттарды темірқазық етуі керек екендігіне байланысты Бөкейханұлының қайраткерлік кеңістігіне қайта ат шалдырғанымыз жөн шығар.

"Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ынтымақ қана". Бұл жерде Бөкейханұлы бүгінде саясаткерлердің негізгі терминіне айналып кеткен "искусственный" ынтымақты" айтпағаны "төбесінде санылауы бар" кез келген пендеге аян. Оның меңзеп отырғаны – "бостандыққа апаратын ынтымақ". Әрине, бәзбіреулерде "Бөкейханұлы бұл мәселені әрі кеткенде патша өкіметі тұсында,





берісі уақытша өкімет орнаған кезде айтқан шығар?" деген де ой туындауы мүмкін. Таласымыз жоқ, "әр кәлләда бір киял". Бірақ, бұл күнде қазақ жұрты де-юре мемлекеттілігін қалпына келтірді дегенімізбен, оның де-факто-ға шейін, яғни толыққанды бостандыққа дейін әлі алдында талай-талай тар жол, тайғақ кешу бар екені баршаға тағы мағлұм. Ендеше, бір ғасыр бұрынғы Әлихан-ның нағыз бостандыққа жеткізетін ынтымақ жөнінде айтқан сөзі әлі құндылығын жойған жоқ деп толық айтуға болады. Бұл — біріншіден.

Екіншіден, "ынтымақ" сөзін әр ынғайда өзімбілемдікпен қолдана беруге болмайтыны. Бөкейханұлының айтып отырғаны — ұлтты өркениет биігіне бастайтын, елді жан-жақты көркейтуге, азаматтардың азат қоғамда емін-еркін өмір сүруіне ұйытқы болатын ынтымақ. Биліктегілер, бәзбір қарақан басының жан тыныштығын ойлаған саясаткерлер жауырды жаба тоқып, мұны басқа ынғайда пайдаланғысы келеді. "Ынтымақты" жетектеп әкеліп, "тұрақтылықтың" қорасына кіргізіп жібереді. Қоғамда оң өзгеріс жасауға құлықсыз, құдды "Аш құлақтан — тыныш құлақ" дегендердің әрекеті іспетті бұл. Осындай "тұрақтылыққа" қарата айтылған қазақтың ұлтжанды жазушысы Герағанның, Герольд Бельгердің төрелігі оның түпкі диагнозын айқындауға көмектесетіндей. "Біз "тұрақтылық", "тұрақтылық" деп, осы сөзді үсті-үстіне қайталаумен мәз болып жүрміз. Біздің "тұрақтылығымыз" қазір тоқыраудың ар жақ, бер жағындағы нәрсе болып қалды. Санамызда да тоқырау, өмірімізде де тоқырау, барлық жерде де тоқырау. Көбінесе семіз сөйлеп, арық шығып жүрміз. Бұл — тоқыраудың басты элементтерінің бірі"...

"Ұлына, жұртына қызмет ету — білімнен емес, мінезден". Неге екені белгісіз, Әлихан Бөкейханұлы айтқан осы сөз азаматтық ұстанымның шоктығы сияқты көрінеді де тұрады. Олай дейтініміз, Құдайға шүкір, қазақ жұрты түгелдей дерлік қазір білімді. Білімді бол-





ғанда да дүниедегі кез келген ұлттың "оқу өтіп кеткенімен" қарапайым қазақ зиялысы ой салыстыра, ақыл жарыстыра алады. Ұлтына, жұртына қызмет етудің барометрі білім болса, қазақ зиялысы бұл өткелден сүрінбей өтетіні анық. Академик, ғылым докторы, ғылым кандидаттарының саны жағынан ғана емес, сапасы жағынан да салмақты қазақтың қоржыны. Құрығанда, қазақ зиялысы мінездің жоқтығынан, болмыстың бостығынан божырап отыр. Бәріне кінәлі — сол баяғы құлдық психология. Кенес тұсындағы партноменклатураның әбден езгісіне түскен сана әлі еңсесін көтере алмай әлек. Сол бұрынғы "үлкен үй" үрейінен зиялылардың бойы арылып біткен жоқ. Азаттық туралы әңгіменің өзегі де, халықтың проблемасы да санаға орнығып алған "үлкен үйдің" "рұқсатымен" айтылады. Кейде жүгенін сыпырып, ұлт мүддесіне қатысты ащы шындықты қозғай қалған тұста "үлкен үйдің" орнын басқан ғимараттағылар ескерту жасай қалса болғаны, пікірі құрғыр қайта кілт құбылып шыға келеді. Инстинкт. Ұлт мүддесінің білімнен емес, мінезден зәрулік көріп отырғаны да содан...

Бақилық болған данышпандар тіріліп келген күннің өзінде солармен ой таластыра алатын қазір талай мықты бар, тіпті олар өз білімдарлығы жағынан шетелдік ғалымдардың өзін "қалпақпен ұрып алады". Десе де жұртына қызмет ету жағына келгенде жалтақ, мінезсіз. Әрине, олар өзінің ұлан-ғайыр еңбектерін, "қыруар шаруа тындырып жатқанын" айтып бәлсініп, бұлдануы да ықтимал. Бірақ, елдің мұң-мұқтажын, көкейкесті проблемасын "бір айтса осы кісі айтады, осы кісі жеткізеді жоғарыға" дегендердің қажетті жерінде үнсіз қалуы онсыз да ұнжырғасы түскен жұртты жүнжітіп жібереді. Елге кей сәтте тұлғаның білімдарлығынан гөрі күрескерлігі қат болып жатады. Бұқараның әділеттілік іздеп шарқ ұрғанда, өз айналасынан сондай тұлғаларды іздейтіні де сол. Ұлт мүддесі үшін үлкен істі әдемі бастап, шешуші сәтке келгенде табандылық таныта алмай





қалатын әзіргі әлихандардың осал тұсы да осы. Бүгінгі бәйменовтерден кешегі Бөкейхановтардың рухы биік, жалы жоғары тұратыны да сондықтан болар. Тоқырауында дүниеге келген нар тұлғаның тектілігі де күрескерлігіне қуат бітірсе керек-ті. "Хас үлектен туған кәтепті, Қара нар керек, біздің бұл іске" деп жауынгер-ақын Махамбет жырлағандай, ұлт мүддесіне қалтқысыз қызмет ету үшін де "қара нар" болу керек екендігін екінің бірі түсінбейді-ау. Түсінген күннің өзінде де шама-шарқын пайымдай алмай, морт етіп сынып кететіні, болмаса өзіне артылған сенімнің жоғарылығынан жеке шамшылдығына бой беріп, күйіп кететіні тағы бар. "Қара нар" болса сөз жоқ, көтерер еді...

"Жанайқай: қазақтың оқыған азаматтары, қазаққа осындайда қызмет етпегенде қашан қызмет етіп, пайдамызды тигіземіз?!" Әлихан Бөкейханұлы мұны осыдан бір ғасыр бұрын қазіргі қазақ зиялыларының үрейін сейілтуге, намысын жануға орай айтқан тәрізді. Осы сөзді шіркін, қазақ зиялыларының күн сайын шекесін солқылдататындай етіп, көшелерге ұран ретінде іліп тастар ма еді.

"Ел басына қара түнек орнатып, мынау не деп отыр?" деп ойлауы бек мүмкін кей мықтылардың. "Елге қызмет етіп, пайдамызды тигізіп" жатырмыз ғой деуі ықтимал келесі дауыстың. Әрине, әркімнің өз пайым-парасат белдеуі бар. Ал біздің "көзіріміз" — мүмкіндік пен бар шындықтың арасындағы алшақтық қана. Елдің, ұлттың мүмкіндік әлеуеті қандай? Шын мәніндегі хал-жағдайы нешік? Осы сауалдарға жауап іздесек, бәрі-бәрі соқырға таяқ ұстатқандай орнына келеді. Рас, тәубашыл жұртпыз, бергеніңе шүкір деп отыра беретін де жағдайымыз жеткілікті. Бірақ, сол тәубашылдықтан таяқ та жеп жүрген жайымыз аз емес. Сол себепті тәуелсіздік мәселесіне келгенде, тәубашылдық аздық етеді. Қазақ жұрты бұрын да азат болған, бірақ оны замана ыңғайы доғаша иіп әкеліп, бодандыққа түсірді. Сол бодандыққа





бас ұрғызған — шын мәніндегі ынтымақтың болмағандығы, күрескерлік мінездің кемшіндігі, оқығандарының осалдығы. Ал ендігі жерде қазақ жұртына беріліп отырған соңғы мүмкіндікті оның шын мәнінде өркениетті, демократиялық, дәулетті ел ретінде қалыптастыруға ұмтылмасақ, бәрі бекер. Осы жолда қазақ оқығандары кешегі Әлихан Бөкейханұлы таңбалап кеткен тұжырым төңірегінде әрекет жасайтын болса, бүгінгі әлихандардың сонда ғана асығы алшысынан түседі. Олардың тірлігі әзірге бос әңгіме ғана...

2005 жыл





*Мүмкіндік пен
бар шындық,*



Текеде әлі төңкерістің табы бар

Орал қаласын ертеректе Теке деп атаған. Бертінде Қазақстанның Еуропаға қараған тұстағы басты қақпасы атанған қала қазіргі кезде де сол бәз-баяғы еуропаша күйінде. Азиялық кейіпке еруге, шығыстық нақышты қабылдауға асығар емес. Әлі күнге дейін Ресей патшалық дәуірінің қолтаңбасы басым. Социалистік қоғамның жұрнақтары сақтаулы. Орал қаласының бүкіл болмыс-бітімінен бүгінде осыны байқайсыз. Кешегі кеңестік дәуірдегі мақтан еткен Ленинградтын көшірмесі іспетті. Қазақстанда өткен кезеңнен мұраға қалған "төңкерістің бесігі" тәрізді көрінеді. Ә дегеннен қаланың басты босағасы аталатын темір жол вокзалынан шыға беріс тұста Василий Чапаев "кұрметпен" қарсы алады. Алуан түрлі күлдіргі әңгіменің арқауына айналған кейіпкер, ақтарды жусатқанмен, Ақжайықты жүзіп өте алмай мерт болған Чапаевтың құдды өзі. Қасында тек Петкасы мен Анкасы ғана жетіспейді. Арғымақ үстіндегі батыр бейнесі әлі күнге дейін жаландаған қылышын қынабына салатын түрі көрінбейді. Сонда Василий Иванович темір жол вокзалы маңындағы алаңда неге тұр деп дағдарасын. Әлде батыр кісінің ескерткіш күйінде ғасыр табалдырығынан аттап, төңкерістің 100 жылдығын осылай қарсы алмақ ниеті бар ма екен?

Жалпы Оралды казак жеріндегі Қазан төңкерісінің таза мұрағаты ретінде қабылдауға әбден болатындай. Владимир Ильичтен бастап марксизмнің идеясы үшін құрбан болған оның серіктерінің есімдері қаз-қатар көше болып тізбектеліп жатыр. Ленин данғылы жатыр созылып, бүкіл кеңестік тарихты өн-бойына қамтып





алып. Пролетариат "көсемі" өз атындағы аланда қолын қиырларға сілтеген қалпы тұғырында тұр. Ленинді сыйлағандығы соншалық, облыстық әкімшілік ұжымы оған "тиіспей", өздері алаңның маңынан алыстау орналасқан басқа ғимаратқа қоныс аударғанды жөн санапты. Коммунистер қайта келіп жатса, ыңғайсыз болмасын дегені шығар, кім білсін?!

"Көсем" түгілі оның серіктеріне де сергек қарау қаланың түпкі болмысына айналған. С.Киров дейсіз бе, Д.Фурманов, М.Фрунзе, С.Орджоникидзе, В.Куйбышев дейсіз бе, ұмыта бастаған кенестік кезеңдегі "ұлыларыңызды" Оралға келіп еске түсіруге әбден болады. Одан кейін өткен қоғамдық кезеңнің басты нышандары – Коммунистическая, Комиссаровская, Пролетарская, Красноармейская, Октябрьская, Комсомольская көшелерімен қауышасыз.

Ленин даңғылының бойында азамат соғысының жас батыры Миша Гавриловқа да ескерткіш орнатылыпты (Павлик Морозовтың ерлігін қайталады ма, кім білсін?!). Әйтеуір ғасырдың басындағы алапат кезеңнің идеологиялық рәмізіне айналған ұлан болғаны айқын.

Окта-текте коммунистік идея үшін күрескен қазақ революционерлерінің аты-жөні кездесіп қалады. Бәлкім, бұған да шүкіршілік етуге тура келер. Өйткені, ең болмаса оралдықтар қазақтың төңкерісшіл тұлғаларының аты-жөнін жадында сақтайды ғой.

Бір ойдан бір ой туындайды. Замана өзгерді. Тарихқа деген жаңа көзқарас қалыптасты. Әйтсе де, Орал қаласының өн-бойынан Жәңгір ханға, күй атасы Құрманғазыға, Махамбет пен Исатайға, Мұхаммед-Салық Бабажанов пен Ғұмар Қарашқа деген тағылым бейнесін көре алмадық. Жанша және Жаһанша Досмұхаммедовтер де назардан тыс қалыпты. Бүкіл Ресей империясының азулыларын мойындатқан Бақытжан Қаратаевқа да ең болмаса қысқа көше бұйырмапты. Оның бер жағында кешегі кенестік дәуірде тоталитарлық жүйеге қарсы шыққан ақиық ақын Жұбан Молдағалиевтің де атында көше жоқ. Бұған не дейсіз? Тәубе етерлігі,





ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында қалада Абай ескерткіші орын теуіпті.

Төңкерістің басты нышандарының сақталуының түпкі түйіні неде? Сөйтсе, көше атауларын, мәдени мекеме атауларын өзгерту қалалық мәслихат депутаттарының құзырында көрінеді. Қалалық мәслихаттағы депутаттардың басым көпшілігін коммунистер құрайды. Бірыңғай сабақтастық дегеніміз осы. Айтыс ақыны Айтақын Бұлғақов елордадағы долада: "Базарың да Еуразия, университетің де Еуразия, бұл не қылған безобразия" деп Астананы сынаған еді. Сол сияқты Оралдағы мәселенің мәнісі мәслихаттағы коммунист депутаттардан бастау алып, қала өмірінің арғы тыныстіршілігіне астасып жатады екен. Қалалық мәслихаттағы 21 депутат қызыл жолақты күндердің елесімен әзірге қоштасатын түрі жоқ. Тіпті көше атауларын ауыстыруға қатысты мораторий жариялау жөнінде қалалық мәслихат шешім қабылдапты. Кейін бұл шешім облыстық прокуратура тарапынан заңсыз деп танылған. Бір қызығы, Парламент Мәжілісіндегі екі коммунист-депутаттың бірі, оның ішінде бүйрегі қашанда Владимир Ильичтің идеясына бұрып тұратын Валерьян Землянов та осы Орал қаласынан сайланған. Қаланың саяси болмысын осымен-ақ түйіндеуге болады.

Депутат демекші, үстіміздегі жылғы Парламент сайлауы Оралда да қызу өтетін тәрізді. "Отан" партиясы өзінің жергілікті ұйымының белсенділігімен күресті жандандыруды көздеп отыр. Перуашевтің Азаматтық партиясының да қарқыны жоғары. Өндірісті қаланың басты өнеркәсіп ошақтарында азаматтықтар өз ықпалын жүргізуге ұмтылу үстінде. Сөйтіп, қалада коммунистермен бәсекеге түсетін әлеуетті ұйымдар саны көбейе бастапты. Бұл қалай болғанда да қалалық мәслихатқа депутаттарды сайлау барысында өз ықпалын тигізетін болар. Оның бер жағында көппартиялылық Оралдың болмыс-бітіміне оң нышанды өзгеріс әкеліп, қала қызыл жолақтың басымдығымен қоштасуы әбден мүмкін. Қынжылтатыны, тек кезінде казактардың дан-





дайсыған әрекетіне батыл тойтарыс берген азаттықтарға тән жігерлі іс-қимыл бүгінде байқалмайды.

Біздің іссапарымыз Парламент депутаттарының сайлаушыларымен кездесуіне тұспа-тұс келді. Мәжіліс депутаттары Валерьян Землянов пен Мәди Артығалиев "Жер туралы" Заң жобасына қатысты пікір алмасты. Ал сенатор Энгельс Ғаббасов алдағы болатын Парламент Сенаты сайлауында өз кандидатурасын қайта ұсынатынын мәлімдеді. Ғаббасов дәл қазіргі күнге дейін Батыс Қазақстан облысынан ұсынылып отырған жеке-дара үміткер болып отыр.

Қаладағы Ленин даңғылының бойында, Оралдың нақ ортасында енселі православие шіркеуі тұр. Кеңестік дәуірде Атеизм мұражайы болса, Қазақстан тәуелсіздік алған соң оны діндарларға қайта тарту етіпті. Қаланың көрнекі жерінен орын алған шіркеудің өз пірөдарларына ықпалы да күшті ғой. Оның үстіне сұрғылт түсті зәулім шіркеу жұртшылықтың мысын баса түсетін тәрізді ме, қалай? Керісінше, осыдан екі жыл бұрын ғана өзі ғасырлық мерекесін атап өткен мұсылман мешітінің жағдайы мәз емес. Қаланың орталығынан қиыстау орналасқан мешіт Орал тәрізді қалаға тарлық етеді. Бір қызығы, Оралдағы мешіт те базар маңында орналасқан. Осы жерде заңды сауал тағы туындайды. Әлде мешіттер міндетті түрде базардың маңында болуы керек пе? Астанада да, Алматыда да осындай. Кездейсоқтық па, әлде осылай жасала ма?

Қалалық мешіттің ғасырлық мерейтойында облыс әкімі Қабиболла Жакыпов Оралда тағы бір жаңа мешіт тұрғызу жөнінде уәде берген көрінеді. Бірақ, сол уәде сағызша созылып келе жатқан сыңайлы. Уақыт өтіп жатыр. Ал уақыт дегенді шетелдік миссионерлер тиімді пайдалану үстінде. Оған іссапар барысында көзіміз нақты жеткендей болды. Германиядан, тағы басқа шет мемлекеттерден келген миссионерлер "Библияның" Түркияда басып шығарған қазақша нұсқасын жұртшылыққа таратып, кездесу өткізіп, христиан дінін насихаттап жүргеніне де куә болдық. Ал, бұл бүгінгі бейқам жатқан елдің ертеңгі тыныштығына селкеулік түсірмейтініне кім кепілдік береді?





Оралдықтармен қысқа сұхбат барысында төңкеріс нышандары осы кезге дейін толыққанды сақталып отырғандығын алға тарттық. Респонденттердің кейбіреуі қалалық мәслихаттағы депутаттардың коммунистік қағиданы қуаттайтындықтарын алға тартады. Келесі біреулері оны Оралдағы жергілікті ұлттың пайыздық тұрғыда аз екендігімен түсіндіреді. Ал үшінші топтағылар "революция да, социалистік қоғам да тарих қой" деп жауап қайтарды.

Алғашқы қос пікірді ұстанатындарға айтар уәж жоқ, пікірлері қисынға келеді. Біріншісі мен екіншісі аста-сып жатқан ұтымды да ұтқыр дәлел. Объективті жағдайдан туындаған түйін бұл. Ал соңғы себеппен келісу қиын. Оған қарсы біздің де қарымта сауалымыз бар. Кенестік дәуірді тарихқа жатқызамыз да содан арғысы тарихқа енбей ме? Әлде, қазақтың тарихы үстіміздегі ғасырдан бастау ала ма? Тәуелсіздік алған соң бар-жоғымызды түгендеп, ардақтыларымызды қайта тірілтіп жатқан тұста кешегіні ғана тарих деп бағалау дұрыс па? Олай болса, қазақ сахарасында тұңғыш мектеп салдырған Жәңгір ханның есімі Орал шежіресіне енбейтін болғаны да?! Немесе жыл сайын тарих тұрғысында тереңдеп жатқан мемлекеттік саясатты жоққа шығарамыз ба? Қазақстанның батыс өңіріндегі басты қаланың бірі келер ғасырды төңкеріс рухында қарсы алар ма екен?

Біздің іссапарымыз Оралға үкімет комиссиясының тексеруімен де тұспа-тұс келді. Облыс әкімі еңбек демалысында жүргенде Үкімет басшысы Нұрлан Балғымбаевтың тапсырмасы бойынша тексеру комиссиясы облыстың "ішек-қарнын" ақтаруға кіріскен. Балғымбаев – Жақыпов арасындағы текетіреске осы комиссия түбегейлі нүкте қояды деседі оралдықтар. Оның бер жағында жақында Үкімет басшысы облыс әкімдерімен кездесу барысында Батыс Қазақстан облысының басшысын тағы сынға алды. Берілген тапсырманы ойдағыдай орындамай отырғанын тілге тиек етті. Дегенмен, осы арада тағы бір сауал қылаң береді. Әкімдердің ішіндегі тәжірибелісі соңғы кезде неге жиі сынға ұшырап жүр?





Бұл мәселеге шетелдік инвестицияның үлкен әсері бар тәрізді. Инвестицияға қатысты сауалды үлкен жиын барысында Жақыповтың Балғымбаевқа бағыштап, қарсы жақтың қарсылығына тап болған еді. Сөйтсе, Қарашығанактан облыс бюджетіне түсіп жатқан қаржының түрі көрінбейді. Бюджетінің бүйірі бұлтимаған соң облыстың берекесі бола ма? Жақыпов көтерген мәселе осыған саяды. Не десек те, Батыс Қазақстандағы инвестиция мәселесі сан сауалдарға бастамашы болып отырғаны анық.

Қалай болғанда да, Орал қаласының болмыс-бітімі өзгеріп, жаңа ғасыр табалдырығынан жаңарып аттай ма деген әлі де үмітіміз бар.

1999 жыл





Ататүріктен Манделаға дейін

Саяси тұлғалар билік олимпіне әртүрлі жолдармен келеді. Оның астарында сан қилы өмірбаян бар. Әрине, мемлекет тізгініне ие болған басшыдан халықтың күтетіні сол елдің өркендеуі, көркеюі, өз мемлекетінің өркениетті әлем кеңістігіндегі айтарлықтай жетістікке жетуі болып табылады. Бұл тұрғыда мемлекеттің тізгінін ұстаған басшыға, оның саяси, азаматтық ерік-жігеріне көп нәрсе байланысты. Сондықтан біздің бүгінгі әңгімеміз де мемлекет басқарып, халық арасында жақсы есімін қалдырған мемлекет басшылары төңірегінде болмақшы.

"Ұлтқа қожалық жасауға болмайды. Оған тек қызмет етуге болады. Ұлтқа қызмет жасай білген адам ғана оның қожасы болады". Түріктің тұңғыш президенті Мұстафа Кемалдың (1923-1938) қанатты сөзі бұл. Кемал кенжелеп қалған Осман империясын реформа жолымен қайта өркендеуге бастаған, түрік рухының дем берушісі болған мемлекет басшысы. Сол себепті де Түрік республикасы өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ресми түрде Мұстафа Кемалға "ұлттың атасы" деген ұғымда "Ататүрік" есімі берілді. Бүгінгі Түркияның ғасыр белесінде Еуропа мемлекеттерімен терезесі тең деңгейде қарым-қатынас жасауының арғы түбі осы Ататүріктің қимылымен астасып жатыр. Ол билік басына келгеннен кейін ұлтжандылықты, ұлттық мақтаныш үрдісін қалыптастыруды, қирап қалған экономиканы қалпына келтіруді ең басты мақсат етіп қойды. Оның реформасында әлеуметтік және экономикалық реформалар ерекше орын алды. Қазіргі Түркияның әлемдік дәрежедегі мемлекетке айналуы да осындай реформадан бастау алады. **"Менің күшім мен қуатым халықтың маған деген сенімінен құралады"** деген де осы Ататүрік. Президент туған халқының сенімінен шығуға





бүкіл ғұмырын арнағаны да сондықтан. Түріктер қазіргі қуатты Түркияның әлемдік кеңістіктегі биік беделін Ататүрік жасаған реформамен тікелей байланыстырады.

Өз табысына "сенім, шыдамдылық пен еңбексүйгіштіктің" аркасында жеткен ГФР-дің федеральдық канцлері Конрад Аденауэр (1949-1963): **"Мен үшін барлығынан ең маңыздысы қарапайым адам. Егер де олар мені түсінсе, онда менің мақсатыма қол жеткізгенім. Өлімнен қорықпаймын. Мен жоқ кезде Германия мен Еуропа не болады, тек қана сол қызықтырады"**. Еуропаны біріктіру идеясының атасы атанған Аденауэр өз өмірбаянында өшпес із қалдырды. Соғыстан соңғы қиын кезеңде күйреген Германияның экономикасын, тұрмысын қайта көтеруге күш жұмсады. **"Әрбір жұмыс істейтін немістің жеке пәтері мен мәшинесі болуы тиіс"** деген де осы Конрад болатын. Осы реформа жолында үзіліссіз ұлан-ғайыр еңбек етті. Әлеуметтік бағдарламаны кеңейтуге ұмтылды. 1956 жылы "Тұрғын үй құрылысы" туралы заң қабылданды. Елдегі жұмыссыздықтың азая бастағаны да осы кезең. Германияда 1955 жылы миллионға жуық жұмыссыз болса, ол 1960 жылы 271 мыңға, 1962 жылы 151 мыңға төмендеді. Тіпті шетелден жұмыс күші келе бастады. 1964 жылы шетелден келген миллионыншы жұмысшы тіркелді. Германия осылайша Аденауэрдің аркасында экономикада өркендеу жолына қадам жасады. Қазіргі Германияның өркениет үрдісі де соғыстан кейінгі федералдық канцлердің іскерлігімен ұштай жатыр. Соғыстан соңғы қираған экономиканы озық елдер деңгейіне көтеру халқын шын сүйген қайраткерлердің қолынан ғана келетін қайрат.

АҚШ-тың тарихындағы мемлекет басшыларының ішінде Дуайт Дейвид Эйзенхауэр (1953-1961) ерекше орын алады. Ол әлемге генерал Эйзенхауэр атымен кеңінен танымал. Оның мықтылығы сонда, ол өз көзқарасын қай сәтте болсын ашық білдірген. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталып, АҚШ Хиросима мен Нагасакиге бомба тастағанда, бұл әрекеттің барып тұрған жауыздық екенін сол кезде-ақ Эйзенхауэр айыптаған. Сынақты адам жоқ жерде өткізуге болатынды-





ғын айтқан да осы генерал. АҚШ президенті болып сайланғаннан кейін корей соғысын тоқтатып, Вьетнамға әскер жіберуден бас тартты. **"Бірде-бір халық тек қана өзі үшін өмір сүрмеуі керек, — деп мәлімдеді ол америкалықтарға. — Егер басқа халықтар өркендемесе, онда Американың гүлденуі де ұзаққа бармайды"**. Сөйтіп, ол АҚШ тарихында милитаризмге қарсы өзіндік көзқарасымен ерекшеленген президент санатында есте қалды.

Президент Эйзенхауэр бюджет қаржысына қару мөлшерін ұлғайтуға толыққанды қарсы екендігін білдірді. **"...Біз тек қана жеке меншікті, байлықты және тіпті біздің үйлерімізді ғана емес, өмірдің барлық салтын қорғауға тиісті екендігімізді ұмытпауымыз қажет. Егер де қазармалық мемлекет құруға ұмтылатын болсақ, біздің қорғағымыз келетін нәрсенің өзі жоғалып кетуі мүмкін"**. АҚШ президентінің КСРО мен ғылыми-техникалық прогреске қатысты бәсекелестікті өрістетуге байланысты айтқаны бұл. Бейбітшілікті басты принцип ретінде ұстанған президентті америкалықтардың ұмытпайтыны да сол себепті.

Шарль де Голль де Франция президенті (1958-1969) болған кезде француз халқының өркендеуіне өзіндік үлес қосты. Голль есімі бүгінде Еуропаға ғана емес, әлемге өзінің жарқын істерімен кенінен танымал. Француздар оның өмірбаянындағы әрбір сәтті аңыз қылып айтады. Соның бірі төмендегідей. 1940 жылы 18 маусымда Англияға сапары кезінде Шарль де Голль Би-Би-Си телеарнасы арқылы француз халқына үндеу жолдайды. Студиядағы техник қонақтан дауыс тексеру үшін бір сөз айтуды сұрайды. **"Франция"** деп санқ етеді ол. Осы сөзімен-ақ болашақ президент басты мүдде туған мемлекетінің мүддесі екенін айғақтайды.

"Әркім өзінен барлық уақытта Францияның биік мүддесі неге байланысты екенін сұрап отыруы тиіс. Сонда барлығы қарапайымдана түседі". Шарль де Голльдің ұстанымы — Францияны мемлекет санатында биіктерден көргісі келетіні де осыған байланысты еді. Ол бүкіл ғұмырын француз мемлекетінің әлемдік аренадағы алатын орнықты орнына жұмсады. Қажетті жерінде өз





пікірін ел мүддесіне жығып беріп отырды. Билікті жеке мүддесіне пайдаланған жоқ. Уақыты өтіп бара жатқан кезеңнің тынысын да сезе білді. Халық қолдаса мемлекет мүддесін жеке тірлігінен қашанда жоғары қойды. Күрт шешім қабылдайтыны да сондықтан. 1969 жылы 29 сәуірде француз бұқаралық ақпарат құралдарына тілдей хабар келіп түсті: **"Мен республика президенті міндетін орындауды тоқтатамын. Бұл шешім бүгін түсте өз күшіне енеді. Ш. де Голль"**. Сөйтіп, Голль президенттікпен өз еркімен қоштасты. Бұл да бір көрегенділіктің, ұлт мүддесін бәрінен биік қоюдың үлкен тағлымы шығар.

Жанармай құю стансасында мотоцикл бағын толтырғаннан кейін клиент әрі-бері ақтарып, ақшасын таппай қояды. Станса қызметкері оған күдікпен қарап, жақындай түседі. Мотоцикл жүргізушісі қалпағын шешіп, амал жоқ, "Ұлы мәртебелі Испания королі өзімен бірге қолма-қол ақша алып шықпағандығын" мойындайды. Әрине, станса қызметкері күліп, болған жәйттің сол сәтте-ақ аяқталғандығын сездіреді. Оған Хуан Карлос (1975 жылдан Испания королі) шын жүректен алғыс айтады.

Қуатты "БМВ" жұлқи тартып, аяқ асты көз ұшында жүйткіп бара жатады. Дәл сол күні әлгі жанармай құю стансасына кешірім сұраған чек табыс етіледі. Сөйтіп, король басқалар сияқты өз елінің қарапайым азаматы екенін дәлелдейді. Мемлекет басшысының өміріндегі өнегелі жәйттің бірі бұл.

"Тәж бірлік пен ел өміршеңдігінің рәмізі болып табылады. Ол ешқандай да адамдар тарапынан күшпен демократиялық процестерді бұзуға жол бермейді". Хуан Карлостың ұстанымы осындай. Заң бойынша оған кең ауқымда өкілеттілік берілген. Әйтсе де, Хуан Карлос ерікті түрде демократиялық институттарды өз өкілеттілігінен жоғары қояды. Хуан Карлос жыл сайын барлық азаматтармен бірге қаржы орындарына табыс туралы декларацияны тапсырып және салықтарын уақтылы төлеп тұратын Еуропадағы жалғыз монарх. Мемлекет басшысының заң алдында бұқарасымен бірдей болуы оның ел ішіндегі беделін өсіре түсіретіні белгілі емес пе.

Онтүстік Африка Республикасының президенті бол-





ған Нельсон Манделаның көрмеген кұқайы жоқ. Нәсілшілдікке қарсы күрес барысында ол 28 жыл түрмеге де отырды. Ату жазасына кесілген сәті кездесті. Әйтеуір, елінің бостандығына деген арпалысы Манделаны талай-талай тар жол, тайғақ кешуден аман-есен алып шықты. **"Мен бүкіл ғұмырымды Африка халқының күресіне бағыштадым. Менің арманым — барлық адамдар үйлесімді және бірдей мүмкіндігі болатын демократиялық еркін қоғам болып табылады. Осы үшін өмір сүремін және оны жүзеге асыруға ұмтыламын. Егер де осы үшін қажет болса, өлімге де дайынмын"**. Ол халқының тәуелсіздігі жолында жанкештілігін сан мәрте дәлелдеді. Қандай қиын кезен болса да тандауынан тайынбайтындығын көрсетті. Манделаға алған бағытынан бас тартуы үшін алуан түрлі келісім жолын ұсынғандар да болды. Бірақ саяси қайраткер олардың бірде-біреуін қабылдаған жоқ. **"Мен өмірді сіздерден кем сүймеймін, бірақ менің халқымның еркіндікке деген құқығын саудалай алмаймын. Бүкілхалықтық ұйым — Африка халықтарының конгресі бұрынғысынша жасырын жұмыс істеп жатса, маған қандай еркіндік беруі мүмкін. Әзірше біздер — менің халқым және мен бостандыққа ие болмаған жағдайда ешқандай келісімге бармаймын"**.

Бүкіл тағдырын халқының бостандығына жұмылдырған Мандела ақыры жеңіске жетті. Халқының ортасына оралды. 1994 жылғы демократиялық сайлау барысында Оңтүстік Африка Республикасының президенті болып сайланды.

Елінің өркендеуі үшін арпалысқан мемлекет басшыларының өмірінен алынған бір үзік сыр бұл. Ел басқарудың оңай еместігі әлімсақтан мәлім. Әйтсе де, мемлекет тізгіні сеніп тапсырылғаннан кейін бұқараның билік басындағыларды биіктен көргісі келеді. Елдің бірінші басшысы жақсылықтардың жаршысы, мемлекеттің жақсы үрдістеріне бастамашы болып, әлемдік кеңістікте өзіндік қолтаңбасын қалдырып жатса, қайсыбір халық үшін одан үлкен мақтаныш жоқ.

2000 жыл





Қазақстанда қанша ұлт бар?

Қазақстан халқы туралы алқалы жиындарда әңгіме қозғала қалғанда, ең алдымен айтылатыны – елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тұратындығы. Қазақстан кеңестік кезеңде "100-ден астам ұлттың достық лабораториясы" еді, енді одан да көбейіп кеткендей. Тәуелсіздік алғаннан кейін басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан соң шетелден де ағылып келіп жатқандай ма, қалай. Солардың бәрін – ұлыс пен диаспораның бәрін ұлт деңгейіне көтеріп жатқанымыз неліктен? Әлде мұның астарында басқалай саясат бар ма?

Осыдан келіп ұлт дегеннің түпкі ұғымы қандай деген заңды сауал туындайды. Расында да, Қазақстанда 130-дан астам ұлт бар ма? Оның есеп-қисабын кім жүргізген? Статистика агенттігі не дейді? Кейін өзіміз ұлт деңгейіне көтергендер басқа пиғыл танытпай ма? Біздің Парламентте өз депутатымыз болмаса, құқығымыз шектеледі десе ше. Болмаса, БҰҰ-ның кейбір талаптарын алға тартып, тығыз шоғырланған аумақта автономия құруға талпыныс жасап жүрмей ме?

Аталған сауалдарға біртіндеп жауап іздеп көрелік. Алдымен "этнос" ұғымының түп-төркініне көз жүгіртелік. "Этнос" (немесе халық) дегеніміз – өз дамуының бастапқы кезеңінде аумағының бірдейлігі, бірдей тілге негізделген мәдениетінің, шаруашылық-тұрмыстық ерекшеліктері болуы, өзіне тән бірқатар белгілері бар тарихи жағынан қалыптасқан әлеуметтік топ". Енді осы талаптар төңірегінен тұжырымдасак, Қазақстандағы этнос белгісі тек қазақ ұлтының шеңберіне ғана сәйкес келеді. Қазақ этносы бабалардан бүгінгі күнге жеткен біртұтас ұлан-ғайыр далада





халық ретінде қалыптасты, жетілді. Тіпті оны Ата Заңымыздың бастауындағы "Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып..." деп жазылған преамбула да айғақтайды. Қазақ этносының қадым заманнан бері Қазақстан аумағын еркін жүріп, ен жайлағандығына қатысты басты темірқазығының бірі де осы. Бұл – біріншіден. Екіншіден, қазақ тіліне негізделген шоқтығы биік қазақ мәдениетінің орны бөлек екендігін әсте ешкім де жоққа шығара алмайды. Үшіншіден, сан ғасырлар бойғы дала мәдениетінің өркениетін көрсететін қазақтардың шаруашылық-тұрмыстық өзіндік ерекшеліктері болғандығын тарихтан хабардар кез келген адамның мойындайтыны да белгілі. Сонымен, Қазақстандағы қазақ этносына қатысты бір дәйектің ыңғайын осылайша қайыруға тура келеді.

Қазақстанда тұратын қалған "129 ұлтты" қайсы әлеуметтік қауымдастық қатарына жатқызуға болады? Өйткені, біз Қазақстандағы басқа ұлттардың қауымдастығын қаншама ұлт деңгейіне көтергіміз келгенімен, жоғарыда этнос ұғымына берілетін қасиеттер мен ғылыми тұжырым оған мүмкіндік бермейді. Болмаса, тағы бір мәрте ұлт ұғымына қатысты тұжырым төңірегіне тоқтала кетелік. Ғылым тілінде "ұлт дегеніміз – қолданысына қарай индивидтің нақты ұлттық немесе этностық топқа, немесе индивидтің белгілі бір мемлекетке заңдық қатыстылығын білдіреді". Ал ұлттың түп-тамыры тілі, аумағы, экономикасы, мәдениеті және мінезі, ұлттық санасы дамуының бірдейлік базасында пайда болған, тарихи жағынан тұрақты қалыптасқан адамдар қауымдастығы дегенді білдіреді. Ендеше, Қазақстандағы қалған ұлт өкілдерін ұлт деңгейіне көтеру тағы да ғылыми анықтама тарапынан қарсылыққа кезігеді.

Біздің қоғамдағы кейбіреулердің ұлт деңгейіне көтеріп жүргендеріне қатысты не айтамыз? Амал жоқ, қаласак та, қаламасак та "диаспора" түсінігінің төрелігіне жүгінуімізге тура келеді. Әрине, бұл бәзбіреулерге ұнамайтыны айдан анық. Алайда, ғылыми тұжы-





рымнан бөлек дәлелдеудің басқа түрін әзірге адамзат баласы ойлап тапқан жоқ қой.

"Диаспора дегеніміз – халықтың (этностық қауымдастықтың) белгілі бір бөлігінің өзі қалыптасқан елден тыс жерде Отанымен біріздену сезімін сақтауда болатындар". Осы тұжырымның төңірегіне тоқталатын болсақ, кейбіреулер Қазақстанда ұлт деңгейіне көтергісі келетіндердің бәрі диаспора болып шығады. Ғылымға сүйенсек, орыстардың санының көптігіне қарасақ та, қарамасақ та ол диаспора ұғымының еншісінде. Олардың тарихи Отаны бар. Украиндар да, немістер де, кәрістер де, татарлар да, өзбектер де солай. Ұйғырлар мен күрдтердің төл мемлекеті болмағанымен, олардың мандайына жазған тарих-тағдырдың өз сыбағасы бар. Сол себепті олар да диаспора шеңберінен шыға алмайды. Сондықтан қай жағынан алғанда да еліміздегі диаспора өкілдерін ұлт деңгейіне көтеруге ешқандай негіз жоқ деп түйіндеуге болады.

Әсте, бұл еліміздегі диаспора өкілдерін ешқандай құқықтық жағынан кемсітушілік емес. Ондай болса, Қазақстанда ұлттық-мәдени орталықтар құрылып, диаспоралардың жан-жақты дамуына мемлекет тарапынан қамқорлық жасалмас та еді ғой. Республикада этноцентристік немесе этнократиялық әрекеттің жүргізіліп отырылмағаны да мәлім. Мұндай әрекетке бармақ түгілі, қазақ этносы толыққанды тарихтың өн бойында өзіне келген зардаптардан әлі айығып болған жоқ. Сол себепті де, қазақ ұлтына белгілі бір деңгейде басымдық беріліп отыр деудің өзі артық болар еді.

Тағы бір айта кететіні, диаспора өкілдерінің қазақ даласына жаппай қоныстана бастағаны соңғы бір ғасырдың иелігіне тиеді. Оның ар жағында Ресей патшасының отарлау саясатына қатысты қазақ даласына қарашекпенділердің келе бастағаны мәлім. Алайда, қазақ жеріне басқа ұлт өкілдерінің жаппай қоныс аудара бастауы Қазан төңкерісінен кейін күрт өсті. Қуғын-сүргінге ұшырап, қазақ жерін паналап, тұрақтап қалғандар да сол уақыттың құрбандары. Одан кейін





Мәскеудің жергілікті халықты ассимиляциялау саясатының шеңберінде тың көтеру, кәсіпорындар салу тәрізді түрлі шаралардың ықпалымен келгендер де жеткілікті болды. Осының бәрі жинақтала келіп, жергілікті ұлттың азшылықта қалуына әкеліп соқтырды. Санының аздығы қазақты әсте этнос құқығынан айыруға немесе саны көп диаспораны этнос деңгейіне көтеруге ешқандай мүмкіндік бермейді. Осы жерде ерекше атап өтетін, біз қозғаған мәселеге төрелік болатын тағы бір дәйек бар. Ол — қалай болғанда да, қандай жағдаймен болса да қазақ жеріне қоныс аударған диаспора өкілдерінің бүгінгі Қазақстан халқын құрап отырғандығы. Бұл туралы Ата Заңымызда да айқын жазылған. "Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы ...". Міне, "Қазақстан көпұлтты мемлекет" дегендерге беретін негізгі жауаптың бірі осы.

Еліміздің Конституциясы жоғарыда айтқанымыздай, "Біз... Қазақстан халқы" деп басталады. Ал еліміздегі диаспоралардың ана тілін, мәдениетін өркендетуге үлкен септігін тигізіп отырған қоғамдық-консультативтік орган Қазақстан халықтарының Ассамблеясы деп аталады. Сонда бұл мемлекеттің Ата Заңын бұрмалау емес пе? Конституцияда Қазақстан халқы да, ал Ассамблея неге Қазақстан халықтарыныңкі? Әлде, біздің сыртқы әлемге еліктегіш идеологтардың Біріккен Ұлттар Ұйымына қарай отырып, тапқан атауы ма екен? Бұл мүлдем салыстыруға келмейтін жағдай ғой. Әлде атау қоюдың астарында басқа гәп бар ма?

"Қазақстан халықтарының Ассамблеясы туралы" Заң жобасын қабылдау көптен бері айтылып жүр. Ертең заң қабылданғанда да осындай атаумен қабылдана ма? Бұл заңдық тұрғыда Қазақстан халықтары деген ұғымды одан әрі тереңдету емес пе? Біз, тіпті Ресей сияқты федерациялық мемлекет емеспіз ғой. Олай болса көпұлттылық туралы мәселе қозғау қаншалықты көңілге қонымды болмақ? Елімізде ұлттар емес, диаспоралар бар.

Қазақстанда қанша ұлт бар? деп сауал қойып отырғанымыз да сол. Оған ғылыми анықтамаларды алға тар-





та отырып, жан-жақты жауап іздеуге ұмтылды. Сондықтан Қазақстанда қазақ ұлты және басқа да ұлт өкілдері тұрады десек анағұрлым дұрыс болар еді. Ал қоғамдық-консультативтік органды Қазақстан халқының Ассамблеясы дегеніміз заңдылыққа әлдеқайда сәйкес келеді. Оның үстіне бұл Ата Заңда танбаланған нормамен сәйкестендіріледі.

Қазақстан халқының 56 пайызын қазақ халқы құрайды, 28 пайызы орыс диаспорасының еншісінде. Басқа ұлт өкілдерінің еншісіне 16 пайыз ғана тиеді. Сонда дейміз-ау, 130 ұлт, көпұлттылық мәселесі қайдан шығады? Ресей, АҚШ, Қытай, Индонезия, Австралия елдері сияқты көпұлтты мемлекет болса бір сәрі. 16 пайызды 130 ұлтқа бөлеміз бе? Басқалардың көңілін аулаймыз деп, төл мемлекетіміздің тәуелсіздігіне сызат түсіріп отырған жоқпыз ба? Қалай болғанда да осы жерден бір мәселенің шеті қылтып көрінеді. Жоғарыдағы біз тақырыпқа шығарып, оның түпкі тамырына талдау жасауға ұмтылып отырған көпұлттылық мәселесін тануға ұмтылушылардың көздеген өз мүддесі бар екені анық. Ол – саяси ғылымдағы "мемлекет құраушы ұлт" ("государствообразующая нация") мәртебесін жалғыз қазақ ұлтының еншісіне бергісі немесе қиғысы келмейтіндігінде. Қазақстандағы ұлт мәселесіне қатысты жана ұғымды қалыптастыруға деген де ұмтылыс сондықтан туындап отыр деп айтуға негіз бар. Мәселенің шетін шығару ұлтаралық мәселені ушықтыру деген ұғымға жетелемейтіні анық. Біздікі қалай болғанда да салмақты ойды саралап, ақиқатқа деген ұмтылыстан туындады. Қазіргі жаһандану жағдайында бәзбіреулер үшін ұлттық темірқазық төңірегінде әңгіме қозғау асылық болып көрінер. Алайда, тәуелсіздіктің арқасында ұлттық санасы қайта жаңғырып, қазақи болмыс-бітімімен қайта қауышуға талпыныс танытып жатқан тұста бұл мәселенің ара-жігін ажырата білу керек көрінеді.

2003 жыл





Бізге "бесінші колонна" қауіпті ме?

"Бірде-бір халық тек қана өзі үшін өмір сүрмеуі керек. Егер басқа халықтар өркендемесе, онда Американың гүлденуі де ұзаққа бармайды".

Дуайт Дейвид ЭЙЗЕНХАУЭР

Бағзы заманнан бүгінге дейін миллиондаған жыл өтсе де адамзат баласы ізденістен арылмай, әлі даму үстінде келеді. Орыстардың "совершенству нет предела" дейтіні де осыған саяды. Әйтеуір, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан осы күнге дейін дүниенің кем-кетігі түгенделмей, жыртығы бүтінделмей-ақ қойды. Бертіндегі Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі бір мүшел кезең дегеніңіз не тәйірі. Тарих үшін қас-қағым сәт. Ал сол қас-қағым сәтте өміріміз оңтайлы қалыпқа түсе қалмады деп, кейде тағатсыздығымызға салып, бұлданып жатамыз. Задында бұл да өмір заңдылығы. Өйткені, "игіліктің ерте-кеші жоқ" дегенімізбен, жақсылықтың тезірек болғаны жақсы ғой. Бұл бәлкім, ізгілікке деген байырғы бабалардан қанға сіңген құштарлық шығар...

Қорқыт бабамыз ажалдан қашып құтыламын деп, талай-талай жерді шиырлап, ат тұяғын тоздырғаны белгілі. Сондай-ақ адам баласы әлі де ұзақ өмір сүргісі келеді, оның үстіне қандай өмір сүргісі келетіні айдан анық. Жерұйық деген аты болмаса да, бейнелеп айтқанда, "ішкені алдында, ішпегені артында" — бақуатты өмір сүруді мақсат тұтады. Сол себепті де осындай аңсаройдың алабында қарапайым жұртшылықтың билік тұтқасын ұстағандарға деген талап-тілегінің күшейе түсетіні де заңды құбылыс...





Бұрынғының аңызына бергісіз қазіргі кезде ел арасына тараған қызықты әңгіме бар. Оның ұзын-ырғасы төмендегідей. Бір күні қазақ, өзбек, қырғыз үшеуі уағдаласып, Алла Тағаланың алдына барады. Ондағы ойлары: "Жақсы өмір сүрудің ең биік шыңы – коммунизмге кім, қашан қол жеткізетіндігі жөнінде білу". Әуелі қашанда пысық қалпынан аумайтын өзбек халқының өкілі кіреді. "Бір туғандар" "кім туғанды" көбірек күтулеріне тура келеді. Әйтеуір, сарсылтып барып шыққан өз-ақанның сары уайымға салынып, ұнжырғасы түсіп кетіпті..

– Не болды, сонша бордай езіліп. Коммунизмді көре алатын болдың ба, соны айтсаңшы, – дейді сыртта тұрған екеуі қосарлана.

– Мен көре алмайды екенмін керемет өмірді...

– Сонда кім көреді?

– Менің екінші ұрпағым көреді екен...

– Ештеңе емес, әйтеуір көреді екенсіңдер ғой. Адам ұрпағы үшін өмір сүреді емес пе. Дұрыс болыпты...

Одан кейін айыр қалпағын баса киіп, қабылдауға байкең бас сұғады. Сыртта тұрған екеуде тағат жоқ. Байкең жуық арада шыға қоймайды. Оның уақыты өз-ақасынан да асып түседі. Сабырды сарқып, төзімді әбден тауысып, бір уақытта байкең де шығады-ау.

– Байке, не болды, коммунизмді қашан орнататын болдыңыз?

– Мен де, менің екінші ұрпағым да ол бақытқа ие бола алмайды екен.

– Оның рахатын кім көреді?

– Бесінші ұрпағым...

– Әйтеуір, ұрпағың көреді екен ғой, оған да шүкіршілік.

Кезек қазекенге де келеді. "Мен көрмегенде, кім көреді коммунизмді" деген ниетпен тәуекелге басып, қазекен қабылдауға алшандай басып кіріп кетеді. Былайғы күнде жайбарақат қазекен мұндайда, әсіресе біреулер күтіп тұрғанда асыға қойсын ба. Бәлденіп, шығуға асықпайды. Сырттағы екеу: "қазақтың орнына тасбаканы жібергенде де, осынша күтпес едік", деп





күнкілдеп, казекенді сыртынан "сыбап" қояды. Әлгі екеуі "өлдім, талдым" дегенде, қабағынан қар жауып казекен де шығады. Үн жоқ, бүкіл ғаламның қасыреті келіп соның иығына шөккен тәрізді.

– Тілінді жұтып қойдың ба? Сөйлесейші, не болды?

– Не болатыны бар. Бітті бәрі...

– Не бітті, коммунизм бе, ең болмаса, нешінші ұрпағың көреді, соны айтсаңшы.

– Қазақтардың мандайына коммунизмді жазбаған екен. Оларда коммунизм болмайды.

– Сонда олар нені көреді?

– Капитализмді...

Расында да, бұл жалғанда қазақ жұртына да, басқаға да коммунизмде өмір сүру бұйырмапты. Сол сияқты осы әзіл әңгіменің ар жағынан ақиқаттың құлағы қылтияды. Адамзаттың ажырамас бір бөлшегі саналатын қазақ жұртының нарықтық қоғамның нәтижесін жылдам көруге деген талпынысын осы тұрғыдан, "жақсы өмірді көруге" ұмтылысы жағынан бағалаған жөн болар...

Қазақстан – халықаралық қауымдастықтың мүшесі. Сондықтан да оны қазіргі ғаламдық кеңістікте болып жатқан ғаламат өзгерістерден жеке-дара бөліп қарауға болмайтыны санасында санлауы бар қарапайым адамға да түсінікті бола бастағаны әмбеге аян. Шамшылдығы жоғары алып елдердің қас-қабағының түнеруі әлемде апай-топай тірлікті бастап жіберетіні тағы бар. Оның үстіне пайдалы қазба байлықтары мол Қазақстан тәрізді елге кімнің ықпал жасағысы келмейді дейсін. Іргедегі қос бүйірден қысып жатқан ықпалды қонсылардан бастап, мұхиттың арғы бетіндегі алып АҚШ-қа дейін қазақтың қоржынынан өз үлесін турағысы келіп тұрады. Амал жоқ, Қазақстанның көпвекторлы саясатқа көбірек жүгінетіні де, үйірсектейтіні де сол. Қырына келсе аяушылық танытқысы келіп отырған ешқайсысының сынайы байқалмайды. Ықпалды күштерге қарсы Германия мен Францияның ұйытқы болып, Еуропа Одағының ортақ шаңырағын нығайтуға деген талпынысы да өз мүдделерін қорғаудан туындап отыр. Қарт құрлық-





тын өзі мүддесін бірлесіп қорғауға бейіл. Соның өзінде де кежегесі кейін тартқан Альбион аумағы іштен шалып, кедергі жасап әлек...

Каспийдегі мол мұнай қоры тек экономикалық байлық көзі емес, саясаттың да көзқұртына айналды. Қазақстан Каспий жағалауындағы елдермен өзара мәмілеге ұмтылып отырғаны да сондықтан. Әуелі Ресеймен келісімнің нүктесін шиырлады. Каспийді бірлесе игеру жөнінде уағдаластыққа тоқталды. Ресеймен түсіністік тапқаннан кейін тағдыршешті мәселесі тікелей елімізге қатысты болып келген Баку-Тбилиси-Жейхан бағытына Қазақстан өзінің қосылатынын мәлімдеді. Бұл Ақ үйдің қолдауына ие болып отырған жоба. Мұның алдында америкалық компаниялардың қазақ мұнайынан өз үлесін алуға инвестиция құйғаны мәлім. Сөйтіп, Қазақстан мұнайды игеруге байланысты АҚШ-пен де мүдде біріктірді. Оның сыртында Батыс Қазақстаннан Қытайға мұнай құбырын тарту да жоспарланып отыр, Атасу-Алашанқай мұнай құбыры 1300 шақырымға созылады. Көпвекторлы саясат дегеніміз – осылайша сан қырлы тұрғыдан астарласа өріліп жатыр. Бәзбіреулер көпвекторлы саясаттың тиімсіздігін қозғап, сын айтқысы келеді. Бұл қайсыбір "баршаның көңілін қалдырмаудан" туған әрекет дерсіз, өзіндік ұстанымымызды нықтап алғанға дейінгі әлемдік саясаттан өзіндік сүрлеу іздеу қимылы ғой....

Жақында Астанаға АҚШ Қорғаныс министрі Дональд Рамсфельдтің ат шалдырғаны бар. Сонда ол Премьер-министр Даниал Ахметовпен, Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаевпен әскери байланыстарды нығайту жөнінде келіссөздер жүргізді. АҚШ-тың Қорғаныс министрі кездесулерден кейін берген сұхбатында: "Біз Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін АҚШ тарапынан қолдау туралы және әскери саладағы өзара байланыстарымыз туралы әңгімелестік", деді. Бұл өз кезегінде Ақ үйдің Қазақстанға деген ұстанымының бір ұшы ғана.

Үлкен мұнай бар жерде үлкен саясат жүретіні де анық. Бұл саясатқа басқа емес АҚШ-тың соңғы он-





жылдықта белсене кіріскені мәлім. Кенес Одағы ыдырап, халықаралық саясатта тепе-теңдік жүйесі жойылғаннан кейін Вашингтон ғаламдық кеңістікте еркін жүріп, кен жайлауға көшті. Өзімен-өзі болып, Ресей ішкі қайшылықтарымен арпалысып жатқанда, АҚШ талай елдің тамыр бүлкілін тындап, өзіне қарай жәукемдеп те үлгерді. Келісімге келгеніне аса қитықпай, ыңғайға көнбегеніне қаһарын төгіп, саяси ойындардың қақпақылына айналдырып жататыны да сол. Онтайына келмеген тұста ондай әдістерді Қазақстанға да қолданғысы келеді. Демократияны, адам құқығын желеу етіп, сын тезіне алуының астарында да осындай пиғыл жатыр. Әйтпесе, АҚШ-тың өзінің Ауғанстанға, Иракқа қарсы қимылы демократияның шеңберіне сыя ма?

Задында, әрбір тәуелсіз мемлекеттің өзіндік ұстанымы болуы заңды. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстан да өз жолынан жаңылуға, ұлттық мүддеге келгенде ұтылыс табуға құлықты емес. Мемлекет басшысы Алматыда өткен Еуразиялық экономикалық саммит барысында осы орайдағы елдің өзіндік ұстанымын баршаға құлаққағыс еткен-ді. Елбасының: "Демократияның атын жамылып, біз жүргізіп отырған саясатқа айтылған сынға, елдің ішкі ісіне араласуға жол берілмейді", дегені де жиі "ақыл үйреткісі келетіндердің" ауылына қарай бағытталған сөз еді. Мұның алдында ғана Елбасы АҚШ-тағы демократияға еліктеп, аласұрмаймыз деген ойын да ортаға салған-ды. Бұл да өз кезегінде Қазақстанның мейлінше өзіндік ұстанымы, өзінің бағыт-бағдары бар екенін айғақтаса керек. Осындай сыртқы ықпалды күштердің әрекетінен кейін тәуелсіз елміз, өркениетті елдердегідей әлеуетті қоғамда неге өмір сүрмейміз дейтіндерге сәл сабыр сақтауларына тура келеді.

АҚШ-тың тізгінін соңғы уақытта ұстағандардың ешқайсысы да Дуайт Дейвид Эйзенхауэр бола алмайтыны мәлім. Ол АҚШ президенті болып сайланғаннан кейін корей соғысын тоқтатып, Вьетнамға әскер жіберуден бас тартты. "Бірде-бір халық тек қана өзі үшін өмір сүрмеуі керек. Егер басқа халықтар өркендемесе, онда Американың гүлденуі де ұзаққа бармайды" деген де Дейвид





Эйзенхауэр болатын. Клинтонның да, кіші Буштың да кимыл-әрекеті бұл ұстанымнан алшақ жатыр. Әсіресе, соңғысы Ақ үйдің шамшылдығының арқасында шама-сы келгенше төрткүл әлемді уысында ұстағысы келетін іспетті. Вашингтонның "айтқанына көніп, айдауына жүрген" елдің түпкі болмыс-бітімінен ажырап, тәуелсіздігін тәрк ететіні де сөзсіз. АҚШ әкімшілігі осы ыңғайда кейбір елдерді "тәубесіне түсіру" үшін "демократиялық, халықаралық стандарттар" әдісін пайдаланады. Ал Қазақстандағы кейбір күштер осы саяси ойынға "өзіндік үлес" қосып, сол арқылы елде тезірек "демократиялық жұмақ" орнатқысы келеді. Олар "ғажап өмірдің" бірден орнай қалмайтынының заңды екендігін де біледі. Бірақ жалған намысын жығып бергісі де жоқ, саяси баққұмарлығын енсере алмай да өлек. Әйтпесе, "бөліп ал да, билей бер" деген ұлы державалық ұстанымнан сан мәрте таяқ жеген жоқпыз ба?

Сыртқы ықпалды күштерге иек артқан жұрттың асығы алшысынан түседі деп кім айта алады? Тылсым тарихтың терең қойнауына бармай-ақ, кешегі мен бүгінгі сараптасак та жетіп жатыр. Кеңес Одағының айқара ашқан құшағының арқасында "социализмді орнықтырамыз" деген ауған елі әлі соғыстан көз ашпай келеді. "Саддамның содырлығынан зардап шектік" деген Ирак халқының да ендігі жерде тіршілігі "мәңгілік мәселелердің" қатарына қосылған-сынды. Гаитидегі ішкі бүліктің кесірінен елге сырттан әскер енгізілді. Осыдан-ақ сыртқы ықпалды күштерге сүйенгендердің ішінен маңдайы жарқырап, айы оңынан туғандарын кездестіру қиын екендігін пайымдауға болады. Задында, адамзаттың бір бөлшегі саналатын, өзін-өзі құрметтейтін кез келген халық "өз қотырын өзі қаситыны" түсінікті. Ал жеке өзінің билікке деген шамшылдығына бола алыстан "көке" іздегендердің қайта елдің алдында да қадірі кетеді. Олар қашанғы арызданып, қит етсе "көкелеріне" қарай жүгіре бермек?

Өзінікін елемей, басқа жұрттың бақшасына көз сатудың ақыры қайда апарып соқтыратынын баба-тарих баяғыда-ақ баяндаған. Өзін-өзі қамшылаудың арқасын-





да ғана биік белестерден көрінуге болатынын өмір тәжірибесі айғақтайды. Сол себепті аяқ асты таусыла сөйлеудің жөні жоқ. Бүгінде кемшін жақтарымыз да жеткілікті, тәуба етер тұстарымыз да аз емес. Қайсысының ара салмағы қандай екендігі салыстырудан туындайды. Басқа емес, бұрынғы кеңестік кеңістікте шүкіршілік ететін жағдайымыз бар. Бірақ, бұл да астамситын асқақ белес емес. Атқарылған істен бітпеген шаруалар бастан асады. Жеке мүдделер арасындағы мүдделер қактығысынан елдік мәселесін биік қойған кезде оның өзіндік шешімін табатыны да даусыз.

"Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек", дейді қазақтың ұлтжанды қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы. Бүгінгі гәптің төркіні де, саясаттың бүлкілі де осында. Саяси баққұмарлық пен әлеуметтік алауыздық белен алған тұста елдің ішінде берекесіздік белен алуы да ғажап емес. Әрине, "ел бүлінбесін" деген жалған тірлікті малданып, жауырды жаба токудың да ақыры ұшпаққа шығармайтыны сөзсіз. Оның сыртында елдің ішкі жағдайын басқалардың ықпалымен қалыпқа саламыз деудің өзі асылық, қажет десеніз мемлекет құраушы тұтас халықтың мақсат-мұратын, абырой-беделін аяқ асты ету болмақ. Сонда "бесінші колонна" сияқты сырттың көмегіне ұмтылып отырғандар қандай мүддені көздейді? Олар үшін ел бірлігінен гөрі жеке биліктің жоғары болғаны ма?

Қазақстанда басқаның қолшоқпары болып табылатын "бесінші колоннаның" қаупі төніп тұр деп айтуға болмайды. Әйтседе, елдің тұтас қауіпсіздігі жөнінде ойланатын тұстар бар. Қалай болғанда да қазақтың шанырағына "жұмақты" Сэм ағай, болмаса Ваня ағай келіп орнатып бермейтіні — басы ашық мәселе. Өз тағдырын басқалардың қолына қазақ халқы сеніп тапсырып көрді ғой, жарылқайтын болса... Не болса да "жақсылық көрсем өзімнен, жамандық көрсем өзімнен"...

2004 жыл





Мәләдес, Миттал, Машкевич!

Қуанып отырмын. Әлемге әйгілі "Форбс" журналында жазылғандай, қазақ жерінен де ғалам мойындаған миллиардерлер шығып жатыр. Күллі дүние жұртшылығы енді Қазақстанды түгел танитын болады. Миттал мырзаға мың да бір рақмет, бала-шағанның, байлығының рақатын көргір. Алпыс екінші орыннан соңғы бір жылдың ішінде дәулетін төрт есе өсіріп, 25 миллиард долларға жеткізіп, үшінші орынға бір-ақ секірген. Мәләдес, Миттал мырза! Шикізат арқылы болса да ол ақылымен ақша тауып жүрген Билл Гейтс пен Уоррен Баффеттен кейінгі орынға орнығыпты.

Бұрын-сонды айтатынбыз, елдің атын ер шығарады, одан кейін спортшылар ғана әлемге танытады деп. Ничего подобного. Миллиардерлердің арқасында да елдің атын аспандатуға болады екен. Құдайға шүкір, Қазақстанның аты қазір асқақтап-ақ тұр. Бұрынғыдай атыңды шығару үшін жер өртеудің қажеті жоқ, атыңды аспандатамын десең, ақша тап. Қандай жолмен болса да. Миллиардер болсаң, күллі әлем мойындайды екен. Әйтпесе, бұрын-сонды Митталды білсе, үндістандықтар, әрі кетсе тұманды Альбион жұрты, мықтағанда бүкіл Еуропа халқы білген шығар. Ал бүгінде адам аяғы тиген, ақпарат жететін кеңістіктің бәрі Лакшмидің байлығынан түгелдей дерлік хабардар. Миттал мырзаның байлығы арқасында Қазақстанның данқы да, аты да төрткіл дүниеге жайыла бастады.

Байлығы болмаса, Александр Машкевич мырзаны кім білер еді? Ол Бішкек университетінде студенттерге ғылым кандидаты ретінде дәріс оқып жүре берер ме еді, кім білсін? Оқытушы болып жүрсе, Астананың как ортасынан анасының атына арнайы синагога салу деген қайда? Елордада ғана емес, өзінің өндіріс ошағы орналасқан Ақсу қаласында да Машкевичтің арқасында си-





нагога бой көтерді. Бизнесінің жолына түспесе, жұртқа қайырымдылық жасау түгілі жеке бастың тірлігімен әлек болып кетпеуші ме еді? Қырғызстандағы кешегі "түрлі-түсті төңкеріс" тұсында Әлекене "толпаның" таяғы тиіп кетуі де мүмкін еді-ау. Ал бүгінде Машкевич дегеніңіз әлем еврейлері арасындағы ықпалды тұлғалардың біріне айналды. Ол Еуразиялық банк Директорлар кеңесінің төрағасы, Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығының президенті, Қазақстан Еврейлер конгресінің президенті және тағысын тағылар.

"Израиль – барша еврейлердің тарихи Отаны. Израильдің гүлденуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймын", дейді Машкевич мырза. Несі бар, миллиардтары асып-төгіліп, кемерінен асып жатқанда Отанына көмектеспей қайтеді. Басқа жерде тапқан-таянғанын төл мемлекетіне тасып жатқан Машкевич сияқтылардың ұлтжандылығына қалай риза болмассын. Ал біздің бизнесмендер Отанына көмектеспек түгілі, қайта оның дәулетіне өздері сұғанақ қолдарын сұғып отырған жоқ па?!

Машкевичтің бизнестегі серіктері Патох Шодиев пен Алиджан Ибрагимовты бұрын-соңды кім білетін еді? Олар да қазақ жерінде "движение" жасап, дәулет жиғанының арқасында дүниеге танылды ғой. Әйтпесе, кәсіпкерлікке тұсау салып отырған Өзбекстанда жүре берсе, Гиннестер кітабына ену өні түгілі түсіне кіруі де неғайбыл-ау.

Нарық шіркін талайдың томағасын сыпырып, әлемге аттарын мәшһүр етті. Оған қоса Қазақстанның байлығы да талайдың "бағын" ашты. Сол байлық арқылы бұрын беймәлім жандар рекордтар жылнамасына енді. Қысқасы, баюға мол мүмкіндік туған кезең болды ғой қазір. Байлардан баяғы кеңес өкіметі тұсындағыдай "енбектен тыс табыс" деп ешкім анықтама сұрап жатқан да жоқ. Рақат. Капитализмнің заңы сол – қалай да баю. Байығаннан кейін сен дүниені қалай жинадың, оны сұрайтын адам болмайды. Тек қызғаныштан іші өртенетін кейбіреулер болмаса. Жалпы, біреудің қалтасындағы қаржыны санау негізі жақсылықтың нышаны емес...





Қазақстаннан миллиардерлер шыға қойып еді, бүкіл бұқаралық ақпарат құралдары жерден жеті қоян тапқандай шуласа жөнелгені. Құдды солар журналист байғұстардың қазынасына қол салғандай. Тіпті, жазған журналистер миллиардерлермен бетпе-бет кездескен де емес, олардың түр-түсін тап басып танымайды да ғой. Сырттай тон пішеді-ақ. Ой, кейбір журналистер қызды-қыздымен "олар Қазақстанның байлығын сатып байыды" деп те соқты-ау. Қызық, сатып алу, сату капитализмнің басты заңы емес пе? Кім айтты, Қазақстанның байлығы деп? Қазақстанда байлық бар ма? Халықтың соңғы байлығы – Жерге дейін де жекешелендіріліп кетті емес пе. Тақ что, бүгінде бәрінің иесі бар, қожайыны бар. Сол себепті байырғы мемлекеттікі, халықтікі дейтіндердің бәрі жаппай нарық заңдылығына сәйкес жекешелендірілді. Абстрактілі түрде баяғыша "біздікі" болғанымен, қазіргі кезде "киіз білектінікі". Ел байлығы басы бүтін миллиардерлердің құзырына көшкелі қай заман? Гәп қалай көшкенінде емес, мәселе де-факто байлықтың солардың құзырында екендігінде.

Осы жұрттың қараптан-қарап отырып миллиардерлерге жауыға қарайтыны түсініксіз. Ауадан ақша жасау мүмкіндігі алдан шықса, оны кім пайдаланбас дейсің?! Оның үстіне "өл, деген өкімет жоқ", қайта ол "өз күніңді өзің көр" деп отыр емес пе. Елдегі бизнес пен кәсіпкерлікті дамытуға байланысты гәптің төркіні Парламент депутаттарында. Заңды қабылдайтын солар. Орындайтын Үкімет. Болмаса, керісінше. Заңды жазып беретін де, оны өзі атқаратын да Үкімет. Ал Парламент сол әзірлеп берген заң жобасының түсіп қалған үтір, нүктесін түгендеп, кей тұстарына техникалық тұрғыдан өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, атқарушы билікке қайта ұсынады. Өйткені, ауқымды мәселелерді көтеруге Парламент депутаттарының әлеуеті жетпейді. Қазіргі қазақстандық бизнес әлемінің заңдық қаңқасының бәрі Парламентте жасалады. Ал миллиардерлер сол жасалған мүмкіндікті ілкімділікпен игеруші жандар ғана...

Қалай болғанда да мәләдес, Миттал, Машкевич деп айтса жарасады.

2004 жыл





Ельцин феномені

Борис Николаевичтің беделі уақыт алға жылжыған сайын биіктеп бара жатқандай. Қазіргідей қоғамның қарбалас тұсында, басқалай айтқанда, өтпелі шақта тіпті жоғары болып тұр. Соның әсері болу керек, бүгінде "Ельцин феномені" кезіндегі кеңестік кеңістіктегі елдерді емін-еркін кезіп жүр. Кезетін де жөні бар, ТМД аумағындағы елдерде билік басына біртіндеп жана буын өкілдері келе бастады. Украина мен Грузиядағы биліктің ауысуын сабақтастық дегеннен гөрі бәсеке барысындағы бұрынғы биліктегілердің жеңілісі деп бағамдауға болатындай. Леонид Даниловичтің үміт артқан ізбасары сенімнен шықпай, Янушкович үлкен тұғырға қонақтай алмады. Ал Эдуард Амбросиевич орнын басатын тұлғаға тіпті таңдау жасап та үлгермеді. Бұл жағынан алғанда Әлиевтер әулетінің жолы болды деп айтуға болады, бірақ саясат сахнасында тәжірибесі шамалы кіші Әлиевтің биліктегі ғұмыры қаншалықты ұзақ болмақшы?

Ал Асқар Ақаев қолындағы тізгіннен аяқ асты айырылып қалды. Ізбасар таңдау түгілі қырғыз елінің басшысы туған елінен өзер қашып құтылғандай күй кешті. Александр Лукашенко мен Ислам Каримовке де алыстағы алпауыт елден еміс-еміс жетіп жатқан ескертулер де бір күні болмаса, бір күні олардың билік атаулымен қоштасуға тура келетінін меңзейтін тәрізді. Өмірінің ақырына шейін билік жүргіземін деген "бүкіл түркімендердің атасы" да соңғы кезде сайлау өткізу жөнінде ауық-ауық айтып жүр. Сол себепті саясат сахнасындағы сабақтастық дегеніңіздің бүгінде билікті ұстап қалудың жалғасы болып тұрған жайы бар. Онысы заңды да. Әлі толыққанды демократиялық жүйе орнығып, биліктің қалыптасқан қағидасы қатайып болмаған қоғамда басшылар ертеңгі күніне айрықша алаңдайтыны мәлім. Әрине, оның объективті, субъективті себептері жетіп артылады. Оған қоса елдің үлкен креслосымен қошта-





сып бара жатқан кісі өз артынан бықсыған шаланын болмағанын, артынан келген кісінің "ор қазбағанын", "отбасының" тірлігіне сұқтанбағанын қалайтыны айтпаса да түсінікті. Сондықтан да билік мерзімі аяқталар тұста мемлекет басшыларының "ізбасар формуласы" ең үлкен бас ауырып, балтыр сыздатар көкейкесті мәселесіне айналып шыға келеді. Бұл мәселеге келгенде асығы алшысынан түскен ресейліктердің Б.Н-ны барынша құрметтейтіні де сол. Жерлестікке тартып, ізбасарды Свердловск элитасынан емес, ел мүддесіне бола тарихи шаһар Санкт-Петербургтен іздеп тапты. Үкімет төрағасы болғанға дейін бұрын-сонды жұртқа беймәлім болған барлаушы Путин Ельциннің таңдауының арқасында такка отырды. Ұлт мүддесі тұрғысынан байлам жасаған экс-президенттің таңдауына қазір ресейліктер де аса сыйластықпен қарайды.

Журналистік күнделік бетінде 2003 жылдың 2 шілдесінде төмендегідей жазу таңбаланыпты. Зейнеткер Борис Николаевичтің елордаға қыдырыстап жүріп ат басын тіреген сапары болатын бұл. "Ельцинмен кездесуге еркімен келгендер" деп жазылыпты кездесу жайынан мағлұмат беретін ақпараттың шекесіне. Бәлкім, бұл кездесулер мен жиындарға ылғи жұртты зорлап әкелетініне байланысты ойдан туындаса керек-ті. Оның үстіне осы жолы өшейінде басқосудан қашып кетуге бейім жастардың да тұяқ серіппей ұзақ отырғаны, үлкендер жағының да үлкен төзімділік танытқаны, қысқасы, бұл жасы да, жасамысы да Ресейдің экс-президентін табандап үш сағатқа жуық күткенімен де астасып жатыр. "Тірі Ельцинді" көруге университет профессорларынан бастап талапкерлеріне дейін тайлы-тұяғы қалмай жиналған тәрізді. Алып елдің тәуекелі мықты бұрынғы президентіне деген қызығушылық әлі де басым болып шықты. Билік тізгінін өз өкілеттігі аяқталмай жатып аманаттау Борис Николаевич сияқты мінезі күрделі тұлғаның ғана қолынан келсе керек-ті.

Бәзбіреулер оның пенделік іс-әрекеті туралы пәленпәштуан десе де, Ельциннің билікті сенімді қолға тапсыруы құрмет көрсетуге тұрады. Ең жөндісі – тізгінді дер кезінде аманаттаған дұрыс-ау. Алып мемлекеттің





бұрынғы басшысының іс-әрекеті осыны меңзейді. "Тапсырдым саған, Володя, ие бол Ресейдің билігіне!" деді де, Борис Ельцин он жылға жуық ұстаған билікті бір-ақ күнде аманаттап кете барды. Кейбіреулер айтып жатады: "Биліктің бір дәмін татқан соң өлмей кету қиын!". Бекер сөз екен. Адамына, адамның азаматтығына, өмірлік ұстанымына байланысты болса керек бар мәселе. Әйтпесе, Борис Николаевич те бұрын өзі көзі көрген "генеральный секретарлар" сияқты өле-өлгенше табандап отырып алуына болмайтын ба еді?!

Сөйтсе, Борис ақсақал өзі оншалықты дүние жинамаған жан екен. Әу басында арсың-гүрсің орыс мінезі, ептеп ішімдікке жақындығы туралы өсек-аяң өрбігені рас, алайда оның алды-артынан бәзбіреулердей "әлемдік масштабтағы" әңгіме ілескен жоқ. Отбасы мүшелері де өздерін үлкен саясаттан аулақ ұстады. Қызы Татьяна саясатқа араласқан болып еді, қолынан келмеді ме, әлде абыройсыздыққа ұрынатынын сезді ме, әйтеуір саясатпен ат құйрығын үзісті. Әрине, пенде болған соң Николаевичтің де осал тұстары бар шығар, ол кімде жоқ дейсіз?! Бірақ елдік, ұлттық мүдде тұрғысынан алғанда оған кінә қою қиын. Тіпті Ельцин Ресей тізгінін ұстаған тұста елдің экономикалық әлеуеті әлжуаз болғанымен, әлемдік аренадағы айбыны, шамшылдығы күшті-тұғын. Борис Ельцин тұсында Ресейге тарпа бас салуға, оны окшаулауға Батыс әлемінің тәуекелі бара бермейтін-ді.

Билікті сенімді ізбасарға тапсырған Ельцин мырза енді емін-еркін алыс-жақын елдерге ат арылтып, саяхаттап жүр. Екпіні әлі бәз-баяғы қалпында. Борис ақсақалды қай жерде де ұлығы да, қарапайым халығы да құшақ жая қарсы алады. Осы жазда ғана экс-канцлер Гельмут Коль досымен көлден балық аулаған. Оның сыртында Мәскеуде өтетін салтанатты жиындардың да ең ортасындағы Борис Николаевичтің орны бөлек. Үстіміздегі жылы ақпан айында Ресей Қарулы күштерінің мерекесіне арналған салтанатты жиын кезінде Владимир Путиннің экс-президентке бұрылып келіп арнайы сәлем беруінің өзі соңғысының елдегі беделінің биіктігін көрсетсе керек.





Шынында да, Ельциннің абыройы мен беделі президенттікті Путинге тапсырғаннан кейін бұрынғыдан да арта түскендей. Саясаттың сан түрлі сокпағынан, өткелегінен өткен Борис Николаевичті ішкі түйсігі алдамапты. Қазір Владимир Владимировичтің басқаруындағы Ресей байырғы билік кеністігіне қайта көтеріліп, әлемдік аренадағы асқаралы асуын біртіндеп бағындырып та келеді. Билік тармақтарын шашау шығармай уысында ұстаған Путин экс-президенттің таңдауы өзіне бекер түспегендігін іс жүзінде дәлелдеу үстінде. Ельциннің осы таңдауын елдіктің, ерліктің белгісі емес деп кім айтады?!

Әрине, әрбір мемлекет басшысы билікпен қоштасар сәтте өзіндік таңдау жасайтыны, іштей болса да ізбасар болуға осы лайық қой деп белгілі бір тұлғаға сенім артатыны да мағлұм. Алайда, осы таңдау қарақан бастың камы үшін емес, елдік пен ұлттық мүдде тұрғысындағы темірқазыққа байланып жатса, кәнекей. Қалай болғанда да, соңғы кезде ТМД кеңістігіндегі кейбір басшыларды "ізбасар формуласы" қатты толғандырып жүргені атқамінерлерге ғана емес, қалың жұртқа да мәлім болып қалды. Аталған формуланы әркім өзінше шешуге ұмтылып бағатыны, ретті жерінде өзіне қарай икемдейтіні тағы белгілі. Әйтсе де, түпкі нәтижесі қалың бұқараның көңілінен шыкса болғаны да. Басқасын қайдам, Ельциннің таңдауына әлі күнге күмәнмен қараған адам жоқ. Соған қарағанда, бүгінде Борис Николаевич байламының бағы асқактап тұр деп айтуға болатындай. Оның үстіне Ресей басшысының аты-жөнімен сынарлас болып келетін ВВП аббревиатурасы президенттің жеке басының дәулетіне қатысты емес, ел экономикасының өркендеуіне қатысты айтылып жүр. Сыбайлас жемқорлықтан өбден зәрезап болған ел дәулетке құнықпағандарға құрметпен қарайды емес пе. Путиннің айдарынан жел есіп тұрғанының себебі де сол. Олай болса, қайсы қоғамда да Ельцин мен Путинге "болмаса да ұқсап бағатындар" шоғыры көбейсін делік. Сонда ғана жүгі ауған мемлекеттің ауы мен бауы түгенделіп, қалжыраған елдің ішіне қалжа байларлық жағдай пайда болады.

2005 жыл





Абайсаясаттан қашан арылар екенбіз?..

Кейде Ресейде Солженицын мен Жириновский сияқтылардың бар екендігіне шүкіршілік етуге тура келеді. Оның бер жағында Рогозин мен Дугинге де сан мәрте "алғыс айту" қажет, аракідік болса да қазақтардың ұлттық сана-сезіміне "атойлап" тұратын. Егер олар болмағанда, қазақтың санасы бәз-баяғы мамыражай қалпында қала берер ме еді, кім білсін. Өйткені, орыс шовинизмі ойсырап қалған санамыздың ми қатпарында қопарылыс жасап, қалғып бара жатқан ұлттық рухымызды қозғалысқа әкеледі. Ал ұлтшылдықтың дүмпуі қазіргі сәтте қазаққа өте-мөте керек болып тұр. Ұлтшылдық демекші, бұл кейбір өктемсіген ұлттар іспетті қазақтың қанында өне-бойы тулап жататын қасиет емес. Ол бар болғыр да ең соңғы, қазақтың төзімі таусылып, сабыры сарқылған сәтте ғана бой көтереді. Намысына тиіп, рухын әбден сілкілегенде ғана барып, қазекен әруақтанады. Қазақ даласының түкпір-түкпірінде болған ұлт-азаттық көтерілістер жылнамасы осыны айғақтайды. Күні кешегі Желтоқсан көтерілісі де шыдамның шегіне жеткендігін дәлелдеді. Міржақып Дулатұлының кезінде: **"Бізді ұлтшыл қылған — кемдікте, қорлықта жүргеніміз, көрінгеннен соққы жегеніміз"** деп айтып жүргені де сол. Кемсіткеннен кейін, қорлаған соң, соққысы өтіп бара жатса ұлтшыл болмағанда қайтесің?

Қазақ жұрты сан тұста кемдік көргенімен, қайсыбір заманда да кендігінен, дархандығынан айныған емес-ті. Қайта өмір бойы солардың зардабын тартумен келеді. Тәуелсіздікке қол жеткізген қазіргі кезде де ұлт мәселесінің жоқ-жітігін түгендей алмай әлек. Әлі де бас-





ка жұрт өкілдерінің көңіліне қарау мен соларды өкпелетіп алмаймыз ба деген қорқасоқтық басым. Жылдар бойы желкеге мінген орыс шовинизмі қазекенді әбден жасқап тастаған, жігері басылған, үміті сөнген, "аш бөледен қаш бөле" тәсілін ұстанған кейіпте. Өзіне тиесілі құқығын жүзеге асыруға төл мемлекетінде отырып, басқа диаспора өкілдерінен соншалықты неге именетіні түсініксіз...

Билік ұлт мәселесінің биік мінберлерден айтылуына аса құлықты емес, қазақ мүддесіне келгенде іргесін аулақ салуға бейім. Мемлекеттік тіл мәселесінің базар тілінен аса алмай, батпақтап жатқаны да сол. Ұлттық идея төңірегіндегі ойлардың "кенестік" деген тәрізді "қазақстандыққа" қарай ауыса беретіні де ресми биліктің шектен тыс абайсаясатын аңғартады. Саны алпыс пайызға қарай аяқ басқан қазақ ұлтының қоғамдағы әлеуетті күш екендігіне керенау кеңселердің әлі де көзі жетпей жүр. Әйтсе де, қазақ жұртының өзекті проблемасы күн ауа болса да күн тәртібіне қойыла бастағандай. Соңғы кезде қоғамдық пікірдің ауаны ұлт мәселесінің ауылына ауық-ауық ат шалдыратынды шығарды. Задында, оның төрт құбыласының түгенделуіне әлі талай уақыт керек екендігі белгілі. Десек те, сең қозғалған тәрізді...

Олқы түсіп жатқан ұлттық, елдік мәселелерге ұйытқы болар саяси ұйымды да табу қиын. Саясаткерлер түгелдей дерлік интернационалист, кешегі кенестік дәуірдің "батасын алғандар". Кезінде "Алаш" рухын аңсап жүрміз" деп жазғанымыз да сондықтан еді. Ұлт мүддесінің жанашыры дейтін тұлғалардың өздері аталған мәселені сөз жүзінде ғана айтады, ал қағаз жүзінде таңбалауға тәуекелі бармайды. Қазаққа бүйрегі бұрады деген "Азат"-тың басынан бақ тайып, кейіннен партияға айналған "Алаш"-тың тарихи сахнадағы ықпалынан айрылғанына да талай жыл дөңгеледі. Ал қазіргі кезде ұлт мүддесін ұлық етпей, саяси партиялардың да жолы оңғарылмайтыны айқындалып келеді. Саясаттанушы Әзімбай Ғали: "Біздің либерализм, яғни демократияла-





ну қазақтың мүддесін еске алмайды. Қазақтың тілін, дінін қорғайтын ниеті жоқ. Яғни, бұл партиялардың – қазақты ту қылып көтермеген партиялардың болашағы жоқ" екендігін алға тартады. Біздің қозғап отырған мәселеміз де осы: қазақ мәселесін назардан тыс қалдырған партиялар сайлау додасында электораттың қолдауына ие бола алмайды.

Биліктің өзінің ішкі есебі бар делік, ал оппозиция атаулының өзі де тікелей қазаққа қатысты мәселені қалтарыста қалдырғысы бар. Олар демократиялық қоғам мен адам құқы мәселелерінің арғы-бергі тарихын қозғап, қауғағанда керемет-сынды. Бірақ, қай-қайсысы да өз бағдарламасында тікелей қазақ ұлтына басымдық бергісі жоқ. Саясаттанушы Берік Әбдіғалиев: "Билік те, оппозиция да ұлт мәселесін, анықтап айтар болсақ, қазақ ұлтының мәселесін айналып өтуде. Мысалы, ҚДТ жабылды, ал халық ештеңе болмағандай бей-жай. Өйткені, бұл партияда ұлттық деңгейінде көтерілген ұран жоқ". "Жүз мың мүшесі бар" партияның жоқтаушысы болмауының себебі де қалың жұрттың көкейіндегі мәселені қозғауда олқылық танытуында болып отыр. Бұл төңірегінде ішкі-сыртқы саясаттың ұңғыл-шұңғылын терең білетін саясаткер Болатхан Тайжанның айтқанында да ақиқат басым. "Біздегі оппозиция өкілдерінің барлығын танымын, бәрімен аралас-құраластығым бар. Олардың көпшілігі ұлттық мәселені жалпылама айтады. Егер осы ұлттық мүддені басты мақсат етіп ұстанса, ойларын ашық білдірсе, қазақ халқының оларды қос қолын көтеріп қолдап шығатыны анық. Қазақстандық оппозиция, ең алдымен, қазақтарға жағуы керек". Түптеп келгенде, халықтың қолдауына ие болғысы келетін саяси партиялар қызметінің бағыты жинақтала келіп, ұлттық мүддеге қарай ойысады. Ендеше, алдағы уақытта қазақ ұлтының көкейіндегіні дөп басқан партиялардың ғана аты бәйгеден келетіні сөзсіз.

Украина кенестік кеңістіктегі елдер ішінде батысқа біртабан жақындығын көрсеткені баршаға мәлім болды. Батыстың Ющенкоға бүйрегі бұрғаны, кешегі-





бүгінгі поляк басшыларының күн құрғатпай ресми Киевке ат шалдырғаны, оның сыртында жалпы Батыс әлемінің оппозиционер Ющенкоға қолдау көрсеткені – бәрі-бәрі саясаттың жылға-жылғаларында жалғасқан ықпалдасу әрекеті делік. Алайда, сайлау науканындағы түпкі барометр украиндықтардың өздері болғаны айдан анық. Табандылық пен ұлт мәселесіне келгенде биік рухын танытқан украиндар арандатушылыққа да бой берген жоқ. Ұлт мәселесіне келгенде, халықтың біртұтастығы байқалды. Біз президенттік сайлау барысында украиндардың бұрын-соңды өзіміз байқай бермейтін жаңа қырларын танығандай болдық. Орыстармен түпкі атасы бір болғанымен, жеке ұлттық мүддеге келгенде елдің арман-мұратына адалдығы көрінді. "Меніңше, Украинадағы президенттік сайлау бір-ақ нәрсені көрсетті. Егер кандидат ұлттық мүддені ту қылып көтермесе, ұлттың тілінде сөйлемесе, ол қолдау таппайды", дейді Украинадағы президенттік сайлауға тәуелсіз бақылаушы ретінде қатысқан саясаткер Дос Көшім.

Сонымен, казак қоғамында ұлттық мүддеге басымдық беретін саясаткерлер мен саяси партияларға деген зәрулік мәселесі күн тәртібіне өткір қойыла бастады. Электораттың қолдауына ие болғысы келетін тұлғалар мемлекеттік тілдің дамуына, ұлттық идеологияның қалыптасуына, казак мемлекеттілігінің қанат жаюына мүдделілік танытуға мәжбүр болмақ. Бұрын-соңды казак мүддесіне қырын қарайтындардың көзқарасына бәлкім, енді өзгеріс енетін шығар?

2005 жыл





Мүмкіндік пен бар шындық

"Великой нацией нас делает не наше богатство, а то, как мы его используем".

**(Теодор РУЗВЕЛЬТ,
АҚШ-тың 26-ншы президенті)**

"Біздерде мынандай бар, мынандай бар". Шүкір, Сұлтанмахмұттың кейіпкері айтқандай, бізде барлығы да бар. Әлемде жер көлемі жағынан тоғызыншы орынға табан тіреген қазақ жұртының табан астында талай байлықтың түрі жатыр. Кезінде Кеңес өкіметі тұсында "елімізде Менделеев кестесіндегі химиялық элементтердің бәрі бар" деп бәркімізді аспанға атып даурығатынбыз. Бары бар болатын, алайда сол қазынаның қожасы ол кезде мәскеулік мықтылар-тұғын. Сол себепті, бар байлықтың қызығын солар көріп, болмашы жұқанасы ғана қазақтың үлесіне тиюші еді. Кісідегінің кілті аспанда, сондықтан да жарымайтынбыз деп ойлайтынбыз. Сөйтсе, онымыз күпірлік екен...

Байлық демекші, сол бар болғырдың қазақтың қазіргі қоржынындағысын қал-қадарымыз келгенше журналистиканың есепке жүйрік сардары Камал Смайыловтың әдісіне салып, салмақтап көрелік.

Қазақстан әлемдік экономика ауқымында тауар рыногына мұнай, газ, кара, түсті, сирек кездесетін металдар, уран өнімін шығарады. Елімізде көмірсутекті шикізатының бірегей қоры бар. Барланған қор бойынша еліміз әлемде 13-орында екен. 250-ден астам мұнай-газ кеніші ашылған. Олардың ішінде 1 млрд. тоннадан астам мұнай қоры бар Теңіз кеніші; газ қоры 1,3 трлн. м³ және конденсат қоры 700 млн. тоннаға жуық Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кеніші; сондай-ақ, Кенбай, Жанажол, Жетібай, Қаламқас, Қаражанбас, Өзен, Құмкөл кеніштері бар. 2000 жылы Солтүстік Каспий қайранында ірі мұнай кеніші (Қашаған) ашылды. Баға-





лаудың алғашқы кезеңінде кеніштің жалпы геологиялық қоры 38,4 млрд. баррель, ал өндіріп алынатын қоры 13 млрд. баррельге жуық деп шотқа түсті. Атырау облысындағы аса ірі кеніштер: жалпы қоры 800 млн. тоннадан астам Теңіз кеніші (оның бастапқы өндіріп алынатын қоры 700 млн. тонна), Королев кеніші (бастапқы өндіріп алынатын қоры 30,5 млн. тонна), Кенбай кеніші (30,8 млн. тонна).

Қазақстанда өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемінде түсті металлургияның үлесі — 11%. Өндіріс деңгейі бойынша еліміз әлемде тазартылған мысты ірі көлемде өндірушілер мен экспортқа шығарушылар қатарына жатады. Республиканың әлем бойынша мыс өндірудегі үлесі — 2,3%. Қазақстан темір кентасының қоры жөнінен әлемде 8-орында. Оның әлемдік қордағы үлесі — 6%.

Лондондағы Уран институтының есебіне қарағанда, әлемде барланған уран қорының 25%-ы қазақ жерінде шоғырланған. Біз тек жер асты қазба байлықтарының бастыларын ғана сөз етіп отырмыз. Әйтпесе, Менделеев кестесіндегі басқа элементтер де жеткілікті ғой. Оның сыртында экспортқа шығаратын астық сапасының өзі неге тұрады!

Барымызды базарлай білсек, арабтар сияқты шырт түкіріп, екі аяқты аспанға көтеріп жатпасак та, құрсағымыз тоқ жүріп, жұмыссыздық дегенге аса аландамайды екенбіз. Мүмкіндігіміз мықты, ал тұрмыстағы осының көрінісі, қоғамдағы бар шындық қандай? Елдің байлығының рақатын "мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық" көріп отыр ма? Жок па?

Басты гәп осында. Баяғыдай бар кінәні Мәскеуге арта алмайсың, бүгінде қасиетті қазынаның кілті қазақтың өзінде. Жарылқаймын десе де еркінде, шөміштен қағамын десе де өз құзырында. Әрине, оны "қалай бөлу керек екендігін" билік тұтқасын, қазанның құлағын ұстағандар біледі. Задында, бұрын-соңды шалқар байлықтың тұтқасына ие болып көрмеген керенау кеңседегі төрелер жағы өздерімен қосарлана қара бұқараның да мұрты майлануына қимастықпен қарайтын тәрізді ме, қалай. Қимағаны сол, ауылдағы зейнеткер мен қаладағы студенттің шәкіртақысына үстеме қосылатын болса, мемқызметшілер де қосақтаса жүреді. Бизнес саласын-





дағылар мен мұғалімдердің, дәрігерлердің жалақысының арасы жер мен көктей. Осылардың бәрін ортақ қазанға салып жіберіп, үкіметтегілер еліміздегі орташа жалақының мөлшерін жетістік ретінде дабырайтып айтады. Қызық-ақ, сонда тапқан табысын қаржыгерлер мен мұнайшылар дәрігерлер мен мұғалімдердің бала-шағасына бөліп бере ме?

Қазақ елінің әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына еруге ұмтылысы құптарлық-ақ. Алайда, биліктегі бәзбіреулер тойымсыздық дертіне ұшырап отырғанда, сыбайлас жемқорлық дерті өршіп тұрғанда, елуліктің ауылына иек арту алыстау сияқты. Бүгінгі қазақ байларының әрекеті де көктем шыға көзін арбаған көк шөпке ашқарақтықпен кірісіп, өзінің күпті болғанын байқамайтын ашкөз сиырдың қимылы іспеттес. Ашкөз сиырдың қарны жарылмас үшін ауылдағылар оның көкесін көзіне көрсетіп, камшының астына алып, атпен қуалайды емес пе. Ішкен-жегенінің біразын тастаған соң ашқарақ сиыр да ажалдан әупірімдеп аман қалады. Байлыққа бас ұрғандардың да пайым-түсінігі осы деңгейде. Олар тойымсыздықтың ақыры арылмас дауға, бойға біткен бейнетке апарып соқтыратынын шын түсінгенде қоғам түзеледі. Жеке өзі байып, ұшпаққа шықпайтынын, кісіге жасаған жақсылықтың Алладан да, адамнан да қайтарымы мол екенін пайымдаған сәтте ғана барып, қазақтың керуен көші өркениет жолына түседі. Мәдениеттілеу айтқанда, "бекіренің басы тасқа тимей қайтпайды". Тасқа тигенде, кеш болуы да ықтимал. Ол үшін "нақақ көзден аққан жастың" арқасында тапқан дүниесін заңдастырушылардың тәубаға түсіп, нағыз Атымтай жомарттардың дәурені туғанда ғана базардағы "тәшкі" сүйреген, болмашы тиын-тебен үшін кісіге жалданған жұмыссыз қазақтың бағы жануы мүмкін.

"Бәрін айт та, бірін айт", сөздің түйінін алпауыт АҚШ-тың 26-ншы президенті Теодор Рузвельт айтқандай, "Бізді ұлы ұлт ретінде байлығымыз емес, оны қалай пайдалана білуіміз әйгілейді". Олай болса, Рузвельттің айтқанын қазаққа қарай икемдейтін болсақ, қазақты "ұлы ұлт" ететін қыруар байлығы емес, бар байлықты орнымен кәдеге жарата білуінде болып шығады.

2006 жыл



A decorative rectangular border with intricate, repeating geometric and floral patterns, framing the central text.

*Бір сайлауым
бар...*



"Акулалар" сабылысы тағы басталды

*"Мына ғимаратта талай "акулалар" бар
шығар-ау, ә..."*

(Ауылдасымның әңгімесінен)

"Акулалар" демекші, "Парламент-аквариумда" талай-талай "акулалардың" бары рас. Алайда, сол "акулалар" нені азық қылады, қандай мінез танытады, кімнің сөзін сөйлейді, гәп сонда. Бәрін қылғытып, "жұта беретін" депутат-акулалар бар. Мәселен, ондайлар шамасы келсе мемлекеттік тілді де жұтып жібереді. Сондайлардың ықпалымен қазақ аквариумында "тілі жоқ" нағыз "акулалар" пайда болды. Олардың тілді жұтатыны осыдан үш жыл бұрын "Дипломатиялық қызмет туралы" заңды қабылдағанда-ақ көрінген. Сонда басқа емес, елді әлемге таныстыратын "дипломаттар мемлекеттік тілді білуі тиіс" деген тармаққа қарсы Аманжол Бөлекбаев бастаған сенаторлар өре түрегелген. Мемлекеттік тіл Сенатта кезекті мәрте осылай сүрінген. Қазақстанды қайдам, басқа елде дипломаттардың мемлекет тілін білмеуі нонсенс көрінеді. Ал, бізде парадокс. Қазақ тілі қараң қалса да, орыс тілі бар, одан қалса, ендігі жерде ағылшынға ауысып жатырмыз. Қазақстандық дипломаттар шетінен полиглот, қазақ тілінен басқасының бәрін білу міндетті. Қазақ тілін игеру "необязательно". Өйткені, бұл – Қазақстан.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Заңының жобасын талқылау барысында депутат Амангелді Айталының "Парламент депутаттығынан үміткер қазақ азаматтарының мемлекеттік тілді білуі міндетті" деген ұсынысы да өтпей қалды. Сөйтсе, бұл





кейбір депутаттардың пікірінше, оның ішінде Ғани Қалиевтің айтуынша, адам құқығын бұзу болып табылады екен. Тағы бір танданарлығы, орыстілді депутаттар қазақтар ана тілін білуі тиіс дегенге қарсылық танытты. Қарсылығы сол, бұл ұсынысты олардың ешқайсысы қолдаған жоқ. 23 депутат қарсы болған, яғни олар белгілі бір деңгейде аталған ұсыныстың қабылданбауына ықпал еткен. Сенаторлар Ю.Кубайчук, А.Гусинский мен Мәжіліс депутаты М.Трошихин ғана қалыс қалған. Мемлекеттік тілдің ертеңіне көз салатын болсақ, "қазақтың өз тілін өзіне қимау әдісі" жақсы үрдіс емес. Әлі де "өткен күннен қалған сыз бары" байқалады.

Сенаторлардың ішінде "мемлекеттік тіл айдынына қарсы жүзетін" Тасбай Симамбаев, Шәмсат Исабеков, Қуанышбек Бөлтаев, Нұрлығайым Жолдасбаева, Нүсіпжан Нұрманбетов, Жұмабек Төрегелдинов, Еділбай Иманқұлов, Зәуреш Батталова сынды "акулалар" бар. Ал Мәжіліс мықтыларының ішінде Ғани Қалиев, Жазбек Әбдиев, Серікбай Әлібаев, Владимир Асанов, Серік Қонақбаев, Төлебек Қосмамбетов, Рамазан Сарпеков, Мұхтар Тінікеевтер жүр. Жоғарыдағылардың көпшілігі қазақы ауылдың таза ауасы мен табиғатында өсіп-өнгендер болып келеді. Туған тіліне қарсы шыққандарды енді сайлаушылар "акулалардың" қандай санатына жатқызатынын кім білсін?

Толғағы бес жылда бір рет келетін Мәжілістің "бошалайтын" кезеңі басталды. "Бошалағаны" сол, қолды аяққа тұрмай, бүгінде "акула"-депутаттар ел кезіп кетті. Ауылдарына көптен бері ат ізін салмағандар соңғы кезде қыдырмашылықты жиілете бастады. "Игі бастамалардың" бәрі келесі шақырылымда атқарылатынын айтады енді олар. Халықтың тұрмысы жақсарсын десеніз, "именно" осыларға дауыс беру керек көрінеді. Алдағы уақытта "анық жарылқаймыз" дейді бесінші сессияны "неудка" бітірген депутаттар. Басқаны қайдам, "акулалардың" дөкейі Жармахан Тұяқбайдың өзі де жарылқай алмады. Төраға болып сайлана салысымен "Парламенттің өкілеттілігін кеңейтуге барымды саламын" деп





еді, онысы аяқсыз қалды. "Бұйырса, келесі жолы қатырамын" деп Жармахан Айтбайұлы қайта сайлауға түскелі отыр. Уәдесін орындай алмаған "акулалардың алыбы" қайта сайланар ма екен?

Енді депутаттардың бес жылға жуық уақыт ішіндегі атқарған шаруасына қайта оралайық. "Қанағаттанарлықсыз қызмет атқарды" деп айтуымыз бекер емес. Талай-талай пікірталастың тамызығына айналған "Жер туралы" кодекс те депутаттарға абырой әперген жоқ. Кодекс кімнің мүддесіне: бұқараның ба, әлде ат төбеліндей байлардың ынғайына кете ме, бұл да басы ашылмаған мәселе. Задында, оның ірі жер меншік иелері сияқты алып "акулалардың" сойылын соғатыны рас-ау, сірә. Әзірге халықтың негізгі күнкөрісі ауа мен суға тиіспесе де, "Парламент-аквариумдағы" "акулалар" құнарлы жерлерге де ауыз сала бастады. Ауыз салғаны сол, "Жер туралы" кодекстің қабылдануы осыны айғақтайды. – Бұл заң жер иелерінің құқын әлеуметтік қорғау және экономикалық құқықтарын қамтамасыз ету бойынша тиесілі шаралар арқылы бекітілмеген. Сондықтан да қоғамда жұртшылық тарапынан әділетті сауалдар туындап отыр, – дейді Мәжіліс Төрағасы Жармахан Тұяқбай.

Парламент "Тұтынушылардың құқын қорғау туралы", "Ана мен баланы қорғау туралы", "Ардагерлер туралы" Заң жобаларын да алдағы күндерге аманаттады. "Жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Заң жобасы да "жабулы қазан жабулы" күйінде қалды. Зейнет жасын төмендету мәселесі де, жана туған сәбилерге берілетін жәрдемақы мөлшері де шешімін таппады. Оның сыртында екінші шақырылымдағы Парламент депутаттары "Атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңды қабылдау арқылы әлеуметтік әділетсіздікке бастамашы болды. "Тауық пәленбай жұмыртқа табады, сиыр осыншама литр сүт береді, әр үйдің бау-бақшасы тұтас бір отбасын асырайды" деп шотқа қаққан депутаттар халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартқаннан гөрі қаңғыртуға, масылдыққа жағдай жасаған іспетті әсер қалдырады.





Акулалардың қатыгез түрі кездеседі деуші еді, депутаттардың осы әрекеті де соған үндесетіндей.

Депутаттық сауал дегеніңіз де қазақтың "түйе сұрағанмен, тайлақ ала алмайтын" тірлігі іспетті. Үкіметке үшбу хат жолдағандар қойған мәселесінің орындалмайтынын біле тұра, сайлаушыларының көңілін аулау үшін, "атқарып-ақ жатырмыз, қолымыз қысқа, енді бізге не дейсің" деген ниетпен жасалып жатқандары. Қолдарынан іс келмейтін болса, халқына қамқорлық жасауға құдыреті жетпейтін болса, жандалбасалап депутаттық мандатқа соншалықты неге ұмтылатынын түсінбейсің осындайда. Әлде, жеке шаңырағындағы "қара қазан, сары баланың қамы үшін бе?"

Парламент – тұлғалар-акулалардың, кәсібилердің ғана емес, принципшілдердің, ұстанымдылардың ордасы. Соңғы екеуі болғанымен, позициясы жоқ болса, депутаттардың табандылық таныта алмайтыны сөзсіз. Көп тұста Үкіметтің "айтқанына жүріп", "дегеніне көніп", мәселенің халықтың мүддесі тұрғысынан емес, атқарушы биліктің ыңғайына қарай шешіліп жататыны да сол. Депутаттардың партиясыз болғаны ештеңе емес-ау, ең бастысы позициясыз болмаса болғаны дейтініміз де сол.

Соңғы кездері Британияның Плимут қаласында ұлттық теңіз аквариумында робот-акула пайда болды. Сол сияқты қазақ Парламентінде де робот-акула іспетті заң қабылданар тұста дауыс беру нүктесін ғана білетін депутаттар да бар. Тозығы жеткен тетіктер осыны айғақтайды. Әсіресе, дауыс берудегі қос тетіктің "иә" деген нүктесі екіншісінен гөрі ерте тоза бастағандай. Қалай болғанда да, "Парламент-аквариумда" тіршілігін қайта жалғастыруға ұмтылған депутат-акулалардың тағы бір сабылысы басталды.

2004 жыл





Үкімет Үсенді неге ұнатпайды?

Кеңестік кезеңде "барлық жақсылық балаларға" болатын. Бүгін осы сөз тіркесіне заманына сай дәу бір анықтауышты қосып, "...байдың" балаларына" деуге тура келеді. Оның өзіндік мәні бар. Өйткені, қалтасында ақшасы жоқ, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыдан шыққан балалар ақылы білім бәсекесі белең алған қазіргі кезде жоғары біліммен қош айтысады. Бұған "білімі мықты болса, қорқатын несі бар" деп уәж айтатындар да табылар. Алайда, балалардың алатын білімі жеке басына ғана емес, кейде объективті, субъективті себептерге де байланысты болып жатады. Онсыз да биік мінберлерден ауылдық жерлерде білім сапасы қаланыкімен салыстырғанда төмен деп жиі айтылып жүр емес пе. Бұл басы ашық мәселе. Сол себепті, білім бәсекесінде шамалы орын үшін таласта талайдың бағы жанады деу де асылық болар еді. Грант пен несиеден күдер үзгендер ақылы оқуға қарай аяндайды. Әйтсе де, тұрмысы төмен отбасыларға оның да жеткізбейтін сынайы бар. Енді соған рет-ретімен тоқталып көрелік.

Үстіміздегі жылы елімізде тұңғыш мәрте өткізілген бірыңғай ұлттық тестілеуге республика орта мектептерінен 179 213 бітіруші қатысқан. Бұл мектеп бітіруші барлық түлектердің – 76,1 пайызы. Ал, қалған ширегіне жуығы өз біліміне сенбегендер немесе алған білімі "2" деген ауылға қонсы қонғандар. Басқалай айтқанда, кеңестік кезеңнің сөз саптасына саяр болсақ, соңғылары "ауылда қой бағатындар" санатынан. Бірақ, қойы құрғырың да ауылда жеке меншіктің иелігіне көшіп кетті ғой. Сол себепті, 43 мыңға жуық (!) мектеп бітіруші елдегі "бездельниктер" қатарын толықтырады.





Дипломдылардың өздері шарқ ұрып, жұмыс іздеп жүргенде, мектепті жаңадан бітіргендерді құшағын жайып күтіп отырғандар шамалы. Базардың төңірегі, сондағы арбалардың тұрағы болмаса. Бұл — "бісмілләсі". Оларға тағы көп ұзамай білім беру гранты мен несие-сінен күдерін үзгендер, яки тестілеуден "түк шықпағандар" шоғыры қосылады. Бұл — 74 359 түлек деген сөз. Осыншама мектеп бітіруші үстіміздегі жылы соңғы білім бәсекесіне — грант пен несиеге таласудан бас тартты.

Биыл бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысқандардың ішінен 104 854 талапкер ғана мемлекет тарапынан бөлінетін грант пен несие үшін бәсекеге түсіп, бағын сынады. Бағын сынағандар арасында тек 75 961-і ғана биылғы бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысқан. Қалған 28 893-і кешенді тестілеуден өткендер. Яғни, соңғылары өткен жылдары жолы болмағандар, яки орта арнайы оқу орнын бітірген түлектер. Сонда санамалап келгенде, биыл бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысқан 179 213 түлектің 75 961-і ғана грант пен несиеден үміткер болып шығады. Кім үміттенбейді дейсіз. Бәрінің де аспандағы айға қол созғаны сияқты, мемлекеттің өз ұлдарының ортасына тастаған көкпарына барын салып таласты.

Таласқаны бар болсын, 104 854 талапкердің бәріне бірдей грант пен несие қайда? Қазынасы мол үкіметтің білімге бөлген қаржысы басына тартса, аяғынан жетпейді. Биыл мемлекеттік білім беру гранты 12 776 адамға ғана арналған. Ал, білім беру несие-сі дегеніңіз бар болғаны 10 155 талапкердің ғана несібесіне бұйырды. Сонда "Талапкер-2004" деп жарнамалап, әйгілейтін талапкерлердің 22 931-і ғана жоғары оқу орнының студенттері санатын толықтырады. Қалған 81 923 "бал-мұздақ" мемлекет көмегінен күдер үзіп, өз тірлігін өздері қамдай беруіне болады. Қазақстан Үкіметі болса, грант пен несие үшін бәсеке республика бойынша орташа есеппен алғанда, бір орынға 4,6 адамнан келді, яғни бәсекелестік жоғары болды деген көтеріңкі көңіл күймен ақпарат таратты. Құдды қазекеннің бәйгеге үш





ат қатысып, үшінші орынды мақтан тұтатыны іспетті. Мемлекет тарапынан бөлінген грант пен несие бар болғаны 20 мыңның үстінде, оған бәсеке болмағанда қайтсін. Итке сүйек тастағандай тірлік демеске шара қайсы?!

Үкіметтің бөлген қаржысы нәсіп етпесе, талапкерлер ренжімейтін шығар. Бізде ең бастысы таңдау мүмкіндігі бар. Мархабатыңыз, ақша болса, ақылы оқуға құжат тапсыруға болады. Оны қалтасы көтермесе, әркімнің өз еркі өзінде. Ешкім талапкерді ақылы оқуға түсе ғой деп мәжбүрлемейді. Өйткені, Қазақстан нарықтық экономика елі ретінде халықаралық ұйымдар мойындаған мемлекет қой. Сол себепті, нарықтың талабына сәйкес "әркім өз күнін өзі көруге тиіс". Мемлекетке иек арта беруге болмайды. Үкіметтің ұстанымы осындай.

Қазекен туған баласынан несін аясын, қатарынан қалмасын деп жанталасады ғой баяғы. Қорадағы азынаулақ малды базарға саудалап, бар ақшаның ептеп басын құрап, баласын оқуға шығарып салады. Қазақтың тыраштанғандары балаларын ақылы оқытып жатушы еді осыған дейін. Енді онысынан да айрылғалы отыр. Айырғалы отырған басқа емес, туған Үкіметі. "Бесігінде түншықтырамынның" сынайы. Бұрын-сонды "модный" мамандықтарға оқыту бағасы жыл сайын 1000 доллардың ар жақ-бер жағы болатын. Келесі жылдан бастап осы мамандықтарға бағаның шарықтайтын түрі бар. Үкімет мүшелері алқалы басқосуларда жиі қайталайтын өздерінің есеп-қисабындағы "оң көрсеткіштерге" шын мәнінде сеніп қалған ба, енді оқуға да бағаны өсіргелі отыр. Етек-жеңін жинай алмай жатқан жұртқа тағы бір сокқы болатын болды.

Сөйтсе, келесі жылдан бастап жылдық оқу ақысы 1,5-2000 АҚШ доллары шамасына көтерілетін көрінеді. Шалғайдағы ауыл тұрғындарының ішінен ілуде біреуі болмаса, қайсысының екі мыңдық көк қағазды қалтасынан суырып беретіндей халы бар? Айтайын деп айтпайсың ғой, ашынғаннан айтуға тура келеді. Ана бір





жылы министр Гүлжан Қарағұсова ханым сиыр қанша литр сүт, тауық қанша жұмыртқа беретінін шотқа қағып, талай отбасын атаулы әлеуметтік көмектен айырып тастап еді. Сол сызба енді білім саласына енгізіле бастады. Қалын бұқара есін жияр-жимастан, әйтеуір Үкімет бір "сюрприз" әзірлей қояды. Әсіресе, олар білім саласында жетіп артылады. Құдай қаласа, енді халықаралық өлшемге — 12 жылдық білім беруге көшеміз. Алдағы уақытта қазақтың балдырғандары "түгелдей дерлік ағылшын тілінде ана тілінен артық сөйлейтін болады". Кеңес өкіметі тұсында орыс тілі арқылы коммунизмге жылдам жетеміз деп әжептәуір әбігерге түссек, енді ағылшын тілін игерудің аркасында жаһандану барысында ойып тұрып өз орнымызды табамыз деп жанталасудамыз. Осылайша, қазақтың өмірі қашанда жеке басына қайыры жоқ, әйтеуір жаппай жанталасқа ұласып жатады.

Биыл бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысқан 179 213 бітіруші бар, одан бас тартқан 43 мыңға жуық "қашқын" бар, бас-аяғы биыл 220 мыңның үстінде оқушы мектеп бітірген екен. Ең ақырында осының 22 931-і ғана жоғары оқу орындарына мемлекет тарапынан бөлінетін грантпен несиеге ілікті. Өткен жылдары аталған көрсеткіш республика бойынша мектеп бітірген түлектердің 20 пайызын дөңгелектейтін, үстіміздегі жылы бұл 10 пайыздың төңірегінде тоқайласты. Жыл өткен сайын оның саны төмен қарай құлдырап барады. Сонда мемлекеттің экономикалық көрсеткіштері "жоғарылаған" сайын, Үкімет халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға деген пейілін тарылта түсетіні несі? Әлде, "жетістіктердің" бәрі қағаз жүзінде ғана ма?

Оқудың ақысын жоғарылатуға байланысты Үкіметтің уәжі де қызық. Олардың пікірінше, оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жақсарту мен оқытушылардың жалақысын көбейту керек көрінеді. Сонда осының бәрі ата-аналардың қалтасы арқылы шешілуі керек пе?

Оқу ақысы өскеніне байланысты студенттердің "жағдайын ойлаған" Үкімет балама жолды да ұсынады.





Сөйтсе, талаптанған жастардың банктерден несиелі алып, жоғары білімді игеруіне болады екен. Үкіметтің ақылы оқуға басымдық беруде әзірге ойлап-тапқан амал-айласы осындай. Баскасын айтпай-ақ қоялық, осыдан екі апта бұрын ғана Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ақтөбеде жергілікті кәсіпкерлермен кездесу барысында, еліміздегі банктердегі несиелеу ставкаларының пайызы жоғары екендігін айтты емес пе. Сонда Үкімет Елбасының айтқанынан бейхабар ма? Әлде, ел Президенті несиелеу ставкасы жоғары деп отырған тұста, Үкімет оқудың бағасын көтеру арқылы әдейі арандатуға барып отыр ма?

Арандату демекші, Үкіметтің оқу бағасын шарықтауына қатысты әрекетін "әлеуметтік ахуалды асқындыру" деп баға бермеске шара жоқ. Өйткені, жыл сайын 200 мыңның шамасында жастар мемлекеттің мейірімінен тыс қала беретін болса, оның ақыр аяғы әлеуметтік дүмпуге апарып ұластыруы әбден мүмкін. "Қатыгез" Үкіметтің өзімен-өзі тірлік кешіп жүрген адамнан "Қазақстанды құлай сүюін" талап етуі де қиынға соғады. Жатбауыр боп кеткен жандар саны шамалы жылдар деңгейінде миллионға ұласуы ықтимал. Миллион дегеніңіз – әлеуметтік әлеуетті күш. Сондықтан Үкімет "өз мойнындағы артық жүктен арылу" саясатына басымдық бергеннен гөрі 200 мыңның тағдыр-талайына тереңірек үнілгені, соған талдау жасағаны жөн болар еді. Онсыз бүгінгі экономикадағы қол жеткізген жетістіктер уақытша белдеу болып қала бермек.

Қазақстан Германиядан әулие емес. Неміс халқы өркениет өрінде өзіндік орны бар мемлекетті әлемге мойындатып отыр. Әншейінде, шетелдегі қандастарының ата-жұртына оралуына үлкен қамқорлық жасап отырған Израиль, Германия сияқты қос елдің қатарына Қазақстан да қосылады. Оны қосатын да билік биігіндегілер. Ал, халқына білім беру мен әлеуметтік көмек көрсету жағынан қазақ Үкіметінің мүшелері германиялық әріптестерінен үлгі алғысы келмейді. Неге? Өйткені, Германияда жоғары білім беру тегін. Оның





үстіне немістерде халыққа әлеуметтік қамқорлық та әлдеқайда жоғары. Қазақстан Үкіметі әбден әккіленіп алған, өзінің беделін көтеретін жағын ғана айтады, салмақ түсетін жағына келгенде ауыз ашпайды. Мұнысы несі?

Асандардың асығы алшысынан түсетін заман келді. Үкіметтің ұстанымы осыған саяды. Сонда, Үкіметке Үсендер несімен ұнамайды? Мемлекетке "масыл болғаны" үшін бе? Қалай болғанда да, Асандар аз, Үсендер көп. Көпке топырақ шашпас болар.

2004 жыл





PR-дың түкірігі жерге түспей тұр

Қолындағы тізгінін мейлінше ұзақ ұстап тұру үшін билік иелері қал-қадарының келгенінше әрекет жасайтыны белгілі. Бұл — ертеден келе жатқан, әбден дәлелденген қағида. Билікті күшпен ұстап тұрудың күні өткен тұста, іске билік өнерінің ерекше бір түрі — саяси технология араласа бастады. Ғылыми тұрғыда осылай аталғанымен, оның негізгі қызметі билік иесінің ұнамды бейнесін қалыптастыруға бағытталады. Саяси технологиямен шұғылданатындарды саяси кеңесшілер, имиджмейкерлер, "пиаршылар", жұртшылықпен байланыс жөніндегі және саяси жарнама бойынша мамандар деп атайды. Ал, осылардың ішінде күнделікті өмірде кеңінен қолданатыны — "пиаршылар".

Қазір "пиар" сөзі қоғамның күнделікті сөздік қорына сіңісіп кетті. Әсіресе, бұл сайлау науканы қарсаңында ерекше белең алады. Бұрын-соңды саяси технологияға саясаткерлер онша көп жүгінбейтін-ді. Соңғы кездері қазақстандық қоғам да басқаша сипат ала бастады. "Теледидарды қосып қалсаңыз да, радионы басып қалсаңыз да, газеттерді қарап қалсаңыз да, журналдарды парактасаныз да" белгілі бір тұлғалардың беделіне жұмыс істеп жатқан "пиарлық" бағыттағы дүниелерді кездестіруге болады. Басқалай айтқанда, саяси технология Парламент Мәжілісі сайлауы алдында белсенді түрде жүргізіліп жатқан секілді. Бұған жан-жақты үнілмес бұрын әуелі PR атаулының шығу төркініне үніліп көрелік.

Бүгіндегі "пиар" атаулы қазақ қоғамына тек "өркениетті" әлемнен келіп жатқандықтан, кейбіреулерге жаңалық іспетті көрінуі мүмкін. Әйтпесе, белгілі бір





тұлғаның келісті бейнесін қалыптастыру әдісі қазақ қоғамында ертеден болғандығы мәлім. Олардың қазіргі "пиардан" бір ерекшелігі, ауызша түрде насихатталды. Батыстық үлгідегі насихат түрінен басты айырмашылығы да сол. Батыста жазбаша түрде жүзеге асқан да, ұлан-ғайыр далада сол айтылған күйінде ел тарасына кеңінен тарап жатты. Ертедегі қазақ "пиаршыларының" алдыңғы қатарында айтыс ақындарын айрықша айтуға болады. Нағыз "пиардың" көкесін солар жасады. Сайлауға түсетін болыстарды айтыс ақындары қазіргіше "раскрутка" жасағанда сұмдық, олардың данқы асқақтап шыға келеді. Халықтың арасындағы беделі өседі, жағымды тұлғаға айналады. "Пиаршылардың" қазақ сахарасындағы тағы бір өкілі – шежірешілер. Олар "пәленшеден қалған сөз еді", "түгенше былай деп айтыпты" деп белгілі бір тұлғалардың болмыс-бітімін ел камын ойлаған азаматтар деңгейінде бейнелейді.

Ал, енді батыстан келетін PR-дың түпкі тарихына көз жүгіртелік. Әу бастағы атауы "паблик рилейшнз" (PR), яғни "public relations", қазақшалағанда "бұқарамен байланыс" термині АҚШ-та 1807 жылы дүниеге келген деседі. Бұл сөзді алғаш рет Американың үшінші президенті Томас Джефферсон Конгреске Жолдауында қолданыпты. Джефферсонның өзі жұртшылықпен байланысты отандық және саяси институттардың қызметіне деген халықтың сенімін қалыптастыру деп қарастырады. Сенім қалыптастырудың арғы жағында саяси институттар қызметінің жақсы жағын көбірек насихаттау мәселесінің төбесі қылтияды. "Пиар" дегеніңіз осы.

XX ғасырдың басында кәсіби PR мамандығының дүниеге келуіне байланысты есімдер пайда бола бастады. Әдетте, заманауи "пиардың" арғы атасы ретінде оны тәжірибеге енгізген америкалық журналист Айви Лиді атайды. Ли 1907 жылы аталған мамандықтың алғашқы моральдық кодексі саналатын "Принциптер туралы декларацияны" жариялады. "Біздің максатымыз, — делінген Декларацияда, — іскерлік топтар және қоғамдық инсти-





туттар атынан АҚШ-тың бұқаралық ақпарат құралдарына және бұқараға олар тарапынан қызығушылық пен құндылық тудыратын мәселелер бойынша дер кезінде нақты ақпараттар беріп отыру".

Аталған жаңа қызметтің басты міндеті (Ли алғашында "publicity" терминін пайдаланып, "public relations" сөзін ол тұңғыш рет 1919 жылы қолданды) ретінде баспасөзбен (mass media relations) жұмыс мәселесін қарастырды. Аталған декларацияда баспасөз агентімен қатар бұқарамен байланыс жөніндегі кеңесші қызметіне де айрықша назар аударылады.

PR бағдарламаға алғашқы тапсырыс берушілердің бірі, тұңғыш клиенті танымал америкалық миллионер Джон Рокфеллер болған деген дерек бар. Миллионер 1914 жылы өзінің құлдырап кеткен беделін көтеру мақсатында Айви Лидің қызметіне жүгінеді. Соңғысы өз кезегінде Колорададағы шахтада жұмысшылардың өліміне қатысты жағдайға байланысты ереуілдердің әлеуметтік бағытына өзгеріс әкеледі. Лидің ұсынысы бойынша Рокфеллердің өзі жердің астындағы шахтаға түседі, жұмысшылардың арыз-шағымын тыңдайды, тіпті мейрамдардың бірінде шахтерлардың бірінің әйелімен би билеп, өнер көрсетеді. Сөйтіп, бүгінгінің тілімен айтқанда, сәтті жүргізген саяси технологияның арқасында миллионер қиюы кете бастаған тірлігін қалпына келтіруге қол жеткізеді.

Айви Ли өз кезегінде клиентінің елдің көңілінен шығатын бейнесін қалыптастыру мақсатында баспасөзге бірнеше сериялы мақалалар ұйымдастырады. Онда Рокфеллердің көпжанды отбасы мен туған-туыстарының ортасындағы бейнесі көрініс табады. Қысқасы, Рокфеллердің қайырымды ата, қамқор әке, сүйікті жар, адал дос, мырза және қонақжай үй иесі, отбасылық және туыстық дау-дамайларға төрелік айта білетін әділетті әрі беделді адам бейнесін қалыптастырады. Соның нәтижесінде, Рокфеллер шахтерлар үшін батыр, жұртшылық үшін тұтас алғанда жаңа адам ретіндегі тұлға болып шыға келеді. Ақыр аяғында, миллионер Колорададағы





жағдайды "публик рилейшнз"-дің, "бұқарамен байланыстың" көмегімен сәтті шешілуін өз өміріндегі ең маңызды оқиғалар қатарында екенін мойындады.

Алдағы сайлаулар барысында қазақстандық саясаткерлер ресейлік "пиаршылардың" көмегіне арқа сүйейтіні белгілі болып отыр. Бұл әсіресе, алдағы Парламент Мәжілісінің сайлауы кезінде анық байқалады. Қалталы кандидаттардың өз имидждерін сомдайтын адамдарды қайдан шақырамыз десе де өз еркі: Ресейден шақыра ма, әлде АҚШ-тан әкеле ме. Бірақ, шетелдік мамандардың қызметі барлық уақытта өз үдесінен шықпайтыны белгілі болып жүр. Мәселен, Украинада, Херсонда өткен сайлау барысында қос үміткер екі пиар-топтың көмегіне сүйенген. Мәскеулік командаға сенім артқан үміткер қаржысын аямай, сайлау науқанын кең ауқымда жүргізген. Қымбат полиграфиялық өнімдерді пайдаланып, қомақты қаржыға ролик түсіріп, көшелерді қаптатып жарнамаларды іліп тастаған. Алайда мәскеулік пиаршылар жергілікті сайлаушылардың көңіл күй нүктесін дөп баса алмай, үміткер жеңіліске ұшырады. Мәскеулік мамандардың саяси технологиясы өзін-өзі ақтаған жоқ.

Жергілікті мамандардан құралған екінші үміткердің пиар тобы, қалалық менталитеттің ерекшелігін ескере отырып, пролетариат ақыны В.Маяковскийдің өлеңінің негізінде ролик әзірлейді. Херсон кезінде ірі өнеркәсіп орталығы болғанмен, соңғы кездері үлкен құлдырауға ұшыраған. Қаланың әлеуметтік жағдайы ауыр. Революционер ақынның өлеңі әлеуметтік әділетсіздікке ұшыраған сайлаушылардың көкейіндегіні дәл тапты. Сөйтіп, екі күннің ішінде соңғы кандидаттың рейтингісі 8 пайызға күрт өсіп, сайлауда жеңіске жетті. Қаншалықты қымбат бағаға Мәскеуден "кәсіби пиаршыларды" шақырғанмен, бәрі ойдағыдай болады деп айту асылық екенін осыдан көруге болады. Қазақстанда саясаткерлердің имиджін жасау әдісінің тайға таңба басқандай танылған тұсы Ғани Қасымовтың портретін қалыптастыру тұсында болды. Теледидарда стакан сындырып, базарда





"тентекті тәубасына түсірген" генерал бейнесі беймәлім Қасымовты "жаңа қырынан" көрсетті. Жасыратыны жоқ, харизмалық, тәртіп орнататын тұлғаға әбден зәру болып отырған жұртшылыққа бұл жақсы әсер етті. Соның арқасында үміткерге сайлау барысында сенім артқан өз электораты қалыптасты. Біз әңгімелеп отырған "пиар" дегеніңіздің құдыреті осында.

Парламент Мәжілісіне сайлау өтетін күн ресми түрде әлі жарияланбаса да, дода басталып кеткен тәрізді. Өйткені, бүгінде ауылға ат ізін салушылар жиілей бастады. Саяси партиялар ұйымдастыратын шаралар көбейіп, "бұқарамен байланыс" орныға бастады. "Отанның" көтеріп жатқан бастамасы, "Ақ жол"-дың ауыл-аймақтарға барып, өз әлеуетін көрсете бастауы, "Асар"-дың халықтың мұң-мұқтажына мән беруі, Азаматтық партияның ардагерлердің аманатына құлақ түруі – бәрі-бәрі "пиардың" ертерек атқа мінгенін көрсетеді. Қысқасы, сайлау туралы әңгіме қозғамай-ақ, саяси партиялар жұртшылықты өздеріне қарай икемдеуге емеуірін танытып жүр. Алайда, қайсы партияның саяси технологиясы қандай деңгейде екенін сайлаудың нәтижесі көрсетеді. Сондай-ақ, сайлау барысында "қара пиарға", яғни "қара күйе жағуға" қайсы партия көбірек жүгінгені де сайлау кезінде байқалады. Қалай дегенде де, сайлау тұсында "бұқарамен байланыс" күшейіп, "пиардың" түкірігі жерге түспейтін түрі бар.

2004 жыл





"Сегіз ұлым бір төбе, Ер Төстігім бір төбе"

Мәжіліс сайлауы жақындаған сайын ойға қайдағы мен жайдағы оралады. Тіпті, қайдан сап етіп еске түскені белгісіз, елімізде тоғызыншы партия тіркелгеннен кейін "Ер Төстік" ертегісі есіме түсе кеткені. Мәселе ертегіде емес, гәп айналып келгенде, партиялардың тоғыз санының төнірегіне тоқайласып жатқанында ғой. Еске түскен ертегіде Ерназардың сегізі бір бөлек те, Ер Төстігі жеке-дара болушы еді ғой. Біздің ойымыз да осы тарапты шырылап жүр...

"Ер Төстік" ертегісінде Ерназардың сегізінің есімдері аталмайды, әңгіме тек Ер Төстіктің айналасында өрбиді. Ал, бізде партиялардың көпшілігінің атынан қалың жұрт хабарсыз болса да, 50 мыңдық межеден өтіп тіркелгенде, Әділет министрлігінің берген қомақты куәлігі бар. Сол "туу туралы куәлігіне" көз салсаңыз, олардың атауы түгілі мақсат-мұратымен жақын танысуға болады. "Отан от басынан басталады" деген "Отан" бар, казак жұртының жолы ашық болсын деген "Ақ жол", кешегі кенестік кереметті қалпына келтіреміз деген коммунистер, "гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз" деген аграрлықтар мен ауылдықтар, өндіріс болмаса барлығы әдірем қалады деген азаматтықтар, рухани жағынан жүдегендердің мәселесін қозғаған "Руханият" партиясы, елдің азаматтары ұлтжанды болуы керек деген Қазақстан патриоттары, еліміздегі барлық тірлікті асар жасап тындырамыз деген "Асар" партиясы, әйтеуір барлығы атқа қонып, сайлауға сақадай сай әзірленуін әзірленіп-ақ жатыр. Қайсысының жұлдызы жоғары болатынын кім білсін. Ал, әзірге саяси додаға түсетін тоғыз партияның болмыс-бітімі осындай.





Ерте-ерте замандарда өмір сүрген Ерназардың ен байлығы сол кездегі бағаммен есептесек, бүгінгі бүкіл Қазақстанның байлығымен қарайлас шығады. Төрт түлік малдың қоры қазақ мұнайымен манайласады. Қора толған қойлары қазіргі қазақ газының құдыреті іспетті. Келекеле түйелері елдің қазба байлықтарымен шендеседі. Өріс толған жылқылары миллиард пұт астықпен пара-пар. Осылайша, өз заманының өрісінен көз жіберетін болсақ, бұрынғы Ерназар бай мен қазіргі Қазақстанның әлеуеті өзара тең түсіп жатқандай. Сол бар байлықтың басын бұзбай, халықтың қажетіне жарату қай заманда да өзекті мәселе болғаны мәлім, Ерназардың сегізі мен Ер Төстігі әкесінің байлығын сақтап қалуға қаншалықты жанталасса, біздің бүгінгі саяси партиялар да елдің байлығын, оның тұрмысын көтеруге мұрындық болса ғой дейміз, қиялға жайып ертегісінің мазмұнына елти отырып. Бағзыда бабаларымыз қиялға беріліп армандаған игілікті істер ұрпағының қолымен қаланып жатса, сол арманның орындалғаны да...

Ерназардың сегізінің тындырғанын біздің сегіз партия тындыра алар ма екен? Әлде, Ер Төстіктің ерлігін көрсететін, елін өркениетке жетелейтін жеке-дара партия табылар ма? "Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық" деп санайтын елде саяси партиялар халықтың әлеуметтік жағдайын жеңілдетуге Ерназардың басына төнген жұтты жеңілдетуге оның тоғыз ұлының қосқан үлесіндей үлес қоса ала ма? Қазіргі сайлау алдындағы сауалдың дөкейі де осы.

Баяғыдай емес, Жерұйық іздеп сабылудың немесе қараңғы бөлмеден қара мысық іздеудің кезеңі алыстап барады. Жеке адамды қорғауға келгенде ұйымдастырылатын акция да Ер Төстіктің жер асты патшалығына сапар барысында серік болғандар кезіндегідей емес, жұртты жалықтыра бастаған тәрізді. Бір қызығы, біз Ерназардың сегізі мен Ер Төстігіне балап отырған саяси ұйымдар Сергей Дуванов, Артур Платонов, Геннадий Бендицкийлердің сойылын соғуға әзір тұрады. Құдды бұл сценарий жер асты патшалығының болмаса да, жер шарының келесі бетіндегі





патшалықтың айтуымен жасалып жатқандай көрінеді. Әлде, жоғарыдағы аты аталғандар шынында да қоғамдық пікірге темірқазық болатын тұлғалар ма?

Жақында Астанада төрт бірдей қазақтың өрені шетелдік құрылыс ұйымының салғырттығынан шәйіт болды. Туған-туыстарынан басқа мәселенің төркінін қуып, кінәлілерді іздеген адам болған жоқ. Қит етсе, адам құқы мәселесін алға тартатын Евекең де осы жолы үнсіз қалды. Өзіміздің елдегі адам құқығын қорғайтын Евгений Жовтисті айтамын. Оған тек "халықаралық деңгейдегі" оқиғалар қажет сияқты. Сондай-ақ, қазіргі кезде Ерназардың сегізі мен Ер Төстігіне бергісіз саяси партиялар да бұл оқиға жөнінде жақ ашпады. Ештеңе болмағандай. Зиялылар жағы да жым-жырт. Бәрі де Ер Төстіктің жолдасы Көлтауысар сияқты аузына су ұрттап алғандай, үнсіз...

Әңгіменің әлқиссасы, Ерназардың сегізі мен Ер Төстігінен бастау алып еді ғой. Аталмыш ертегінің желісі бүгінгінің телесериалдары сияқты енді еліміздің саяси кеңістігіндегі саяси партиялар өмірінде орын алуы мүмкін деген дүдәмал ой да жоқ емес. Бұл жерде Ерназардың да, оның тоғыз ұлының да кінәсі қаншалықты жоқ болса, Қазақстанның да, оның тоғыз партиясының да соншалықты кінәсі жоқ. Тек кейбіреулер Ерназардың "сегіз ұлым бір төбе, Ер Төстігім бір төбе" деген сөзін тура түсініп қалып жүрмесе...

2004 жыл





Депутаттар да "командаға" бағына ма?

Жақында мандайымен көк тіреген айбарлы ғимараттың бірінде қызмет істейтін танысыммен әңгіме-дүкен құрудың сәті түскен-ді. Оны-мұны сөз ете отырып, әңгіме ауаны сайлау туралы заң жобасын талқылау барысындағы кейбір Парламент депутаттарының мемлекеттік тілге қатысты ұстанымына ұласты.

— Мемлекеттік тілге қарсы шыққан депутаттардың тізімін жариялар ма еді, сайлаушылары олардың кім екенін нақты білетін, — дедім мен.

— Оны саған кім беріп жатыр? Депутаттар осының барлығын өздігінен істеп отыр дейсің бе? Бәрі жоғарының "командасы" бойынша қимылдауда. Былтыр мемлекеттік тілге қарсы шыққандардың тізімі журналистердің қолына түсіп, қоғамдық пікірдің темірқазығына айналған жоқ па? Ендігәрі дауыс беруге қатысты тізім журналистер түгілі, депутаттардың өздеріне де берілмейді. Сен де қайдағыны айтады екенсің...

— Ол мемлекеттік құпиялардың санатына жатпайды ғой, оның үстіне Парламент қабылдаған "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңда ақпарат алуға қолдан кедергі жасамау туралы тайға таңба басқандай жазылған. Оған қоса ақпарат беруден бас тартқандарды жауапкершілікке тартатын арнайы бап та бар.

— Заңды жақсы біледі екенсің, енді сол ақпаратты алшы. Мықтылығыңды көрейін. Бәрібір "командасыз" тізім берілмейді...

Танысымның соңғы сөзі батыл шықты. Биліктің "кухнясын" бір адамдай біледі ғой, кәдімгідей ойланып қалдым. Тәуекел, заң дегеніңіз, әділеттілік дегеніңіз біз





жақта емес пе. Тізімді іздеуге кірістім. Әйтсе де, босқа арам тер болыппын. Бір-біріне сілтеген мәселенің аяғы сиырқұйымшақтанып кетті. Шынында да, мемлекеттік тілге қарсылардың "қара тізімін" алу мүмкін болмады. Оған журналистер түгілі Парламент депутаттарының да қауқары жетпегені қайран қалдырады. Бұл мәселені жалпы отырыста Серік Әбдірахманов пен Амангелді Айталы көтергенімен, Мәжіліс басшылығы тарапынан да, әріптестері жағынан да үнсіз "отпор" алды. Соған қарағанда, танысым айтпақшы, кәдімгідей "команда" болған сияқты. Әйтпесе, бір жапырақ қағазға бола Парламент қызметшілері ат-тонын ала қаша ма? Мемлекеттік құпия болса, әрине, сөз жоқ. Алайда, дауыс беру рәсімі қашаннан бері мемлекеттік құпиялар санатындағы тізімге еніп жүр? "Команданың" құдыретін дауыс беру рәсімін мемлекеттік құпия санатына ауызша енгізіп жібергенінен-ақ аңғаруға болатындай.

Сонда депутаттар да әскер тәрізді "командаға" бағынатын болғаны ғой. Бар айырмашылығы, сарбаздар әскерде екі жыл борышын өтесе, депутаттар Парламентте ең кемінде 5-6 жыл қызмет етеді, одан да көп "служить" ететіндері де кездеседі. Мәселен, сенаторлық "службасының" өзі он жылдан асқан сенаторлар бар. "Командаға" сай қызмет ету айрықша ұнаған депутаттар ішінде қатарынан бірнеше мәрте сайланғандар да бар. Соған қарағанда, депутат үшін ең маңыздысы берілген "команданы" бұлжытпай орындау тәрізді. Биліктің "бұйрығын" орындағанда не тұр, тәйірі, ең бастысы бес-алты жылдық "служба" мамыражай өтсе болғаны емес пе?! Депутаттар әскердегідей "командаға" бағынғанымен, казармаға байлаулы емес, қасында көмекшісі, басында пәтері, астында мәшинесі бар. Оның үстіне шетелге де ара-тұра ат шалдыртып қайтады. Әскерде ғой, бұйрықтың талқыланбай, бұлжытпай орындалатыны. Ал Парламентте ептеп талқылауға да жол ашық. Кейде талқылаудың қызатындығы соншалық, екі-үш оқылымға ұласып жатады. Тек арнайы "команда" болған тұстарда дауыс беру нүктесі түгенделіп,





етек-жендері жинала бастайды. Былайғы күнде, ра-ха-а-ат. "Служба" барысында "команданы" бұлжытпай орындасан болды, қалғанының қажеті шамалы. Сайлаушыларға үйіп-төккен уәдені ұмыта тұру да қиын емес, өйткені олардың қолында кері шақырып алатын тетік те жоқ. Тек аракідік теледидарға, басылымдарға сұхбат беріп, шаруаны "қырып жатқандай" "вид" көрсетіп қойсаң жетіп жатыр...

Танысымның айтқаны келгенімен, бәрібір жаным жай тапқан жоқ. Неге берілген "команда" көптің көңілінен, сайлаушылардың ойынан шықпайды? Әншейінде мемлекеттік шаруаның бәрі елдің қамымен, ұлттың мүддесімен орайластыра айтылып жатады ғой. Бәлкім, кейде "команда" бергендер де қателесетін шығар, олар да пенде емес пе. Сол қателікті түзетуге ұмтылатын болар? Олай болса, журналистерге сұраған ақпараттын беру жөнінде көп ұзамай тағы бір "команда" болып қалар?!

Елбасы Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында "Қазақстан халқын біріктіретін басты фактор — мемлекеттік тіл" деп тайға таңба басқандай етіп айтқанды. Әу бастан-ақ жолы ауырлау осы тұжырымның Ақордадан сыртқа қарай шығуы да үлкен машақат болып, қазақ газеттеріне кешігіп жеткен жайы бар. Әлі күнге дейін еңсесін көтере алмай, кедергілерден құтыла алмай келе жатқан қазақ тілі тұтас мемлекет түгілі қазақтардың басын біріктіре алмай, бейшара халды бастан кешіп отыр. Депутаттықтан үміткер ұлты қазақ азаматтарының ана тілін игергендігі жөнінде анықтама тапсыру туралы ұсыныстың Парламентте аяқасты болғаны осының дәлелі. Туған тілінде сөйлеуге, Конституцияның 7-бабын орындауға Парламент депутаттарының өзі құлықсыздық танытып отырса, басқа ұлт өкілдеріне не айтуға болады? Бұл әлде, Мемлекет басшысының мемлекеттік тіл Қазақстан халқын біріктіруші басты фактор болады дегеніне қарсылық па? Алайда, мұндай әрекет ел арасында жаңсақ пікір туғызуы әбден мүмкін. Оның үстіне айтылған сөзінің орындалмауы Елбасының





абыройына да нұқсан келтіретіні анық. "Команда" беретіндер осыны түсінбей ме? Болмаса, әдейі істей ме?

Бір қызығы, Мәжіліс депутаты Тито Сыздықов "Сайлау туралы" Заң жобасындағы ұлты казак азаматтарға мемлекеттік тіл игеруіне қатысты мәселе тұрғысында: "Біз бүгін дауысымызды берсек те өтпейді, өйткені Конституцияға қарсы деп Президент қайтарады" деп әріптестеріне алдын ала "дабыл" қағып үлгерді. Сонда осы мәселе төңірегінде Мемлекет басшысы Сыздықовпен кеңескен бе? Депутаттың шектен тыс сенімділігі неден туындап отыр? Сыздықовтың уәжіне құлақ түретін болсақ, Президенттің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мемлекеттік тіл республика халқының басын біріктіретін басты фактор болатындығы жай сөз ғана болып шығады ғой. Өйткені, мемлекеттік тілді біл деп міндеттеу Конституцияға қайшы. Депутат осылай дейді.

Ендігіден былайғы жерде "ауыз күйгеннен" кейін ақпарат алуға байланысты алдымен қандай "команда" берілгенін анықтап алатын болдық. Өйткені, бүгінгі "команданың" қасында кешегі кеңестік кездегі әкімшілдік-әміршілдік басқару дегеніңіз жіп есе алмай қалады екен. Ол кезде қоғамның қисынын түсінуге болады, "командный метод". Ал қазір біз демократиялық қоғам құруға ұмтылып жатырмыз ғой. Дегенмен, соған қарамастан демқоғамда "команданың" дегені жүріп-ақ тұр...

2004 жыл





Бір сайлауым бар...

Мен қазір н-ә-ән науқанға өзiрлiк жүргiзiп жатырмын. Сайлау деген бәле шықты ғой, соны айтамын да. Бұрын-соңды рақат едi, жарлықпен жарылқай салатын. А-н-ау алжып бiткен құрлықта бiр ұйым бар екен, ОБСЕ дей ме, ЕҚЫҰ дей ме, әйтеуiр сол ұйым барлық елде сайлау бас-басына бытыраша лағып кетпей, бәрi бiрынғай болу деген талап қойыпты дейдi бiлгiшбектер. Жер жүзiнде темiрдей тәртiп орнатамын деп жұлқынып отырған әкесi аттас президент те барлық елде түгелдей сайлау өткiзу керек деп сәуегейситiн көрiнедi. Амал жоқ, айдаладағы бiреу болғанымен, тоқпағы мықты болған соң, Буштың әмiрiн орындауға тура келiп тұр. Әйтпесе, сайлау деп ала шапқын болғанша, тағайындағанның өзi дұрыс едi. Әрi үнемдi, әрi сенiмдi. Ара-тұра аттандап "аппазиция" құрамындағы айқайшылдардың жүйке тоздырғаны болмаса, облысты уыста ұстағанымызға он жылдың ортан белiнен асты ғой. Құдайға шүкiр, жаман болғанымыз жоқ. Жаман болсақ, отырар ма едiк осылай. Ал ендiгiсiн не болса да, көрiп алдық. Жер өзiмiздiкi, ел өзiмiздiкi. "Үйренiскен жау атыспаққа жақсы", қарсыластарым да өзiм "тәрбиелеген" "күшiктерiм". Он жыл бойы алдына шығып, пәлсафа қозғап жүрген халық емес пе, нағыз сайлау болған күнде де "өз ұлын өзекке тебе қоймас"...

Жан қысылғанда, еске қайдағы-жайдағы түседi екен. Өткенде құдай жолында жүрген жандардың басын қосып, бақилық болған бабалардың әруақтарына бағыштатып хатым түсiртiп, баталарын алдым. Тiптi, жұмыстан қол тимейтiнi сонша, әке-шешемнiң басына соңғы рет қашан зияраттап барғанымды да ұмыта бастаппын. Сайлауға мың кәтте шүкiр, имамдардың арқа-





сында иман туралы сөне бастаған түсінігіме ши жүгірді. Науканның "біссімлләсі" жаман емес, бата беріп, байлам жасары да ойдағыдай болар...

Бұрын-соңды нағыз сайлауға түсіп көрмеген соң ба, кейде қараптан қарап отырып, бойымды бір шабыт кернейді дейсін. Ертеде ептеп өлең жазатыным бар еді, оған кезінде мықты деген композиторлардың өздері ән де шығарған. Әйтсе де, мына өлеңнің арыны бөлек. Тіл ұшына керемет бір тіркестер оралады. Әкім емес, әруақ қысып, ақын болып кетем бе деп қорқамын. Өйткені, тіркесі бар болғырдың "айналасы жұп-жұмыр". **Бір сайлауым болатыны сөзсіз менің, бірақ дәл қай күні екенін айта алмаймын...** Апыр-ай, ә, сайлаудың болатыны белгілі ғой. Ал, оның дәл қай күні өтетіні шынында беймағлұм. Бір білсе оны Ортсайлауком біледі. Басқасын қойшы, осының бәрі өлең боп өріліп, қалай-қалай төгіледі десеңші. Муза деген мықтыңыз осы болар? Бірақ, ақындығы бар болсын, әзірге әкімдігім жақсы. Өлең жазуды сайлаудан сүрініп жатсақ, көрерміз... Беті аулақ, сайтан ой қайдан сап ете қалды?

Нағыз додада жеңіске жету онай дейсін бе? Сол себепті ағайын-туған, дос-жаран, құда-жегжат және бөтелкелес бизнесменнің бәріне сауын айтып, қаржы құйылатын қор құрдық. Қаржысыз қия адым жер аттап баса алмайтын заманда ақшаның алмайтын асуы жоқ. Ең алдымен сайлаудың токетерін соларға, "спонсорларыма" алыстан орағыта отырып түсіндірдім. "Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді", "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" деген екен аталарымыз... деп біраз сілтенкіреп барып, олардың көңілінде күбірлеп тұрған сауалды нақты дәйекпен тығындадым. "Бір кісі таққа отырса, қырық кісі атқа мінеді", жұдырықша жұмылып, маған қолдау көрсетсеңіздер сайлауда, ертең сендердің де болады жағаларың жайлауда" (апыр-ай, тағы да тіліме өлең тіркесі оралды). Қорға құйған қаржының еселеп қайтатыны қолдаушыларымның жүзін жылы жыбырлатып, қанаттандырып жібергендей...





Сайлау қарсаңында сайлаушылардың ішкені алдында, ішпегені артында болады. Жарық дүниенің жұмағы біздің облыс аумағына келіп орнығады. Жерұйықтың нағыз "ксерокопиясы" дерсің оны. Аяқ асты Асан қайғы бабамыз тіріліп келсе, өзінің асқақ арманын жүзеге асырған ұрпағына мың да бір алғысын жаудыратыны сөзсіз. Жұртымды да жарылқаймын осы сәт, қолдау көрсеткеннің бәріне сайланған соң "крыша" боламын. Бәсекелестерімнің бәрін бейбіт мәмілеге бастап, илікпегенін де иттің етінен жек көрмеймін. Ұзын сөздің қысқасы, бұл менің мықтылығымды барша әлемге мойындататын нағыз "легитимный" сайлау болғалы тұр...

Онда ортаға тасталар ұран сондай, Қайта алмайды қартың да дауыс бермей... Сайлауға қатысқан жұрттың бәрі де – жасы да, кәрісі де дауыс бермей, қайта алмайды. Бұл дегеніңіз – сайлаудың нағыз мереке деңгейінде өтуі. Мерекелік көңіл күймен дауыс беріп жатса, керемет емес пе. Дауыс дегеніңіз – сенім. Құдайға шүкір, әлі күнге дейін сенімнен айрылған емеспіз, он бес жыл тақтан, кешіріңіздер, креслодан түскен емеспіз. Ең бастысы, жұрттың көңілін аулап, жұмыс істей білу керек қой...

Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам, кемпірлерге қыз күнін сағындыртам... "Жиырма бес сабылмай" қайтеді, стипендиясын көбейтуге қол ұшын беріп жатсам, "кемпірлер қыз күнін сағынбай" қайтеді, зейнетақысы өсіріліп, отын-суы көшіріліп, көмірі келіп, көңілі жайланып жатса... Сайлау қарсаңында жастардың қуанышы асқақтап, "Болашаққа" ұмтылып, жоғары оқу орындарына жолдама алып жатса. Игі де ізгі бастамалардың ұйтқысы өзім болып тұрғанда, жұрт жарылқаушысын жақтап дауыс беретініне иманым кәміл. Иманның өзі айтқан, жұртыңа істеген жақсылығың еселеп қайтады, оның қайтарымы халықтың үміткерді жақтап дауыс бергені де. Әйтпесе, маған соншалықты тыраштану неге керек?

Мен сайлау қарсаңында **"қыз қуатын жігітке ат беремін, жанам деген жігітке от беремін"**. Мархабаты-





ңыз, маған адалдық танытып, сайлауымды өткізуге ат салысса, мен оған ат емес, тақымына темір тұлпар мінгіземін. Оның сыртында әзірлеп қойған қомақты сыйақым тағы бар. Ең бастысы, сайлаудан сүрінбей өтуіме көмектессе болғаны... Тіпті, азып-тозып кеткен аудандардың да абыройын асқақтатып, бұрынғы бір-бірімен қосылғандарын "ажыратып", жеке-дара отау қылып шығарамын. Сөйтіп, өмірден күдерін үзе бастаған халықтың сайлау қарсаңында үмітін қайта жағамын. Көкейіндегіні дөп басқан үміткерге жұрт дауыс бермегенде қайтеді? Дауыс бермек түгілі, жайлары қанырап бос қалған ауданның қайта тірлігі жанданғаннан кейін "халық ақындары" мені қайта жырға қосады.

"Қыз қуатын жігітке ат беру" әдіра қалады, менін ойымдағы жүзеге асатын жоспарларды естігенде. Соңғы уақытта "аппазиция" құмырсқаша қаптап кеткен ауданды қалпына келтіргеннен кейін, айқайшылардың да қарқыны басылары хақ. Себебі, бұл шешім жұртты алдарқатып, сабасына бір-ақ түсіреді. Қолында түгі жоқ айқайшылдардан гөрі жұрт үшін ауданымен қайта табыстырған адамның "авторитеті" әлдеқайда мықты емес пе?! Оған қоса таулы өңірдегі бір-бірімен "бітісіп" кеткен аудандарды өзінің байырғы жағрафиялық жағдайына жақындатсам, тіпті қатып кетеді. "Қыз күнімен" сағыныса қауышқан халық басынан өткен қиындықтарын әп-сәтте ұмытып шыға келеді де, алғысын жаудырып, маған дауыс беретіні сөзсіз...

Мен әйтеуір бар жиған-тергенімді, бір тамаша сайлау қып өткеремін. Аста-төк дүние болады. Ең бастысы осы тұста несібеден — дауыс беруден құр алақан қалмаңыз болды. Қалғанының бәрі реттеледі. Бәлсіңсен, бөлішті де тегін үлестіремін. Бұрын-сонды облыс бюджетінен ала алмай жүрген қарыздардың бәрі қайтарылады. Тіпті, екі-үш жылдан бері шегеріліп келе жатқан экологиялық жәрдемақыны да "оптом" бергіземін. Ең бастысы, осы "жақсылықтардың" бәрін сайлаушылар ұмытпаса болды. Қазақта "Сыйға сый, сыраға бал" деген бар емес пе?! Нарықтың қағидасына салсақ, "Мен





— саған, Сен — маған", так что маған дауыс беруді ұмыт-
пасаңыздар болды, қалғанының бәрі "о кей" болады.

...Сөйтіп, мен нағыз сайлауға әзірленіп жатырмын.
Әуелі әкім болып сайланып алайын, ал ақындығымды
кейін "бейбіт кезеңде" қайта қолға аламын ғой... Сай-
лау учаскесінде кездескенше! Женісті күндерде жолы-
ғайық, жұртым менің!

2004 жыл



A decorative rectangular border with intricate, repeating geometric and floral patterns, framing the central text.

*Соңғы
мүмкіндік*



Ер болатын кезең енді келді

Өскеменде болған соңғы сепаратистік оқиға неден басталды? Оның түп-тамыры қайда жатыр? "Жерімізде жүргені аз болғандай" (Қадыр Мырза-Әлі) олардың бүлік жасауға бейім тұратыны неліктен? Қысқа жауаппен түйіндер болсақ, қазақты басынғандық дер едік. Ал тереңірек үнілетін болсақ, кетпеннің сабы келіп өзімізге де тиеді...

Азсың деп айбат көрсеткісі келеді. Көптігін алға тартып, күпінеді. Елдің солтүстік өңірінде қазақтың аздығын бетке салық етеді. Ол қандай жағдайда, қалай болды — оны сарапқа салғысы жоқ. Тіпті өздерінің қасиетті қазақ топырағына қашан келгендерін де қаперлеріне алмайды. Тағы да Қадыр ақынның "Жоғалмайды көп халық көптігімен, мықты болмай болмайды ал біздерге" деген рухты сөзі тіл ұшына оралады...

Осыдан келіп ой туындайды. Ой — болашақ істің тамызығы. Ал тамызықты маздату ұлтын сүйетін нағыз азаматтардың міндеті. "Егемен Қазақстан" газетінің де "Қазақты қайта қоныстандырсақ..." деп бұқараға ой тастап отырғандығы осының дәлелі. Жоғарыдағыдай қасаң қағидаларға қарсы қоятын әдіс. Ойдың қолдаушысы көп болғанымен, әлі "тәуекел" деген жұрт табылған жоқ. Кенжелеу қимылдайтын әрекеттің әсері бұл.

"Көп түкірсе — көл". Жұртшылық қалауын тапса, асар салып үй тұрғызады. Оның қасында халықтың тағдыры, ортақ үйіміздің, шаңырағымыздың мәселесі күн тәртібінде тұрғанда мәрттіктің мәртебесі биік болса деген базына ғой біздікі. Оның бер жағында қауіпсіздікке қатысты Өскеменде "алғашқы сынақ" та қылаң берді. Бүгін ынтымағы жарасқан тыныштық делік, ертеңгі ахуал қалай болмақшы? Сансыз сұрақ тұр көкейде...

Саясат сахнасында бүгінгіні мансұқ ету белең алып





барады. О заманда бұ заман азулының басқаларға ықпал жасамаған кезі болды ма? Қазір де солай. Қалт етсе, әлімжеттігін көрсетіп, тырнағын батырғысы келеді. Оның үстіне жер аумағы кең, байлығы мол мемлекетке көз тікпегенде ше. Бұл қадым заманнан бері келе жатқан жәйт. Сондықтан "өзіне өзін берік бол, көршінді ұры санама". Осы ұстаным тұрғысынан мемлекет өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүдделі болуы тиіс. Әрине, дипломатияның орны бөлек. Әйтсе де, толыққанды қауіпсіздікке дипломатиялық амал-әдіс аздық етеді. Өскемендегі тәрізді ауық-ауық "қырағылығымызды" бақылауға арналған бақылау үшін сенімділік қажет. Ол үшін "Егемен Қазақстан" көтеріп отырған мәселенің шын мәнінде жүзеге асуына мемлекет назар аударғаны орынды болар еді. Ендігі жағдайда сыртқы көші-қонға ғана емес, елдің ішкі көші-қон мәселесіне де баса назар аударған жөн. Үкімет осы мәселелерді жүзеге асыратын шараларды қабылдауға ұйытқы болып, солтүстік өңірдегі табиғаты жақсы, күнкөріске тіреу болатын жерлерге экологиялық апат аймағында отырғандарды қоныстандыру мәселесі жөнінде шешім қабылдағаны дұрыс.

"Солтүстіктегі жер атауларының барлығы орыс тілінде, яғни орыстың жері". Осы сияқты пікірге не дерсің? Қазақтың, Қазақстанның тарихынан бейхабарлық дегеніңіз осы. Шын мәнінде, республикадағы басқа ұлттың өкілдері қазақтың тарихын, мәдениеті мен әдебиетін жеткілікті деңгейде біле ме? Бар мәселе осыдан туындап отырған жоқ па? "Караван" газеті әжуаға айналдырған Ұябаев көшесінің атауын қадірлемеу де жергілікті халықты сыйламаудан шығады. Алматының әлі күнге дейін орыстілді басылымдарда "Алма-Ата" деп аталуы да осының дәлелі. Сондай-ақ, Уральск, Семипалатинск, Усть-Каменогорск, Караганда аталуы да осындай туындайды. Осыған орай жергілікті көше, елді мекен атауларын өзгертуді аудандық, қалалық мәслихаттардың құзырына беру қаншалықты тиімді болмақ. Бұл одан әрі қарай жалғаса беретін болса, еліміздің солтүстік-шығыс өңіріндегі елді мекен атауларының





ертедегі тарихи атауларымен қауышуы жуық арада жүзеге аспайтын болар. Бәлкім, оны шешуді ономастикалық комиссияның құзырына берген дұрыс шығар. Әйтпесе, қазақ тарихына қатыссыз атаулар қаптаған жердің бәрін әркім өз ынғайына тартып жүрмей ме? Өскемендегі оқиғаға қатысушылардың "Русская земля" республикасын құрамыз" дегені осыны меңземей ме?

Павлодар, Петропавл, Лениногорск, Зыряновск, Рудный, Лисаковск сияқты орыстанған қала атауларын өзгертудің қажеттілігі әлдеқашан туды. Бұдан әрі сөзбұйдаға салудың қажеті шамалы. Әйтпесе, халық қадір тұтқан ұлыларымыздың есіміне көше беру үшін әлдебіреулерді "аға", "көкелеп" жүргеніміз жалғаса береді. Ғалам мойындаған Қаныш Сәтбаевтың атына Павлодар қаласынан бір көше берудің ақыры айқайға ұласты. Петропавл да қазақ зиялыларына қырын қарайды. Оралдың да оңып тұрғаны шамалы. Қостанайда ақиық акын Ғафудың атына көше беру қиын-қияметке айналды. Бұл туралы "Егемен Қазақстан" кезінде жазды да. Бірақ, оны құлағына ілген кім бар? Өскеменде де қазаққа қатысты атауға деген қарсылық басым. Қысқасы, қазақ аз қоныстанған қалалар қазақ мәселесіне келгенде сіресіп отыр.

"Қазақстан көпұлтты". Соңғы кездері ресми құжаттарда осылай таңбаланып жүр. Көпұлтты дегеннің астарында қандай сыр бар? АҚШ, Ресей көпұлтты мемлекет, бірақ олар федерациялық елдер. Ал Қазақстанның федерацияда не шатағы бар, ол унитарлық мемлекет емес пе? Әлде кейбіреулер оны алдыңғылардың сапынан көргісі келе ме?

Задында ұлт ұғымының өзіндік мән-мағынасы, тұжырымы, қалыптасқан заңдылығы бар. Енді соған жүгінелік. "Ұлт дегеніміз – тарихи және әлеуметтік-этностық құрылым. Одан ішінара бөлінген және басқа елдерде жиынтықты орналасқан халық этностық топтар болып табылады" (Камалбай Марданов). Осы тұжырым тұрғысынан келсек, Қазақстан ешқандай да көпұлтты мемлекет емес. Өйткені, Қазақстанда көп ұлт





жок, жалғыз ғана қазақ ұлты мен басқа этностық топтар бар. Басқаша айтқанда, моноұлтты мемлекет. Мәселенің ақиқаты осы. Сол себепті оны бүркемелеудің, қолдан ғылыми термин жасаудың қажеттілігі жоқ. Осы жерде тағы бір сауал туындайды. Қазақстанды "көпұлтты" деп тану кім үшін, неге тиімді?

"Қазақстан жас мемлекет. Буыны енді бекіп келеді". Бұл қазақ елінің бұрынғы мемлекеттілігіне көлеңке түсіреді. Рас, қазақ халқы талай-талай тар жол, тайғақ кешуді басынан өткізді. Өз алдына Орда болды. Хандық құрды. Амалдың жоқтығынан бодандыққа бас ұрған кезі де болды. Тарихтың аумалы-төкпелі кезеңінде, XX ғасырдың басында тәуелсіздік алуға талпынып та көрді. Алайда, кеңестік темір құрсаудан шығу мүмкін болмады. Дегенмен мемлекеттілігімізді тәуелсіздік алғаннан кейінгі соңғы сегіз жылдың бер жағынан бастауға басымдық беруге болмайды. Керек десеніз, түп тарихын жеткілікті білмейтін жетесіздікке бастайтын да осы ұғым, осы түсінік.

"Осы 1456 жыл, еркіндік аңсаған Керей мен Жәнібек жана ұлыстың дербестігін жариялаған шешуші оқиға — халқымыздың тарихындағы кезенді құбылыс, мемлекеттік құрылым бастау алған, қазақ деп аталатын жаңғырған этностың дүниеге келген мезгілі деп есептелуге тиіс" (Мұхтар Мағауин). Олай болса жас тәуелсіз мемлекетпіз деу жаңсақтыққа апарып соқтырады. Оның алдын өзіміз алмасақ, басқа біреулердің аузына өзіміз "сөз салып бергендей" боламыз.

Басқа сәтте, басқа ыңғайда айтылғанымен, жазушы Әбіш Кекілбайдың мына сөзін дәйектемеге ұсындық. **"Біз ешкімге күш көрсетпейміз. Біз де адам перзентіміз. Кем перзенті емес, тең перзентіміз. Керек кезінде кең де бола аламыз. Керек кезінде ер де бола аламыз"**.

Ұлттық рухтың бүгінгі ұраны осы болса керек. Кең болып көрдік. Кеңдігімізді қадірлемеді. Тендігімізді де тепкілеп, тегеурініне бұғалық салатындай ыңғай көрсетті. Тәңірі жарылқаған жұрт едік, қайта тізгінге ие болдық. Ендігі мақсат — соны баянды ету. Ұлт





жүрегіне, ұрпақ санасына бабалар рухын сыналап енгізіп, ұйыстыру болмақшы. Осы тұста министрлердің бойынан, әкімдердің іс-қимылынан ұлтжандылықты көргіміз келетіні рас. Бұл дегеніңіз елдіктің басты нышандары – тілді, ділді, жерді, қауіпсіздікті қадір тұту. Осыдан туындайтын мәселе, басқа ұлттық топтарға "байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құрып отырғандығын" шын мәнінде ұғындыру қажет. Сонда ғана сенімімізге селкеулік түспейді. Ортамызда күмән болмайды. Басқаның айтағына үн қосатындар азаяды. Сонда ғана мемлекеттің ішкі тұрақтылығына қуат бітеді. Сансыз сауалдарға тапқан жауабымыздың бір парасы осындай.

1999 жыл





Алаш рухын аңсап жүрмін...

Байлық іздеп, мұхиттың арғы жағынан қазақ жеріне сабылған шетелдіктерді кінәлай алмаймын. Пайда таппаса, олар мұнда неге келмек. Кез келген жолмен қазақ жерінің байлығын пайдаланып қалуға ұмтылып жатыр деп айыптаймыз ба? "Интеграция", "инвестиция" дейді мұны бүгінгі қарым-қатынас тілінде. Саудаласа білмесен, өкпені кімге артуға болады.

Елдік мүддені жеке мүдденің құрбандығына шалып жатқан Қазақстан шенеуніктерінің қимылына айдаладағы ағылшын кінәлі ме екен. Сондай-ақ, Ресей өз отандастарының құқығын қорғап жатса, ал туған мемлекеті сырттағы түгілі атамекенге оралған бауырларына жағдай жасамай жатса, оған біреуді кінәлауға бола ма? Осыдан кейін қат-қабат қордаланған проблемалардан бас айналады. Осы мәселелерді жұмылдырып, бұқараның үнін билік деңгейінде шешуге ықпал ететін ұйымның қажет екендігі туындайды. Осындайда Алаш рухын аңсаймын... Бәлкім, сол рух қазақ саһарасына қайта бір айналып соғар болса, кем-құтығымыз бүтінделер тәрізді көрінеді маған.

Рас, бүгінде партиялар жеткілікті. Саны көп... Халық бірлігі партиясы, Демпартия, Либералдар қозғалысын бауырына алған "Отан" партиясы дүниеге келді. Мүшесінің көптігі жағынан дөкейі осы. Билік басындағылардың мақсат-мүддесін қорғайды. Басқаша айтқанда, шенеуніктердің намысын жыртады. Ал бағдарламасы тұнып тұрған "демократия". Бірақ, мемлекеттік тіл, қазақ халқының ұлттық мүддесі, жерге халықтық тұрғыдан қарау жөнінде қойылған мәселе жоқ.

Одан кейінгі орында шетелдік капиталдың қоржынына үміт артқан Азаматтық партия тұрады. Өндіріс-





шілерді қолдаймыз дейтін осылар. Әйтсе де, жеке-дара партиясы болғанымен, Қазақстанның өндірісі оңалып кете қойған жоқ. Сондай-ақ, Аграрлық партия атқа мінгенімен де ауылдың жағдайы құлдырап барады. Өткен жылы еліміз 16 миллион тоннаға жуық астық өндірді. Ол әуелі ауа райының ықпалына (қашанғы қаталдық таныта берсін?!), одан соң диқандардың жан-қиярлық еңбегінің арқасы. Аграрлық партия "здесь не при чем". Таяуда "Жер туралы" Заң жобасы қайтадан көкпарға түскелі жатыр. Ғасырлар бойы бабалар найзаның ұшымен қорғаған жерді жекеменшікке бермек ниетте. Аграрлық партия осы тұста азуын көрсете ме, қайдам? Әлде нарық пен шетелдік капиталдың мүддесін көздейтін "Отан" мен Азаматтық партиясының жағына шығып кете ме?

Компартияның бүгінгі бағыты бұрынғысынан өзгеше деп түсіндіреді оның тізгін ұстарлары. Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауы олардың мүмкіндігінше көбірек ұпай жинауына себеп болып отыр. Әйтсе де, жалпы халықтық мүддені қозғайтын, біріктіретін бағдарлама оларда да жоқ. Мұның сыртында Үкіметке оппозицияда жүргендер де жетеді. Қазақстанның жылдар бойы жинап-тергенін жекешелендіруге ұйытқы болған Әкежан Қажыгелдиннің де өз партиясы бар. Республикалық халықтық партия. Оның бер жағында "Азамат" партиясы, "Өрлеу" қозғалысы, тағы басқалар жетіп артылады. Айтайын дегенім бұл емес еді. Гәп басқада. Алуан түрлі партияның ішінде тікелей ұлт мүддесін қозғайтын партия жоқ. Бұл күнде бәріміз "ұлтшылдықтан" жерініп барамыз. "Космополитизмнің" бастауы шығар... "Әркімнің өз еркі өзінде. Қандай ұлт болып жазыласың. Қандай дінді қабылдайсың". Өйткені, демократия. Сыртқы ықпалды күштерге қарсы тұруға елді жұмылдыратын ұйым бар ма Қазақстанда? Кезінде қазақтың ұлттық санасының қайта оянуына жарықшақ түсірген "Азаттың" ішінен жік шығып, топ-топка бөлінді. Тәуелсіздік алар тұста елге танылған Сәбетқазы Ақатай кейінірек Республикалық партия





кұрды. Одан соң, оның атын "Алаш" деп атау жөнінде ат төбеліндей аз-ақ адам ұйғарымға келді. Сөйткен партия ішінде тағы да алауыздық туып, Парламентке сайлау тұсында қос тізім ұсынылды.

Бүгінгі мәселе қазақта емес, гөп қазақты жұмылдыратын ұйымда болып отыр. Алаш рухын ансап жүрміз деп айтатынымыз да сондықтан. Ұлт үшін ұран көтерер жолбасшы жетіспейді. Қазақ рухын қайта саясат сахнасына шығаратындардың үні естілмейді. "Азаттың" саясаткерлері болған Михаил Есенәлиев, Айтан Нүсіпхан да өтті дүниеден. Ал ұлтжанды деген азаматтың бірі Жасарал Ақтөбеге кетті. Мақаш Тәгімовтің жеке университеті бар. Өз тірлігі өзінде. Дос Көшімов болса демократия тағлымын үйренумен жүр. Әйтеуір Әзімбай Ғали ғана баспасөз беттерінде қазақ намысын қамшылап, жөн-жоба көрсетіп жатады. Саясаткерлер "қазақ ауылына" аяқ басқысы келмейді. Бәрі қазақ мүддесінен "қазақстандық" мүддеге ойысқан...

Қай ғасыр тоғысында қазаққа оңай болып еді. Бүгінде де солай. Қазір қазақ өз жерінде 53,4 процентті құрайды. Бұған да шүкіршілік. Әйтсе де әлі әлсізбіз. Мемлекеттік тіл кеңсенің тіліне жуық арада айналатын түрі көрінбейді. Жер жекеменшікке берілген күнде қалың қазаққа тағы да қу тақыр тиетін түрі бар. Исламнан жерінген қазақтың өрімдей жастары пұтқа табынып жүр. Іздегенін солардан тапқан тәрізді. Қазақтың саны басым болғанымен, қазақ мектебінің саны кемшін. Қазақ баласының шүлдірлегені орыс, жетілгені ағылшын саныбына барады. Осындайда Алаш рухын жалғастырап ұйымды ансайсың. Барыңа бас-көз болса дейсін.

Қазақстанда "Орыс қауымдастығы" атты ұйым бар. Ол ұлттық мүдде тұрғысынан проблема жоқ болса да, республика басшылығы алдына "орыс мәселесіне" назар аударуға ықпал етумен келеді. Оның сыртында осы ұйымның ықпалымен Ресей басшылары бүгінде Қазақстан жағына қарап, "Қазақстанда тұратын миллиондаған орыстардың тағдырына аландайтынын" айтады. Ал





қазақтарға осындай ұйым құру өз жерінде "ұлтшылдық" болып саналатын тәрізді ме, қалай?

Саяси партия ғана қоғамдық мүддені білдіріп, олардың ұйымдасуы және бірізділігі саяси тұрғыда шешім қабылдауына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда қазақтың мұн-мұқтажын жоқтайтын партияның қажеттілігі туындайды. Қазақ мүддесін мұрат тұтатын бір партия керек. "Алаштын" ұстанымын жалғастыратын, оның рухани ізбасары болатын ұйымның алдында шешетін мәселелер жеткілікті. Тек әйтеуір, тағы да ішінара тайталасқа түсіп, алауыздыққа ұласып жатпаса болғаны. Алаш рухын ансап жүрмін деп отырғандағы айтпағымыз да осы еді.

2000 жыл





Рухыңды түсірме, ұлым!

Шартарапқа шашырап кеткен қазақтың атамекеніне деген сағынышын енді түсінгендеймін. Түркия мен Алманияда жүрген бауырдың жусанды далаға елжіреуін жаныммен ұғына түскендеймін. Байырғы бабалар мекенінде қалың шоғырланған Қытайдағы қазақтың атажұртына деген ынтызарлығын тебіреніспен қабылдауға болады. Өйткені, Одақ ортақ болған республикалардағы қазақтардың өздерінің де сол кездің өзінде Алматыға, Қазақстанға деген құштарлығы керемет еді. Одақ ортақ болған күннің өзінде де осындай болатын. Шалғайдағы қазақтардың төл мемлекеті мен астанасына деген асқақ сезімі атойлап тұрады екен. Айқайлап, аттан салмағанымен, талайының жүрегінің тылсым төрінде жатқан туған халқына деген мақтаныш пен сағыныш қосыла табысып жататынға ұқсайды. Қасыретіне қамығып, жетістігіне марқайып жүреді екен. Өткенді ой елегінен өткізе отырып осындай тоқтамға келдім.

... Ол кезде үшінші сыныпта оқитынмын. Балалық құмарлық па, әйтеуір үлкендердің кітаптарын ақтаруды қызық көретінмін. Бар қызық әпкем мен ағамның кітаптарында сияқты болатын-ды. Бір күні ақтарыстырып отырып, оныншы сыныптағы әпкемнің "Қазақ совет әдебиеті" оқулығындағы ерекше жайттың куәсі болдым. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин бір жылда туып, танданарлығы сол, бір жылда қайтыс болыпты. "Арасынан қыл өтпес достар болған-ау, сірә!" Сонын ішінде екеуі тіпті бір күнде жарық дүниемен қоштасыпты. Ал үшіншісінікі жазылмапты. Сәйкестік тапқаныма қуанып, салып ұрып әкеме жетіп бардым.

– Папа, үш жазушы бір-бірін қимас достар болған ба? Неге үшеуі бір мезгілде қайтыс болған?





Әкем ә дегеннен жауап беруге асықпады. Есіне қайдағы бір жайсыз оқиға түскендей, жайлап қабағын түйе түсті.

— Балам, сені мазалаған сауалдың өзіндік сыры бар. Білмекке ұмтылғаның жақсы. Бірақ бұл сұрақтың жауабын ұғыну саған қазір қиындау. Өскен соң бәрін өзін-ақ түсінесің..., — деп әкем сөзінің аяғын жұтып жіберді. Азкем үнсіздіктен кейін әңгімесін қайта жалғады. — Қалай болғанда да үшеуінің де қазақ халқы үшін құрбан болғанын ұмытпа, балам. Олар елі үшін опат болғандар...

Шынында да, әкемнің айтқанынан түк түсінген жоқпын. "Елі үшін бәрі бір күнде опат болуы керек пе?" Осыны түбегейлі түсіну үшін біраз жылдар керек болатынын, ол кезде қайдан білейін. Барлығын да араға уақыт сала ұғындық қой. Оның ішінде ұлтқа деген ұлы құдыреттен туған шексіз сүйіспеншіліктің мықты екендігін. Қажет болса, ұлтын сүйген адам басын қатерге тігуге де баратындығын...

Әкем "Қайраттың" ұзақ жыл бойғы тұрақты жанкүйері. Кейде жоғары топтан жылыстап, бірінші топқа түскеніне кәдімгідей ренжіп жүреді де, кейін оны бір сәтте ұмытып шыға келеді. "Советский спорт" газетінен "Қайрат" ойынының нәтижесін ылғи іздеп отырғаны. Мәскеудің азулы командасы "Спартакты" бір кездері "Қайраттың" тәубасына түсіргенін мақтанышпен әңгімелейді. Тимур Сегізбаев десе бәрін ұмытуға бар. "Біздің Құралбектен мықты қақпашы жоқ Одақта. Ол талай марқасқаларды тұсап тастайды. Әсіресе, он бір метрлік айып добын Ордабаевтай ұстайтын қақпашы әлі туған жоқ", дейтін болды кейіннен. Ол кезде әкемнің әңгімесіне қарап футболдың тұтқасын қазақтар ұстап тұрған тәрізді көрінетін маған.

"Қайраттың" бірінші топқа түскенін, өзінен денгейі төмен командалардан тас-талқан боп жеңілгенін әкем кешіруі мүмкін. Бірақ, ол кісінің кешірмейтіні — "Қайраттың" "Пахтақордан" жеңілгені. Қашан "Қайрат" қарымта кездесуде есесін қайтармайынша, рақымшылық жасалмайды. Басқасы басқа, қос команданың те-





ледидардан берілетін өзара ойынын қалт жібермейді. Келесі күнгі көңіл күйдін бәрі де "Қайраттың" ойынымен астасып жатады. Студенттік кезіндегі өзі тікелей тамашалаған екі команданың кездесулеріне дейін айызы қанып әңгімелейді.

– Біздің "Қайрат" Ташкентке келіп, "Пахтакорды" тас-талқан етіп жеңуші еді ғой. Әрбір кездесу жан алысып, жан берісетін арпалыспен өтетін. "Қайрат" гол соққан сайын Ташкенттегі қазақ студенттері айқайға басып, бөркін аспанға атып бір дүрілдеп қалатын. Ондайда "әкалардың" төбемізден лақтырған бөтелкесінің өзін елемейтінбіз. "Қайраттың" жеңісі тұтас қазақтың жеңісі сияқты көрінетін-ді. Ол бір керемет күндер еді-ау...

– Папа, жерлестеріңізге, "Пахтакорға" неге жанкүйер болмадыңыз?

– "Қайрат" бар ғой, "Қайрат". "Қайрат" тұрғанда...

Енді бір сәт "осының есі дұрыс па?" дегендей маған тіктеле бір қарайды. "Баланың сұрағы екеніне" көзі жеткен соң, сөзін әрі қарай жалғастырады. – Оның ар жағында Алматы, Қазақстан, қазақ халқы бар дегендей... Қысқасы, оны өсе келе өзің-ақ түсінесің, ұлым.

Тағы да ертен. Жауап тағы да кейінге сырғиды. Әкемнің саусақпен санарлық қана қазағы бар "Қайратты" соншама пір тұтатынын расында да, кейінірек түсіндім. Ордабаевтың аяғын жер-көкке сыйғызбай, әлемде Сейділда Байшақов пен Тимур Сегізбаевтан басқа футболшы жоқтай жұрттың аузынан суын ағыза әңгімелейтінінің мағынасы тереңде жатыр екен ғой. Намыс жатыр екен ғой оның астарында. Намыс. Ұлттық намыс!

Әкем қазір зейнет демалысында. Қызылқұмның төріндегі ауылға ат басын тіреген сайын "Қайраттың" қазіргі жағдайын, Алматы мен Астананың ахуалын жиі сұрағыштап қояды. Баяғыдай емес, екеуара әңгіменің аяғы көп нүктемен аяқталмайды. Бүгінде сұрақ қоюшы мен жауап берушінің да орны ауысқан. Әкем Қазақстанда болып жатқан өзгерістерге көбірек аландайды. Мемлекеттің, халықтың жағдайын, ұлттық мәселенің ахуалын көбірек білгісі келеді. Онысы түсінікті де. Қара-





қалпақ жеріндегі қазақтар ана тіліндегі газет-журналдардан кол үзгелі қашан. Телеарналарда да қазақ тілінде хабарлар көрсетілмейді. Жұрттың көңілі де өздері әлі көрмеген Астанаға қарай алаңдаулы. Үлкен бір сағыныш бар. Атажұртқа деген сағыныш.

Кезекті демалысқа барған сапар барысында әкем Қазақстандағы бар жағдайды қазбалай сұрады. Дүние жүзіне Қазақ мемлекетінің жақсы аты шыға бастағанына деген өзінің мақтанышын білдірді. Бұрын-сонды қозғала қоймайтын тақырып – қоныс аудару мәселесіне қарай да ойысты.

– Ертеректе көшуге болмас па еді?

– Балам, туған жерді тастап қайда баратын едік. Ғасырлар бойы ата-бабамыз мекендеген жер емес пе. Бабалардың зираты жатыр осында. Өз жерінді басқаға тастап, қалай кете бермексің?!

– Қазір ше, қазір... туған жердің тұрағы өзгеріп кетті ме?

– Бүгінде жағдай басқа арнаға бет бұрды, балам. Сонғы он жыл ішінде дүние түбегейлі өзгеріске ұшырап, кенестік кенестікте жаңа ахуал қалыптасты. "Баяғыда бұл жерді біздің бабаларымыз мекендеген" деген кеудемсоқтықтың әмірі жүрмейді енді. Барлығы жана-ша саясаттың жықпыл-жықпылында шешіліп жатыр. Қазақ халқының да жаңа заманғы соны жылнамасы жазылу үстінде. Бағзыдағы бабаларымыздың армандаған заманы осы...

– Алайда, онда келіп қалған екенсіздер деп, жарылқай қоятын мүмкіндік шамалы. Әркімнің өз тірлігі өзінде...

– Рухынды түсірме, ұлым! Таусыла берме. "Көппен көрген ұлы той" емес пе. Алла нәсіп етіп, қоныс аударатын болсақ, бұйырғанын көре жатармыз, балам.

"Сағынбай барсаң таулар да алдыңнан шықпас асқақтап". Төлеген Айбергенов. Бәлкім, күллі дүние жүзіне тарыдай шашылып кеткен ісі қазақтың туған жерге деген сағынышы да Қазақстанның төрткүл әлем алдындағы абыройын асқақтата түсетін шығар.





Қазақ рухы қалғып кеткен секілді...

Қазақ ұлты өзіне өзі төрелік жүргізе алмай отырғанда, басқа жұрт өз байламын жасап үлгереді. Қазіргі Қазақстан қоғамында қазақ ұлтының қағаз жүзінде ғана өкілетті орны бар ма деп күйінесің кей-кейде. Түптеп келгенде, тамырынан түңілгендей халде қазір қазақ. Шүкіршілік ететіні, меншікті мемлекеті, төл туы, еншісінде елтаңбасы бар. Басқалай айтқанда, мемлекеттік деп айдар тағатын ұлтқа тән рәміздердің бәрін еншілеген. Шекарасы да шиырлап, карта бетінде қолтаңбасын қалдырып, қалыптасып келеді. Оның қаншалықты тиімді, тиімсіз жүзеге асып жатқандығы өз алдына бөлек әңгіме. Билік тізгінін ұстағандардың басым көпшілігі де жергілікті ұлт өкілдері. Былай қарасаңыз, бәрі орын-орнында сияқты. Олай болса, ұлттық мүддеде ылғи ұтылыс тауып келе жатқанымыз неліктен?

Рас, бар мәселе қазақ деген халықтың атын алған мемлекет тұрғысынан қозғалады. Бірақ, қайсыбір мәселе болған күннің өзінде ондағы қазақ жұртының мүддесі қандай? Осы ескеріле ме? Бар гәп енді осы тұстан басталады. Осыны айту да ұлтшылдық па? Қазақ ана тілінде сөйлесе, ұлтшылдық болғаны ма? Биліктегілер қазақ мүддесі дегенді тек мемлекеттік тілде ғана қозғайды. Онда да қалай болар екен деп төңірегіне жіті көз тастап барып, имене айтады. Ал ұлт мүддесін ресми тілде айтуға жасқанады. Кенестік кезеңнен қалған кесел тәріздес қорғалақтаушылық әдеттен әлі арыла алмай келеміз. Әлі де әлдекімдерге қарай жалтақтау басым. Уақыптың тиімді тұсын пайдалана алмаған күнде күні





ертен бар мүмкіндіктен ажырап қаларымыз анық. Оның алғашқы нышанын солтүстік жақтан ескен саяси суық лептен айқын аңғаруға болады...

Ұлттың мұң-мұқтажын биік мінберден айтатын қоғамдық ұйымдар әлдеқашан өзара жікке бөлініп, берекесі кеткен. Қос "Азат" бір-бірінен азаттық алып шықты. "Желтоқсан" да ішінара жікке бөлінді. Олардың тек жыл сайын желтоқсан жақындағанда ғана тамырына қан жүгіре бастайды. "Біз әлі бармыз" деген тәрізді өзінше бой көрсетіп қояды. Қысқасы, қазақ халқының мұнын мұндап, жоғын жоқтайтын қоғамдық ұйымдар жоқтың қасы. "Алаш" партиясы қайта атқа қонып, тіркеуге құжаттарын тапсырған-ды. Алайда, ол мемлекеттік тіркеуден өте алмады. Шынында қалың жұрт оның тыныс-тірлігінен, тындырып жатқан шаруасынан бейхабар. Оның бастауында тұрғандардың кім екені де жалпы халыққа беймағлұм. Соны өздері түсінді ме, партияның органы болып табылатын басылымның кезекті нөмірінде партия төрағасының бірнеше суретін беріпті. Бұқарасы білсін деген ниет шығар деп қабылдадык. "Алаштықтардың" Парламент сайлауы тұсында бәйгеден аты озып келеді дегенге қаншама оптимистік тұрғыда қарағанымызбен, көңілде сенімнен гөрі күдік басым. Өйткені, мемлекеттік тіркеуден өткен партиялар іле-шала сайлау науқанына әзірлікті бастап кетті.

"Алаш" алғашқы сынақтан-ақ сүрінді. Оған биліктің де іші аса жылымайды. Оның үстіне әу баста "Русская партия" атанып, одан соң "Соотечественник" боп құбылып шыға келген партияны да тіркеу керек ғой. Сол үшін амал жоқ, "Алашты" да қоса құрбандыққа шалуға тура келді. Әйтпесе, биліктегілер үшін бұл "ұлтшылдық" болып шығар еді. "Алаштың" рухын көтеруге жанталасып отырғандарды керенау кеңселерден іздеп табу қиын. "Алаш" түгілі қазақ десе ат-тонын ала қашатын шенеуніктер жетіп артылады қазір. Одан гөрі жалпы адамзатқа бірдей құндылықтарды көтеріп жүрген "Отан" жақынырақ оларға. Болмаса, Қазақстанның өндіріс ошақтарының басым бөлігіне қожайындық жасап





жүргендердің мүддесін көздейтін Азаматтық партиямен тіл табысу әлдеқайда тиімді. Ал "Алаштан" аулақ болған жөн, олардың ойынша...

"Соотечественник" демекші, онын жетекшісі біздің қатарымызда мүшелердің 30 пайызға жуығы қазақтар дегенді айтады. Ендеше, атын өзгерткенмен заты өзгермейтін партияның сойылын соғатын қазақтар да табылып отыр. Олай болса, орыстілді қазақтар да әу бастағы төл мәдениетіне, туған тіліне қарсы оппозицияға әзірленіп жатыр ма өзі деп те ойлауға болады. Айтпақшы, аталған партия төрағасының орынбасары өткен президент сайлауында өзін президенттіктен үміткерлікке ұсынатын Жаксыбай Базылбаев көрінеді. Президенттікке енді басқа ұлт өкілдерінің қолдауымен түсетінге ұқсайтындай. Ендігі жерде партия ұстанымына сай үміткердің ұраны да өзгертін шығар. Несі бар, өзгелердің мүддесі күн тәртібіне көбірек қойылған сайын қазақ жұрты қайта жұдырықша жұмыла түспек. Сол себепті де орыстілділердің мүддесін көтергендерге кейде алғыс айтуға тура келеді...

Қалай болғанда да қос партия тіркеуден өте алмады. "Алаштың" бағын "Орыс партиясы" байлады. Атын қоғамдық пікірдің құдыретімен өзгерткенімен, әу бастағы атауының өзі оның қандай мақсат-мұратқа байланысты құрылғандығын аңғартқан еді. Ал әзірше алаш жұртының жоғын жоқтайтын іргелі ұйым болмай тұр. Ұлт мүддесінің ұтылыс тауып отырғаны да сондықтан.

Үздіксіз қайталана беретін, бір-бірінен аумайтын мерейтойлар да адамды әбден мезі етіп келеді. Осындайда жиі айтылатын рухымыз көтеріліп қалды деген бекер сөз. Ол тек бар болғаны — бар-жоқты түгендеу болып шығады. Керек десеніз, ол көтерем болып қалған қазақ рухын жана белеске шығара алмайды. Задында, ол қалғып кеткен қазақ рухын ұйқысынан оята да алмайды. Оятқанымен, сергек күйіне келмей қайта қалың ұйқыға кіріседі. Қысқасы, қазақ рухы летаргиялық ұйқыға кеткен секілді. Қай жылдардың ширегінде оянатынын дөп басып айту қиын...





Нарық – бәсекелестіктің, жанпида тірліктің кезені. Ал казекен әлі бейғам. Базбіреулер оның бабаларының мұраға қалған байлығын ертеңге мұртын бұзбай апаратындай сезінеді. Осы жерде туындайтын тағы бір гәп, Қазақстандағы жекешелендірілген байлықтың қаншалықты мөлшері казекеннің меншігінде екендігі. Бар мәселе осы жерден көрінеді. Рас, "жас түркілердің" коржынында комақты байлық бар. Бірақ, соның бәрі жиыла келгенде, Қазақстандағы шетелдік жалғыз инвестордың байлығының қасында шаңына ілесе алмай қалады. Ал байлықтың талай шаруаның басын қайыруға ықпал ететіні тағы бар. Сол себепті, қалтасы қалыңдар арасында ұлт мәселесіне жанашырлық көрсететін тұлғалар көбейген сайын казактың тілі де, мәдениеті де, өнері де әлемдік өркениеттен өз орнын табатыны анық. Ал әзірге туған жұртына қолұшын беретін қалталылардың қазынасы басқалардың қасында шамалы ғана. Ұлттық мүддеде ұтылыс тауып отырғанымыздың бір ұшы осында.

Байлық дегеннен шығады, оны кім де болсын өз мүддесін жүзеге асыруға пайдаланатыны анық. Бұл – өмірдің бұлжымас заңдылығы. Бірақ, осы жерде айта кететіні, казак ұлтының болашағына қауіп төндіретін лоббизм төңірегінде соңғы кезде жиі әңгіме бола бастады. Оны басқа емес, Парламент Мәжілісінің төрағасы қолдап, қуаттап отырса ше? Лоббизм Парламентте бар, жасырын түрде болса да бар, ол ешкімнен құпия емес. Соны заңдастырайық, лоббизм туралы заң қабылдайық, дейді төраға. Міне, мәселе қайда жатыр. Лоббизмді заңдастыру дегеніңізді казак ұлтының мәселесінің тамырына балта шабу деп пайымдауға болады. Өйткені, лоббизм арқылы қаржы кімнің қолында, соның ыңғайына қарай заң қабылданады. Еліміздегі қаржының кімдердің қолында екендігін жоғарыда түспалдап айттық. Олай болса, заң қабылданған күнде казактың тілін, ділін, мәдениетін өркендетуге байланысты заңдар қабылданбайды деген сөз. Ғасырлар бойы сақталып, бүгінгі күнге жеткен бабалар аманатын





тәуелсіздік алғаннан кейін ерікті түрде басқаларға беру, сіңісу арқылы айрылу деген сөз бұл.

Қазақ қазірде өршілдіктің емес, көнбістік пен төзімділіктің баламасына айнала бастағандай. Қазақ "Мен – қазақпын" деп мақтанып, басқа жұрт "қазақ осы" деп танырқайтындай биікке көтеріле ала ма? Басты гәп осында. Бүгінгі тірліктің болмысынан бұған оң жауап беру қиын. Қайта соңғы кездері билік белесіне шыққан саяси тұлғалар өзара оппозицияға көшкен тәрізді. Топтық мүдделер ұлттық мүдделерден басым тұрғандай. Мұны біз тізгінін Иманғали Тасмағамбетов ұстаған Үкімет тұсында анық байқадық. Қазақтың мұң-мұқтажын терең білетін азамат билік басына келген тұста орыстілді басылымның көпшілігі жапа-тармағай оның осал тұсын іздеп, басқан қадамын андып-ақ бақты. Ұлт жанашырын бір мұқатып алайық дегендей. Одан тіпті, республикалық мемлекеттік тілдегі базбір басылымдар да қалыса қойған жоқ. Құдды Үкімет басшысы шалыс басса, айы оңынан туатындай кимыл көрсетті. Ұлттық мүдде емес, бұл жерде де жеке мүдделердің көрініс бергені де байқалады. Осындай ұлт арасындағы пендешілік пиғылды сыртқы ықпалды күштердің, оның ішінде кейбір партиялардың жақсы пайдалатыны анық, пайдаланып та жүр.

Елге танымал тұлғалардың да ұлттың рухын көтеруде үлкен орны бар екені тарихтан мәлім. Дуалы ауыздар төрелігін айтқанда ғана халықтың көңілі сол жаққа ауады. Ал әзірге аузы дуалы деген қазақтың мықтылары жылдар бойы "ұлтшыл" деген сөзден санасы зәре-зап болғандықтан ба, ұлт мүддесін биік мінберден жұмыла айтуға тәуекелі жетпей жүр. Жеке-дара дауыстар ғана ара-тұра халықтың мұң-мұқтажын жеткізеді. Әйтсе де, оның өзі әлі халықтың санасына жетпей келеді.

Осыдан төрт жылдан астам уақыт бұрын тарих ғылымының докторы Мәмбет Қойгелдиев: "Билікте отырған басқарушы топ ендігі тарихи кезеңде басқа елдердің тәжірибесіне еліктеушілік мінезден тезірек арылып, жасампаз, нағыз ұлттық элитаға айнала ала ма?" ("Егемен





Қазақстан", 26 ақпан, 1999 жыл) деген сауал тастаған еді. Алайда, содан бері бесінші жылға қадам басса да, ұлттық мүдделердің шешілетін уақытын босқа жіберген тәріздіміз. Етек-жеңін жинай бастаған солтүстіктегі көршіміз ендігі жерде Қазақстанды өз дегеніне қарай көндіруге ұмтылатыны айдан анық. Ал біздің зиялыларымыз әлі әрекетсіз. Қайта басқарушы топта ұлттық мүддеден гөрі басқалардың сойылын соғуға бейімділік байқалады. Біздің қорқатынымыз да осы. Сан ғасырдан кейін сарылта, сағындыра келген мүмкіндікті тағы да біреудің шылауына байлап береміз бе?

Қазіргі кездегі қазақ қоғамындағы жай-жағдайды саралай келіп, қазақ рухы қалғып кеткен секілді деп отырғанымыз да сол. Күнделікті күйбең тірліктің астында ұлттың мәселесі көміліп жатқандай. Рухы түскен елдің ұрпағы әлсіз болмақ. Олай болса, болашақ ұрпақтың рухының мықтылығы бүгінгілердің жауапкершілігінде. Бұл — билік тізгінін ұстағандарға да, бұқараға да бірдей сын болмақ.

2003 жыл





Қазақтың төл тұмары – "Алтын адам"

Алып ел АҚШ туралы әңгіме қозғала қалса, сап етіп есімізге алдымен "Азаттық ескерткіші" түседі. Одан сон іле-шала "америкалық арман" қанаттасады. Германия десеніз, тап-тұйнақтай тәртіпке дағдыланған неміс халқы, автомобилі ойға оралады. Ұлыбритания өзінің ақсүйектік басқаруға негізделген монархиялық сипаты, халықаралық қарым-қатынас тіліне айналған ағылшын тілімен ерекшеленеді. Жапония десе самурай, технология, "жоктан барды жасайтын" ілкімді жапондықтар көңіл түкпірінен атойлайды. Франция десе мода, Эйфель мұнарасы көзге ұрады. Бразилия туралы сөз қозғала қалса, футбол, Пеле, карнавал еске түседі. Бокс Куба елінің басты синониміне айналған. Оның ар жағында "Бостандық аралы" десе, Фидель Кастроның елін басқамен шатастыра алмайсыз.

Қазақ десе, Қазақстан десе, миға ең алғаш көрініс беретін сөз немесе ұлттың рәмізіне айналған бейресми белгі қандай?

Әдегенде қазақтың қонақжайлығын айтады. Оны айтатындар бұрынғы Одақ тұсында "тай-құлындай тебіскен" одақтас республикалардағы кешегі бауырларымыз. Бірақ, қонақжайлық – қазіргі заманның өлшеміне келетін болсақ, биік мәртебе емес, керісінше, дарақылықты аңғартатындай. Оның үстіне үнем дегенді білмейтін кешегі кеңес кеңістігінде өмір сүргендер осындайда ішіп-жеуге деген үлкен әуестігін аңғартып қалады. Ал, шетелдіктердің көбі Қазақстан аты аталатын болса, оны Ауғанстан, Тәжікстан сияқты кедейшілік пен қақтығыс жайлаған... "стандармен" қатар қоятынына талай куә болып жүрміз. Болмаса, қазақ жұртының





тіршілігінен бейхабар кейбір шетелдіктер Қазақстанды стратегиялық көзқарастардың қайшылығына қатысты Каспий жағалауындағы мұнайлы ел ретінде еске түсіреді. Турасын айтқанда, "онып тұрған" ешқайсысы жоқ. Бұл өз кезегінде Қазақстанның халықаралық деңгейдегі беделін қалыптастыруға кері әсерін тигізеді. Ал, бізге әлемнің қазақтарды өркениетті ұлт ретінде, халықаралық қауымдастықта өзіндік орны бар мемлекет ретінде танығаны жөн. Осыған орай өз пікірімізді ортаға салып кірелік. Айту – бізден, қабылдау – сізден...

Қазақ тарихында "Алтын адамның" орны бөлек. 1970 жылы Алматыдан 50 шақырым жердегі Есік қорғанынан археолог Кемел Ақышев бастаған археологтар "Алтын адам" сұлбасын аршып алды. Біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықтың екінші жартысында Жетісу өңірін мекендеген сақ тайпасының көсемі дейді тарихшылар "Алтын адамды". Оның бойынан төрт мыңнан астам әртүрлі әшекей түрлері табылған. Қорғанда қазба жұмыстарын жүргізу барысында Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі тайпалардың біздің заманымызға дейінгі V ғасыр шамасындағы мәдениеті, өнері, діні төңірегінде құнды материалдар да табылды. Бұл қазақ жеріндегі өмір сүрген халық тарихының қай киырларға апаратынын көрсетеді. Тек тарихының ғана емес, олардың мәдениеті мен өнері жоғары деңгейде болғандығын "Алтын адам" сияқты құнды деректер айғақтайды.

Тарихшылардың дерегіне сүйенетін болсақ, сақтардың тіршілігі, тұрмысы, киім киісі Қазан төңкерісіне дейінгі көшпелі қазақтармен ұқсастығы көп көрінеді. Сондай-ақ, тарихшылар сақ тайпасының бейбіт сүйгіш тайпа болғанын айтады. Алайда, жатжұрттықтар тарапынан шабуыл жасалатын болса, сақтар шабындықтарын, сулы алқабын, малы мен баспанасын қаһармандықпен қорғаған. Осылардың барлығы қазақтың қай заманғы да өмірлік ұстанымымен астасып жатыр емес пе. Олай болатын болса,





Қазақтың синониміне "Алтын адам" айналып жатса несі бар.

Бәлкім, "Алтын адам" онсыз да елдік рәміздің бір бөлшегіне айналды ғой деп айтушылар табылатын шығар. Рас, ол – Алматыдағы Республика алаңында Тәуелсіздік монументіндегі негізгі компоненттердің бірі. Дегенмен, оның осы ескерткіште қазақ халқының тарихи кезеңдерінің тек бір бөлшегін құрап тұрғандығына ешкім дау айта алмас. "Алтын адам" үшін алып ескерткіш орнатса несі айып. АҚШ-тағы "Азаттық ескерткіші", Франциядағы Эйфель мұнарасы іспетті ұлттың әлемдік деңгейдегі рәмізіне айналатын ескерткіш орнатылса, тамаша емес пе. Қазақ елінің, қазақтың синонимі "Алтын адам" болса, әлем жұртшылығы "Алтын адам" арқылы қазақтың қандай халық екендігін мойындайды.

Бүгінде "Алтын адамның" қазақ топырағынан табылғандығын әйгілейтін үлкен насихат жұмысы жүргізіліп жатқан жоқ. Бәлкім, тарихпен әуестенушілер "Алтын адамның" тағдырынан хабардар шығар. Алайда, қалың қауым біледі деп айту қиын. "Алтын адамды" жан-жақты насихаттау арқылы қазақ елін дүние жүзіне мәшһүр етуге мүмкіндік туады. Бұл бір жағынан қазақ ұлтының тамырын қатпарлы тарих қойнауларына тереңдетеді. Оның сыртында бір ғана Есік қорғанының төңірегінде қазақ топырағындағы мәдениет пен өнердің қандай биік деңгейде болғандығын жаһанға паш етеді. "Дүниенің кілті бізде ғана болған" деп астамсыған қарт құрлықтың қазақ мәдениетіне, сол арқылы шығыс мәдениетіне деген кейбір көзқарастарын қайта таразылауына тура келеді. Оған қоса бұл моңғол-татар шапқыншылығына дейін қазақ даласында аса биік өркениеттің ордасына айналған қалалардың болғандығын тарих жүзінде әйгілей түседі. "Алтын адамды" насихаттауға айрықша көңіл бөлу керек деп отырғанымыз да сол. Бәлкім, мұндай ескерткішті елорданың төріне орнықтырған жөн болар. Бағзы бабалар армандаған, армандап кеткен тәуелсіздіктің аркасында баба бейнесі төрден орын алатын болса, осыдан асқак не бар!





Мұндай тарихи жәдігерлер дүниенің түкпір-түкпірінен ілуде біреуі кездесетін-ақ шығар. Ал, "Алтын адам" бейнесі қазақ топырағынан бір емес, үшеуі қатар табылып жатса ше. Бұл саран тарихтың қазақ ұлтына жасаған мырзалығы ма? 1999 жылы Атырау өңірінде Аралтөбе қорғанынан табылған "Алтын адам" бейнесін, 2003 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті қорғанынан табылған "Алтын адамды" кездейсоқтық деп айтуға ешкімнің де тілі бармайтын шығар. Олай болса, барды бағалай білу, бабалардың рухын асқақтата түсу – бүгінгі ұрпақтың басты парызы. Ал, "алтын бабаларымызға" ескерткіш орнату осының алғашқы қадамы.

Шетелге қыдырып барып келген адамның сол елден естелікке кәдесый алып келетіні белгілі. Мұхиттың арғы жағындағы алып елге табан тіреген жұрт "Азаттық" бейнелі базарлықты алып қайтады. Парижге ат ізін салғандар Эйфель мұнарасының кішігірім нұсқасын сатып алады. Аспан асты еліне барғандардың, сөз жок, "Қытай қорғанының" жанында естелікке суретке түспейтіні кемде-кем. Үндістанға жолаушылаған туристердің Аграға ат басын бұрып, Тәж-Махалға тәу етпесе, сонда суретке түспесе, онда сапардың толыққанды болмағаны деп біледі. Мәскеуге келген қонақтардың Кремльді тамашалап, Қызыл аланда болмайтыны некен саяк. Орысша айтқанда, бұлар Ресейдің "визитный карточкасы" іспетті. Олай болса, қазақ топырағына табаны тиген туристер "Алтын адам" ескерткіші жанында суретке түсіп, асқақ бейнелі "Алтын адамның" кәдесыйын қоржынына салып жатса, керемет емес пе!

...Олай болса, "Алтын адам" Қазақты күллі әлемге танытатын төл тұмары деп толыққанды айтуға әбден лайық!

2004 жыл





Діни "плацдарм"

Ұлты қазақтың бәрін сырттай еншілеп, мұсылман етіп жүрген өзіміз. Ал, шынтуайтына келгенде, аты қазақтың бәрі заты мұсылман болмайды екен. Оған енді түбегейлі көзіміз жетіп отыр. Дүниенің түкпір-түкпірінен ағылған миссионерлер қазақтың кең сахарасына туристік сапармен емес, өз дініне мінажат ететіндердің санын көбейтуге ұмтылатындай-ақ. Рим-католик шіркеуіне құлшылық етушілердің елімізде "десанттық тобы" ретінде 122 миссионер қызмет етеді. Одан кейінгі орында протестантизмнің өкілдері – 110 миссионер қазақ жерінің ой-шұқырын аралап, өздерінің туын тігіп, біржола жайғасып жатыр. Оның сыртында дәстүрлі емес протестанттық бағыттағылар да бар. Дәсүрлі емес деп, "калың олжадан" құр қалсын ба, дінбасылары да олардың ішінен 25-іне батасын беріп, кең қазақ сахарасына ақ жол тілеп, шығарып салыпты. Иеарусалимнен артынып-тартынып Еврей қауымдастығының жалынды сәлемін жеткізуге де 9 миссионер келіпті. Бұлардың бәрі 2003 жылдың басында қағазға қатталып, ресми тіркелгендері ғана. Әйтпесе, байкамай "адасып" жүрген, тіркелмеген миссионерлер жетіп артылады ғой. Соларды шоттап, заң бұзса сотқа сүйретіп жатқан құзырлы мекеме бар ма?

"Естімеген елде көп" деп, қазақ қалай дәл айтқан. Естісеңіз айтыңыз, біз санамалайық. "Новая жизнь" шіркеуі, "Новое небо" шіркеуі, "Благая весть" шіркеуі, "Жатва" шіркеуі, "Живая Лоза" шіркеуі, толық Евангелия шіркеуі, Библия шіркеуі, "Вефиль" қасиетті шіркеуі, "Иисуса Христа Святых последних дней" шіркеуі сияқты "шіркеу" атаулыдан шекен шылқиды. Күллі дүниедегі дінге қатысты тірліктің бәрін жиып әкеліп,





казак жеріне котара салғандай. Соған карап 2003 жылы сары күзде Астанада әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің өтуі заңдылық па деп қаласың. Ал қалы жиын "дәстүрлі діндердің" басқосуы болғанымен, біз жоғарыда санамалаған қаптаған "шіркеулер" "дәстүрлі емес" бағыттағылар. Құдай қаласа, осы қарқыннан айрылмасак, "дәстүрсіздердің" де дәстүрлі басқосуы болатын шығар әлі елордада. Өйткені, олар елімізде еркін өмір сүріп, насихатын жүргізіп, қатарын молайтып келеді. Қазақстанда жерсініп жатқан "Новая жизнь" шіркеуі бірлестігінің саны – 53, толық Евангелия шіркеуі – 21, "Жатва" шіркеуі – 8, Библия шіркеуі – 4. Қалғанын санамай-ақ қоялық, "дәстүрсіз діндер" бірлестігінің еліміздегі жалпы саны 232-ні дөнгелектейді. Қазақтардың көңілін аулап, оларды өз қатарына тартудың амалы шығар, "Рахым" атты Евангель Христиан шіркеуі де бар.

Жалпы, бәрінен аты озып тұрған протестант бағытын ұстанушылар, олардың республикада 946 (!) бірлестігі бар көрінеді. Одан кейінгі жүлделі орынды елімізде 77 діни бірлестігі бар католиктер иемденеді. Бахаилар, кришнаиттер, вайшнавтар сияқтылардың басын біріктіретін дәстүрлі емес діндер бірлестігінің ұзын саны – 56. Ал иудаизмге құлшылық етушілердің бірлестігі әзірге 24 екен. Жоғарыда аты аталмағаны бар, түгенделмегені бар, олардың қанша мүшесі бар екендігін, олардың қаншасы қазекен екендігін бір құдай біледі. Соңғылары да "өз үлестерінен" құр қалмай, несібесін теріп, мінажат етіп жүрген болар...

Кейбір бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметіне жүгінсек, басқа діндердің қорын "байытып" жүрген қазақтардың саны 500 мыңды шиырлапты. Тұтас бір елорданың халқына жетеғабыл ма, қалай? Бұл өткен он жылдың еншісіндегі "жетістік". Алдағы күннің қандай "сыбаға" сыйларын кім білсін? Қазекен бұрын-соңды бас жағынан бөлінгенімен, таласқа түспеген жалғыз дүниесі бар болатын. Ол – қазақтың мазары, басқалай айтқанда моласы. Ертеректе адамдарды зиратта арғы





атасына қарай бөлек жерлегенмен, моланың жанынан өткен қазақтың қай-қайсы да бетін сипамай өтпейтіні болмаушы еді. Баба аманатына берік адамдар әлі күнге дейін осылай істейді. Ал ендігі жерде қазақтың өз арасында молалардың бөлінісі басталғалы тұр. Қазақтың кең даласы алдағы уақытта "шіркеулерден шекпен киген" қазақтардың мәңгілік қоныс тебетін өзіндік зиратымен толыға түссе, таңданбаңыз. Бес жүз мыңның әрқайсысына топырақ атажұртынан бұйырғанмен, қай моладан орын тиетіні белгісіз-ау. Бәлкім, бара-бара әрбір елді мекеннің жанынан дәстүрлі емес діндерге мінажат етушілер арғы дүниеге аттанған соң, олардың моласына жер бөліп беру де "дәстүрге" енетін шығар...

Шығыс әлемінің тарихында өзіндік орны бар қасиетті Тараздың төрінде қазір түрлі діни ағымдар тоғысып жатыр. Бұқаралық ақпарат құралдарынан ежелгі қаланың жұртын миссионерлердің өз ыңғайына қарай бейімдеуге жанталасқан әрекетті көрген сайын Айша бибі анамыздың аруағы алдында өзімізді кұнаһардай сезінеміз. Кеңестік кезеңге кебісін ауыстырмай, сүйретіп жеткен қазекен, ел тұтқасына өзінің қолы жеткен тұста ұстанымынан ажырап қалғандай. 2003 жылы "Иегова куәгерлері" атты діни бірлестікке кірген тараздық Жанара Сүгірбекова қызы Үміткүлді әкесінен қайтарып алу үшін сотқа береді. Азаматтық іс дейін десеніз, ар жағында тағы бір ойдың ұшы қылтияды. Сот жүріп жатқан кезде Жанараның шашбауын көтеріп, тайлы-тұяғымен иеговашылар көшіп жүрді. Елімізде осы "Иегова куәгерлері" діни бірлестігінің саны 1990 жылы 27 болатын болса, 2003 жылы олардың саны 107-ге жеткен. Оның ішінде 75-і ғана тіркелген, қалғаны өз бетімен, өздерінің ыңғайларына қарай ұзын арқау, кең тұсау өмір сүріп жатыр.

... Ал Үміткүлдің әкесі Т.Көпбаев зайыбының кебін қызы да киіп кете ме деп қорқады. Жана ғасырда қазақтың әрбір шаңырағына діни қатер төне бастағандай ма, қалай?

Бүгінгі бір отбасының қасіреті ертеңгі бүкіл қоғам-





ның проблемасына айналуы мүмкін-ау. "Жұртың отбасында не шаруам бар, өз шаңырағымның ынтымағы болсын" деген астамшылықтың ақыры адуынды апат болып қайта оралуы да ықтимал... Астанадағы қазақтың қадір тұтқан зиялысы әу басында өз қызынын болашақта жат діннің жетегінде кететінін білді дейсіз бе? Елдің алдында халықтың дәстүрі, қадір-қасиеті туралы тебірене әңгімелейді. Алайда, отбасындағы тірліктің сиқы жоғарыдағыдай. Қазақтың ұлттық қағидасын мұрат тұтқан азамат кейінірек өзінің бала тәрбиесінен опық жейтінін білді ме екен?

Қоғамдағы кез келген жаман әдет "жұқпалы". Бәлкім, қазақтың "адам басына түспей білмейді" дегені де осындайдан шыққан болар-ау. Бірақ, осылардың бәрін әрбір қазақ отбасы өз басынан кешіргеннен кейін сабак алып жатсақ, онда бабалар дәстүрінен жұрнаққа бірдене қалады деп айту қиын.

Сырттан келіп өз дінін насихаттаушылар қазақтар қонағының көңілін қалдырмайтындығына әбден дағдыланып алса керек, алдағы кезеңге арналған жөн-жобасын да өзімен бірге, қолтығына қыстыра келіпті. Мәселен, Евангелия сектасының "Благодать" шіркеуінің бағдарламасына үнілсеніз, қазақтардың бәрі осы шіркеуге құлшылық етушілердің қатарын толықтыруы керек сияқты. "Ұят қой, сонша жерден, мұхиттың арғы бетінен, Лос-Анджелес қаласынан арқаланып келген екен, тапсырмасын орындасын", деген көңілжықпас ой сап ете қалады. Қараңыз.

"Максаты:

... 2005 жылға қарай Орталық Азия мен Қазақстандағы шіркеуде іс жүзінде құлшылық етуі үшін қуатты көшбасшыларды әзірлеу жөніндегі орталықты айқындау...

2010 жылдың аяғына елді толыққанды евангелизациялауға қол жеткізу".

Құдды кеңестік кезеңдегі стратегиялық жоспарлар тәрізді. Кешегі кеңестік қоғамға өздерінің тәсілімен діни экспансия саясатын жүргізу бар секілді америкалықтар-





дың ойларында. Амал жоқ, осыдан кейін қонағына қорадағы жалғыз қойын сойып беретін қазекене евангелиямен шұғылдандуына тура келеді. Әйтпесе, ыңғайсыз болад-тағы әлемдік евангелистер алдында...

"Бір ұлттың бірнеше дінге бөліне бастауы әрі қарай осылай жалғаса берсе қиын". Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлінің өзі осылай қынжылады. Ендеше, қазақ топырағына діни төзімділік емес, діни бөлінушіліктің ұрығы себіліп жатқандай. Кезінде Рәтбек қажы айтқан жетпіс пайыздық мұсылмандық меже барған сайын біртіндеп азая беретін болғаны ғой. Әйтпесе, басқа діндерге құлшылық етушілердің елімізге қопарыла көшіп келіп жатқандары байқалмайды. Тек арнайы "десанттық топ" қана болашаққа "плацдарм" әзірлеп жатыр. Онысы жеміссіз де емес, әлгі бес жүз мыңдық нөпір соның алғашқы "нәтижесі". Миссионерлердің қай-қайсысы да алақандарын ысқылап, дінбасылары берген межеден көрінуге, қазақтарды өз қатарына мейлінше көбірек тартуға жанталасуда.

"Діни мәдениетке қауіп сырттан емес, іштен, біздің санамыздан, пиғылымыздан туып отыр", дейді философ Амангелді Айталы. Рас-ау, өзіне-өзің мығым болсаң, сенде кімнің шаруасы бар? Басқалардың бағдарламасына қазақтың қатысы қанша? Бірақ, кез келген ықпалдың ыңғайына жығылуына әзір тұратын менталитетіміздің нақыры "Құдай – біреу, сондықтан түрлі дінге құлшылық еткенде тұрған ештеңе жоқ" деген қазекеннің көдуілгі немқұрайлы тірлігіне ұласпаса болғаны. Жеке отбасының қауіпсіздігі Отанның қауіпсіздігіне ұштасатынын біреуіміз біліп, біреуіміз білмейміз ғой. Әйтпесе, "дін мемлекеттен бөлек, ал адам қай дінге құлшылық етеді, ол өз еркі" деп өзекті мәселелерге қатысты ұстанымымызды босансытып жібермеген болар едік. Бәлкім, "көпұлттылықты" "көпдінділікке" ұластыру туралы тағы біреулердің "бағдарламасы" да бар шығар?! Ал, сонда қазақ ұлты өз қауіпсіздігін қорғауға дәрменсіз болғаны ма?





Бәрін "бүлдіріп" отырған – "Діни бірлестіктер туралы" Заң. Оған өзгеріс енгізуге депутаттардың да тәуекелі жетпеді. Сөйтсе, мұхиттың арғы бетіндегі Сэм ағай қатты ренжіпті. Кәрі құрлықтағы басқа "ағайлар" да түсінбестік танытыпты. "Діни наным-сенімге еркіндік беріп, осы саладағы қарым-қатынасымызды тереңдетеміз, адам құқын алдыңғы қатарға шығарамыз деп отырғанда, қазақтардың бұл қай тірлігі?" Сосын амал жоқ, "ағайлардың" айтқанын құп алуға тура келді. "Өзімізге ештеңе етпейді, ең бастысы көкелер ренжімесін, олар қапаланса жағдайымыз мүшкіл болады". "Мың өліп, мың тірілген қазақ қой, бұл жолы да аман шығар?" Осылайша тірлік кешіп жатқан жайымыз бар. Бағзы бабалардың аруағына жалбарынбаса, бүгінгі жер басып жүрген жандардың қарекеті қазекенді "оққа байлап" бергендей...

... Косовода тағы да қақтығыс болды, шіркеулер өртенді. Оған жауап ретінде Белградта мешіттер отқа оранды. Бұл баяғы жабайы әлемдегі "крест жорығы" емес, бүгінгі өркениетті дүниедегі Балқан түбегіндегі көрініс.

Тек соңғысының өзі Қазақстанға үлкен сабақ емес пе?

2004 жыл





Қайран, ірілік!

Токтарға төрағалықты да қимапты депутаттар, төраға болғанда да комитет төрағалығын. Тұңғыш ғарышкерді қазақ жұртының қайсы төріне отырғызса да жарасымды емес пе? Жаңадан шақырылған Парламент Мәжілісінің депутаттары Әубәкіровті ө дегеннен "сүріндірді". Мәжілістің Экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі комитет төрағалығына ұсынылған қос үміткер Токтар Әубәкіров пен Ерлан Нығматуллин бәсекеге түсіп, соңғысының "өткелден өтуіне" отандықтар "көмектесті". Нығматуллин бұрын да депутат болған, өткен Мәжілісте "халықаралық мәселелермен айналысқан". Төрағалыққа таңдау жасалған тұста аяқасты "эколог" болып шыға келді. Қысқасы, комитет төрағалығына ұсынылған өз кандидатурасын қайтарып алудан бас тартқан. Көптің даусы қоя ма, дауыс беру түймесі Ерлан Нығматуллинге тұңғыш ғарышкерді "жығып берді" (Осыдан кейін депутаттарға қалай ішін жылиды, ә...). Егер дейміз ғой баяғы, Нығматуллин ірілік танытып, Токтар ағасының пайдасына төрағалықтан бас тартып жатса, қандай жарасымды болар еді. Ірілік. Осы сөзді бүгінде сағына еске алатын болдық. Мәжілісте болған жоғарыдағы оқиға адамның ойын қайсыбір қиырларға жетелей түседі...

Құндылықтар өзгерген мынандай заманда қайсыбір қазақтың істеуі тиіс шаруа бүгінде сенсация тәрізді көрінеді. Сенсация болатын да жөні бар секілді. Себебі, қым-қиғаш тіршіліктің ізімен кеткен, адамның ой-ақылын материалдық игіліктер, "вещизм" билеген тұста бабалар қасиетінің болмашы көрінісінің өзі іріліктің белгісіндей көрінеді. Қат дүниенің қашанда қадірі аспандап жатады емес пе!

Сонау бір жылдары Бауыржан Момышұлының Алматы қаласында өзіне берілген пәтерден бас тартуы оның





өміріндегі тектіліктің, іріліктің үлгісіндей еді-ау! Жылдар бойы кезекте тұрған Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгер анасының пәтерін батырға бермекші болғанда, Баукең одан үзілді-кесілді бас тартты. Момышұлының аузынан "Солдаттың анасы" деген ұлағатты сөздің айтылатыны да сол тұс.

Момышұлы ерекше қадір тұтқан Олжаста да осындай ірілік бар. Мықтылардың бір-бірін жақын тұтатыны содан ба екен? Республиканы соншама жыл басқарып, Қазақстанды экономикалық жағынан өркендетуге үлес қосқан Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты кешегі құзырындағылар алқалы жиында жан-жақтан шабуылдап, түкке алғысыз ете бастаған кездің де куәгері болғанбыз. Қарсы шықпағандарының өзі Қонаевқа араша түсуге жарамады. Жалғыз Олжас қана араша түсумен бірге, оқшау отырған бұрынғы бірінші хатшының қасына барып отырды. Үндестік танытты. Қолдау көрсетті. Жеке басын емес, ар-ожданының айтқанына құлақ түрді. Ірілік демей көріңіз!

Афина Олимпиадасынан Бактияр Артаев қазақ рухын аспандатып оралды. Олимпиаданың ең соңғы, он жетінші күні Қазақстан қоржынына сағынтып, сарылта күттірген жалғыз алтын медальді салды. Афина аспанында қазақ елінің әұранын шыркатқан ұланның жеңісіне бүткіл әлем қол соқты. Бактияр Олимпиадада мықты қарсыластарының бәрін мойындатып, жартылай финалда екі дүркін Олимпиада чемпионы ресейлік Олег Саитовты, ал финалда кубалық боксшы Лоренцо Арагонды тәубасына түсірді. Техникасы күшті боксшы ретінде Баркер Кубогын иеленді, сондай-ақ, әлемнің үздік боксшысы атанды. Бір адам халқына қызмет көрсететін болса, осы Бактиярдай-ақ болсын деңіз. Бұл бергі жағы ғана, Момышұлы туған Жуалы топырағының қасиеті оған да жұғысты болыпты.

Олимпиада чемпионын Жамбыл облысының әкімі Бөрібай Жексембин арнайы қабылдады. Облыс жұртшылығы батыр ұлға мейлінше құрмет көрсетті. Дүбірлі додадағы жеңісімен спортшыны құттықтаған әкім облыстық әкімдік атынан Бактияр Артаевқа "Тойота" көлігін мінгізді, ал "Отан" республикалық саяси





партиясы төрағасының орынбасары Амангелді Еремегиев спортшыға "Джиптің" кілтін сыйлады. Спортшының жаттықтырушысы Нұрлан Ақүрпековке "Жигули" бұйырды. Осы тұста шенеуніктердің жіберген олқы тұсын батыр ұлдың өзі толтырды. Қос "иномаркінің" бірін өзін биік табысқа жеткізген жаттықтырушысының тақымына берді. Бокс шаршы алаңында қазақты күллі жұртқа мойындатқан Бактияр бұл жолы да ұлтының ірілік қасиетін паш етті. Елді, ұлттың ұлағатты қасиетін басқаға танытатын осындай жігіттер бар кезде біздің пессимизмге берілуіміздің өзі — ағаттық. Олай деуіміздің де жөні бар. Тағы бір олимпиада жүлдегерінің өмірінен кезекті бір "штрих".

Қарағанды облысының әкімі Камалтин Мұхамеджанов та Афина Олимпиадасының жүлдегерлері Серік Елеуов пен Дмитрий Карповка қол жеткен табыстары үшін үш бөлмелі пәтерлердің кілттерін табыс еткенді. Боксшы Серік Елеуов алқалы жиында алған пәтерін өз жаттықтырушысы Қанат Ғалымтаевқа беретінін, сол кісінің тұрмыстық жағдайды жақсартуға аса мұқтаж екенін айтты. Бірақ, облыс әкімі ыңғайсызданды ма, жаттықтырушыға да пәтер беруге уәде етті. Сөйтіп, Олимпиадада елінің атын аспандатуға үлес қосқан Бактияр мен Серік бойларына бабаларының батылдығын ғана емес, ірілігін сіңіре білгендіктерін әйгілеп берді.

Осындай орам-орам ойлардан кейін "біздің кейбір депутаттарда неге ірілік жоқ?" деген "ұры" ой қылан береді. Оған келесі жақтан тағы бір қиямпұрыс жауап шолтан ете қалады. "Қызметке құлшылық еткендердің арасынан ірілік атаулыны шаммен іздеп табу қиын. Олар өздерінің мақсат-мүддесі жолында барлығын "күрбан етуге" әзір".

Айтқандай әу бастағы айтпағымызға қайта оралайық. Қалай болғанда да тұңғыш ғарышкердің төраға болуына "әріптестерінің" ә дегеннен қарсы дауыс беруі Мәжілістегі ұлттық мүдде әкімшілік мүдденің астында қалып қоймас па екен деген күмән-күдікке жетелейді. Ірілік танытқан боксшылардан өнеге алатын тұстарымыз көп-ау... Оның ішінде депутаттардың да.

2004 жыл





Бағалай білмегенге бақ тұрмайды

Қазақ жұрты өз тарихында талай-талай қуғын-сүргінді бастан кешкен: әрісі "Ақтабан шұбырынды – алқа көл сұламадан" басталып, берісі қызыл империяның қырғынына жалғасып, дүниенің түкпір-түкпіріне тарыдай шашылып кетті. Ұлттың үштен бір бөлігі ата-жұрттан тысқары жерде өмір сүруінің себебі де осында. Қазақтың басқа жұртқа барып бас сауғалауы өз билеушісінің өктемдігінен емес, басқаның тізесін батырған қаныпезерлігінен болды. Қазақ елі өз тізгініне өзі ие болған тұста сол Мәскеу жүргізген солақай саясаттың орнын толтырып, қандастарын атажұртқа қайта жинап жатыр. Ел тәуелсіздігінің бір құдыреті осында.

Ана бір жылы Біріккен Араб әмірлігіне барып қайтқан әріптесіміз ол жақтан жағымды жаңалық ала келген-ді. Журналист барған жерде өткен ғасырдың отызыншы жылдарының ойранында атамекенінен ауып кеткен түркімендердің ұрпағын кездестіріпті. Атажұртымен қауышуды армандаумен жүрген Түркіменбашының бауыры қазақстандық қаламгерге өзінің мұңын шағыпты. "Қазақстан ғаламның түкпір-түкпіріндегі қазақтарды кара шаңырағына жинап, туған топырағымен қауыштыруда. Ал бізді туған еліміз іздемейді де" деп таусылыпты. Соған карағанда, біздің қадірімізді шынында да "ағайын білмес, жат білетін" тәрізді...

Жат жұртта өмір сүрудің қандай күрделі екендігін дүниеде екі ұлт білетін болса, соның бірі қазақ болуы тиіс. "Жат жерде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол" дейтін де қазақ. Сандаған жылдар бойы Мысырда билік жүргізген Бейбарыс қартайған шағында жусанды дала-ны іздеп кетіпті деген бабалардан бізге жеткен бір аңыз





бар. Аңыздың арғы атасы – ақиқат. Олай болса, дұшпанына қатал қаһарлы қолбасшының қанына тартып, сайын даласын сағынып, жол тартуы да әсте табиғи заңдылық болар. Оның бер жағында кісінің босағасында жүріп, нәпакасын теріп-жеу қиынның қияметі екені айдан анық. Әсіресе, "тәуелсіздікке ие болдық!" деп бөркімізді аспанға атып, өз тағдырымызды өзіміз шешеміз деген мына заманда. Осы жағынан келгенде, кейбіреулердің басындағы халге қарап "Досқа күлкі, дұшпанға таба болмай" өмір сүріп жатқанымызға бір жағынан шүкіршілік ететін жөніміз бар-ау.

Бұлай деуміздің де жөні бар. "Кісінің босағасында жүріп..." деген сөзді де бекерге айтып отырғанымыз жоқ. Егемендігін "ерте жариялап", тәуелсіздігін Қазақстаннан "бұрын алған" кешегі кеңестік республикалардың халы нешік?

Бүгінде бәзбіреулер "түрлі-түсті төңкеріс" символы ретінде жиі ауызға алатын Украинаның азаматтары да "жұмақты" жат жұрттан іздеп әуре болып жүр. "Билікке келсек бәрін қатырамыз" деген Виктор Ющенко елді дамуға бастамақ түгілі, өзінің одақтас серіктерімен билік үшін тартыста ат құйрығын үзісіп үлгерді. "Сайланарда бермейтін уәделері жоқ. Сайланып алған соң аспанда құдай барын, ел-жұрт алдында абырой-ұят барын ұмытып кетеді" деп жазған еді кезінде қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсірепов. Дәл осы жағдай Украинаның дәл қазіргі билігіне қатысты болып тұр.

Қарапайым украиналық бала-шағасын асырау қамымен басқа елдердің экономикасына жұмыс істеп жүр. Шетелде жұмыс істейтін украиндар саны 5 миллионнан асып жығылады екен. Бұл – елдегі жұмысқа қабылетті адамдардың 20-25 пайызын (дүние жүзінде 3 пайыз қалыпты норма болып саналады) құрайды. Олардың ба-сым көпшілігі зансыз жұмыс істейтін болғандықтан, тапқан табыстары еуропалық өлшем тұрғысымен салыстырғанда мардымсыз. Алайда, украиналық гастарбайтерлердің басқа елде тапқан табысы мемлекеттік бюджеттің мөлшерінен асып түсетінге ұқсайды. Осылайша, украи-





налықтар мемлекеттің арқасында емес, "өз қотырын өзі қасып" өмір сүруге мәжбүр.

Ал билік тұтқасын коммунистер ұстаған Молдова-ның жағдайы кеңестік кездегіден де әлдеқайда құлдыраған. Тәуелсіздік алғаннан кейін республика тұтастығынан айрылып, ешбір ел мойындамаған, "үй ішінен үй тіккен" Приднестровье республикасы пайда болды. Молдовандар да басқа елдерде еңбек етіп жүрген ең арзан жұмыс күшінің бірі. Мәселен, Молдовадағы жұмыс істеуге жарамды халықтың 39 пайызы шет елдерде күнкөрісін айырып жүр. Басқа елдерде нәпақасын тауып, елдегі бала-шағасына жіберетін ақша аударылымы республиканың ішкі жалпы өнімінің 27 пайызын құрайды екен. Бұл елдің де әрбір отбасының берекесі өзге елде еңбек етіп жүрген отандастарының арқасында кіріп отырғаны жасырын емес.

Көршілес елдердің жағдайын сөз етер болсақ... Өзбекстанның алыс шетелге аттанған азаматтарын айтпаған күннің өзінде, бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдерде қара жұмыс арқылы ырыздығын тауып жүргендері жеткілікті. Ресейді "игеріп" жатқан өзбектердің нақты саны белгісіз. Құқық қорғаушылар мен тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының деректері бойынша, бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысында маусым сайын 1 миллионға жуық Өзбекстан азаматы еңбек етеді екен. Қысқасы, күнкөрістің қамымен ошағынан "безіп жүргендер" саны жетіп артылады.

Азамат соғысынан әупірімдеп аман шыққан Тәжікстанның жағдайы тіпті ауыр. Елдегі 5 миллион халық сыртта жүрген 1 миллион тәжіктің табысы арқылы жан бағып отыр. Жылы өңірде өскен тәжіктер отбасының қамы үшін Сібірдің сақылдаған аязына да төзуге мәжбүр. Көңілден шығатын ақша төлейтін болса, Қиыр Шығысқа дейін барып жұмыс істейді.

Тіршіліктің түйткілімен басқа елді сағалап жүрген қырғыздар саны шамамен 300 мыңнан асып жығылады екен. Қырғыз сомының тұрақтылығы да туған елінен алыста отбасын асыраудың қамымен жүрген қарапай-





ым кыргыздарға байланысты екенін мамандар да мойындайды. Тіпті, Қаржы министрлігі мен Ұлтық банктегілер Ресей мен Қазақстанда еңбек етіп жүрген отандастарын елдің ішкі рыногына қаржы құйғаны үшін мақтаныш етеді. Мемлекеттің өз азаматтарына қамқорлық жасауы былай тұрсын, керісінше жалданып тиын-тебен айырып жүрген кыргыз азаматтарына иек артып отырғаны байқалады.

Өткенде Ресей мен Қазақстандағы кыргыз диаспорасы Қырғызстан басшылығына Үндеу жолдады. Үндеуде олар "жаңа билікті сындарлы өзгеріс әкеледі деген үмітпен қарсы алып, Бакиев пен Кулов тандеміне тұрақтылық пен дамудың кепілі ретінде сенім артқандығын" білдіреді. "Жат жерде кемсітушілік пен қиындықты бастан кеше отырып, біз оңтүстік-солтүстік болып бөлінбеуге үйрендік, онсыз да аз халыққа топтасу мен жұдырықша жұмылу аса маңызды екенін сезіндік", дейді шет жерде жүрген кыргызстандықтар.

Кейде экономикасы қалт-құлт еткен елде демократиялық қоғам орнату дегеніңіздің өзі бос әурешілік болып шығатындай. Оған "төңкеріс" жасаған кыргыздардың жағдайы дәлел болмақшы. Болмаса, "раушан төңкерсінен" үлкен үміт күткен грузиндер де жалаң демократиядан жалыға бастаған тәрізді. Экономикасы тұралаған Грузия қазіргі кезде Қазақстан салған инвестиция мен қазақтың астығына тәуелді болып отыр.

Бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдер азаматтары басым көпшілігінің екі колға бір жұмыс іздейтін жері – Ресей. Алайда, онда да күнкөріс көзін іздеп барғандар ақшаны күреп табады деп айту қиын. Әуелі олар жергілікті жұрт менсіне қоймайтын жұмыс түрін атқарады. Оған төленетін де ақша болмашы. Оның үстіне жергілікті халық сырттан келген жұмыс күшін аса ұната бермейді. Сонғы кезде Ресейде пайда болған скинхедтер тобы басқа елдерден, әсіресе Орталық Азия мен Кавказ бойынан келгендерге көп зәбір көрсетеді. Мәселен, Санкт-Петербургте скинхедтер қолынан 7 жастағы тәжік қызы қаза тапты. Сондай-ақ, осы қалада скинхедтер әзірбайжандық бір азаматтың өмірін қиды.





Свердлов облысының Нижний Тагил қаласында Өзбекстанның азаматы айуандықпен өлтірілді. Мәскеу облысында екі өзбек азаматын өлтіргендер үстінен қылмыстық іс қозғалды.

Қырғыз құқық қорғаушыларының айтуынша, 2005 жылдың тоғыз айы ішінде 20-дан астам оштық гастарбайтер ресейлік скинхедтер мен бұзақылардың қолынан мерт болған көрінеді. Міне, туған мемлекетін тұрақсыздық жайлап, басқа елден жұмыс іздеп, сабылып кеткендердің тағдыры осындай қайғылы жағдайға ұшырасып жатады. Осындайда, Қазақстан азаматтарының тұрмыс жұтандығынан жат елден жұмыс іздеп, теперіш көріп жүрмегеніне шүкіршілік етесін.

2005 жылы Қазақстаннан тысқары жерлерге жұмыс іздеп 423 адам жол тартыпты, оның 341-і Ресейге кетсе, 82 адам Оңтүстік Кореяға жол тартқан. Сыртқа кеткен қазақстандықтар "екі қолға бір жұмыс" іздегендер емес, мейлінше ақшаны көбірек төлейтін кәсіп іздегендер. Басқалай айтқанда, төл мемлекетінде күнкөрісі соншалықты қиындап кеткендер емес, қайта дәулетін еселеу ниетімен жолға шыққандар дегеніміз жөн шығар.

Айтып-айтпай не керек, халықтың тұрмысы салыстырмалы жағдайда көрінеді емес пе. "Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда" өмір сүріп жатпағанымызбен, тәуба етерлік тұсымыз бар екені айқын. Оны жоғарыдағы сөз болған басқалардың жағдайымен салыстыра көз жеткізуге болады. Ең бастысы, кісі есігінде телміріп, өзгенің күресінін күреп, басқа жұрттың үйінің кірпішін қалап жатқан жоқпыз. Әсте, бұл асқақтық, қошаметшілдік сезім емес, бұл бүгінгіміздің кей тұсын басқалармен салыстыра бағамдау ғана.

"Тыныштық іздеп таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатыны қалай?" деген екен Абай бабамыз. Сол сияқты 90-шы жылдардың орта шенінде уақтылы жалақы, зейнетақы ала алмай, сөрелер бос қалып, қатын біткен қап арқалап кеткен уақыт тез ұмытыла қалғаны ма? Бүгінгі күні бәзбіреулер аяқ асты "қой үстінен бозторғай





жұмыртқалаған заман" орнатамыз дегендерге кәдімгідей елендеп, үміттене қалады. Құдды күні ертең жұмақ орнай қалатындай. Мұнысы несі екен? Болған үстіне бола берсе екен деген ашкөздік пиғыл ма? Әлде, барды бағалауға деген құлықсыздық па?..

Мәселенің түйінін Әбіш Кекілбаевша түйіндейтін болсақ: "Қуана білмегенге — құт қонбайды, бағалай білмегенге — бақ қонбайды". Бұған алып-қосу артық болар-ау, сірә.

2005 жыл





Соңғы мүмкіндік

Бұл – ақырзаман атаулының ауылына ат шалдырғанмыз емес, айналамызға сан мәрте шола карап, дүниеде сәт сайын болып жатқан құбылыстардан туындаған тақырып. Бұл – ақырзаманды төндіре түсу емес, "жаман айтпай, жақсы жоқ" деген абайсаясаттан туған пайым-тұғын. Қалай болғанда да, айтар әңгімеміздің астарына үңілмей жатып "аттандамай", байыбына барып, бағасын берер деген ниетпен ойымыздағыны оқырман ортасына салып отырмыз.

Қазақ жұртының бағзы замандарда да іргелі ел, өзіндік елдік нышандары, мемлекеттілігі болғандығы қайсы қауымға да белгілі. Тамырланып талай-талай ғасырларға созылып жатқан кәрі тарих қазақ деген халықтың бастан кешкенін әйгілей түседі. Бұрынғы бабалардың да өзіндік арман-аңсары болды. Қағанат та құрыпты, хандық дәуірді де бастан өткізіпті. Басқалар қызыға да, қызғана қарайтындай кезеңдер де өткен бабалар басынан. Сахараны кең жүріп, еркін жайлаған осы жұрттың замана ауанымен билігі уысынан сусып түсіп, бөтеннің дегеніне жүгінген тұсы да аз болған жоқ-ты. Сыртқы әлемнің елдегі ішкі алауыздықты өз ыңғайына пайдалана білгені де рас. Қарт тарихтың қатпар-қатпарларында қыртыстанып жатқан, "мың өліп, мың тірілген казактың" шежіресі оған ендігі жерде "мың бірінші мәрте өлуге" мүмкіндік бермейді. Тарихтың ащы сабағы осыған мәжбүрлейді. **Кезекті "өлімге" бет бұрған күннің өзінде "мың бірінші рет тірілуіне" ешқандай кепілдік жоқ.** Ел тәуелсіздігіне қайта ие болған осы сәтті соңғы мүмкіндік санатында қарастырып отырғанымыз да сол.

Қайта-қайта тарихтың төрелігіне жүгіне беретініміз – онда болашаққа сабақ болатын жайттардың





көптігінде. Қазақ қоғамының қазіргі жай-жағдайына қанығу үшін де шежіре-тарихтың бұлтарыс-қалтарысына үңіле түссең, жетіп жатыр. Қоғамның барометрі сол кездегі оқиғалармен астаса өріле жөнеледі.

Көне түркі қағанатының бас қолбасшысы, қаған абызы Тоныкөктің (646-738): "Түнде – ұйқы көрмедім, күндіз – күлкі; қызыл қаным төгілді, кара терім сөгілді; күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып – бәрі елім үшін!" деп айтқаны бар еді. Елдік үшін күрестің басты ұраны, рәмізі болар осы сөздің қазіргі сәтте де бағасы артпаса, кеми қойған жоқ. Әсіресе, әлемде аласапыран болып жатқан қазіргі кезеңде. Қазақ жұртына Тоныкөк тәрізді бабасының жолын ұстаған ерлер керек болып тұрғаны да сондықтан.

Бүгінде бұрынғыдай бір-біріне қарама-қайшы қос жүйе арасында "қырғи қабак соғысы" жүріп жатпағанымен, әлі де болса жалпақ әлемге әмірін жүргізгісі келетіндер жеткілікті. Қазір ғалам тепе-теңдік қатынастың қанжығасына емес, бір полярлы әлемнің ыңғайына ауып бара жатқаны байқалады. Социалистік жүйе жойыла қалған күнде, әлемдегі текетірестерге нүкте қойылады деп үміттену бекер екен. Дүние сол бұрынғысынша, тынши қоятын түрі көрінбейді. Атам заманнан келе жатқан адам пиғылының атом заманында да өзгеретін түрі жоқ. Күштілер әлсіздерге әлі де әлімжеттік жасағысы келеді. Оның үстіне қолында күлшесі бар Қазақстан сияқты ел болса тіпті жақсы. "Күлшелі Қазақстанды" өз ыңғайына қарай икемдеуге алпауыттардың қай-қайсысы да құмар. Түпкі мүддесін жүзеге асыру үшін алуан түрлі айланы іске қосып – кейде алдап, кейде түртпектеп, кейде мадақтап жатады. Сөйтіп, қазақ жұрты жаңа ғасырдың басында тағы бір ықпалдасу дәуірін бастан кешуде. Осындай қым-қуыт, арпалыс уақытта сыртқы ықпалдың әсеріне ішкі мықты мүмкіндіктер арқылы ғана шыдас беруге болатыны байқалады. Елдің ішкі бірлігінің оның сыртқы қарым-қатынасында да үлкен рөл ойнайтыны қысылтаяң сәтте айрықша көрінеді екен. Әйтпесе, қазақ жұртының тағ-





дыры тағы да әлем алпауыттарының талқысына, қапқалына түскеннен үлкен қасірет жоқ. Қазақ елінің сыртқы қарым-қатынас саласында көпвекторлық саясатқа көбірек жүгінетіні де сондықтан.

Қазақстанның көпвекторлық саясатты ұстануында, оны ғасырлар бойы бірізділікпен жүзеге асыруында үлкен мән жатыр. Әлемдегі алып державалардың ортасында геосаяси орналасуымыз бұрыннан-ақ осыған мәжбүрлейтін еді. Ал қазіргі кезде қазақ еліне ықпалын жүргізуге деген ұмтылыс бұрынғыдан да күшейе түскендігін байқауға болады. Кеңестік кеңістік шашылған тарыдай тарап кеткен соңғы жерде Ресей мен Қытайдың қатарына мұхиттың арғы бетіндегі алып ел АҚШ келіп қосылды. Одан бергі жерде байлығы мол елге кәрі құрлық та өзінің ықпалын жасауға жанталасып бағуда. ОБСЕ-ні "көзір" ретінде ұстаған Еуропа демократиялық құндылықтарды алға тарта отырып, "айтқанына көндіріп, айдауына жүргізгісі" келеді. Міне, осындай жағдайда "арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмес үшін" не істеу керек? Амал жоқ, көпвекторлық саясатқа жүгінуге тура келеді. Бұл да қайсыбір айы онынан туып тұрған әдіс дейсін, әйтеуір ел іргесін бекітіп, тәуелсіздігін нықтап алғанша жүгінетін, алайда әзірге басқа баламасы жоқ әдіс қой. Әйтпесе, біреуінің көңіліндегісін табамын деп жүріп, екіншісінің қаһары мен кәріне ұшырауы әбден ықтимал. Семсердің қылып тұрған жүзіндегі ауытқымалы әлемде сындарлы саяси көрегенділік пен тылдың беріктігінің қажет екендігі тағы ойға оралады. Тыл дегеніңіз — елдің ішкі ынтымағы, өзара татулығы. Басқалай айтқанда, төзім мен сенімді сынап көргісі келетін сыртқы ықпалды күштердің айтағына көніп, айдауына ілесіп кетпейтіндей ел иммунитетінің мықтылығы. Өкпеге қиса да, өлімге қимас ағайынның жеке саяси шамшылдығына бола ел мүддесін өз мүддесіне жығып бермейтіндігі ғой.

Көлдiң суын жамандап — Еділ қайдан табарсың,

Әкімінді жамандап — әділ қайдан табарсың,

Өз барынды жамандап — асыл қайдан табарсың, де-





ген екен жұртының жоғын жоктап өткен Асан қайғы бабамыз. Бұдан асыра айтам деу асылық болар, сірә. Баржоқты түгендей келгенде, қанша жерден кейбір тұсы олқы соғып жатқанымен, қазақ елі өз кемшілігін өзі бүтіндейтіні анық. Олай болса, басқа жаққа қарай мойын созу мәжбүрлікті емес, басқаларға деген кіріптарлықты ғана мойындата түсетіндей.

Америкалық атакты дипломат Генри Киссинджердің төмендегіше айтқаны бар еді: "Опасно делать внутреннюю политику различных стран во всем мире прямым объектом американской внешней политики". Сұңғыла саясаткердің мұнысы көңілге керемет қонады. Оның үстіне бұл тәуелсіз елдердің ішкі ісіне қол сұғу болып табылады ғой. Алайда, Генри айтты екен деп қазіргі Ақ үй әкімшілігіндегілер сыртқы саясаттағы бағытын өзгерте қоятын түрі де байқалмайды. Вашингтонды айтпағанда, кәрі Еуропа да "әртүрлі елдердің ішкі саясатын өзінің сыртқы саясатының көзірі" ретінде пайдаланып бағуда. "Еуропалық өлшемді" қазақтың шапанына үйлестіргісі келеді. "Төл менталитетті түбірімен өзгерту қажет, бәрін батыстық қалыпқа салу керек" дейді. Мұның бәрі де тәуелсіз елдердің өздеріне тәуелділігін арттыра түсу деген сөз. Осы тұста орағытып өтетін жол табу оңайға түспейтіні өз алдына бөлек әңгіме.

Көне түркі мемлекетінің билеушісі Күлтегіннің (635-731 ж.ж.) айтқан мынадай тағы бір тағлымды сөзі бар: "Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпанның алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі менен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айырылады". Бұл – өткен тарихтың ашы сабағы. Ынтымақтың ауылына жиі-жиі қайырылып соғатынымыз да сол. Соңғы мүмкіндігімізді уысымыздан шығарып алмайық деген абайсаясаттан туындаған ой біздікі. Соңғы мүмкіндікті тек ынтымақ пен татулық ғана алға оздырады екен. Біздің де тоқталар тұсымыз, айтпағымыз осы.

Қазақтың дана ойлы жазушысы Әбіш Кекілбайұлы айтады: "Демократиялық либерализм топтық та, жіктік





те мүдделерді емес, бүкіл халықтық мүдделерді, бір басының ғана, өз тобының ғана басын оздыратын биліктің мүддесін емес, күллі ұлт, күллі қауымның болашағын қамтамасыз ететін тәуелсіздік пен игілік, бостандық мүдделерін жоғары қояды". Олай болатын болса, біздің қоғамның да алға қойған мақсаты осы төңіректе түгенделуі, тоғысуы тиіс қой. "Мың өліп, мың тірілген" қазақтың "мың бірінші мүмкіндігі" орайымен орнын тауып, сәтімен жүзеге асса деген ниет біздікі.

2005 жыл



A decorative rectangular border with intricate geometric and floral patterns, framing the central text.

Сүхбаттар



Елтаңбаның авторы подвалда тұрып жатыр

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш елтаңбасын жасау еншісіне жазылған Жандарбек Мәлібеков есімі қазақ тарихының жылнамасына жазылды. Сыртта жүрсе де, туған тамырынан қол үзбеген сәулетшінің қолтаңбасы көпшілік көңілінен шықты. Қазақстандық жүздеген суретшілер, сәулетшілер қатысқан елтаңбаға арналған байқау барысында өзбекстандық бауырымыздың аты бәйгеден келді. Сәулетші Жандарбек Мәлібекұлымен бүгінгі әңгімеміз де Елтаңбаның қабылдануы, елорда құрылысы төңірегінде өрбиді.

– Жәке, Тәшкентте қайдан "адасып" жүрсіз?

– Дәм-тұз айдаса адамның бармайтын жері бар ма? Оның үстіне бізге Өзбекстан да бөтен ел емес қой. Оқу іздеп барып сонда тұрақтап қалдым емес пе, әйтпесе өзім Қызылорда облысының Жаңақорғанында туып-өстім. 1959 жылы орта мектепті бітіре сала, Тәшкентке жол тарттым, мақсат – көркемсурет училищесіне оқуға тапсыру. Ол кезде мен үшін жоғарғы оқу орнына түсу – арман. Сол себепті, училищені жағаладым. Оның үстіне, өзімнің бала кезден ептеп сурет салуға, сызуға құлшынысым да бар еді. Бірақ, алғашқы ойым орындалмады. Училищеде әлдеқашан шығармашылық емтихандар басталып кеткен екен. Содан, амал жоқ, Тәшкент политехникалық институтының архитектура факультетіне тапсырдым. Сөйтіп, аяқ асты жоғарғы оқу орнының студенті болып шыға келдім. Менің сәулет өнеріне деген өмір жолым осылай басталды. Институтты бітірген соң Өзбекстан мемлекеттік жобалау институтына жолдама берілді. Бұл 1964 жыл болатын. Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне байқау жарияланғанда да мен осы институтта жұмыс істеп жүрген болатымын.

– Қазақстанның жаңа мемлекеттік нышандарын әзірлеу жөніндегі конкурсқа қалай қатысып жүрсіз?

– 1992 жылы қаңтарда "Лениншіл жас" газетінде мемлекеттік нышандарға конкурс жариялау туралы хабарландыру жарық көрген еді. Хабарландыруды оқығаннан кейін байқауда бақ сы-





нап көруге тәуекел жасадым. Осыдан бір жыл бұрын ғана Тәшкентте қазақ тілінде республикалық "Нұрлы жол" газеті оқырманға жол тартып, басылымның басты нышаны ретінде шаңырақ бейнесін салып берген едім. Елтаңбаға деген ізденіске осы шаңырақ түрткі болды. Елтаңбаны шаңырақтың айналасында өрбітуді жөн көрдім. Оның элементтері біртіндеп күрделеніп, жан-жақты ізденістің арқасында бүгінгі елтаңба дүниеге келді. Оны әзірлеу барысында талай-талай еңбектер ақтарылды, басқа мемлекеттердің елтаңбаларының тарихын зерттеуге тура келді. Геральдиканың заңдылықтары жөнінде мәліметтермен таныстым. Сөйтіп, 1992 жылы 27 наурызда Алматыға келіп, конкурс комиссиясына №173-і болып жобаны табыстадым. Жалпы саны 245 жұмыс тапсырылған-ды. Содан әрі қарай жоба Салық Зиманов жетекшілік жасаған Жалау мен Елтаңба жобаларын қарауға арналған жұмыс тобының құзырына көшті.

– Елтаңбаның басты темірқазығы шаңырақ іспетті. Шаңырақ елтаңбаның бүкіл болмысын ұстап тұратынына сенімді болдыңыз ба?

– Рас, Елтаңбаның басты ерекшелігі: ортадағы шаңырақ (шаңырақ – от-ошақ-отағасы-отан деген мағынада), ай мүйізді алты қанатты пырақ, төменгі жағындағы айшықта "Қазақстан" жазуы. Шаңырақтың жан-жағынан шаншылған уықтар шашырай атқан таң шапағының көрінісін көз алдыға әкеледі. Елтаңбаның ең жоғарысында бес қырлы жұлдыз бедері бейнеленген. Халқымызда жұлдызың жоғары болсын, шаңырағың биік болсын, іргең сөгілмесін деген аталы сөз бар. Мен осы ұғымдарды өз еңбегімнің кредосы етіп алдым.

Шаңырақ қасиетті мүлік. Ол іргелі елдікті, бірлікті аңғартады. Отбасының ең басты тірегі болып саналады. Қазақ дәстүрінде шаңырақты отқа жақпайды, тозған кезінде де лақтырып тастамайды. Қасиет тұтып, биік жерге іліп қояды. Мұның бәрі отбасыдан бастау алатын бірлік пен берекені білдіреді. Ал, шаңырақтың біздің Елтаңбамыздағы көрінісі мемлекеттің мызғымастығын аңғартады. Елдіктің, өзара ынтымақтастықтың ең қастерлі рәмізі ретінде қазақтың шаңырағын алғаным да сол.

– Мүйізді пырақтың әу басында кейбіреулер тарапынан сансыз сауал туындатқаны белгілі. Бұл элементті қайдан алдыңыз?

– Ай мүйізді, алтын қанатты пырақ қазақ халқының ежелгі тарихынан дерек береді. Өз-Тәукенің ту сайлаған найзасының ұшында дәл осындай қанатты пырақ бейнесі бар. Есік қорғаны-





нан табылған Алтын адамның (біздің дәуірімізге дейінгі (V-IV ғасыр) тотемі де осыған ұқсайды. Бұл ғасырлар бойғы ұлтымыздың бостандыққа ұмтылған, тәуелсіздік үшін күрескен ерлікке толы өмір жолынан дерек береді. Оған қоса кейбір тарихи деректерге сүйенсек, қазақ даласында ертеде жылқы-киік, яғни мүйізді жылқылар болған екен. Осылардың бәрі жинақтала келіп, мүйізді алтын қанатты пырақты бейнелеуге әкелді. Пырақтың қанаты үш бөліктен құралған. Үш бөлік – ұрпақтар сабақтастығы: аға ұрпақ, ортаңғы буын, өсіп келе жатқан жас ұрпақ. Ұрпақтар үндестігінде мемлекеттің ертеңіне деген өзара тығыз байланыс орнығады. Бұл элементтік нышанда алдағы кезеңде қазақ елі қанатты тұлпар іспетті биіктерге самғасын деген арман-аңсар жатыр.

– **Ай мүйіз бейнесі нені білдіреді?**

– Ай мүйіздің де өзінше мән-мағынасы бар. Жоғары көтерілген мүйіз құлжаға әрі қошқарға ұқсайды, ал бұл өз кезегінде қанатты пыраққа қосымша символ, реңк беріп тұр. Зираттың басына, обаларға, мешіт маңдайшасына бөле-жаладан қорғап тұру үшін ерте кездерде осындай мүйіздер шаншылып қойылған. Қазіргі кезде өз отбасымызды, Отанымызды бөле-жаладан қорғасын деген ізгі ниет-тілектен туындаған нышан еді бұл.

– **Жұлдыз бейнесінің де өзіндік мәні бар шығар?**

– Шаңырақ үстіндегі, қос қанаттың түйісер тұсында, ашық аспан астында бес жұлдыз бейнесі орналасқан. Мұнда мемлекеттің, республика халқының аспаны ашық, жұлдызы жарық болсын деген үлкен мағына бар.

– **Сіздіңше, қазақтың Елтаңбасы адамдарға қандай әсер береді деп ойлайсыз?**

– Адамдарға асқақ рух сыйлайтын, танымдық-тарихи мәні зор Елтаңба жасау дәстүрін ағылшын, неміс, поляк секілді өркениетті елдердің елтаңбаларынан мольнан кездестіруге болады. Елтаңбада бейнелеуге ұмтылған элементтердің бәрі осы тұрғыдағы мақсат биігінде жасалды. Сол себепті, Елтаңбада асқақтық пен кеңдіктің белгісі бар.

– **Жобаны комиссияның құзырына аманаттадыңыз, одан кейін не болды?**

– Жобаны тапсырып келгеннен кейін, жұмыс істеп жүр едім. 18 сәуірде "Сіздің жұмысыңыз сессияда қаралатын болды, Алматыға жетіңіз" деген хабар келді. Содан депутаттар назарына ұсынылады деген 5-6 жұмыс бір жарым ай бойы Жоғарғы Кеңестің комитеттерінде қаралып, ең соңында сессияның күн тәртібіне шығарылды. Жобаға қарсылық білдірушілер табылды. Әсіресе, киіз





үйдің шаңырағын мемлекеттің рәмізі етіп алғанымыз қалай болады дегендер де кездесті. Оның үстіне қазақтың ұлттық менталитетіне сай жасалған Елтаңбаның жобасы кейбір депутаттарға аса ұнай қойған жоқ. Жобаны талқылау барысында пікірталас туғанда депутаттар Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев және Әбіш Кекілбаев, Асқар Жұмаділдаевтың сөйлеген сөздері ұтымды шықты.

Өзім ұсынған жобаны депутаттарға жан-жақты түсіндіру барысында сөз алған кездерім де болды. Сөз сөйлеу жағына шебер болмасам да, Елтаңбадағы бейнелердің түпкілікті мағынасы туралы депутаттарға кеңінен мәлімет беруге ұмтылдым. Қазақ халқы үшін шаңырақтың қасиетті екендігіне тоқталдым. Бір отбасы шаңырақ көтерсе, оған туған-туысы, көрші қолаңы жиналып, уық шаншысқан. Сол сияқты, жобадағы шаңырақ бейнесі Қазақстан сияқты жас мемлекеттің шаңырағын көтерісіп, уығын шаншысуға елдің көпұлтты халқы бірге қатысатынын аңғартатынын айттым. Қазақ даласында дүниеге келген данышпандардың барлығы да осындай құтты шаңырақта дүниеге келгендерін, жобадағы пырақтың мүйізі жеті буыннан тұратынын, өз кезегінде жеті саны қазақ халқы үшін қасиетті сан екенін жеткіздім.

Сөйтіп, 1992 жылдың 4 маусымында 16.20-да Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаттары 237 дауыспен елтаңбаның жобасын қабылдады. Ертеңіне Алматыдағы Жоғарғы Кеңес ғимаратының маңдайшасына екі метрлік Елтаңбаның түпнұсқасы орналасты. Тәуелсіз елдің тұңғыш Елтаңбасы тарих төрінен осылайша орын алды.

– Сіздің жобаңыз мемлекеттің Елтаңбасы ретінде қабылданды. Осы кезде қандай көңіл күйде болдыңыз?

– Әрине, бұл мен үшін үлкен қуаныш. Туған елімнің елтаңбасына қолтаңба қалдырғаным. Кейде автор емес, қарапайым адам ретінде басқалармен әңгіме барысында Елтаңба жөнінде ептеп сыр тартып қоямын. Сұхбаттастарымның сөзінен ұққаным – Қазақстанның Елтаңбасы көпшіліктің көңілінен шығады. Елтаңбаның Қазақстандыкі екені тұрғысынан бағалағанда, қазақ ұлтының арман-мақсатына, өзіндік менталитетіне орай жасалғандығына іштей шүкір-шілік етемін.

– Сіз Елтаңбаның жобасын жасағанға дейін сөулетші ретінде қандайда бір байқауларға қатысқан ба едіңіз?

– Тәшкенттегі жобалау институтында жұмыс істеп жүрген кезімде Тәшкент метрополитенін, Ферғанадағы облыстық бас пошта





үйін. Әндіжандағы әуежайды. Самарқандағы облыстық әкімдік үйін және Ішкі істер министрлігі сияқты талай-талай ғимараттарды жобалауға тура келді. Сәулеті жағынан арғы-бергі елдерге кеңінен танымал тарихи қала Самарқандағы құрылыстарға он сегіз жыл бойы жетекшілік жасағаным бар. Оған қоса республикадағы Министрлер Кеңесі қонақ үйін, Шыршықтағы Араншы ауылында 600 орындық клуб үйін жобалауға қатыстым.

Ангренде болған сел көшкінінен кейін, сол жерде табиғи апаттарға төзімді үйлерді жобалауда да өз үлесім бар. Бүгінде қаладағы сол шағын аудан көркейіп, жақсы дамып келеді. Шыршық қаласындағы шағын аудандар, Тәшкент қаласындағы Калинин ауданын жобалау да үйлесімді шықты. Жобалауға байланысты өткізілген байқауларға да қатысып, еңбегім бірнеше мәрте жоғары бағаға ие болды. Нүкіс қаласының орталығын жобалауға арналған КСРО шеңберінде өткізілген конкурста бас жүлдені жеңіп алдым. Наманган, Қоқан, Самарқан қалаларының орталықтарын жобалауға арналған республикалық конкурстарда, 1982 жылы Наманган қаласының орталығын жобалауға арналған Одақтық байқауда да бірінші орын бұйырды.

– Өзбекстанда қала құрылысының өркендеуіне үлкен еңбек сіңірген екенсіз. Қызметте өсу жағынан кедергілер кездескен жоқ па?

– Мен жобалау институтында 1964 жылдан 2000 жылға дейін ұзын саны 36 жыл жұмыс істедім. Бас сәулетші ретінде 50-60 адам еңбек ететін топқа жетекшілік жасадым. Бұл бір шығармашылық жұмыстан шабыт алатын кез болатын. Шенеуніктік жұмыстарға ұсыныстар болды талай мәрте. Облыстың бас сәулетшісі қызметіне де, басқа да лауазымды орындарға да шақырды. Алайда, мен олардан бас тарттым. Маған шығармашылық жағдай айрықша ұнайды. Бастық болған соң жазуға да, сызуға да уақыт болмайды, бірыңғай ұйымдастыру мәселесімен әуре болып кетесің. Сондықтан мен әкімшілік қызметтерге аса қызығушылық танытқаным жоқ. Мейлінше, өз шығармашылығыма сәйкес жұмыс істегенді дұрыс көрдім. Ал, шенеунік болуыма ешкім де кедергі жасаған емес. Істеген қызметіме сай еңбегім бағаланды. Басқа марапаттарды айтпаған күннің өзінде, сәулет саласы бойынша "Өзбекстанға еңбек сіңірген сәулетші" атағына ие болдым.

– Ал, Елтаңбаны жасағаныңыз үшін қандай марапатқа ие болдыңыз?

– Ең алдымен Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторы ретінде "Биік





мәртебелі куәлікті” тапсырды. Содан соң “Құрмет” орденімен марапатталдым.

– Сәулет құрылысының өзі сан тармаққа бөлінетіні сөзсіз. Со-ның ішінде оң жамбасыңызға қайсысы ыңғайлы келеді?

– Маған сәулет өнерінде ең жақыны – сәулет және қала құрылысы. Оның қиын болатыны өзінен-өзі түсінікті. Өйткені, қала құрылысы бірер жылдың емес, сандаған жылдардың туындысы. Сол себепті, қала құрылысының жобасы сандаған жылдарға арналып жасалады. Қаланың зәулім ғимараттарынан бастап, ұсақ-түйегіне дейін жобада көрініс табуы тиіс. Мен осыларды жобалауға айрықша қызығамын.

– Жаңадан салынып жатқан елорданың құрылысы, дамуы жөнінде не айтасыз?

– Астана, Құдайға шүкір, қар-қынды дамып келеді. Елорданың құрылысында Елбасының сәулетші ретінде өзіндік қолтаңбасы бар. Бұл әсіре мақтағандық емес. Өйткені, Мемлекет басшысы өзінің өмір жолында талай құрылыстардың салынуына ұйтқы болып, Теміртау, Қарағанды сияқты өндірісті қалаларды басқарған тұста тікелей қала құрылысының басы-қасында болғаны осыны айғақтай түседі. Оған қоса, Нұрсұлтан Әбішұлы өлем елдерін аралаған кезде, сол елдердің сәулет өнеріндегі озық үлгілерін ойы-на түйе жүретіндігі байқалады. Ғаламға танымал шаһарлардағы кейбір элементтер Астана құрылысынан орын тауып жатқаны осының дәлеліндей. Бұл меніңше, дұрыс. Мәселен, Ресейге Петр I Санкт-Петербургті салдырған кезде Франция, Италия, Норвегия сәулет өнерінің үрдістерін кеңінен пайдаланғаны белгілі. Әлемдік сәулет өнерінің тоғысуы қаланы одан сайын көріктендіре түседі.

– Алайда, қарапайым жұртшылық елордадан ұлттық бағыттағы қолтаңбаны көбірек іздейді. Сіз сәулетші ретінде бұл мәселеге қалай қарайсыз?

– Астана – Қазақстанның елордасы, қазақ жұртының бас қаласы. Сол себепті, қалада ұлттық нақыштардың басым болғаны жөн-ақ. Бұл уәжбен келісуге тура келеді. Әзірге қаланың құрылысында ұлттық колорит қолтаңбасы аздау. Сөз жоқ, қазіргі ғаламдық сәулет өнерінде синтездік үрдіс басым. Одан бас тартудың да керегі жоқ. Әйтсе де, елордада әйнекпен қапталған ғимараттар көбейіп барады. Бұл өз кезегінде адамдардың бойында қатыгездікті тудырады. Керісінше, ұлттық сипатты қала құрылысына енгізуден қорықпау қажет. Мәселен, елорданың ор-





тасында көкпар тартатын алаң болса, ұлттық дәстүрімізді асқақтата түсер еді. Оны қаланың шетіне орналастырғаннан ештеңе ұтпаймыз. Қайта, елордаға келген меймандар тамашалайтын орталықта болғаны әлдеқайда дұрыс. Сондай-ақ, үлкен мереке күндерінде елорданың төрінде қаз қатар екі-үш мың киіз үй тігетін алаң болса екен деп ойлаймын. Мұның бәрі ұлттың рухын асқақтата түсер еді.

Қазір жаңадан салынатын Шұғыла Сапарғалиқызының би мектебінің жобасын жасап жатырмын. Шұғыла билейтін "Бөрте" деген би бар. Мен жобаны осы бидің элементтерін негізге ала отырып, мектептің жобасын ұлттық негіздерге сүйеніп жасау үстіндемін. Осы тұрғыдан алғанда, өзіміздің ұлттық сәулет өнерінің озық үрдісі де елордада өз орнын алуы тиіс. Қазақтың дастарқанының керемет екендігін көрсететін мейрамханаларды ұлттық нақышқа сай тұрғызуға болады ғой. Сондай-ақ, киіз үй формасын уақыт талабына сәйкестендіріп, құрылыс нысандарына әбден пайдалануға болады.

– Қыз-қыз қайнаған нағыз қала құрылысының дәл ортасындасыз, өз мүмкін-дігіңізді тағы бір танытуға жағдай бар. Осыған орай алдағы уақытта қандай жоспарларыңыз бар?

– Елордаға көшіп келгелі бері онсыз да тыныш жатқаным жоқ. Бірталай байқауларға қатыстым. Күләш Байсейітова атындағы опера және балет театрын жаңғыртуға байланысты конкурсқа жобамды ұсынған едім, алайда жоба құзыретті орындар тарапынан қабылданбады. Сондай-ақ, Есілдің сол жақ жағалауындағы қазір салынып жатқан Ислам орталығына ұсынған жоба да мәреде "сүрінді". Дегенмен, өзім жақсы көретін жұмысымнан ешқашан бас тартқан емеспін. Қазір мен жасаған жоба бойынша Есілдің сол жақ жағалауында үш тұрғын үй салынғалы жатыр.

Алдағы уақытта Астананың ескі көшелерінің бірін басынан аяғына дейін қайта жаңғыртсам деп ойлаймын. Көшелерді қайта жаңғырту ісі маған көбірек ұнайды. Ол әсте оңай емес. Өйткені, ол қаланың заманауи құрылысына сай әдемі үйлесім табуы керек. Сәулет өнері қаншалықты күрделі болған сайын сәулетші өзінің шығармашылық әлеуеті мен мүмкіндігінің қандай деңгейде екендігін шамалайды ғой. Қаланы қайта жаңғырту осынысымен де қызықты.

– Тәуелсіз мемлекеттің тұңғыш Елтаңбасы авторының үйі Есілдің сол жақ жағалауында қай тұста орналасқан? Сәулетті үйді өз таным-талғамыңызға сәйкес жобалаған шығарсыз?





– Сенсеңіз – сеніңіз, сенбесеңіз – өзіңіз біліңіз, мен Мағжан Жұмабаев көшесіндегі жатақхананың подвалында тұрып жатырмын. Елбасымен бір кездескенімде: "Сыртта жүргенше елге қайтсаңшы", дегені бар-ды. Осыдан кейін көп ұзамай, елге жиналдым. Елордаға табан тірегеніме биыл үш жыл болды. Оралман ретінде келгендіктен, үй-жай мәселесін Көші-қон және демография агенттігі шешуі тиіс-тұғын. Алайда, агенттік "полупорка" үй беріп, өз парызынан "құтылған" сыңай танытты. Үш балам, екі келінім мен төрт немерем бар бар, осынша жанға "полупоркаңыз" үй бола ма? Өткен жылы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне жұмыс-қа тұрған едім. Сол кездегі университет ректоры Мырзатай Жолдасбековтің арқасында жатақхананың подвалынан орын алғанымға шүкіршілік жасағаным бар. Соңғы екі айда подвалды су алып кетіп, пәтер жалдауға тура келді. Қазір бір балам екеуіміз айына 280 долларға пәтер жалдап тұрып жатырмыз. Тамыздың 20-сынан үйреншікті подвалыма қайта барамыз, пәтер жалдау қымбат.

– **"Биік мәртебелі куәлігі" барлар елімізде саусақпен санарлық қой, Президент Әкімшілігіне жағдайыңызды айтқан жоқсыз ба?**

– Есік қағып, "мен сондай едім" деп сұраншақтық танытқанды жаным қаламайды. Алайда, әкімшіліктегілер хабардар ғой деп ойлаймын. Оларға хат жолданған, алайда нәтиже жоқ. Үш жылдан бері осылайша қысылып-қымтырылып күн кешіп жатқан жайымыз бар. Үзілмеген үмітіміз бар әлі. Құдайына қарасқан кісілер табылар.

Елтаңбаның авторы подвалда тұрады. Жандарбек Мәлібекұлымен әңгіме барысында подвалдағы су астында қалған құжаттарға қарай отырып, не айтарымызды білмей, жер шұқылауға мәжбүр болдық. Кейбіреуі бүлініп кетті дейді сәулетші. Елтаңба қабылданар тұстағы тарихи құжаттар. Біраз жылдардан соң мұрағатқа таптырмайтын дүниелер. Үйі жоқтың күйі жоқ екені осыдан-ақ байқалады. "Мемлекеттік мәртебелі куәліктің" иесі подвалда тұрады. Осыдан кейін бізде бәрі мүмкін екеніне сенбей көріңіз. Парадокс. Сәулетші талайлар тұратын үйдің жобасын сызады, ал өзінде жарытымды баспанасы жоқ. Етікші бізге, ұста пышаққа жарымайдының сыңары. Бәлкім, осы сұхбаттан кейін, елорданың төрінде отырған төрелер елден жәрдем сұраған Елтаңбаның авторына, "Мемлекеттік мәртебелі куәліктің" иесіне мемлекет тарапынан көмектесер?!

2004 жыл





Ерлан АРЫН,
экономика ғылымының докторы, профессор:

Халық танымайтын академиктер қаптап кетті

– Ерлан Мұхтарұлы, әңгімемізді әлқиссасын қазақтың ұлы перзентінің есімін иеленген университеттің қазіргі тыныс-тіршілігінен бастасақ.

– Биыл үш мыңдай талапкерді студент қатарына қабылдадық. Құдайға шүкір, қазір оқуға ынтасы бар жастардың көбейіп келе жатқаны қуантады. Оның ішінде бұрын-соңды оң жамбасына келе қоймайтын инженерлік мамандықтарға да қазақ жастарының ынтасы арта түсті. Оны университеттің энергетика, көлік, металлургия саласындағы мамандықтарына сұраныстың өсе бастағандығынан аңғаруға болады. Бұл – өз кезегінде еліміздің инновациялық-индустриялық саясатқа басымдық бере бастағанының жемісі. Соңғы жылдары шынын айту керек, Қазақстанда “білім тасқыны” ұлғайды. Бұған тек қуану керек. Кейде студенттер тым көбейіп кетті деп жатамыз. Шектен тыс көбейген ештеңесі де жоқ. Сондай-ақ, Павлодар университетіндегі студенттердің жағрафиялық кеңістігі де өзгере бастады. Бұрын жоғары оқу орнында солтүстік өңірдің жастары ғана оқитын-ды. Қазіргі кезде университетте Алматы, Астана қалаларынан, Ақмола, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарынан келген жастар да білім алып жатыр.

Университет түлектерінің 93 пайызы соңғы курста оқып жүрген күннен жұмысқа шақырылады. Мұны кеңестік кезеңдегі жоғары оқу орнын бітіретін тұстағы қажетті маманға сұраныс берумен салыстыруға болады. Ал, қалған 7 пайызы болса, нарықтың талабына сай жеке фирма ашып, өз тірліктерін жолға қоюға ниеттенеді. Жалпы, соңғы кезде атқарылған жұмыстардың нәтижесі іспетті жоғары оқу орнының аты бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетімен қатар аталады.

– **Мені бір қуантқаны, университет ауласына кірген бойда ұлт рухы бірден көзге ұрады екен. Ұлттың болашағы үшін күрескен ұлылардың мүсіндері мен суреттері біраз жыл еңсесі басылған өңірге жаңа бір леп әкелген тәрізді ме, қалай?**





– Университет – тек білім ордасы ғана емес, халық руханиятының өзегі. Павлодар университетіне ректор болып тағайындалғаннан кейін Мемлекет басшысы арнайы тапсырма берген-ді. Аймақты қазақыландыру мәселесіне ат салысып, ұлттың рухын көтеруге ұйтқы болу керек деп айтқан болатын. Елбасының осы тапсырмасын орындау барысында атқарылып жатқан тірлік қой. Университетте біліммен, ғылыммен қатар мәдениет те бірге дамуы тиіс. “Мәдени мұра” бағдарламасы тек Мәдениет министрлігінің құзырына таңып қоятын шаруа емес. Сол себепті, бағдарламаны көп болып қолға алып, жүзеге асыру керек. Меніңше, төрт саланы қатар дамыту қажет деп ойлаймын. Бұлар – білім, ғылым, мәдениет және спорт. Университеттің өзінің ұлттық оркестрі құрылған. Студенттік филармония тағы бар. Тарихымыздың қатпарларына үңіліп, қазынамызды байыта түсетін археологиялық экспедициямыз жыл сайын сапардан олжалы оралады. Жоғары оқу орнында 7 мұражай жұмыс істейді. Өткен жылы Нұрсұлтан Назарбаев мұражайдағы мұрағаттармен танысып, ұлтымыздың рухын асқақтату жолында атқарып жатқан істерімізге өзінің ризашылығын білдірді.

Тағы бір айта кететін мәселе, Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы университет ғылыми кеңесінің төрт шешімі басқа ұлт өкілдері сірескен Павлодар қаласындағы үлкен төрт даңғылдың аттарын өзгертуге ұйтқы болды. Бүгінде Феликс Дзержинский – Қаныш Сәтбаев, Михаил Калинин – академик Шапық Шөкин, Советтер – академик Бектұров, Михаил Фрунзе – академик Әлкей Марғұлан есімдерімен аталады. Бұл атқарылып жатқан шаруаның бір парасы. Павлодардың аты орысша болғанымен, арғы жағындағы тарих – қазақтікі.

– Былай қарасаңыз елдегі білім беру саясаты баршаға ортақ тәрізді. Олай болса, облыстағы университеттің жылдар бойы дәстүрі қалыптасқан жоғары оқу орындарымен иық тірестіруге қандай жағдай себеп болды? Әлде, сіздерде басқа қаржы көздері бар ма?

– Жағдай барлық аймақтық университеттерге ортақ ғой. Түбегейлі ешқандай айырмашылық жоқ. Қайта кейбір университеттердің мүмкіншілігі бізден әлдеқайда жоғары. Бұл жерде басты мәселе – біздің өз жұмысымызды менеджмент деңгейінде жүргізуге баса назар аударып отырғанымызда. Осыдан бес жыл бұрын жоғары оқу орындарына қаржы тек үш бап бойынша – оқытушылардың жалақысы, коммуналдық төлем, студенттердің стипендиясына қаржы бөлінетін-ді. Ал, қазір бюджетте 14-16 бап





бойынша қаржы бөлу қарастырылады. Соңғы үш жылдың ішінде университеттің бюджеті 280 миллион теңгеден 1.5 миллиард теңгеге өсті.

2001 жылы оқу орнында ғылымға бар болғаны 200 мың теңге қаржы бөлінген екен. Ғылымға деген көзқарас дұрыс болмайынша, оның жетістікке жетуі неғайбыл. Сондықтан ғылымды қаржыландыру көздерін іздестіре бастадық. Соның бір ғана дәлелі, 2005 жылы облыстық бюджеттен "Мәдени мұра" бағдарламасы аясында университетке 98 миллион теңге қаржы бөлінбек. Облыс әкімдігімен орнатылған тығыз қарым-қатынас нәтижесінде өзекті проблемалар біртіндеп шешілу үстінде. Премьер-Министр Даниал Кенжетайұлы Ахметов облыс әкімі кезінде бастаған жақсы үрдіс бүгінде Қайрат Нұрпейісов тарапынан да жалғасып жатыр. Жыл сайын облыс әкімдігі 200 студентке грант бөледі.

Қаржыландыру көзі демекші, кеше ғана университетке Еуропадағы халықаралық ғылыми бағдарламаны жүзеге асыратын ұйымның атынан хат келді. Онда ұйымның талаптарына сәйкес ғылыми бәсеке аясында біздің университет грант жеңіп алғаны баяндалған. Гранттың жалпы құны 350 мың еуроны құрайды. Енді университет ғалымдары осы грант бойынша жұмыс жүргізеді.

Павлодар өңірінде Ақсу ферроқорытпа зауыты, "Казцинк", алюминий зауыты, мәшине құрылысы зауыты, химия зауыты сияқты көптеген зауыттар бар. Олармен нақты байланыс орнатылған. Бұл байланыс қаржы жағынан да, білім жағынан да, жұмыс жағынан да өте тиімді. Жалпы ғылымды өндіріспен байланыстырудың пайдасы зор екендігі баршаға белгілі. Ең алдымен, түлектеріміз жұмыс орнын табады. Екіншіден, зауыттар тарапынан университет ғалымдарына сұраныстар түседі. Үшіншіден, мамандарды кімдерге дайындайтынымызды, олардың қандай технологиямен жұмыс істейтінінен алдын ала хабардар боламыз. Елбасының әрбір әлеуеті мол жоғары оқу орындарында технопарк болу керек деген тапсырмасына сай жоспарлап отырған өзіндік жобамыз бар. Ол – келесі жылы университет жанынан технопарк ашу. Бұл да болашақта қаржы көзіне айналады деген сенімдеміз.

– Бюджеттен бөлінетін қаржы бар, оның сыртында басқа да қаржы көздері бар, ақылы бөлімнен түсетін қаржы бар дегендей – осы қаржылар қайда жұмсалады?

– Қаржы болса, оны жұмсайтын жер табылады ғой. Ең алдымен университеттің нағыз рухани орда ретінде еңсесі де биік болуы керек. Осы орайда оқу орнының ғимараттары қайта жаңғыртылды. Стадион тұрғыздық, студенттік жатақханалар да күрделі





жөндеуден өтті. Баянауыл баурайында университеттің демалыс базасы пайдалануға берілді. Басқалай айтқанда, оқу орнының "өз ауылы" бар. Жолсапар, экспедиция шығыны дегендей, қаржы талап ететін мәселелер жеткілікті. 45 оқу зертханасын жөндеп жатырмыз. Оның үстіне тағы 20 зертханаға тапсырыс беріп қойдық. Заманауи жарақтармен қамтамасыз етілмей, сапалы мамандар даярлау әсте мүмкін емес. Осылардың бәріне қаржы керек. Мен университетті басқаруға келген кезде 2186 студент оқитын, бүгінде олардың саны 12 мыңға жетті. Яғни, атқарылатын шаруаның ауқымы да кеңейді. Соған сай қаржыға деген сұраныс та артты.

Бір кітаптың орташа бағасы қазір шамамен 500-600 теңгені құрайды. Бізде жаңадан шыққан, соңғы буын кітаптардан 300 мыңдай кітап жетіспейді. Осыларға қаржы қажет. Университет кітапханасының қорында 1 миллион дана кітап бар. Павлодар облысында 3,5 миллион кітап қоры болса, соның үштен бірі бізде деген сөз. Алайда, кітап қорының 30-40 пайызы әбден ескірген. Әрине, бұларды жаңарту ғылыми ізденістерге әсер ететінін белгілі. 2001 жылы кітапхана 40 газет пен журналға жазылған болса, бүгінде олардың саны 972-ге жетті. Салалық, тақырыптық газет-журналдарға жазылу барысында кафедралар жеке-жеке тапсырыс береді. Қаржының бір бөлігі осыларға жұмсалады.

– Университеттегі оқытушылардың әлеуметтік жағдайы қалай шешіледі?

– Оқу орнындағы кафедра меңгерушілері 60-70 мың теңге көлемінде жалақы алады. Егер үстеме ақы қосылмайтын болса, олардың жалақысы бар-жоғы 15-20 мың теңгеден аспаушы еді. Сондай-ақ, оқытушылардың тұрғын үй мәселесін шешуге де университет айрықша назар аударып келеді. Соңғы үш жыл ішінде оқытушыларға отыз шақты пәтер берілді. Биыл және келесі жылы облыстық әкімдік тарапынан тағы да 15-20 пәтер бөлінбекші. Оқытушылар үшін университетте балаларын жеңілдікпен оқыту жағы да қарастырылған.

– Аймақтық университет тұрғысынан қарағанда, бірталай шаралар атқарылыпты. Студенттер саны жағынан да іргелі білім ордаларымен иық тіресіп қалыпсыздар...

– Өткенде кейбір жастар тарапынан университеттің студенттер саны жағынан ҚазМҰУ-мен теңескендігін естіген едім. Мен оларға бұлай салыстыруға болмайтынын айттым. Университетті ҚазМҰУ-мен әсте салыстыруға болмайды. Қара шаңырақтың аты





– қара шаңырақ, оның орны бөлек. Онда талай мықтылар қызмет еткен. Мұхтар Әуезовтің орны ерекше, академик Бірімжанов, академик Сокольский қызмет еткен. Төлеген Тәжібаев сынды қазақтың біртуар азаматы университетті басқарған. ҚазМУ-дің аты – ҚазМУ. Онда жылдар бойы қалыптасқан өзіндік дәстүр бар. Ол бүкіл республикамызға мамандар даярлайды. Бізде ғұлама ғалым, академик Мұхтар Әуезовтей кісілер жұмыс істесе, әңгіме басқа. Немесе Төлеген Тәжібаев сияқты азамат университет ректоры болса, мәселе басқа. Онда мақтануға болады. Әзірге бұл белес – бағындырмайтын биіктік. Студенттердің санына қарап, “біз ҚазМУ-мен тең дәрежедеміз” деу артық сөз.

– Академик дегеннен шығады, бүгінде осы абыройлы атақты арқалағандар саны көбейіп кеткен жоқ па?

– Рас, қазір аты бар да, заты жоқ академиктер көбейіп кетті. Талай академик бар шығар, алайда, Зейнолла Қабдолов сынды академик көп емес. Салық Зиманов сияқты академик жоқтың қасы. Кенжеғали Сағадиевтей академик аз. Манаш Қозыбаев сынды академик саусақпен санарлық. Сондықтан нағыз ғалымдар мен академик атанғандардың бәрін бір қатарға қоюға болмайды. Бүгінде “автоматты түрде академик” болатын деңгейге жеттік. Халықтың құрметіне бөленген академик болғанға не жетсін. Жалпы, қазір кез келген адамнан соңғы кезде “академикпіз” деп жүргендердің атын айтып, “осындай академиктерді білесіздер ме?” деп сұрап көріңізші, ешкім білмейді. Халық танымайтын академик бола ма?

– Осы тұста университеттің ғылыми әлеуетіне де тоқтала кетсеңіз?

– Осыдан үш жыл бұрын университетте бар-жоғы сегіз ғана ғылым докторы болатын. Бүгінде университетте 48 ғылым докторы бар. Келесі жылы 20 адам докторлығын қорғауға әзірленіп жатыр. Қырық шақты адам Алматының іргелі ғылыми ордаларында тәжірибеден өтуде. Елімізге белгілі ғалымдардың қасында жүріп ғылымның қыр-сырына қанықсын деген ниет қой біздікі. Соңғы үш жылдың ішінде университетке сырттан 200-ге жуық мықты-мықты ғалымдар келіп, дәріс оқыды. Ғылымға мұның да берері мол. Сондай-ақ, іргеміздегі Новосібір, Омбы, Барнаул, Томск жоғары оқу орындарымен тығыз байланыстамыз. Новосібірдің ғылыми әлеуеті мықты. Бүгінде Новосібір университетінде біздің оқу орнының жолдамасымен 10 қазақ студенті білім алуда.

– Білім саласындағы реформаның бітетін түрі көрінбейді. Білім қашанғы сынақ полигонына айнала береді деп ойлайсыз?





– Қай салада болсын, тұрақтылық пен бірзділік керек. Меніңше, тәуелсіз ел болғалы бері он үш жылдың ішінде жүзеге асырылып жатқан шаралардың жалпы мағынасында сабақтастық бар. Бірақ, сыртқы жағдайлар – экономикалық, саяси, халықаралық қатынастар мәселесі тез өзгеріп жатыр. Осыған білім жүйесі жедел үлгеріп, алдында тұруы тиіс. Бұл өте қиын соғып тұр қазір. Бізде бұрынсоңды қандай еді? Зауыт пен фабрикаларда бірыңғай станоктар тұрады. Ол әбден ескіріп, тозығы жеткенше кем дегенде 20-25 жыл өтеді. Сөйтіп, бірыңғай өнімді қаптата береді. Ал шетелдерде технология үш жылдың ішінде ауысып отырады. Заман күн сайын өзгеріп жатқан тұста біздің мамандарымызда да осындай қарқын болуы қажет қой. Сонда өмір сапалық тұрғыдан жақсы жағынан өзгереді. Білім саласындағы реформаға оң көзбен қарап отырғаным сондықтан. Өзгеріс қажет.

Екіншіден, білім саласындағы консервативтік көзқарасқа әбден үйреніп қалғанбыз. Білім саласы өзгеріс десе, қимылдауы қиынға түсетін салаға айналды. Әсіресе, орта білім саласы. Білім саласын қозғалту керек, ал біз әлі белгілі бір деңгейге көтеріле алған жоқпыз. Реформа әлі орта тұсында жүр. Сол себепті білім саласындағы өзгерістерге үрке қарауға болмайды. Біздің бір жаман әдетіміз бір нәрсеге үйреніп, бауыр басып қаламыз да, содан айрылғымыз келмейді. Жаңалыққа тез төселіп кете қоймаймыз. Онсыз жаһандану жағдайында, Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіретін кезде жат жұртта қалғандай күй кешетініміз анық. Білім, ғылым және технология бәсекесінің заманы туды. Бұдан біз өз үлесімізді алуға, игеруге тиістіміз.

– Жақында несие мәселесі тағы көтерілді. Мектеп бітіруші түлектердің 18 пайызы ғана мемлекеттік білім гранттары мен несиелеріне ие болады екен. Ал, қалғандары қалай оқиды, қандай қаржыға оқиды, онда ешкімнің шаруасы жоқ, оқшауланып қалған өгей жандар тәрізді...

– Оқшауланып қалып отыр деп айтуға болмайды. Мен мынадай мысал келтірейін. ЮНЕСКО-ның дерегі бойынша, дамыған ел үшін 10 мың адамға 150 студенттен болуы керек екен. Сонда ғана мемлекетті дамыған ел деп айтуға болады. Ал, енді осы шеңберге Қазақстанды салып көрелік. Қазақстанда 10 мың тұрғынға шаққанда 368 студенттен келеді екен. Бұл өте жоғары көрсеткіш.

Грант пен несие мәселесіне келетін болсақ, олардың бағасы жыл сайын өсіп жатқаны белгілі. Осыған байланысты ақылы





бөлімде оқитын студенттердің жағдайын ойластырған жөн. Мысалы, орташа алғанда жылдық гранттың бағасы – 119,5 мың теңге. Ақылы оқуға осы бағаны қоюға міндеттіміз. Екіншіден, білім саласы болғандықтан, ә дегенде соққыға ілінетін Білім және ғылым министрлігі. Бір жағынан дұрыс шығар, білім соның “бақшасы” ғой. Бірақ, осы “бақшаның” сырын жақсы білемін, жұмыс істедім ғой. Қазанның құлағы басқада, Қаржы министрлігі деген құзыретті мекеме бар, көп жағдайда мәселе сондағыларға барып тіреледі. Сол себепті мемлекеттік білім беру гранты мен несиесін бөлуді тек Білім мен ғылым министрлігі шешпейді.

Жалпы, грант пен несиенің функциясы бір – жастарға білім беру. Сондықтан, менің пікірімше, келесі жылдан бастап несиені тоқтатып, жастарды мемлекет тарапынан грант есебінен тегін оқыту керек. Жастар несиені 15 жылдан кейін қайтарады деген бос сөз. Сол қаржы мемлекеттің жыртығына жамау болады деп ойламаймын. Содан кейін, грантты қай мамандықтарға бөлу керек, мұны да жан-жақты сараптап, қарастырған жөн.

– Ал, сіз грантты қай мамандықтарға көбірек бөлу керек деп ойлайсыз?

– Грант тек мұғалім мамандығына болғаны жөн. Оларды тегін оқыту керек. Басқаларға, заң, экономика мамандықтарына несие бола берсін, өйткені, оларға сұраныс жоғары. Олардың қаржыны қайтаруға толыққанды мүмкіндігі бар. Тағы бір деректі тілге тиек етелік. Кеңес Одағы тұсында Қазақстанда жыл сайын 46 мың студент тегін оқуға қабылданатын-ды, яғни осыншама грант болатын. Ал, қазір республикада бар болғаны 24,5 мың студент мемлекет есебінен оқиды. Оның ішінде біз жоғарыда айтқан несиеге оқитындар да бар. Елбасының тапсырмасымен келесі жылы педагогикалық мамандықтарға тағы да 5 мың орын бөлінеді. Сонымен, республикалық бюджет қаржысына білім алатындар барлығы 30 мың студентті құрайды. Жоғары білім саласында жыл сайынғы мемлекет тарапынан бөлінетін гранттың мөлшерін 35 мыңға жеткізсек үлкен жетістік болар еді. Бұл халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына да үлкен ықпал етеді. Кезінде білім саласын басқарған, бүгінде Қазақстанның Ресей Федерациясындағы елшісі Қырымбек Көшербаевтың: “Бүгін мектептерге, білім саласына қаржы бөлмесек, ертең түрме салуға қаржы бөлеміз” деп айтқаны бар. Орташа алғанда, бір студенттің жылдық оқу ақысы жылына – 120 мың теңге, ал мектеп оқушысыныкі – 16 мың теңге, ал түрмеде бір адамды ұстап тұру үшін жылына 140 мың теңге жұмсалады екен. Шынында да мектеп салмасақ, жоғары оқу





орындарына грант бөлмесек, амал жоқ, түрме салуға мәжбүр боламыз. Осы бізге керек пе?

– Жалпы сіз аға буын ректорлардан кімдерді үлгі тұтасыз?

– Бұрын-соңды қазақ топырағында үлгі-өнеге аларлық ректорлардың салып кеткен өзіндік сүрлеуі бар. Мәселен, Төлеген Тәжібаев, Нығмет Ғабдуллин, Евней Бөкетов, Өмірбек Жолдасбеков – осылардың бәрі бір-бір мектеп қой. Ақтөбе өңірінде жоғары оқу орнын басқаруда өзіндік қолтаңбасын қалдырған әкем Мұхтар Арынды да мақтаныш етемін.

– Мұхтар ағамыздың қандай тәрбиелік өсиеті көңіл түкпірінде айрықша қатталып қалды?

– Әкем біз қандай жетістікке иек артсақ та, мақтауға сараң болатын-ды. Бәрін солай болуы тиіс заңдылық ретінде қабылдайтын. Қызыл диплом алғанда айтқаны бар: "Мені таңдандырайын деп отырсың ба, мен жыл сайын осындай жүзге жуық қызыл дипломға қол қоямын". Тіпті, докторлық диссертация қорғауыма Бішкекке барған да жоқ. Бірақ, сол жолы әкемнің іштей қатты қуанғанын байқадым. "Балаларым жақсы өсіп келе жатыр" деп іштей тәубе етіп отырғанын енді сезінгендеймін. Бәлкім, бұл жетім өскен әкемнің өз биігін еңбекпен жүріп бағындырғанының әсері болар. Ол "тек қана өзіңе сеніп жұмыс істеу керек, жеткен биікке дандайсымау қажет" дегенді жиі айтып отыратын.

Біздің әулеттің бірнеше буыны таза рухани мәселелермен айналысып келеді. Бұған әкеміздің өнегесі әсер етті ғой деп ойлаймын. Әкем "дүниеге қызықпаңдар, ол бүгін бар, ертең жоқ, байлықты бәрібір арғы дүниеге алып кете алмайсың. Кітаптан асқан байлық жоқ, ел аралаңдар, жақсылардың ортасында өмір сүріңдер" дейтін. Осы жағынан алғанда, Нұрлан екеуміз жақсы тәрбиені бойымызға сіңіре білдік қой деп ойлаймын.

– Қалада өстіңіздер, орыс мектебінде оқыдыңыздар. Дегенмен, өзіңізден кейбіреулер сияқты "уақыт солай болдының" табы байқалмайды. Ана тіліне деген құштарлық қалай қалыптасты?

– Бәрі әкеміздің тәрбиесінің арқасы ғой. Демалыс болса бітті, бізді түп-тамырынан ажырамасын деп жаз бойы ауылға жіберетін. Орысша оқыған соң, туған тамырынан ажырап қалады деп қорықты ма, ана тілі туралы жиі әңгіме қозғайтын. Әңгіменің түп-төркіні қазақтың тілін білмеу масқаралық дегенге саятын. Ананың тілін білу – парыз, ал басқа тілді білу өнер дейтін әкем. Ылғи да "айналайындар, парыз бен өнердің айырмашылығы бар ғой" деп айтып





отыратын. Сондықтан да қай-қайсымыз да парызымызды бұлжытпай орындауға ұмтылдық.

– Парыз деген жақсы-ақ, алайда сол парыздың құдыретін басы зиялы қауым болып түсініп жүрміз бе? Зиялылардың ортасына айналған Ұлттық Ғылым академиясының рөлі неге төмендеп кетті?

– Әрине, әр кезеңнің өлшемдері әртүрлі. Меніңше, кеңестік кезеңде бізде зиялы қауым болған жоқ, ол кезде шынын айту керек, интеллигенция болды. Ол рухани функцияны емес, партократтық жүйенің функциясын орындады. Бүгінде зиялы қауымның рөлі басқаша. Зиялылық портфельге, адамның кәсіби атақтарына, профессорлыққа, академиктікке де қатысты емес. “Ғылым докторы, профессор болдым, яғни зиялы қауымның өкілімін” деп ойлайды кейбіреулер. Бекер, зиялылық атақпен берілмейді. Со-сын сіз Ұлттық Ғылым академиясының рөлінің төмендегені жөнінде айтып отырсыз. Төмендейді. Себебі, бұрын Ғылым академиясының мүшелері кімдер болды, бүгін кімдер? Салыстырып көрелікші. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – Ұлттық Ғылым академиясының тағдырына айналған адам. 1964 жылы ол кісі қайтыс болғанда академияның тағдыры да шешілді. Сәтбаевтай ғалым, Сәтбаевтай ұйымдастырушы ғалымдардың ішінен, өкінішке қарай, табылған жоқ. Қазіргі академияны Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ахмет Жұбанов, Әлкей Марғұлан академик болған кездегі академиямен салыстыруға болмайды.

Мен Францияның Сорбонна университетінде дәріс оқыдым. Сол жолы Францияның Ұлттық Ғылым академиясында болдым. Сонда оларда бар болғаны 40 академик бар екен. Осы 40 академикті француздар “бессмертный”, яғни “өлмейтін академиктер” деп атайды. Қырқыншы академиктің кім екенін білесіз бе? Пьер-Карден! Ғылымға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адам. Алайда, Пьер-Карден бүкіл әлемді дизайнға, талғамға бағындырған тұлға. Дизайнер, модельер. Яғни, француз академиктерін бүкіл әлем мойындайды. Шынында да олардың есімі тарихқа мәңгіге жазылады...

2004 жыл





Тоқтархан Нұрахметов,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

Сорос сияқтылар сорымызды қайнатып кетпеді ойлау керек!

– Халықаралық және коммерциялық емес емес ұйымдарға қатысты заң нормалары Парламентте талқылау барысында да, одан кейін де біраз пікірталас тудырды. Жалпы, аталған заңдық нормалардың енгізілуіне қандай мәселе түрткі болды?

– Үкіметтік емес ұйымдардың кез келген демократиялық бағытты таңдаған мемлекетте болуы заңды. Аталған ұйымдардың қызметіне тыйым салу, қоғамда тек қана мемлекеттік ұйымдар болғаны жөн деу де бекер. Әрине, үкіметтік емес ұйымдар заңның шеңберінде қызмет етуі тиіс. Олар Конституциядан бастап, еліміздің барлық заңдарының талаптарын бұлжытпай орындағаны жөн. Бір айтатыны, олардың қызметі заңды түрде шектелмесе, басқа мемлекеттердегі сияқты, мәселен Ресей, Украина, Қырғызстан мен Өзбекстандағыдай өздері қызмет етіп жатқан елдің ішкі және сыртқы саясатына өз ықпалдарын жүргізуге ұмтылады. Ықпал жүргізгенде де ол дұрыс бағытта, сол мемлекеттің өркендеуіне, демократиялық дамуына, сол мемлекеттің игілігі мен пайдасына қызмет етіп жатса қанеки. Алайда, бұл іс жүзінде керісінше болып жатады. Қысқасы, үкіметтік емес ұйымдардың басым көпшілігінің бір бармағы ішіне бұғулі болып келеді. Бұлай деп айтатыным, қырық жылға жуық ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет жасағандықтан, олардың қыр-сырын жақсы білемін.

– **Үкіметтік емес ұйымдарды халықаралық ұйымдар тарапынан қаржыландырылып жатады. Сонда олар қандай мақсат көздейді?**

– Халықаралық және коммерциялық емес ұйым филиалдары мен өкілдіктерінің қызметіне қатысты мәселені талқылау барысында Бас прокурордың орынбасары Асхат Дауылбаев Парламент қабырғасында бірталай деректерді алға тартты. Сол деректерден түйгеніміз, кейбір шет мемлекеттер қазақстандық үкіметтік емес ұйымдарға қаржылай көмек беріп, олардың жұмысын үйлестіріп, қай бағытта қызмет етуге ақыл-кеңес беріп отырады екен. Міне, осыдан келіп басқа елдердің біздің ішкі ісімізге қол





сұға бастағаны аңғарылады. Осындай деректермен жақын танысқаннан кейін депутаттар тарапынан да “бұл қалай?” деген заңды сауалдар туындады.

Халықаралық ұйымдардың елдің ішкі саясатына қол сұғуына байланысты Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаевтың атына бір топ депутат атынан сауал жолдағанымыз бар. Оған Шығыс Қазақстан облысынан “Халықтық бақылау” қоғамдық бірлестігінің төрағасы Б.Төлеубаевтан келген хат түрткі болды. Хатта халықаралық және шетелдік ұйымдардың қызметіне мемлекеттік органдар тарапынан бақылауды күшейтуге бағытталған заң жобасының қабылдануына кейбір үкіметтік емес ұйымдар қарсы шаралар қабылданып жатқандығы айтылады. Бір түсінбейтіні, аталған шараны Қазақстандағы АҚШ елшілігі мен Алматыдағы ЕҚЫҰ өкілдігі қаржыландырып отыр екен.

– Үкіметтік емес ұйымдарға негізінен қаржы бөліп отырған америкалықтар ғой...

– Иә, менің білуімше Қазақстанда америкалық, халықаралық, шетелдік үкіметтік емес ұйымдардың 70-тен астам өкілеттігі бар. Олардың кейбіреулері демократияны дамыту және азаматтық қоғам құруға көмек көрсету деген атты жамылып, халықаралық нормаларды белден басып, мемлекетіміздің ішкі ісіне қол сұғуға ұмтылады.

– Үкіметтік емес ұйым өкілдерінің айтуынша, АҚШ-тың, Батыстың көмегінсіз демократиялық қоғам құра алмайтын тәріздіміз. Үкіметтік емес ұйымдар демократияны орнықтыруға көмектеседі дейді. Бұл қаншалықты ақиқатқа саяды?

– Әрине, олар қаржылай әлеуметтік, мәдени жағдайымызға көмектесіп жатса, қуанамыз ғой. Қазақстанның өркендеуіне, елімізде демократияның қанат жаюына қол ұшын беріп жатса, басқа мәселе. Бұған кім қарсы болып жатыр дейсің. Алайда, олардың ниеттері таза болатын болса, заңдық реттеуден неге соншалықты қорқады? Өз қызметтерін жариялы түрде жасаудан неге жасқанады? Бар гәп осында болып тұр ғой. Сол себепті біздің қойып отырған талабымыз – үкіметтік емес ұйымдар заңды түрде тіркелсін. Сондай-ақ, қаржыны кім, қандай мақсаттарға беріп отыр, осы жағы да жариялы түрде болсын дейміз. Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі жариялы түрде жүзеге асып жатса, оған кім қарсы болмақ? Біреу қаржы бөліп, бар ниетімен көмектесіп жатса, қуана қабылдамай не көрініпті.

– Сіз осыған дейін Сорос сияқты ұйымдар қаржы-





сын бостан босқа емес, белгілі мақсатқа бола жұмсайды деп айтқан болатынсыз. Әлі де осы пікірдесіз бе?

– Иә, ол расында да солай. Сорос қорының, оның құрылтайшысы Джордж Соростың тарихынан, өмірбаянынан да талайдан хабардармын. Үстіміздегі жылы Сорос Алматыға ат басын тіреген тұста елімізді жөнсіз жазғырғаны бар. Сол тұста әңгімеге Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаевтың араласуына тура келген-ді. Министр қор құрылтайшысының Қазақстандағы жағдайдан бейхабарлығын айтып, нақты ахуалды бұрмалап отырғанын жеткізді. Жалпы, Джордж Соросың көздеген түпкі мақсатының астары бүгінде күллі әлемге әшкере болып қалды. Кейбір елдердің мемлекеттің ішкі ісіне қол сұғатын аталмыш қордың көмегінен бас тартып жатқан себебі де сол. Джордж Сорос сияқты миллионерлердің қаншалықты байлығы асып-тасып жатса да, өз қаржысын бекерден бекерге шашпайтыны анық. Оның үстіне байлар қаржының қадірін басқалардан гөрі жақсы біледі емес пе. Сол себепті, бөлінген әрбір қомақты қаржының ар жағында белгілі бір мақсат-мүдде бар. Мақсат болғанда да біздің мемлекетімізді, басқа мемлекеттерді де өз жағдайына, батыстық демократияның өлшеміне қарай бұру, солардың бағытымен жүріп, солардың сөзін сөйлесін деген ниет басым. Басқалай айтқанда, айтқанына көндіріп, айдауына жүргізу үшін ғана қаржысын жұмсайды. Қалғанының барлығы филантропия деп аталады.

– Шын мәнінде, сіз айтпақшы, Қазақстанның өркендеуіне, құқықтық мемлекетке айналуына әлемде ешбір мемлекет мүдделі емес пе?

– Бұл бәлкім, кейбіреулер үшін тым ұшқары пікір болып көрінуі мүмкін. Өрине, дипломатия тілінде бәрінің тігісі жатқызылып, айналасы жұмырланып жеткізілетіні белгілі. Сол сияқты кейбір шетелдік басшылардың Қазақстанды кей тұста асыра мадақтау туралы айтылатын марапат сөздердің бәрі – арқадан қаққан дипломатиялық тәсіл. Бірақ, осы мақтаулардың барлығы Қазақстанның гүлденіп кетуін, дәулетті мемлекетке айналуын шын ниетімен тілейді дегенге өз басым сенбеймін. Тілектес елдер бар шығар, бірақ олар саусақпен санарлық қана. Қазақ жеріне келіп жатқан шетелдіктердің көбісі қалай пайда табамын деп келіп, осы мақсатта жұмыс жасайды. Сол себепті, өз күшімізге өзіміз сенбесек, бізді басқа жақтан келіп жарылқайтын ешкім жоқ. Бүгінде өздерінің ыстық ілтипатын білдіріп отырған Ресейді, АҚШ-ты, Қытайды аласыз ба, болмаса басқаларды аласыз ба, олардың да өздерінің көздеген ұлттық мақсат-мұраты бар. Олардың инвес-





тициясы келеді, біздің байлығымызды игереді, содан қыруар пайда табады. Шетелден келіп жатқан инвестицияның бәрі қазақты, Қазақстанды жарылқайын деп келіп жатыр деп ойлау қате. Бұлай ойлау иллюзия ғана. Сол себептен осы жағына сақ болуымыз керек. Әрбір жағдайда қай мемлекеттің Қазақстанда қандай мүддесі бар, қаржыны не үшін беріп жатыр, оның қайтарымы қалай болмақ, өзімізге не қалады, осының бәрін назарда ұстағанымыз жөн. Күні ертең мұнайдың қоры таусыла бастағаннан кейін шетелдіктер кетеді де, өзіміз ғана қаламыз. Басқа елдердің “Қазақстан гүлденсін” деген пікіріне сене қоймайтыным да сол.

– Бұдан есік-тереземізді қымтап ұстау керек деген ой тумай ма?

– Жоқ, бұдан оқшаулану саясатын ұстану керек деген ой тұмауы тиіс. Дипломатиялық жолмен кез келген мемлекетпен қарым-қатынас орнатып, өз мүддемізді қорғап, өзіндік саясатымызды өз биігінде жүргізе білуіміз қажет. Еліміздің қазіргідей жетістікке қол жеткізуі мемлекеттің бірзіділікпен жүзеге асырып жатқан сындарлы саясатының төңірегінде тоғысып жатыр. Қазақстан, Құдайға шүкір, көрші елдермен келіссөз барысында шекара мәселесіне түбегейлі нүкте қойды. Инвестиция тарту барысында да қол жеткізілген жетістіктер бар. Сыртқы әлеммен байланыс та біртіндеп нығайып келеді.

– Әңгімеміз сыртқы ықпалдың төңірегінде өрбіп отыр ғой. Сыртқы ықпал демекші, өткен сессияда “Ұлттық қауіпсіздік туралы” заң жобасын талқылау барысында діни бірлестіктерді тіркеу мәселесі де біраз пікірталас тудырды. Бұл мәселені мемлекет қаншалықты деңгейде назарында ұстап отыр?

– Заң дегеннің өзі аяқасты жазыла салатын немесе бірден өзгеріс енгізетін дүние емес. Заңның өмірге келуі өмірдің өзінің талабынан туындайды. Қоғамда болып жатқан өзгерістер заңға өзгеріс енгізуді, болмаса арнайы заң қабылдауды қажет етеді. Діни бірлестіктерге, оның ішінде миссионерлерге қатысты да осыны айтуға болады. Кеңес Одағы кезінде миссионерлер туралы ақпараттың өзі там-тұм-тұғын. Тіпті, ол уақытта басқа елдерден миссионерлер келіпті дегенді естімейтінбіз. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін сырттан миссионерлер қаптап, дүниенің төрт бұрышынан қазақ жеріне қарай ағылды. Германия, Италия, Түркия, Үндістан, Пәкстан, Иран, АҚШ-тан миссионерлер шұбады. Олар осында келіп алып, өз діндерін насихаттап, оқу орындарын ашып, тіпті қазақ балаларын өз дінінен, отбасынан ажыратып, өз діндеріне





баурай бастады. Дәстүрлі діндер өз алдына қаптаған секталар құрамына қазақстандықтарды тарту етек алды. Миссионерлер Қазақстанның түкпір-түкпіріне, шалғайдағы ауылдарға дейін ат басын шалды. Бір қарасақ, олардың қызметі бақылаудан шығып барады. Оған мемлекеттік ұйымдар тарапынан бақылау орнатуға құқық беретін заңдық норма да жоқ болып шықты. Сол себепті үстіміздегі жылы "Ұлттық қауіпсіздік туралы" Заңға, жалпы мөлшері он екі заңға өзгеріс енгізу керек болды. Ең бастысы, діни ұйымдарға қатысты заңға да өзгеріс енгізілді. Қарсылық танытып, жоқ жерден ілік іздеу бақылауға мойынсұнғысы келмегендердің тірлігі ғой.

– Заң тұрғысынан бақылау орнатуды ар-ождан бостандығына шектеу қойылып жатыр деп аттандағандар да болды емес пе?

– Діни ұйымдардың қызметіне қатысты заңдарға аталған өзгерістерді енгізу, ең алдымен ұлттық мүдде тұрғысынан туындады. Англияның Уинстон Черчилль деген атақты премьер-министрі болған. Бейнелей айтқанда, ағылшынның ішіндегі нағыз ағылшын. Сол кісінің айтқаны бар: "Англияның мәңгілік достары да, мәңгілік жаулары да жоқ. Англияның мәңгілік ұлттық мүдделері ғана бар". Осы тұжырымды айрықша құрметтеймін. Бізде де осындай темірқазық-тұжырым болғаны жөн. Қазақстанның бүгінде барлық елдермен қарым-қатынасы ойдағыдай деп айтуға болады. Аумалы-төкпелі заманда бүгін достық ниеттегілердің, ертең суық қабақ танытуы да ықтимал. Мемлекеттер арасында "мәңгілік достардың" болмайтыны да тарихтан мәлім. Сондықтан барлық кезде де ұлттық мүдде басым болуы тиіс. Жоғарыда аталған заңдарға енгізілген өзгерістер де осындай темірқазық-тұжырым тұрғысынан қабылданды деп айта аламын.

– Еліміздің ұлттық қауіпсіздік шараларын нығайту барысында алдағы уақытта қандай проблемаларға баса назар аударуға тура келеді?

– Қазіргі жағдайда елімізге сырттан немесе іштен жау анталап, қауіп төндіріп отыр деп айту қиын. Шүкір, мемлекеттік шекарамызды шиырлап алдық, алыс-жақын жерлердегі елдермен аралас-құраластығымыз қарқын алып келеді. Елдің ішкі жағдайы да тұрақты. Бірақ, "Сақтансаң сақтаймын" деген қазақтың сөзі бар емес пе. Сол сияқты ұлттық қауіпсіздік мәселесіне қатысты алдағы күндері де нақты шаралар қабылданады. Бірақ, бұл қатаң шаралар қабылдап, репрессиялық тәсіл қолдану керек деген сөз емес. Демократиялық жолды таңдағаннан кейін басқа мемлекет-





термен жақсы қарым-қатынасты жалғастыра отырып, қоғамды демократиялық бағытта дамыта түсу қажет.

Енді ұлт қауіпсіздігіне байланысты әсіресе, қай бағытта шұғыл шаралар қабылдау қажет дегенге келсек. Біріншіден, лаңкестік мәселесі. Лаңкестіктің ауылы алыста дейтіндей кез емес, еліміздің кейбір жерінде пайда болған лаңкестік ұйымдар "Жау жоқ деме, жар астында" дегеннің кейпін көрсетеді. Ұлттық қауіпсіздік органдары тарапынан анықталған деректер осының алдын алу қажет екендігін айғақтайды. Екінші наркобизнеске, наркотрафикке байланысты. Пәкстан мен Ауғанстаннан Еуропаға тасымалданатын есірткінің бәрі Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Оның біраз бөлігі елімізде қалып та қояды. Мемлекет осыған қарсы белсене күрес жүргізуі керек. Үшінші қауіп ретінде жасырын көші-қон проблемасын айтар едім. Мәселен, қазір Қытайдан және басқа елдерден елімізге заңсыз келіп жатқан мигранттар жеткілікті. Бұл мәселені заңдық тұрғыдан реттеп, жолға қоймаса, бұл да алдағы уақытта ұлт қауіпсіздігіне қатер төндіретіні сөзсіз. Жүздеп келіп жатқан мигранттар саны мыңдап жалғасатын болса, демографиялық қауіп-қатерге ұласады.

Қауіптің тағы бірі – сыбайлас жемқорлық. Бұнымен күрес жүргізілуін жүргізіліп-ақ келеді, алайда нәтижесі көңіл көншітерілік емес. Сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шаппай, мемлекетіміздің әрі қарай даму мәселесі күрделі жағдайға ұшырауы мүмкін. Ұлт қауіпсіздігіне қатысты басты-басты осындай қауіп түрлерін айтар едім. Жоғарыда аталған қауіп-қатерлерге байланысты уақтылы нақты шаралар қабылданып жатса, ұлттық қауіпсіздігіміздің белбеуі де бекем болады.

– Ұлттық қауіпсіздікке қатысты шараларды қабылдау барысында репрессиялық тәсіл қолдануға болмайды дегенді айтып қалдыңыз. Шынында да, көп жағдайда тыйым салу, қатайту тәсілдері жұртшылық тарапынан түсінбестік туғызатын тәрізді...

– Демократиялық даму жолын таңдағаннан кейін ылғи тыйым салу тәсілі тиімсіз. Тыйым салудың көкесі тоталитарлық жүйеде болады ғой. Біз оны Кеңс Одағы тұсында өз басымыздан кешкенбіз. Сондықтан одан сабақ алғанымыз жөн. Мәселен, мемлекет үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне тыйым салу, бұқаралық ақпарат құралдарын жабу сияқты тәсілдерге жиі жүгінетін болса, онда елде қандай демократия болады? Бұндай жағдайлар керсінше, халықтың наразылығын тудырады. Халықтың режимдерге қарсы тұратыны да дұрыс ақпарат, сөз еркіндігі бол-





мағаннан кейін ғой. Сол себепті, кез келген мемлекетте адамдардың жан-жақты мағлұмат алу құқығы болу қажет. Ақпараттың бұрыс-дұрыстығын әр адам өзі шешеді. Жан-жақты ақпарат алуға көмектесетін бұқаралық ақпарат құралдары бар. Бар мағлұмат тек қана бір жерден шығып, басқалай айтқанда, бар мәселе ақ дегені ақ, қара дегені қара деген жалғыз пікірдің айналасында тоқайласып отыратын болса, онда ол елді демократиялық мемлекет деп айту қиын. Пікір алуандығы, әртүрлі көзқарас болуы заңдылық. Соларды халыққа жеткізетін басылымдар болуы да қалыпты жағдай. Бірақ, олар, ең бастысы, заңның шеңберінде қызмет етіп, конституциялық құрылымға қарсы үгіт-насихат жүргізбегені жөн. Мемлекет болғаннан кейін, билік болғаннан кейін билікті орнықты ұстап, оны дұрыс қолдана білу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ал халықты тек қана диктаторлық тәсілмен қысып, қорқытып ұстаған мемлекеттің болашағы жоқ екені әлімсақтан мәлім. Оны тарих та сан мәрте дәлелдеген. Жақында ғана ел Президенті Парламенттің кезекті сессиясының ашылу салтанатында алдағы уақытта қоғамымызда қандай саяси реформа жүзеге асырылатыны туралы айтып берді. Осы бағытпен дұрыс жүретін болсақ, бәрі де өркениетті қоғамға сай жүзеге асады деп ойлаймын.

– Ұлттық қауіпсіздік қызметі саласында ұзақ жыл қызмет етіп, генерал-майор шеніне ие болдыңыз. Ал ғылымда осы саланы арқау етіп, арнаулы қызметтегі мінез-құлық мәселесі төңірегінде еңбек жаздыңыз. Аталған саладағы қызметкерлердің құлықтық жағының ерекшелігі қандай?

– Рас, кандидаттық және докторлық диссертациям да арнаулы қызметпен тікелей байланысты. Ғылыми еңбектер арнаулы қызмет саласындағы қызметкерлердің моральдық сипатын, олардың мемлекетке, халыққа, жалпы әр азаматқа қызмет етуін, солардың құқығын қорғау барысындағы қызметін қамтиды. Сондай-ақ, қызмет барысында өздеріне берілген билікті асыра сілтеп, халқына, азаматтарға қарсы, қоғамға қарсы жұмсамай ма деген сауалдарды қарастырады. Заңды бұзған адамдарға қарсы қалай күрес жүргізу керек? Міне, зерттеу еңбектерде осы жағын да ашуға ұмтылдым. Ұлттық қауіпсіздік комитеті бола ма, басқа да заң орындары бола ма, сондағы қызметкерлердің моральдық тазалығы, бұйрыққа қана иланып, заңды бұзып кетпей ме деген мәселелер төңірегінде де зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Қысқасы, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметкерлердің мінез-





құлқына байланысты біраз мәселелерді ғылыми тұрғыдан біршама талдау жасадым деп айтуға болады. Қарапайым тілмен айтар болсақ, арнаулы қызмет саласының қызметкерлері өзінің халқы мен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, олар өмірде де өзінің мінез-құлқы жағынан да басқаларға үлгі-өнеге көрсетіп, рухани құндылықтардың төмендеуінен "қауіпсіз" етуі тиіс.

– Әңгімеміз тікелей ұлт қауіпсіздігі төңірегінде болып отырғандықтан, осы саладағы қызметкерлердің моральдық жағынан таза, беделі биік болуы оларға жасалатын жағдайлармен де тікелей байланысты. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Әрине, аталған сала қызметкерлеріне мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі тиіс. Ол жасалып та жатыр. Менің айтпағым, әскери зейнеткерлердің зейнетақысы төңірегінде. Бұл жөнінде Премьер-министр Даниал Ахметовтің атына депутаттық сауал да жолдадым. 1997 жылға дейін зейнеткерлікке шыққан әскерилердің зейнетақысы қазіргі шығып жатқан зейнеткерлерден 4-5 есе аз. Мысалы, сол кезде полковник, генерал шенінде зейнетке шыққандардыкі қазіргі зейнетке шығып жатқан капитан, майордың зейнетақысынан әлдеқайда төмен. Бұл енді дұрыс емес қой, логикаға да сыймайды. Сол себепті осыны қайта қарап, есептеу мәселесін қолға алып жатырмыз. Келесі жылдың бюджетін талқылау барысында да аталған мәселені қайта күн тәртібіне қоямыз. Әскери зейнеткерлердің осы тобының проблемасының шешілуіне қолдау білдірген хаттар Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі басшылары мен ардагерлер ұйымдары тарапынан көптеп түсуде. Өзім әскери адам болғандықтан, депутат ретінде әскерилердің көкейкесті мәселелерін мен қозғасам, кім айтады? Сол себепті бұл мәселені аяғына дейін жеткізуге тырысамын.

– "Ардагерлер туралы" заңның тағдыры да "Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды" дегеннің сыңарына айналғандай. Аталмыш заң жобасының қоржында жатқанына да біраз болды. Оны қабылдау жағы қалай болып жатыр? Ауғандық ардагерлердің мәртебесіне де қатысты мәселе жиі көтеріліп жүр. Бұл қалай шешімін табады?

– Шынында да, "Ардагерлер туралы" заң жобасының қаралмай қоржында жатқанына біраз болыпты. Жақында Мәжілістің жалпы отырысында бұл мәселе қайта көтерілді. Жақын күндері Парламент депутаттары заң жобасын талқылауға кіріспек. Ұлы





Отан соғысы ардагерлері мен оған теңестірілген ауған соғысы ардагерлері де майдан шебінде болды. Алайда, Ұлы Отан соғысына қатысқандардың деңгейі, жағдайы бір бөлек. Ал ауған соғысына қатысқандардікі өзгеше. Бірақ, екеуі де қантөгіске қатысқан. Ауған ардагерлерін де соғысқа мемлекет жіберген, олардың ішінде де мүгедек жандар бар. Сондықтан олар Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген күйінде қала ма, әлде олардың жағдайын басқаша шешеміз бе, ол заңда көрініс табуы қажет. Әйтсе де, бұл мәселе қалай шешімін табады, оны дәл қазір ашып айту қиын. Бірақ, бұл мәселелер орнықты шешіледі деген сенімдемін.

– Әңгімеңізге рахмет!

2005 ЖЫЛ





**Ханкелді Әбжанов,
тарих ғылымдарының докторы:**

Уақыт әр затты өз орнына қояды

– Тарих тереңіне көз жіберсек, шынында да қазақ халқы "мың өліп, мың тірілген". Бабаларымыз қағанат құрған, хандық дәуірді де бастан кешкен. Алайда, тәуелсіз жұрт санатындағы жылнамасы ауық-ауық үзіліп, басқалардың ықпалына көп ұшыраған. Бұған қандай жағдайлар әсер етті? Одан қандай сабақ алуға болады?

– Ұлт тарихын түзу – ұлттық болмыс пен қадір-қасиетті сақтаудың пәрменді жолы әрі құралы. Қазақтың шежіре тарқатуында, жеті атасын білуінде кімнен кім туғанын, қай ру-тайпаға жатауынын тізбелеу ғана емес, тарихты түзуге құштарлық, сабақтас-тықты сақтауға және мәнін ұғынуға, қандай қилы тағдырларды бастан өткергендігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге, қас пен досты айыра білуге ұмтылысы жатыр. Әлеуметтік практика мен танымның осынау парасы әлденеше ғасырлар бойына қалыптасқаны белгілі. "Алпамыс", "Қозы-Көрпеш – Баян сұлу" жырларының 1000 жылдық тарихы бар, тастардағы Орхон жазуы бұдан да әріге кетеді. Қорқыт ата, әл-Фараби сөздері Орта ғасырлардың бас-тапқы дәуірінен бері жетіп отыр. Бұларға көне күйлерді, аңыз-ертегілерді қосыңыз. Алтын Орда, Қазақ хандығы тұсында дүниеге келген тарихи-мәдени құндылықтар қаншама! Демек, бабаларымыздың тарихи санасы мен қарымы өз ортасы мен кеңістігінің талабына әбден сай болған.

Ұшы-қиыры жоқ осыншама телегей-теңіздей қазынаны жойып жіберу, ұлт санасынан біржолата өшіріп тастау әсте мүмкін емес. Айтқан жерден аулақ, тіпті қазақ халқы жер бетінен жоқ болып кеткен күннің өзінде де оның артындағы ізі сайрап жата берер еді.

Иә, Ресейге бодандықты қабылдаумен, әсіресе Абылай ханның дүниеден озуымен ұлт тарихына шабуыл, зорлық-зомбылық күшейді. Ел басқарудың дәстүрлі хандық жүйесін қирату. 1868 жылғы әкімшілік-аумақтық реформалар қазақ қоғамын табиғи-ырғақты даму негізінен ажыратып, "зар заманға" ұрындырды. Билік пен байлықты қолына алған империя бағынышты халықтың сана-





сы мен танымын сансыратуды көздеді. Бұдан былайда отарлаушы елдің тарихшылары қазақ тарихын өз ыңғайы мен қажетіне бейімдеп жаза бастады. Бізді – надан, тағы, сауатсыз, қауқарсыз, барымташы, келешегі жоқ халық, өздерін – құтқарушы, өркениетті, ізгі, жақсылық әкелуші халық ретінде дәйектеуден айнымады. Бірде тісін, бірде тілін көрсеткен ресми Петербург қазақтардың мәдени-рухани ілгерілеуіне зәредей септігін тигізген жоқ. Мұндайда ұлт тарихы бұрмаланбай, үзілмей тұрмай қайтсін. Осыған да қарамастан XIX ғасырда Шоқан, XX ғасыр басында Әлихан сынды тұлғалар қазақ тарихын жүйелеуге, этногенезіміз бен мемлекетіміздің табиғатын ашуға баға жетпес үлес қоса алды. Әрине, кезінде ол дүниелер қалың оқырманын таба бермеді.

Тарих ғылымына байланыстыра айтар болсақ, өткен күндердің сабағы мен тағылымы біреу: жат қолына қараған халықтың тарихы мен тағдыры ақиқат биігінен таразылануы еш мүмкін емес. Өзін өзі әшкерелеуші, ісі мен саясаты тұтас халықтың мүддесіне қайшы екенін мойындаған отарлаушы болған емес, болмайды да.

– Ал биліктегілердің кей пікіріне құлақ түрсек, бұрынсоңды қазақ деген халық болған ба, жоқ па деген еріксіз күмән-күдік туады. Өйткені, биліктің пайымдауынша, бұрын қазақтың мемлекеттілігі болмаған, шекарасы атымен жоқ, ес жиып, етек-жеңін жинағаны соңғы он бес жылдың шамасында ғана. Қазақтың тарихы тек 1991 жылдың 16 желтоқсанынан бастау алатын сияқты. Сонда Тараздың 2000 жылдығы, Түркістанның 1500 жылдығы, ардақты батырларымыздың пәленбай жылдықтарын не үшін тойлап жатырмыз деген осындайда ой келеді...

– Биліктегілердің бәрі осыншалықты саяз ойлайтын, тарихи танымы кембағал қауым деуге аузым бармайды. "Битке өкпелеп тонынды отқа тастама" деген дана сөз бар емес пе? Егер бірлі-жарымы ұлт тарихын 1991 жылдың 16 желтоқсанынан бастап жатса, білімсіз бейшаралығын әшкерелегені ғой. Мұндайлар кемел басшы болып та жарытпайды. Себебі, бүгінгі Қазақстан өтпелі дәуірді бастан кешіруде. Ал өтпелі дәуірдің мазмұны мен түпкі нәтижесі "кімді кім жеңеді" сұрағының жауабымен анықталмақ, "Бүгінгі кіміміз" – 1917 жылдың қазанындағыдай таптық, идеялық, партиялық жіктелу мен өліспей беріспейтін теке тіресуге түскен әлеуметтік субъектілер емес, саяси тұрақтылықты, байыпты дамуды, ұлтаралық келісімді таңдағандар. Осының өзі ұлттық тұтасуымызға қолайлы сөт. Бұған әлемдік ахуал да негіз қалап





отыр. Жаһандану ел шетіне жеткенде, көпұлтты Қазақстанды басқаларға басие қазақ қана сақтап қала алады. Қазақтан басқа бірде бір ұлттың Қазақстанға тірек боларлық тарихи, демографиялық, мәдени-рухани, тілдік, тіпті пенделік құқығы жоқ. Ата Заңымыздағы: Қазақстан унитарлық республика деген қағидаты осылай ұғу керек. Басқаша айтсақ, Отан тарихынан хабарсыз биліктегілер ел ішіндегі жарасымдылықты нығайтуға қызмет ете алмайтындығы былай тұрсын, ондайлар әлемдік алпауыттармен бетпе-бет келгенде табан тірейтін бүдір таппай, сөзінен де, ісінен де оп-оңай жаңылып, төрт аяғы көктен келе жығылады. Құдайға шүкір, еліміздегі тарихи таным деңгейін, өткенімізге қатысты мемлекеттік саясатты бұлар анықтап отырған жоқ. Тарихты білу – бөтенге есеңді жібермеудің, отансүйгіштік сезімді қалыптастырудың алғышарты.

– Жоғарыдағыдай солқылдақ пікір болмас үшін тарихшы-ғалымдар мәселенің төрелігін айтып, нүктесін қоюы тиіс қой. Ал олар ел тарихының аражігін ажыратып, мемлекеттілігіміз қай кезеңнен бастау алатынын нақты айтуға келгенде жалтақтық танытатындай. Неге?

– Отан тарихының ақиқатын ашуға ұмтылған, мәселенің төрелігін айтып, нүктесін қоюға ниет қылған ғалымдарымызда, шын мағынасындағы ғалымдарымызда, тап қазір жалтақтық жоқ. Ол кешегі тоталитарлық тәртіппен бірге кеткен. Бұл орайда Н. Назарбаевтың қаламынан шыққан "Тарих толқынында" кітабының бар екенін білесіз. Осы еңбегінде Президентіміз Қазақ хандығы шамамен 1466 жылы құрылды дейді. Ғылыми танымдағы өктемдікке тыйым салып, пікір алуандығына Нұрекеңнің өзі жеке үлгісімен жол ашқандықтан, тарихшылар бұрынғы жалтақтыққа салынбай, пайым-пікірлерін ашық айтуда. Мәселен, профессор З.Қинаятұлы алғашқы Қазақ мемлекеті Ақ Ордадан (1374 жылы) басталатынын дәлелдеуге тырысса, К.Пищулина 1456 жылды алға тартады. Басқаша пайымға жүгінетін зерттеушілер де бар. Яғни жалтақтықтан жұрнақ та жоқ. Тарихымызды "жақсарту" үшін кейде жігіттер тым асыра сілтеп жібере ме деп ойлаймын. Әйтпесе, Шыңғысханды қазаққа әкеліп телір ме еді? Жалтақкөздік те, әсіре бояу да ақиқатқа жеткізбейді. Бізге керегі – байыпты теориялық-методологиялық зерделеуден өткен, бай құжат пен фактіге негізделген пайым мен тұжырым.

Жалтақтық танытатындар – Тәуелсіздік шежіресіне қалам тартушылар. Бұларда іргелі, өзіндік ойтүйін, талдау болмағандықтан көбінесе лепірме сөздерге орын береді.





– Біздің қазақ зиялысының, ұлықтардың ұлт мәселесіне келгенде, кінәсі мен күнәсін жеңілдетуің өзіндік амалы бар. Ол – “заман солай болған” ұғымы. Бірақ, “заман солай болған” кездің өзінде Әлихан, Ахмет, Міржақып, Тұрар, Мұстафа айтарын айтты емес пе? Кешегі Желтоқсан оқиғасы кезінде Жұбан Молдағалиев неге айтойлады? Компартияның ақырып тұрған уақытын айтпай-ақ қоялық, “демократиялық жолды таңдаған” бүгінгімізге не жорық. Әлде, біздің ойын ашық айта алмайтын оқығандар үшін қашан да “заман солай бола ма”?

– Ұлт мәселесі қашанда оңай болған емес. Отарлық және тоталитарлық ғасырларда Қазақстанға миллиондаған басқа ұлт өкілдері келгені, күшпен әкелінгені ақиқат. Араларында республикамызға, қазақтарға менсінбей, мұрнын шүйіре қараушылар аз болған жоқ. Орталықтың ұлт саясатында әділетсіздікке жол берілді. Осының бәрі ұлтаралық, дінаралық, руханиятаралық, экономикалық, саяси қарым-қатынастарға сызат түсірді. Бұған халқымыздың өз елінде, өз жерінде демографиялық азшылықта қалғанын қосыңыз. Үздіксіз жүргізілген саяси қуғын-сүргін де зиялыларымыздың бойына үрей ұялатты. Ең ауыры – барша қазаққа төн дүниетанымдық, менталитеттік, рухани, этникалық сәйкестік бұзылып, “біз” және “олар” ұғым-түсінігінің аражігін ажырата алмайтын халге жеттік. Біріміз – орысшыл, екіншіміз – батысшыл, үшіншіміз -исламға жат діншіл, төртіншіміз – қытайдың (моңғолдың, өзбектің, түркіменнің....) ықпалы бойынан тарқамаған оралман, бесіншіміз – рулық-тайпалық психологияда қалған трайбалист, алтыншымыз -жекешелендірудің арқасында жеті атасынан бері бітпеген байлықтың буына піскен “жаңа қазақ”, жетіншіміз ғана – нағыз қазақпыз. Осылардың әрқайсысы өз өресінің, мүддесінің биігінен сөйлеуде. Кеше оны Желтоқсан көтерілісіне ұстанған позициялардан көрсек, бүгінде мемлекеттік тіл тағдырына көзқарастардан байқау қиын емес. Ендеше, ұлт мәселесіне келгенде зиялылар ойын ашық айта алмайды дегеннен гөрі, бірінбірі түсінбей, тыңдамай, дұрысты да, бұрысты да жоққа шығаруда деген жөн болар. Өтпелі дәуірде “би екеу, дау төртеу” болуы объективті құбылыс. Бірақ ол шексіз жалғасып кете бермеуі керек. Басты нысана, мақсат қазақ мәселесінің түбегейлі шешілуінде екенін қоғамдық пікір мен сана мойындамай, екіұдай күйде қалғанымыз-қалған. Ендігі бар үміт – билік тізгінін ұстағандардың таңдауында. Бір ғана айғақ келтірейін. 2006 жылы Президентіміз





Н. Назарбаев мемлекеттік тілді ұлықтаған құжатқа қол қойып, екі рет батыл талап қоя сөз сөйлеп еді, бүкіл қоғамда игі қозғалыс басталып кетті, тіл қажетіне үш миллиард теңгеге жуық ақша да бөлінді. Мемлекеттік тілге қамқор ұлықтар да аз емес көрінеді. Қысқасы, мемлекетқұраушы ұлттың тілдік үстемдігі орнамайынша, байырғы ұлт мүддесін қорғап сөйлеуші зиялының дауысы көп шуылдақтың айғайының астында қала береді.

– Жалпы, қазақ зиялысының шен мен шекпенге, сылдырлақ пен марапатқа деген аңсары ауып тұратын “ауруы” қайдан “жұғады”? Жалпы, тарихтың биліктің ыңғайында жазылуына қалай қарайсыз?

– Шен, шекпен, марапат ешбір қоғамға жат емес. Мәселе – сол шіркіндерді иесін дәл тауып беруде, әділдіктің ақ жолын атамауда. Сонда ғана шен, шекпен, марапат қоғамның нығаюына ілгерілеуіне қызмет етеді, кейінгі ұрпаққа алар асуларды меңзейді. Әйтпесе, Бөгенбайдың батыр, Жәнібектің тархан, Төленің би атақ-дәрежесі ғасырлар аттап бүгінге жетпес еді. Ерен еңбегімен көзге түскен ұл-қыздарына шен, шекпен мен марапатты халықтың өзі де бере алады екен. Сазгер Шәмші Қалдаяқовты, өнші Дәнеш Рақышевты, күйші Төлеген Момбековті қазақ қауымы ешбір халық өртісінен кем көрген емес. Атақты Бауыржан Момышұлының да тағдыры осыған дәлел.

Менің ойымша, шен, шекпен, марапат атауының қадірі тоқырау жылдарында кете бастады. Еңбегінен бұрын көзін, сақалын сатқандар, жолын тапқан пысықайлар, билік басындағылармен әмпей-жәмпейі барлар “шынжыр балақ, шұбар төс” қауым қатарын толтырғанын ел-жұрт көзімен көрді, құлағымен естіді. Бір жаз студенттердің құрылыс отрядында комиссарлық қызмет атқарған жігіттің қыста “Құрмет белгісі” орденінің иегері атанғанына куәгерміз. Түйіп айтар болсақ, шен-шекпен иелерін қолдан жасап, оларға жұртта жоқ жеңілдіктерді беру қазақ зиялыларына ғана емес, бүкіл кеңес қоғамына “дерт” әкелді. Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруге даяр тұрғандар легін көбейтіп, құмар ойынның психозын туындатты. Әрине, мемлекет тарапынан сый-сияпатқа бөленгендердің негізгі дені лайықты жандар еді. Бірақ кездейсоқ марапатталған азшылықтың қоғамдық санаға кері әсері, тигізген зияны жығылғанға жұдырық болып тиді. “Біреудің кесірі – мыңға” деген сөз осындайдан шыққан болар, сірә. Коммунистік көзбояушылықты азат елімізде қайталамаған абзал.

Ал тарихты биліктің ыңғайында жазу мәселесіне келсек, оның өзіндік қисын-себептері бар. Біріншіден, XX ғасырдың ортасына





дейін Қазақстанда кәсіпқой тарихшылар шоғыры қалыптаса қоймады. Екіншіден, өткен ғасырдың 20-жылдары ортасында республикада орныққан тоталитарлық тәртіп пен идеологиялық өктемдік ғалымдарға тарихты қалай жазу керек, нені жазып, нені жазбау керек екенін "үйретті". Үшіншіден, жетпісінші жылдардан беріде қалыптасқан кеңестік Қазақстан тарихшылары Орталықтың, ресми биліктің көңілін таба жазу ережелерін терең меңгергені соншалықты, зерттеуін даярлау барысында қамшы салдырмай жорғалайтын биікке көтерілді. Нәтижесінде, марксизм-ленинизм ілімінің мәңгі дұрыстығын, яғни тап күресін, көтерілістер мен соғыстарды, революциялар мен төңкерістерді, адамды адамның қанауын, жеке меншікті, жұмысшы табы мен партиясын айыптаған немесе ұлықтаған еңбектер туып жатты. Ресми билік басқаша жазуға жол бермеді. Сөйтіп, ұлт тарихындағы "ақтаңдақтар" көбейген үстіне көбейе түсті. Азаттығымызға 15 жылдан астам уақыт өтсе де, Отан тарихынан жоғатқанымызды тауып, барымызды бүтіндеп үлгіре алмай жатырмыз. Бұрын-соңды беймәлім деректер табылуда. Қазақстан тарихынан алыс шетелде жарық көрген еңбектермен, олардың авторларымен таныса бастадық, бірлесіп зерттеу жүргізу үрдісі орнығуда. Әйткенмен, шешімін таппаған үлкен мәселе бар. Ол – ұлттық тарихымызды зерттеудің сапалы жаңа теориялық-методологиялық негізінің жасақталмағаны. Маркстік-ленинлік ілімге құрылған бұрынғы теория мен методологиядан қол үзгеніміз қаншалықты ақиқат болса, кешенді жаңасын таппағанымыз соншалықты ақиқат. Біз бұл жерде ғылыми коммунизмнің жаңа нұсқасын аңсап отырған жоқпыз. Зерттеушілердің барлығы жалғыз теория мен методологияға сүйенсін деген де ойдан аулақпыз. Біздің ойымызша, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының, Қазақ ұлттық университетінің, Еуразия ұлттық университетін, Қарағанды мемлекеттік университетінің, тағы басқа ірі ғылыми-біліми ошақтарының ғалымдары тізе қоса ізденумен осынау артта қалуымызды қолға алғаны жөн. Сонда ғана Қазақстан тарихындағы жалпыадамзаттық заңдылықтарды, өзіне ғана тән ерекшеліктерді жіліктеуге мүмкіндік туады. Әйтпесе біреуіміз көшпелі өркениетті дәріптейміз, екіншіміз отырықшы мәдениет басым еді дейміз, үшіншіміз қазақта мемлекет пен шекара болған емес деген қорытындыны дәйектеумен шаршаймыз. Айта берсек, әлі күнге дейін тарих ғылымынан қорғалатын диссертациялық мамандықтар шифрінде теория мен методология мүлде қарастырылмаған. Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау Комитеті





осы мәселені назарға алып, 07.00.01 мамандығын тарих ғылымдарының теориясы мен методологиясы деп айдарласа, нұр үстіне нұр болар еді.

– **Бүгінде екiнiң бiрi тарихшы болуға айналды. Тарихшы болғанда да, "екiншi тынысы" ашылып, басқа саладан кейiн тарихқа бет бұрғандар концептуалды мәселелер жөнiнде төрелiк айтқысы келедi. Осы жөнiнде не айтасыз? Бұл нағыз тарихшы-ғалымдардың өз "бау-бақшасын" қорғауға қауқарсыз, әлеуетiнiң әлсiздiгiн көрсетпей ме?**

– Екiнiң бiрi тарихшыға айналғаннан сәлекеттiк көрiп тұрған жоқпын. Пікір алуандығын қолдайтынымыз – Ата Заңымызда бекемделген. Мұның сыртында нарықтық қатынастар тұсындағы көп үрдістің бастауы сұраныс пен жеке адамның мүддесінде (интерес) жататынын қаперден шығармауымыз керек. Санның уақыт өте келе сапаға айналатын заңдылығын бекерлеу де мүмкін емес. Инженердің немесе дәрігердің тәп-тәуір тарихшы ғалым бола алатынын М.Тынышбаев пен С.Асфендияров өз шығармаларымен дәлелдеген жоқ па? Ғылым мен техника тарихында күрмеуі күрделі проблеманы кәсіпқой мамандардан бұрын дилетанттың сәтті шешуі аз кездеспеген. Түйіп айтсақ, тарихшы ғалымдардың өз "бау-бақшасын" басқалардан қорғаймын деуі – бекер әурешілік. Басты назарды тарихшы еместердің жазғандарындағы жаңалық (қателік), тыңға түрен салу (адасу), оқырманның санасын ашу (шатастыру) бар-жоғын дер кезінде саралауға аудармақ керек.

Бүгінгі оқырманның білімі-мәдени деңгейі жақсы мен жаманды, өтірік пен шынды айыра алатын дәрежеде. Қоғамдық сұраныс үрдісінен шыға алмаған "бөгделер" біраз далақтап, аптығы басылған соң тарихпен айналысуын өздері-ақ қояды. Нарық тұсында бекер малшашпақ байға да, кедейге де жараспайды. Ал жазғандары Ата Заңымызда тыйым салынған тақырыптарды (мәселен, ұлт араздығын қоздыруды) бықсытатын болса, тарихшыны да, тарихшы еместі де тезге салудан тартынбаған жөн.

– **Осы тұста тарих саласынан ғылыми еңбек жазып жүргендер бұрынғыдай архивтерде "шаң жұтып", мұрағат кемірмей, интернеттің иіріміне түсіп кеткен жоқ па?**

– Иә, тұтастай алғанда ғылыми зерттеулердің, бірінші кезекте диссертациялық жұмыстардың сапасы, теориялық-методологиялық деңгейі төмендеп кеткені рас. Оны көріп те, біліп те отырымыз. Әзірге тығырықтан шығаратын жол табылған жоқ. Білім





және ғылым министрлігінің құрамындағы жоғары аттестациялық комиссия 2004 жылы білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау Комитеті мәртебесімен қайта құрылғанымен түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыра алмады. Бұл төңіректе біраз ғалымдар өз ойларын ортаға салды. Осыдан 2-3 жыл бұрын диссертация қорғаудың жаңа моделін дәйектеп, "Егемен Қазақстан" бетіне жариялаған едік, сол кездегі Комитет төрағасы Б.Әбдірасылов мырзаға да табыстағанмын. Мән берген, назар аударған шенеунік табылмады. Қазіргі қолданыстағы Ереже ізденушілерді диссертациялық кеңес төрағасына, мүшелеріне, оппоненттерге, жетекші ұйымға тәуелді қыла түсуде. Бас еркі жоқ адам жалтақ келеді, ойын батыл айтудан іркіле береді. Оған саликалы тұжырым, байыпты байлау іздегеннен диссертациясын қорғататындардың көңілінен шығу маңыздырақ. Айтайын дегенім – ізденушіні басыбайлықтан құтқармай, архив шаңын "жұтпай-ақ", сарылып ізденбей-ақ, бірі – жамау, бірі – құрау диссертациясын қорғаушылар легін тоқтату мүмкін емес. Ғылыми дәреже мен бүгінгі талап арасындағы сәйкессіздікті жоятын мезгіл жетті. Мүмкін, уақытша болса да, ғылыми атақ-дәрежелер беру құқығын Білім және ғылым министрлігінің құзырынан алып, үкімет қолына тапсырған жөн шығар.

– Қазір не көп, Қазақстан тарихы жөнінде оқулық та көп. Олардың бір-біріне кереғар келіп жататыны жа жеткілікті. Басқа емес, "Білім және ғылым министрлігі бекіткен" осындай оқулықтардан оқушылар мен студенттердің "басы ісіп" кетті десе де болады. Әркім өзінше шиырлаған тарих жөніндегі осындай жартыкеш оқулықтарды бір жүйеге келтіруге болмай ма?

– Оқулық жазу – қиынның қиыны. Оның авторы әмбебап ғалым болуымен қатар әдістемелік талап-сұраныстарды терең меңгеруі міндетті. Бұл – бір. Екіншіден, тарих оқулықтарын жазу Қазақстанда қалыптаспаған тәжірибе. Ғасырлар бойы Мәскеудің жазғанын, мақұлдағанын, ұсынғанын қанағат тұтып келдік қой. Яғни ғасырлар қарызы мен парызын бір сәтте өтей салу мүмкін емес екен. Оқушылар мен студенттердің "басы ісуі" осыдан.

Не істеу керек? Оқулықтарды бір жүйеге келтіру үшін айтар ойы, қаламының қанаты бар ғалымдар мен әдіскер мұғалімдерден авторлық топ құрып, оларға б айлық шығармашылық демалыс берген жөн. Дұрыс қаламақы қарастырылсын. Сонда ғана жарты жыл ішінде болашақ тарих оқулығының кемел тұжырымдамасы мен мәтінін даярлау қолдан келетін іс.





– Қазақстан тарихынан студенттер мемлекеттік емтихан тапсырмайтыны біраз пікірталасқа ұласқан-ды. Мемлекеттің тарихынан үстірт хабары бар ұрпақтан ұлтжанды азамат шығады деп ойлайсыз ба?

– Білім және ғылым министрі қызметіне Ж.Түймебаев мырзаның келуімен бұл мәселе оң шешімін тапты. Келер оқу жылынан жоғары оқу орындарының студенттері "Қазақстан тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсыруды қайта жалғастырады. Елінің, жерінің тарихын үстірт білетін маман – мәңгүрттенуге бейім маман.

– Тарихта эмоциядан гөрі дерекке басымдық берілмей ме? Бізде нақты деректен гөрі әлі күнге дейін болжам басымдау тәрізді. Әйтеуір, соңғы кезде бұрын-соңды атын естімеген батырлар көбейді. Қолдан тұлға жасаудың ақыры қайда апарады?

– Дұрыс айтасыз, бұрын-соңды атын естімеген би де, батыр да, шешен де жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетті. Солардың біразы С.Сейфуллиннің "Тар жол, тайғақ кешуінде" айтылатын Шоқай болыстың баласы Бүйенбай "батыр" кейпіндегілер емес пе екен деп мен де күмәнданамын. Кешігіп жеткен азаттығымыздың алғашқы дәуіріне тән "балалық пен солшылдықтың ауруы" шығар бұл.

Қолдан тұлға жасаудың зияннан басқа әкелері жоқ. Қалың көпшілікке беймәлім бабаларын ұлықтауды азсынған кейбіреулер кеше ғана КОКП-нің сөзін сөйлеп, сойылын соққан әкелері мен көкелерін тарихқа тықпалауда. Қазір Қазақстанның қай елді мекеніне бара қалмаңыз, кезінде аупартком, облпартком хатшысы қызметін атқарған басшы атындағы көше алдыңыздан шығады. Бұлардың бәрі Д.Қонаев, Ж.Тәшенев, И.Омаров, Ө.Жәнібеков емес қой. Талғамсыздық пен парықсыздықтың әр жағында өзімізді өзіміздің құрметтемеуіміз жатыр. Бұған да шек қойылар. Уақыттан артық қандай таразы болушы еді. Әлі-ақ уақыт әр затты өз орнына қояды. Тарихты ешкім алдай алмайды.

2007 жыл



МАЗМҰНЫ

Тіл намысы – ел намысы	
Тағы да тіл туралы. "Тар шеңберден шығу керек"	4
Мемлекеттік тіл қазақтарға ғана керек пе?	7
Министр Тоқаев мемлекеттік тілден мүлт кетті	10
Орысша оқымасаң орынтақсыз қаласың ба?	13
Тіл намысы – ел намысы	19
Шамның жарығы түбіне түспейді	25
Орыс тілі тек екі елде өмір сүреді	31
"Жоғалмайды көп халық көптігімен..."	
"Алтын алқалы" аналар азайды. Неге?	36
"Басы артық" балалар	45
Қазағы жоқ ауыл	47
...Дүмпу керек қазаққа!	50
Парадокс	53
Дарындар далада қалмайды	
Дарындар далада қалмайды	60
"Менің болашағым – сендердің бала-шағаларыңның болашағы"	66
Зиялы қауым неге ашықхатшыл?	68
Ақиқат неге адасып жүр?	73
Мемлекетшілдік	77
"Парасат"-тың парқы кетіп, "Құрмет"-тің қадірі қашқан жоқ па?	83
Кешегі Әлихандар қандай еді?	88
Мүмкіндік пен бар шындық	
Текеде өлі төңкерістің табы бар	93
Ататүріктен Манделаға дейін	99
Қазақстанда қанша ұлт бар?	104
Бізге "бесінші колонна" қауіпті ме?	109
Мәладес, Миттал, Машкевич!	116
Ельцин феномені	119
Абайсаясаттан қашан арылар екенбіз?	123
Мүмкіндік пен бар шындық	127
Бір сайлауым бар...	
"Ақулалар" сабылысы тағы басталды	132
Үкімет Үсенді неге ұнатпайды?	136
PR-дың түкірігі жерге түспей тұр	142
"Сергіз ұлым бір төбе, Ер Төстігім бір төбе"	147
Депутаттар да "командаға" бағына ма?	150
Бір сайлауым бар	154
Соңғы мүмкіндік	
Ер болатын кезең енді келді	160
Алаш рухын аңсап жүрмін	165
Рухыңды түсірме, ұлым!	169
Қазақ рухы қалғып кеткен секілді	173

Қазақтың төл тұмары – “Алтын адам”	179
Діни “плацдарм”	183
Қайран, ірілік!	188
Бағалай білмегенге бақ тұрмайды	192
Соңғы мүмкіндік	198
Сұхбаттар	
Елтаңбаның авторы подвалда тұрып жатыр	204
Халық танымайтын академиктер қаптап кетті	212
Сорос сияқтылар сорымызды қайнатып кетпеуді ойлау керек!	221
Уақыт әр затты өз орнына қояды	230

Ғабит Мүсіреп

РУХЫҢДЫ ТҮСІРМЕ, ҰЛЫМ!

(Деректі, талдау мақалалар)

Редакторы — *Жаңабек Шағатай*

Суретшісі — *Нұрмұхаммед Наурызбаев*

Компьютерде беттеген — *Мейрамбек Сәрсенбай*

Теруге жіберілді 20.10.10 ж. Басуға қол қойылды 04.11.10 ж.

Қалпы Қағазы офсет №1.

Баспа табағы 15. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №229.

ЖШС «Жедел басу баспаханасы».

050053, Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.



Ғабит Іскендерұлы МҮСІРЕП

1966 жылы Қарақалпақстан Республикасының
Тақтакөпір ауданында дүниеге келген.

1983 жылы № 28 Жаңадария орта мектебін тәмамдаған.
Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің
журналистика факультетін бітірді.

«Егемен Қазақстан» газетінде тілші, аға тілші, шолушы,
бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарған.

2004 жылдың сәуірінен «Нұр-Астана» апталығы
бас редакторының орынбасары.

2008 жылдың қаңтарынан «Айқара» апталығының
бас редакторы.

Қазіргі кезде «Нұр-Астана» жастар апталығының
бас редакторы.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты.